

И. КЕНЖАЛПЕВ, И. ТАБЫЛДНОВ

Казталовка — байырғы атамекен

Алматы—1994

И. Кенжалиев, Н. Табылдиев

ҚАЗТАЛОВКА- БАЙЫРҒЫ АТАМЕКЕН

Батыс Қазақстан облысы Қазталовка ауданы
тарихының очерктері

А л м а т ы — 1 9 9 4

ISBN 5-7667-2821-2

Қазақстан Республикасының
Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі

Кітапта Батыс Қазақстан облысына қарасты Қаз-
таловка ауданының тарихы, жүріп өткен жолдары,
ондағы еңбек адамдары, елге, жерге байланысты ше-
жірелер, осы жерде болған елеулі-елеулі оқиғалар ха-
қында сыр шертіледі. Еңбектегі тарихи материалдар
көне көз қарттардың айтуы бойынша, архив деректері
негізінде жазылған.

Бір ауданның, не шаруашылықтың тарихы іргелес аудан тарихымен, жалпы өзімен көрші халықтармен тығыз байланыста қалыптасатыны белгілі. Қай өлкенің болмасын тарихын, жалпы тарих ғылымының, адамның сана-сезімінің өсіп, қалыптасуына, қоғамның дұрыс пайдалы бағытта дамуына септігі мол. Өйткені адамдар ата-бабаларының басынан өткен қиян-кескі, шым-шытырық оқиғаларды жинастырып, талдап, өзінше дұрыс баяндауға тырысқан. Оны бұрмаламай шындық үшін күрескен, өзіндік шежіресін жасауды мақсат етіп отырған, әрқашан тарихтан тағылым алуға ұмтылған. Өйткені тарихи мәліметтер адамдарды идеялық, саяси, әлеуметтік жағынан тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Бірақ тарихты кім, қалай және қай мақсатта жазады? Бұл күнге дейін тарихты әркім өзінше жазып, не баяндап келді. Мысалы Таловка жерінде Алаша Түсекенұлы Бердібек деген ақын болыпты, ол Жәңгір ханды өз шығармасында мақтап, шаруаларды «қазақ ит» деп кемсітіп сөйлейді. Неге? Ол байдың баласы және байлар мүддесін қорғаған.

Орыс тарихшысы Н. М. Карамзин, т. б. патшаны, орыс байларын, генералдарын мадақтай отырып, өз ұлтының мүддесін қорғаған ғой. Бұл Қ. Маркске дейін ежелден жікке, тапқа, ұлтқа бөліну әрқайсысы өзі шыққан орта мүддесін қорғау дағдысы барын көрсетеді. Большевиктер бұл құбылысты түсіне тұрып таптық мүдде дегенді мөлшерден тыс асырып, Ресейдің езілген ұлттары жағдайын шовинистік мақсатқа бейімдегені айқын болып отыр. Сондықтан Кеңес өкіметі кезінде КСРО халықтарының тарихы әділ баяндалмай келгені белгілі.

Тарих ғылымы күштінің қолындағы құралына айналды. Билік басындағы адамдар тарихты да өз қажетіне, мақсатына сай жаздырды. Бұны Қазталовка ауданының тарихынан да көреміз. Соңғы кезге дейін аудан тарихы нақты деректер негізінде дұрыс жазылмады. Ал жазғандардың көбі тарихты жете зерттеместен, өз түсініктері негізінде немесе түрлі естеліктерге сүйеніп өздерінше баяндап келді. Тарихи шындыққа көз жеткізу үшін талай жылдар көп болып жұмылып жұмыс істеп, тарихты әркімнің қол жаулығы жасаудан құтқаруымыз керек. Ол үшін не керек? Біздіңше ол үшін тарихты баяндау жекелеген адамның еншісі болмай, көпшіліктің, жанашыр қауымның төл ісі болуы тиіс. Тек көп болып жұмылғанда ғана әділ тарих жасалмақшы. Сондықтан біз бұл үлкен жұмыстың алғашқы беттерін ашпақпыз.

Баяндалған тарих оқырманға нанымды болу үшін көптеген архив деректері, баспасөздің, ғылыми еңбектердің мәліметі қажет болды. Ол үшін Алматы, Санкт-Петербург, Мәскеу, Орал,

Астрахань т. б. қалалардағы архивтердің материалдарын қарап, топырақ арасынан моңшақ ізеткендей ұзақ жұмыс істеп, барын жинастырдық. Солардың ішінде Алматыдағы Қазақ Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінде (қысқаша ҚР ОМА), Бөкей хан нығанының архив қоры сақталған. Сол қордан (78) және «Орынбор шекара комиссиясы» — деген Кіші жүз қазақтарын басқаратын әкімшілік мекеме қорынан (№ 4) бірталай мәліметтер алынды. Сол секілді Қазақстан Коммунистік партиясы мен оның Орал облыстық комитетінің архивтерінде де, Қазталовка ауданының тарихына байланысты үзік-үзік мәліметтерді, санақ есебін кейбір адамдар туралы ақпарларды ақтаруға тура келді. Бұрынғы Таловка, кейін Қазталовка ауданының тарихы осы келге дейін арнайы зерттелмеген және тарих ғылымының еңбектерше еңбеген. Тек Бөкейлікте болған, кейін естеліктер жазған адамдардың кітаптарында Таловкада болған бірқатар оқиғалар дерексіз аталады. Мемуардағы бұндай дерексіз мәліметтерді әңгімеге кірістірмес те едік, бірақ көптеген оқырмандар, тіпті мерзімді баспасөз, жергілікті тарихшылар осындай жаңылыс кате мәліметтерді шындыққа балап, ел арасында насихаттап, талас туғызады. Мәселенің шындығын барынша ашып, айқындап беру тарихшылардың міндеті ғой. Сондықтан біз бұл еңбегімізде естеліктерді де пайдаланамыз. Әділ бағасын оқырман қауым өзі бере жатыр.

Аудан тарихы қазыналы қариялар барда жазылмағаны өкінішті. Біз сұрастырған кезде қалғандары білгенін айта алмай жасқанды, сөйлеуден қашты. Өйткені сталинизм кезінде оқыс, не жағымсыз айтылған бірер сөз, пікір үшін талай адам сотталғаны елдің есінен кетер ме? Сталинизмнің тағы бір ауыр соққысы — ол біздің шежірені білуді тиды. Шежірені ұлтшылдық бағытта ретінде құбыжық етіп көрсетіп, ұмытуды талап етті. Сонымен біз ата-бабамыздың ерлік істерін, ақындары мен арыстарының, әншілері мен күйшілерін т. б. асыл дүниелерді ұмытып білетін емес. Бұның өзі ұлттық сананы, нағыз патриотизмді жалаған коммунистік ұғымға ауыстырды. Ел жер, ата-баба мұрасының қадірін білмедік. Туған, өнген жерімізді қиналмай-ақ тастап жүре бердік, ата-бабаның қыстауы, мүрдесі қайда екенін білмедік, қастерлесуді естеп шығардық. Бұндай адамдардан бауырмалдық, патриотизм, ибалылық күтуге бола ма? Оның арғы жағында халық, елін сүйу, ұлттық намыс жалаң ұранға айналмай ма? Дүниеде бәрі бірімен бірі байланысты ғой. Ата-бабасын білмеген, қадірлемеген жас әке-шешесін баға ма? Соның салдарынан біздің қарттарымыздың бірқатары қазір 3—4 атадан әрі біле бермейді.

Рушылдық, ымырашылдық, паракорлық т. б. бәлелер руды, шежірені білгеннен туындамайтын, соны бас пайдасына пайда-

ланатын кейбір құлқын құмарлардың ісі екенін бұрын аңғарып келгенбіз. Қазір түсінік өзгерді. Осыған байланысты біз бұл еңбекте ру мен ата, арыс аттарын жиі пайдаланамыз. Себебі архив құжаттарында ХХ ғасырға дейін ішкі тарап адамдарын, жалпы Қазақстанда әуелі руын, бөлімін (арыс), атасын, ағасын жөнін жазады. Мысалы, Қабдол Султаналиев «Киргиз Подглаго рода, Қоясово отделения, Болатово подотделения» деп келеді. Осы бағытта біз көзі ашық қариялардан қай ру, ата қай жерге мекендеді деп сұрау салып, мәлімет жинадық. Ел аузындағы тарихи әңгімелердің пайдасы да аз емес, біз солардың көбін түрлі әдістермен қайта-қайта тексеріп, дұрыс дегенін осы еңбегімізде пайдаландық. Тарихтың қай мәселесін жазсаңыз да архивтерден қажетті мәліметтер толық табыла бермейді. Сондықтан біз аудан тарихының басты кезеңдерін қамтып, көрпемізге қарап көсілмекпіз. Әлі де болса ел ішінде түрлі ескі кітаптар, тарихи әңгімелер, шежіренің үзінділері бар көрінеді. Аудан тарихына жанашырлар олқы жерімізді толықтырар, түзетісер деген үміттеміз, өйткені тарих бәрімізге ортақ, жастарымызға атамекенін тауып, мүрлесін көруге еліне оралып, балаларын қазақ салтында тәрбиелеуге көмектессе, өткеннен тағылым тәрбие алса бір парызымыздың өтелгені болар еді.

Бұл еңбек екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім аудан тарихының 1801 жылдан 1917 жылға дейінгі кезеңін қамтиды. Бұл бөлімнің авторы — тарих ғылымының кандидаты И. Н. Кенжалиев. Ал екінші бөлімде 1917 жылдан бастап қазіргі кезге дейінгі тарихи уақиғалар қамтылған. Оның бірінші тарауының авторы — И. Н. Кенжалиев, екінші және үшінші тарауларының авторы — Н. Табылдыев.

БІРІНШІ БӨЛІМ

АУДАН АУМАҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Бірінші тарау

ТАЛОВКА ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ-ӘКІМШІЛІК БӨЛІНІСІНІҢ ҚҰРАЛУЫ

1. САМАР ДАЛАСЫ ТАРИХЫНАН БІРЕР СӨЗ

Ішкі тарап, яки Бөкей хандығының құрылуы

XIX ғасырдағы архив құжаттарында Каспий теңізінің солтүстік жағалауынан Сары және Қара өзендерге дейінгі дала «Самар даласы» деп аталған. Бұл атау Самар көлдеріне байланысты пайда болса керек. Самар даласын мекендеген халықтар талай тарихи арпалысты басынан кешірген. Әрісін¹ айтпағанда, монғолдар осы өңірдегі қыпшақтарды XIII ғасырда бағындырып, өз мемлекетін құрып, Еділ жағасынан «Көк орда» аталатын астана салғаны белгілі.

XV ғасырда Монғол империясы өз-өзінен ыдырап, бірнеше ұсақ хандықтарға бөлінеді. Солардың бірі — Ноғай хандығы біраз уақыт Еділ-Жайық арасын жайлаған. Орыс шапқыншылығы күшейе түскен соң ноғай мен қазақ бірігіп бір мемлекет болып, Ақназар т. б. ортақ хандары болыпты. Ноғайлар негізінен осы өңірді бұрыннан жайлап келген рулардан құралған. «Ноғай елі құрамында Алаша, Тама, Маңғыт, Үйсін т. б. рулар болған» — деп жазады зерттеушілер.¹ Негізгі шаруашылығы мал мен егіншілік, олар құрылыспен, қолөнер кәсіптерімен де айналысқан. Ноғайлы экономикасының одан әрі дамуына сыртқы елдер шабуылы мүмкіндік бермеген. Қазтуған, Шалғез, Асанқайғы туып өскен жер бірте-бірте күйзеліске ұшырап, елдің бірлігі мен тірлігі нашарлап, жауға ұйымдаса тойтарыс бере алмапты. Ел ыдырап, басқыншылық күшейген соң кейін Қазақ мемлекетін құраған Керей мен Жәнібек сұлтандар осы өңірден кеткен.

Ұзамай Қазақ пен Ноғай хандығы ажырап, тарихта белгілі «Ноғай мен қазақтың айырылысқаны» деген туысқан екі халықтың бөлінуін азалаған күй дүниеге келген. Орақ-Мамай, Қарасай-Қазы сияқты жырлар осы бір ауыр кезеңнен қалған белгілер.

Одан әрі Ноғай да екі жарылып, біреуі тікелей орысқа бағынса, екінші тобы Жайықтың Бұқар жағына шығып, қазақтармен іргелес қонды² Сары өзен мен Қара өзен өңірін жайлаған

ресейлік ноғайлар орыс пен қалмақ шапқыншылығына боса қабат ұшырап, қуғын-сүргінге түсті. XVIII ғасырда Еділ мен Жайық арасы қалмақтардың тұрағы болды. Атақты Мұрат Меңкеұлы жырындағы:

«Бұл қоныс жеті жұрттан қалған қоныс...
Кіндігін, кірін жуып, кескен жерден
Қысылмай ер кете ме еркіменен,
Бұрында адыра қалғыр құтсыз еді,
Егіскен ердің бәрі жер тіреген.
Біз түгіл Асанқайғы тентіреген.
Бұл жерден дін мұсылман жеті кетті,
Біреуі екі келіп, екі кетті», — дегендей осы екі

келіп, екі кеткендер қасіретті Ноғай халқы-тұғын. ³
Осы өлкеге екі келіп, екі кеткен қалмақтар да қазақ пен ноғайға ұзақ жылдар үздіксіз шапқыншылық жасап, елдігінен айырып, үлкен зиян келтірді. ⁴ Мұрат ақын айтқандай:

... «Еділді келіп алғаны —
Етекке қолды салғаны.
Жайықты келіп алғаны —
Жағаға қолды салғаны», — болды.

Осы кезде алдымен Еділ, сосын Жайық бойында қайтадан қазақтар пайда бола бастады. Патша өкіметі қазақтарды әдейі әскери күшке айналдырып, оларды ноғай мен қазаққа қарсы пайдаланды. Жайық казак әскерилері Жайық, Сары өзен мен Қара өзен жағалауындағы ежелгі мекендерді талқандап, тастарын тасып алып, Жайық өзені жағалауына қамал, бекіністер салды.

Кезінде үлкен хандық болып, дәуірлеп тұрған қалмақтар да 1770 жылы бұл мекеннен қашып, Жайық өтіп, Қытайға кетті. Қазақтар қалмақ кезінде де, яғни XVIII ғасырда Самар, Нарын жағына Жайықтан өтіп, жайлап жүрген, кейде соғысып та қалып отырған. Қазіргі Қараоба ауыл Кеңесіне қарайтын Тіленші сайының Жаксыбай жағында «Таған обасы» деген оба бар. «Таған деген Беріш руының батыры осы жерге таласып, қалмақпен жекпе-жекке шығып, екеуі де сол жерде мерт болған», — делінгенді ел аузындағы әңгімеде.

Патша өкіметі қалмақтар кеткен соң да Самар даласында қазақтардың емін-еркін жайлауына ресми рұқсат бермей келген. Орал қазақтары Жайық өзені бойына қамалдар тұрғызып, әскери линия құрып, өзеннен әрлі-берлі өтуге тиым салды. Тек кейбір Жиеншора Малбасарұлы секілді ықпалды адамдарға ғана Жайық өтіп, Самар, Сары өзен өңірін жайлауына ризашылық берген. Әйтсе де Сырым батыр көтерілісінің шарықтау кезінде,

амалсыздан Орынбор губерниясының басшылары 60 мың шаңыраққа дейін Нарын, Самар жағына өтіп жайлауына ұлықсат берген. Осылайша Қызылқұрт, Беріш 7000-дай үймен. Шеркеш 4000 үй, Ысық 10 үй болып, Шекті, Ақкете, Масқар, Алаша. т. б. рулар Самар жағына өтеді. Орынбор әкімшілігі анда-санда осылай ұлықсат беріп отырғанымен көбіне түрлі сылтаумен жібермеді.

Сырым батыр бастаған көтерілісшілер Нарын құмын мекен қылуды алдарына мақсат етіп қойып, патша өкіметінен талай ұлықсат сұраса да, Орал, Орынбор басшылары оған құлақ аспады. Сөйтіп Самар даласы бір уақыт құла тұз болып иесіз қалды. Тек әр жерде орыс әскерінің қордондары, аздаған шаруа тұрақтары болған. Солардың бірі — Қарамия Кекей жағындағы кордон, орысша «Опустелый», не «Пустовалый» деп жазылған. Бұл жерге 1774 жылы күзде патша әскерінен жеңілген Е. Пугачев өз адамдарымен келіп, паналап, тұтқынға алынады. Содан кейін Орынбор, Жайық әскері басшылары қазақтарды Самар көлі, Сары өзен жағына қоныстануға жібермеді.

XVIII ғасырдың аяғында Кіші жүз қазақтарының саяси және экономикалық жағдайы нашарлай берді. Қазақ әскерлерінің үздіксіз шапқыншылығы, патша өкіметінің хан билігін әлсіреткен құрсауы, қазақ байларының өзара қырқыс-барымтасы шаруаларды әбден күйзелтті. Малға жайылым, шабындық, қыстауға қолайлы жер жетіспеді. Содан келіп жаңа қоныс іздеу, Самар жағына көшу ниеті жұрт көкейінен кетпеді. Бірақ Орынбор басшылары, Жайық әскері иен жатқан далаға қазақтарды аттап бастырмады.

Нұралы ханның бір баласы Бөкей сұлтан енді Аштархан (Астрахань) губернаторы арқылы Кавказ билеушісіне хат жазып, патшадан Еділ мен Жайық арасындағы иен даланы мекендеуге рұқсат сұрады. І Павел патша 1801 жылы І-наурызда Бөкей сұлтанның қарауындағы елімен Самар даласын Каспий жағалауынан өзендерге (қай өзен екенін айтпаған) дейінгі алқапта қоныс салуына рұқсат берген өкімін шығарды. Патша өкіміне қарсы тұрар жайы болмаған Орынбор басшылары мен Жайық (Орал) әскерлерінің діңкесі құрып, бармағын шайнап көнуіне тура келді.

Бөкей сұлтан өз қарауындағы Байұлы тайпасының 12 руының ауылдарын және Жетірудан ілескендерді Жайықтан өткізіп, Самар даласына қоныстандырды. Өзі Сары өзеннің шығыс жағалауындағы Қараоба тұсына қала сала бастады. Ол «Жаңақала» деп аталды. Жақсыбай, Қараоба, Қошанкөл ауыл кеңестерінің тұрғындары әлі күнге сол мекенді «Бөкей Жаңақаласы» дейді (қазіргі Новокузнецк ауданының Петропавловка селосы). Бөкей өз төңірегіне Алаша, Байбақты, Ноғай-қазақ рулары кел-

ген. Сары өзен жағалауына Ноғай-қазақ пен Алашаны, Қара өзен өңіріне Байбақты ауылдарын орналастырады. Көп жылдар даулы, қанды болып келген бұл өлкені бірден тұрақтауға көптеген ауылдар алғашында тәуекел ете алмайды. Ел аузындағы аңыз-әңгімеге құлақ түрсек Алаша мен Байбақты ежелден тату, қыз беріл, қыз алысып, туысқан-бауыр боп кетсе керек. Содан болар Байбақты мен Алаша өзге де Сұлтансиық балаларын бастап Самар, Нарынға келіпті. Байбақты руының ауылдары Қара өзенді өрлеп, Сарытауға дейін жайлаған. Архивтік құжаттарда Жүніс Жантеліұлы бастаған Байбақтының Еділбай ауылы 1822 жылы Таскала төңірегін, ал Сары өзеннің шығыс жағалауын, Бөкей Жаңақаласының арғы-бергі жақтарын, Кекей, Қарасу өңірінен қазіргі Нағым Қарасуына дейінгі аймақты Алаша руының Күбілей, Малай, Барамық, Алтыбас аталарының ауылдары жайлағаны туралы деректер сақталған. Сары өзеннің Тарғын өзенінен бергі батыс жағалауын хан мен Ноғай-қазақтар иемденген.

Ноғай-қазақ руы тек біздің өңірде мекендейтін, Ресей империясының отаршылдық тепкісінен көп жапа шеккен ерекше тарихы бар ел. Әрі осы алқаптың ежелгі негізгі тұрғындары болғандықтан біз әдейі қысқаша тоқталып кетуді жөн көрдік. XVIII ғасырда Ноғай хандығы патша генералдары мен офицерлері тарапынан қуғынға ұшырап, талауға түсіп, көбі тұтқындалып, каторғаға айдалаады. Сол кезде тұтқыннан Дойнаш, Көзей деген екі ноғай қашып шығады. Аяқтарында кісең, мойындарында шынжыр бұғаудан олар көп қиындық көреді. Кісеннен аяғын босата алмай Көзей өкішесін кесіпті деген аңыз әлі айтылады. Олар көп тентіреп жүріп, өз ауылын Самар өзені өңірінен табады. Содан 25 шаңырақ қашып, қазақ жеріне келіп паналайды. Бөкей сұлтан Нарын құмы жағына көшкенде оның сенімді адамдары болып, ежелгі ата қонысына келеді. Сары өзеннің батыс жағалауынан қоныс алады. Нарын құмын жаз жайлайды, XVII ғасырда осы өңірден шығысқа амалсыз ауғанда Шеркүпті деген жырау:

«— Нарын сені қайтейін,
Кіндірімді кескен жер,
Қір-қоңымды жуған жер, —
Атамыз қазақ ежелден, анықталып туған жер»—

деп өңіреп өткен екен. Сол ата қонысқа Ноғайлы да ортақ еді. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай қазақтың арыстары Қазтуған, Доспамбет, Асан қайғы, Шалғез, т. б. осы өңірден кеткен. Бұлардың ішінде Шалғез осы Ноғай-қазақ руының бір атасы екен. Жерлесіміз Хакім Әжкеев көпті көрген білімпаз адам еді. Сол кісі арғы атамыздың бірі Шалғез Тіленшіұлы дейтін, қо-

лында шежіресі бар еді, бізге көрсеткен. Жақында Жаксыбай маңында туып, өскен Ғали Шотенов деген республикаға белгілі дәрігерге кездесіп, жазып алған «аталығын» оқыдық. Жазу Х. Әжікеевтің ұлы Ғалімжандікі. Аталық Шалғезден басталады. Зерттеушілер мен әуестенушілер үшін ықшамдап қана атап өтейік: Шалғез Бертөбай, Жанғабыл, Бекболат, Аружан, Қараша, Қалмаубет, Шақа, Қазіргі Ноғай-қазақ руы 4 арыстан тұрады: Үйсін, Қазанқұлақ, Қостанбалы, Қояс. Міне осы соңыдан Сәмес, одан Құдайберді, ал одан Қара, Бигелді (Жолау), Әжі тарайтынын қазіргі ұрпақ біледі-ау дейміз. Қараның сегізінші ұлы Хакім, Әжінің 9-шы ұлы Ғали Шотенов екен. Бұның бәрі Ноғай-қазақ тегі бір, әрі осы алаптың ежелгі тұрғындары екенін көрсетпей ме? Сары өзеннің батыс жағындағы бүгінгі Жаманак, Ордабай, Беспішен, Әжібай, Қаракөл, Косарал деген мекендер түгелге жуық Алашаның Барамық, Құдайғұл, Қожығұл, Қоңырбөрік, Көкі т. б. аталарының қонысы еді. Сондай-ақ Тама, Кердері, Табын т. б. рулар да жайылым қуып іргелес орналасты. Қазіргі Қазталовқа қонысы тұрған Қарасу жағалауында Алаша руының көшбасшысы сұлтан Қара Есімовтің ауылы тұрған. Сол себепті ертеде халық Қарасуды «Алаша Қарасуы», ал екіншісін — «Сұлтансерей Қарасуы» деп атаған екен.

Бірақ көшпелі қазақтың тыныштығы ұзаққа бармады. Әуелі шыршықты Орал казак әскері шығарды. Олар 1813 жылдан Қақташтан (Малоузенск) бастап Сары өзеннің шығыс жағалауына, оның Айдынға құяр сағасына дейін жаңа әскери линия құра бастады. Ол «Ішкі Орал», не «Өзен әскери линиясы» деп аталды. Енді Қара өзен мен Тарғын өзендері бойын әскерилер заңсыз иеленіп, қазақтарды сол өңірден әскер күшімен қуып шықты. Сары өзеннің шығыс жағалауындағы Бөкей Жаңақаласы, Қарасу аралығындағы Күбілей Малай алаша ауылдарын да ішкері, құмға қарай ығыстырды. Бұл шектен шыққан әлпербақандық әрекеттер қазақтар арасында наразылық туғызып, 1818, 1823 жылдардағы қарулы көтерілістерге ұласты.

Күшіне мінген Орал казак әскерлері Сары өзен бойында әскери бекіністер (форт), тосқауылдар (форпост) сала бастады.⁶ Алаша Қарасуының иініне орнатқан бір бекінісін олар «Таловая» деп атады. Бұл орыстардың еш өзенге құймайтын, тұйық сайға жиналған қардың суын, яғни «Қарасуды» («Таловая вода») өз тіліне аударғандары еді. 1830 жылдардағы архив құжаттарында ол «форпост Таловский» деп жазыла бастаған.⁷ 1866 жылы патша үкіметі Өзен әскери линиясының қажеті жоқ екенін түсініп, оны таратады да бес бекінісін қазақтардың мекендеуіне береді. Бұл кезде ф. Таловский «Таловка» деп атала бастаған болатын. Сондай-ақ Қара өзен жағалауында Орал казактары қоныс тепкен тағы бір Таловка бар еді. Оларды ажырату үшін

Қарасудағы Таловканы «Киргизская Таловка», ал Қара өзендегіні «Қазачья» немесе «Русская Таловка» деп атайтын. Міне, сол атау 1925 жылға дейін сақталып келіп, отызыншы жылдардан бастап «Қазахстая Таловка» қысқаша «Қазталовка» делінді. Ал Қазталовка атауы жөнінде ел ішінде айтылып жүрген бірқатар аңыздарда ол Қарасу бойын қаптай өскен тал мен көкорай шалғынына және жолаушылар жиі тоқтап демалатын жайлы орын болуына байланысты шыққан делінеді. Бірақ тек қана бұлтартпас тарихи деректерге сүйеніп қана ақиқат пен аңызды ажырата алатынымыз, атаудың ғылыми этимологиясы жасалатынын естен шығармағанымыз абзал. Сондықтан оны «Талөкпе» деп қазақшалауға тырысқаннан гөрі, қажет болса, әу бастағы Қарасу деген төл атауын қайтарған орынды сияқты.

1811 жылы Бөкей сұлтан Ішкі тараптың, яғни Самар, не Бөкей даласының ханы деп жарияланды.⁸ Бұл қазақ халқының тарихындағы айтулы оқиға болды. Өйткені орыстар үшін «бөліп ал да, билей бер» атты отаршылдық қағидасын жүзеге асырса, ал қазақтар Еділ мен Жайық аралығының ежелгі қазақ жері екендігін мойындатқан тарихи факті еді. Молбасар алаша Бердібек Түсекен ұлы деген ақын өзінің «Исатай ауасы» дастанында «Хан Бөкей көшіп келіп Нарынды алды, Ішкі Орда, Нарын түгел бәрін де алды», — деп сол кезде Кіші жүз қазақтарының аталған өңірдің төрт құбыласын түгел иемденіп, аймақтағы барша байлыққа Бөкей хан Нұралы баласының билігі жүргенін көрсетеді.⁹

Сонымен Еділ-Жайық арасында жаңа территориялық саяси-әкімшілік құрылып, оны хан басқарды. Елді хан қолдаған ру басқарушылары биледі. Әр ру ауылдарға бөлініп, олардың өз билері болған. Ауылдардағы шаңырақ саны әр түрлі. Ру-рудың ауылдары бытырап, әр жерде мекендеген. Тек Ноғай-қазақ руы ғана негізінен Сары өзен Жақсыбай-Қараоба төңірегінде шоғырланып, іргелес тұрған. Еділбай, Жайылған, Шекеу ауылдары Жалпақтал-Ақкөл алқабынан ұзамаған. Әр ауыл бір жерде үй салып, тұрақты мекен тебуге тырысқан. Ұйтас пен шымнан салған үйлер, жертөле көбейеді. Бара-бара ағаш үйлер де пайда болады. Ағаш үйді алдымен Сығай, Шөке Нұралиевтер, Қара Есімов т. б. сұлтандар мен билер салдыртады.

Бөкей хандығының жаңа әкімшілік-территориялық бөлініс ретінде құрылуы барысында тұрғындардың тұрмысы, шаруашылық өмірдегі жағдайы қалай болды? Енді азғана соған тоқталып өтейік. Өйткені ХІХ ғасырдың бірінші ширегінде хандық одан әрі әкімшілік бөліктерге жіктелмеген еді және хандықты басқару орталығы Сары өзеннің жағалауындағы Жақсыбай өзегі мен Қарасу өңірінде болды.

Сол кездегі халықтың тұрмыс-жайын баяндау үшін тұрғындардың санын, малының есебін айқындап алғанмыз жөн. Оның үстіне Бөкейатке әуелде 40 мың шаңырақ көшіп келді деген жаңсақ пікірлер де айтылып жүр. Шын мәнінде, Бөкей хан кеңесінің құжаттары бойынша, 1803 жылы Самар даласына 31106 адамы бар 6266 шаңырақ көшіп келіп, орныққан. Бұлар 6,5 млн. десятина жерді иеленген. Оның 111300¹⁰ десятинасы ғана — Жаксыбай-Қарасу өңірі Сарыөзен бойы-пішендігі мол, егінге жарайтын аймақ еді. Ал қалған 5,2 млн. десятина жері құм, сор, тақыр су көзі аз болған соң тек мал жайылымына пайдаланылған. Ел жазда Сары, Қара, Жаксыбай, Тарғын өзендері өңірін жайлап, пішен шауып, ал қыста қамысы көп Самар көлдері мен қар аз жауатын, әрі жылы, құдығы тайыз Нарын құмдарына қыстаған. 1812 жылы хандықта 63338 бас түйе, 350562 жылқы, 158856 мүйізді мал, 1476 мың қой-ешкі, яғни 3 млн. нан астам мал болған. ¹¹ Бұл малдың көпшілігі Сары өзен мен Самар көлдері өңірінде өсіп-өнген.

Өндіріс күштері дамымаған көшпелі елдің мүлкіл шаруашылығы мен ауыр, көріксіз тұрмысын баяндау қиын. Дегенмен ата-бабаларымыздың азапты өмірін білмей тағы болмайды. Жыл сайын қыстау, жайылым, шабындық, құдық үшін талас-тартыс болмас үшін Бөкей Нұралыұлы әр ауылға жаз жайлауын, жайылымын, шабындығын, қыс қыстауын белгілеп, хаттап, өз қолымен күзлік қағаз берген. 1814 жылы Бөкей хандығында 8,5 мыңдай шаңырақ болғандықтан жер-су бөріне де жетіп жатты. Бірақ, мал саны өсе берді. Қақташ пен Қарасу, Жалпақтал арасын иеленген ауылдар жазда Ащыөзек, Аралсор, Түрке, Шойтық т. б. сорларды жағалап, Аралтөбе, Борсы, Көлтабанды жайлап, сай-сайда құдық қазып, не бөгет салған (Бірәлі бөгеті, Тоқсоба, Беркәлі бөгеті, Тасбөгет, т. б.). Ал өзен жағалауынан жер ала алмаған шаруалар Қаракөл, Қамыстыкөл, Саралжын (Есей не Құнбай Саралжын көлі, Шойтық Саралжын көлі т. б.) көлдерін иемденіп, пішенін шауып, салқын түсе Самар, Сарыкөл, Сары айды, Тоқтамыс, Сағызөткел т. б. көлдер маңындағы қыстауларына көшіп алады екен. Күздей қыстауларына пішенін тасып, тіптен жазда қайтыс болған адамдарын да Дауымшар, Құдайғұл Барамық т. б. ауылдары атқа көсем салып, не төрт аттылы кісіден кезек көтеріп, қыстауы жанындағы зиратқа апарып қоятын болған. Самар жанындағы сол зираттар әлі де бар.

Сол кездегі қазақ шаруасының ауыр халін, тұрғындарының аянышты тұрмысын Кіші жүзді басқаратын Орынбор шекара комиссиясының қызметкері Н. Кузнецов жаңашырлықпен жазып қалдырған. Ол Самар даласында жні болған және ел тұрмысын жақсы білген. Оның баяндауынша, Нарынға Бұқар жағынан көшіп келушілер жылдан жылға көбейіп, жер тарылып,

жайылым мен суат, шабындық пен қыстау табу қиындай береді. Жазы аңызық, қысы суық, әрі желді болғасын мал бағу оңайға түспейді. Көп ауылдар жазы-қысы қырда құдық қазумен болады. Жақсыбай, Қарасу, Жалпақтал алқабын жайлаған ауқаттылар, байлар мал бағуға, пішен шабуға, құдық қазуға жалшылар жалдаған. Мысалы, Байбақты руының белгілі биі Жүніс Жантеліұлы Жалпақталдағы пішен шапқан жалданушыларға әр күніне 60 тиыннан ақы төлеген. Ал құдық қазушының еңбек ақысы оның тереңдігі мен жерінің қатты-жұмсақтығына қарай көбінше бір қой не құлынмен өтелген. Кей байлар малды туыстарына бактырса, көпшілігі кісі жалдаған. Бір мың қойды, жүз сиырды үш кісі бағып, мың жылқыны қыста төрт, жазда алты жалшы бағыпты. Құмдағылар Сары өзен жағын «қатқыл» деген. Міне, сол қатқылда малға шеген аула, қамыстан, киізден, шымнан ықтың, көлді істегенмен, бәріне бірдей қора, ықтың, сай-сала жетпей, байлар қыста жылқы, қойларын өзен аралығындағы тебінге қос-қоспен айдаған. Байбақты, Кердері, Табын, Алаша, Беріш т. б. ауылдар малдарын Орал әскерінің жеріне тебіндетуге мәжбүр болады. 1834 жылғы бір құжатта осы өңірде 40 мың жылқы тебіндегені жазылған. Бұндайда Орал казак әскері әрбір қостан жолға мал, ақша алған. Оның үстіне мал иелеріне озбырлық жасап, малдарын тартып алып, айып салып, неше түрлі зорлық істеген. Мысалы, Таловка форпостысының бастығы Кокарев малшылар арасына 20 шақты қарулы казактармен келіп, Бисембі деген тұрақта 3000 қой бағып отырған қойшыларды қоршап алып, бір қойды табанда сұраусыз жеп, сосын 4 бақташыны алдарына салып айдап, Сламихин күтіріне әкеліп қамайды. Оларды қорқытып, айыпқа деп ақша, жылқы төлеуін талап етеді.¹² Бұлайша күш көрсету, үркіту, қоқан-лоққымен мал, дүние, ақша алу Орал казактарының кең тараған отаршылдық тәсілдерінің бірі еді. Бұл жолы да әлгі қойшыларды босату үшін (әйтпесе жала жауып, Сібірге айдатады) ауылдан 150 сом ақша, бір шапан алдырып, офицер Мизиновке береді. Байбақты руының ауылдары малға жайылым іздеп Алтыата, Тасқала (Шипов), Дарғаш жағына дейін бос жатқан кең өріске барады екен. Бірде Көшет, Жүніс жылқыларын казактар тартып алмақ болғанда екі арада төбелес шығады.

Қаншама қиындық, қысымшылық болса да казак әрдайым малдың тұқымын жақсарту ісін көңілден таса етпеген. Табиғат қыспағына төзімді, етті, сүтті, ұзақ жолға шыдамды, жүйрік мал өсірген. Орыс жазбаларында Ішкі тарап қазақтарының малдарының асыл тұқымдары болғандығы баяндалады. Солардың бірі — Еділбай қойына тоқталып өтейік. Өйткені Қазталовка мен Жалпақтал осы атақты Еділбай асыл тұқымды қойының отаны. Кейбір авторлар Еділбай сөзінің түп төркінін біл-

мей, оны «Еділ бойы» деп жоралап, ал ондай қой сол маңда 1880 жылдары пайда болған деп долбарлайды.

Орал-Өзен әскер линиясының командирі Сумкин 1831 жылы қыста Байбақтының Жүніс, Кешет деген байлары он қос болып өздерінің Еділбай қойларын ұлықсатсыз Қара-өзеннің шығысында жайып жүр деп жазады.¹³ Бұдан Еділбай қойының сол 1830-жылдары-ақ өйгілі екені көрінеді. Ал Қазталовқадағы қариялардың (Зұлқарнай Нұрғалиев т. б.) айтуынша, бұлардың арғы атасы Еділбайдың бір ұлы Есенаман Хиуа базарынан дөң мұрын, тұрқы, сирағы ұзын еркек қоңыр қозыны сатып әкеліп, оны Ішкі тараптағы қазақтың қаппақ құйрық қара қойымен бұлаптастырады. Соның бірнеше ұрпағынан сұрынталып, ақырында жаңа асыл тұқымды қой — Еділбай қойы Сары-өзен мен Қара-өзен топырағында дүниеге келеді. Сол ескілі жылқының да, түбінің де жақсы тұқымдары болған. 1823 жылғы архив дерегі бойынша, кәзіргі Әжібай көлінде Әжібайдың туысы Қожағұл алаша Есенгелді Жанмырзаұлы дегенге 15700 жылқы біткен. «Есенгелдіден бір тайы кем, бай» деген сөз. «Әжібай деген жерді Есенгелдінің көп жылқысы тебіндеп ойып, шүңғыл жасапты» деген аңыз сол уақыттан қалған ескі сөз көрінеді.

Ал елдің егін салуына Орал әскері тиым салып, жол бермеген. Ел ішінде қолөнерші, ұста, зергер, тігінші, үйші, егікші т. б. шеберлер көп болған. Мәселен, ноғай-қазақ Кенжетали деген шебер Жәңгір ханның тәпсіруымен патшаға алтынмен аптап, күміспен күштеп киіз үй жасаған.

Бөкей (Ішкі хандық) тұрғындары Ресей шекарасымен жақындасып, сауданы тікелей жасауға қолы жетеді. Шекарада әр жерде базар орны ашылып, Аштархан, Сарытау губернияларынан, Қазаннан орыс, татар саудагерлері астық, мата, ыдыс-аяқ, Құрал-сайман т. с. с. әкеледі. Ал қазақтар негізінен мал апарды. 1814 жылғы Бөкей хан кеңесінің мәліметі бойынша, Ресейге 41242 бас жылқы, 16302 бас мүйізді мал, 277100 бас қой, 14066 бас ешкі сатылған. Солардың ішінде Қарасу, Тарғын Жақсыбай, Жалпақтал өңірі көп мал өткізген. Сауда да отар елді қанаудың бір жолы екені ежелден белгілі жәйт. Орыс көпестері өздерінің сапасыз тауарларын қымбатқа сатып, қазақ малын арзанға алып отырған. Сол сияқты патша үкіметі Иран саудагерлерінің Кіші жүзге келуіне тиым салып, қазақтардың Хиуа, Бұқар т. б. қала базарларына баруына кесел жасай берген.

Сауданың өрістеуі мал шаруашылығы мен қолөнердің дамуына әсер етеді. Бірақ шаруашылықты жүргізудің ескі тәсілдері, өндіргіш күштердің мешеулігі малға қажетті азық қорын жасап, дайындауға мүмкіндік бермейді. Соның салдарынан 1820 жылы қыста, одан кейін де Сары, Қара-өзендер өңіріндегі мал жұтқа ұшырап, көп шығын болады. Сол жылдары Жиеншора ұлы Са-

қауда 10 мың қой болыпты. Қойларының жүнін қыркатын құралдары жетіспегендіктен кәзіргі Бақтыкөл мен Ағай Қаракөл маңында, сор жағалауында қой жүні тау-тау болып үйіліп жатады екен. Міне, соншама қой бір жұтта түгел қырылып қалады. Шаруаның тұрақсыздығы деген осы да.

Жұт жылдары көп адам күн көріс үшін амалсыз Ресейге, Орал әскери линиясына, Теңіз жағалауына табыс іздеп кетуге мәжбүр болады. Бұл да азапты, қатерлі жол еді. Шет жерге бару үшін ұлықсат билет алып, әр айға ақша-пұл төлейді. Орыс тұрғындары жолаушылардың еңбегін жеп, аяусыз қанаған. Оған өз байлары мен би, сұлтандарының зорлығы тағы қосылғаны белгілі.

Сонымен Байұлы тайпасы ата қонысына көшіп келіп, орнығып, өздерін Кіші жүдiң бiр торабы — «Ішкі тарап» деп атаған. Ал бұл жаңа саяси-әкімшілік территория тарихта «Бөкей хандығы» деген атпен де белгілі. Патша шенеуніктері қазаққа «хандық»-ты қимай, «Внутренняя Букеевская орда» деген. Бұл, сірә, кемсіте, «надан ел», «мемлекеттігі жоқ» деген ауыспалы мағынада айтылып тұрса керек. Өйткені бала кезімізде «Орда» деп бізді өзге ұлт өкілдерінің талай мазақтағаны әлі есте.

Осылайша Самар даласында жаңа саяси-әкімшілік бөлініс пайда болып, ол алғашқыда «Бөкей хандығы», кейін «Бөкейлік» деп аталды. Оның орталығы алдымен Сары өзен жағалауындағы «Бөкей Жаңақаласы» деп аталған қалашық, кейін Жаскүстағы Орда қаласы болды.

2. ҚАРАСУ ӨНІРІ ЖӘНГІР ХАН ЗАМАНЫНДА

Жәңгір Бөкейұлы 1823 жылы күзде әкесінің тағына отырып, Ішкі тараптың ханы болды.¹ Қолына билік тигесін Жәңгір хан, акын Бердібек айтқандай, «дүниені шыр айналдырады». Елден жиятын алым, салықтың саныда, (олардың саны 20-ға жуық) мөлшеріде шамадан тыс көбейеді. Соғым, зекет, пітір т. б. салықтар, кеңес қызметіне, почта айдауға, патшаға беру шығыны. Ал ноғай-қазақтар 34100 зекет салығын өтеген.² Бір жылғы мәселен, Алаша руының Малай бөлімінен (биі Бегей Мәмбетұлы) зекет салығы үшін 3000 сом, соғымға деп 5 жылқы сол сияқты Қожағұл ауылынан (биі Бейіс Қиясұлы) 5000 сом, Жомарт ауылынан (биі Естемес Ибраімұлы) 1100 сом, Токбас ауылынан (биі Қалмақ Құшақұлы) 1900 сом зекет жиналған.

Ал ноғай-зазақтар 34100 зекет салығын өтеген.³ Бұған қоса әр шаңыраққа 5—10 түйе жүк салығын енгізген.

«Байтаққа хан мен болсам» деп мақтанған хан Жәңгір сол Байтақтың, яғни халқының мүддесін Орал казак әскері мен

Орынбор басшылары алдында қорғай алмады. Орал-Өзен әскері мен Орынбор басшылары алдында қорғай алмады. Орал—Өзен әскери линиясын құрып алған казактар бірте-бірте нарын шабындықты, сулы жерге ие болып, Қара өзен мен Сары өзен, Самар көлдері бойынан казактарды қуа бастады. Қарасудан жоғарғы Сары өзеннің шығысындағы орнығып отырған Малай, Күбілей алаша, Ноғай-қазақ ауылдарын Нарын құмына, Үштаған, Діңғизылға аударады. Әсіресе Өзен әскері жергілікті тұрғындарға әбден тізе батырып, болмашы нәрсеге айып тағып, «шығынын», «бүлінгенін» төлетіп отырған. Егін салған қазақты көрсе ханға арыздаған. Мал жайылтқызбаған, пішен шапқызбаған. Мысалы, Алаша руының Терекбай Қитанұлы деген азаматы Қара өзеннің батыс жағасынан пішен шапса, оны Таловкенің орыс-қазағы тартып алып, айыппұл салады. Көктеректе тұрған Сламихин, Қос аралдағы С. Сламихиндер пішенімді малға тап-татты деп Тама руынан Мұса Күшік ұлына күш көрсетіп, 30 сом айыппұл төлетеді. И. Молотков, И. Богатырев, С. Шебаков, Глухов т. б. казактардың мұндай бейбастығы туралы деректер архивтік құжаттарда көптеп сақталған. ⁴

Қарусыз, бейбіт елге зорлықтың небір түрін қолданған Орал казактары сордан тұз алуға, өзеннен балық аулауға да тыйым салған. Мәселен, Байбақты, Алаша, Тана, Беріш руларының кейбір ауылдарын жазда Қосөзен өңіріп жайлап, ⁵ қыста Самар көлдерінің жағалауында қыстап, ну қамыстың ішін де ықтыңға малдарын ұстайтын, «Самар біздікі» деп елдің бәрін бостырған. Бұндай өктемдікке тіптен патшаға шын беріліп, адал қызмет еткен сұлтандар да шыдамаған. Сөйтін 1827 жылдың көктемінде Қаратоғай Мәмбетұлы (Алаша), Науша Көржауұлы, Шергеш Жаксыбайұлы (Байбақты) т. б. бас боп, оларға Қайыпалды Есімұлы, Шеке Нұралыұлы сұлтандар қосылып, толқиды. ⁶ Бірте-бірте бұл толқу өрістеп, қарсылық қаулай түседі. Шошынған Жәңгір хан 1827 жылы көктемде Орданы тастап, Камышинге қашып кетеді. Патиша әкімшілігі көрсеткен әскери күштің арқасында ғана ол қайта келіп тағына отырады. Ел қамын ойлаушы болып көрінгісі келген үкімет артынша мұнда Сенат мүшесі М. Ф. Энгельді жіберіп, тексерткен болады. Орынбор әкімшілігі де өз тарапынан Кіші жүз казактарын басқаратын Орынбор шекара комиссиясының төрағасы Генсті 1827 жылы көкек айында шұғыл Текеқалаға, одан Тасқалаға аттандырады. Келе сап Генс Байбақты Бармақ Жүнісұлының 40-50 шаңырағын т. б. ауылдарды Орал жерінен көшіріндер деп бұйырады. Генс одан әрі Алмалыға, сосын Қарасу жағалауындағы форпост Таловскийге келіп, жан-жаққа бұйрық беріп, Жәңгірдің таққа отыруын мұқияттайды. Осы жылы форпост Таловскийде 15 шақты балшықтан соққан үй болыпты. Ал осындағы казактар Қос-

мен аралығындағы көп жерді тартып алып, заңсыз иеленіпті. Үміті ақталмаған шаруалар 1829 жылы көктемде тағы бас көтереді. Бірақ басы бірікпегендіктен батыл қимыл жасай алмайды. Жайық бойынан Орал казак әскерінің атаманы генерал Д. Бородин бастаған қарулы әскер келеді. ⁷ Енді бір топ әскер Глинский бекінісіне (Жаңақала түбінде) жетеді. Хан Жәңгір де бұны көріп қуанып, қол жинайды. Бұларға тек Науша мен Қаратоғай бастаған топтар қарулы қарсылық жасайды. Тергеу кезінде «Қаратоғай садақ оғын соншалықты көп, әрі өткір етіп жасады, бір оғы үш орысты қатар қойсаң да тесіп өтеді» деп М. Михайлов деген көпес мәлімдеген. Науша ханның батыры Сәдібекті жекпе-жекте найзамен түйреп өлтіріп, патша әскерімен соғыса күш бермей Жайық өтіп кетеді. Ал Қаратоғай соғыса отырып, елінде қалады да, Соқыр, Сағыз құдығы деген (қазіргі Тереңкөл ауыл советінде, жерге келіп, ханға бағынбай, әскерін таратпай, жігіттерімен жатып алады. Тек күзге қарай ғана ауылдың билері ханға барып сөйлесіп, Қаратоғайға кешірім алады.

Ал бұл көтерілістің үшінші басшысы Шеркеш Жаксыбайұлының тағдыры қызықты. Көтеріліс барысында 1829 жылдың көктемінде Шеркеш қобалжи бастайды. Ол өзі ірі бай, әрі шешен, Жәңгірмен бірге 1826 жылы Петерборда болып, патшадан алтын медаль алған мақтаулы бидің бірі екен. Жасы отыздан жаңа асқан Шеркеш жастығына қарамастан өте ақылды болыпты. Патша әскері Самар көлдері жағына келе бастаған соң Шеркеш Науша мен Қаратоғайға қарулы әскер бейбіт елді аямайды, босқа қан төкпейік, одан да ханға барып бас иіп, бағынайық дейді. Екі батыр бұған көнбей, намысты қолдан бергісі келмейді. Науша ұшып тұрып: «Бұндайда қарыс ақылдан сүйем қайрат артық, мен Жайық өтіп кетемін», — депті. Кейін Шеркеш тергеушіге: «Мен көтерілгендерді үгіттеп көріп едім, бәрі Наушаны қолдап кетті», — дейді. ⁸ Жаңақаланың Сейтім Тәкеев, Жүсіпқали Сейітов, Әйіп Бектасов, Мерген Бірәлиев секілді қарияларының айтуынша, Шеркеш Жаксыбайұлы арғы бетке кетпей, өз жұртыма пана болам деп қалып қояды да, қолға түседі. Оның Текекаласында әскери сотта тергелгендігі туралы іс материалдары сақталаған. Оның қалай тұтқындалғандығы жайында Мерген Бірәлиев (Байбақты) былай дейді:

Шеркеш неде болса дәмдес болып, бірге жүрген құрбы еді, Жәңгірдің өзіне барайын, кешірім сұрап, ауылыма әскер қолын тигіздірмейін деп Глинский форпостына келген ханға жалғыз өзі, омырауына медалін тағып, қасына тазысын ілестіріп келеді. Ханға қасындағылар Шеркеш бидің келе жатқандығын хабарлайды. Жәңгір офицерлерге: «Оны маған жібермеңдер, ол келіп сөйлесе шешен, мені арбауы мүмкін. Басқа үйде тұтқын-

дандар». — деп катыгездік жасайды. Айтқанындай хан адамдары Шеркешті басқа үйге түсіреді. Патша медалін тағып отырған кісіні офицерлердің тұтқындауына қақысы жоқ екен. Содан Шеркеш көрші үйге барып шешінгенде офицерлер кіріп келіп, тарпа бас салып ұстап, қол-аяғына бұрау салыпты. Ертеңіне Текеге шұғыл айдап әкетіпті. Сол кезде Мерген Бірәлиевтің қасында отырған Әйіп Бектасов: «Шеркештің тазысы туралы айтпадың ғой, Жәңгір сол ит құрлы болмады ғой», — деп косады. Мерген ақсақалдың айтуынша, Шеркеш бидің Тұйғын ба, Ақтұйғынба, әйтеуір бір тәуір тазысы бар екен. Оны казактар ұстап алмақ болып талай айла істейді, бірақ тазы қолға түспейді. Иесі кұса да қалмайды. Солдаттар мылтық атып атса, оққа шалдырмайды. Сонымен тазы Текекалаға бірге барады. Жолда келе жатқанда тазы түнде бауырлап келіп, иесінің тізесіне басын қойып жатады, шапанының етегінен тістеп сүйрелейді. Осының бәрін Шеркеш Орынборда абақтыда жатқанда еңіреп отырып, қасындағыларға қайта-қайта айта беретін көрінеді. «Ит скеш итте ақылды болды ғой, Жәңгірге неге сендім екен», — деп зарлайды. Абақтыда онымен бірге жатқан Қайыбалды Есімұлы 1830 жылы түрмеден қашып шығып осы әңгімені сол таратыпғымыс. Орал әскерінің соты Шеркеш Жақсыбайұлын соттап. Сібірге каторғаға айдатады. Әлгі Ақтұйғын тазы да жыл бойы Текеде болып, иесімен бірге Орынборға барып, одан көп қиындықпен Сібірге бірге кетіпті. «Ит скеш ит те жолдасына адал ғой», — деп Мерген кәрия сөзін аяқтайды.

Осылайша Жәңгір мен патша әскерінің зұлымдығына қарсы бағытталған көтеріліс жеңіледі. Патша әкімшілігі жағдайды шиеленістіруден қашып бірталай шаруаға кешірім жасаған болады және ханға да нұсқау беріп, елді тыныштандыруды міндеттейді. Самар көлі, Сары өзен төңірегіндегі жексұрын атанған офицерлер, атаман Д. Бородин жұмыстан аластатылады. Қос өзеннің арасына бірталай ауылдар қайтып келіп, орныға бастайды. Жер, қоныс мәселесі патша үкіметінің алдына қойылады.

Алғашқы жылы хан да талай адамға мейірбандық жасаған болып, көтерісшілердің кейбіреуін қудалауды қояды. Солардың ішінде жерлесіміз Қаратоғай батырды да туыстары ханға табыстырмақ болып алып барады. Ордаға батыр қарусыз барады. Жәңгір сарайына барып жайғасып, әңгіме басталады. Бір тойдың үсті болса керек, ат шаптырып, алтынқабақ атып жатады. Жұрт Қаратоғай батырды көріп қаумалап, садақ ұсынады. Бірақ батырға садақ шақ келмей тартқанда үзіле береді. Сол кезде хан: «Біздің үйде Ноғайлының бір батырының садағы бар, соны әкеліндер», — депті. Садақты алдырып, Қаратоғайдан бұрын қуатты жігіттерге берсе, ешкім ие алмапты-мыс. Қарато-

ғай алып тарғып көріп: «Бұ шіркін баяғы Ер Тарғыннан, не Байбарақтан қалды ма екен», — депті. Жан-жағына қараса, батырға сай нысана болмапты. Бұны түсінген Жәңгір басындағы тақиясын шешіп береді. Қаратоғай көңілденіп, тақияны төрт бүктеп көз көрінім жерге қойдырады. Садақты әрлі-берлі тартқылап тұрып, қолын шынықтырып алып, атып жібереді. Оқ төрт бүктеулі тақияны тесіп өтіп кетіпті деседі кәриялар.

Қайтадан дастархан басына отырып, хан батырға: «Ел бас-ган, маған қарсы шыққанда не бітірмек едіңдер», — деуге дейін барады. Қаратоғай: «Әуелде келісім бұлай емес еді ғой, өткенді айтпайтын болмадық па», — деп ренжіп, оқыс қимылдап қалғанда, бүйірінде тығылулы жатқан қаруы шапанын тесіп шығыпты. Оны көрген хан боп-боз болып қуарып, сөзді кілт доғарыпты. Кейін қасындағылар: «Ол не болғаныңыз, қару алма деп едік қой», — десе, Қараторғай. «Әй, Жәңгірге сенім бар ма? Шер кешті құртқан ол, мені мүсіркейді деймін бе?» — деген екен.

Ханның бұлайша елмен ортақ тіл табысуы ұзаққа бармайды. Шаруалар толқуынан Жәңгір тиянақты қорытынды жасап, сабақ алмайды. Шаруалар жер үшін, жайылым, шабындық, қыстау үшін көтерілгенін түсінбейді. Бұл тағы бір арандауға ұрындырады.

1830 жылы Жәңгір хан Ішкі тараптағы ел жайғасқан жерге билік жасап, өзі белгенінше әркімнің жерін басқаларға үлестіре бастайды. Бұл ісін бүркемелеп қазақтарды отырықшыландырып жатырмын деп мақтанумен болады. Тәуір деген жерді өз туыстарына, сұлтандарға, қожаларға, байларға алып береді. Жәңгір кезінде жемқорлық пен паракорлық кеңінен өріс алады. Жерді көп сыйлық әкелген кісілерге актымен, не мөр басып куәлікпен берген. Мысалы: Қарауыл қожа, Шомбал биге көп жер береді. Шомбал Ниязов Ноғай-қазақ руы атынан 1.800 мың десятина жерге ие болады. Бұның көбі Сары өзеннің батыс жағалауында Қанташ қасынан Кішей көліне дейінгі шабындығы мол, сулы, құнарлы жер еді. Бай Жомарт алаша ауылы Шолақ сай мен Бозобадан бастап Қараөзен жағалауындағы кең суат, Байтуғанға дейінгі алқапты иемденіп, жайлап келсе де, соған жаңадан Жәңгір хан құжат түзеп, қолын қояды.

Хан мен сұлтандар ең шұрайлы жерді молынан алады. Мысалы, Жәңгір ханның өзінің 400 мың десятина жері, оның бір талайы Сарыөзеннің Жақсыбайдан жоғары өңірінде болады. Байбақты руының басқарушысы Шөке Нұралиев 170 мың десятина жер алады, ол Сары өзеннің Көктеректен төмен жағалауын иемденеді. Алаша руының басқарушысы Сұлтан Жәнбөбек Бекқалиевтің 200 мың десятина жері болғанда, оның көбі форпост Таловскийден екі өзен аралығы мен Аккөл, Төрткөлге дейінгі алқапты иемденген.⁹ Жәңгір берген жер иелену куәліктері,

актылары кейін жиналып, жойып жіберілген. Өйткені бұл құжаттарды бірінен соң біріне беріп, ел ішінде дау туғыза берген. Мәселен, Исатай Тайманұлына 1826 жылы Қиғаш жағындағы Күйген арал, Қарақамыс т. б. жерлерді жайлай бер деп куәлік берсе, ал 1834 жылы оны одан көшіріп, Мыңтөбе төңірегін жайла деп басқа қағазға сызып, мөр басып бергені белгілі.

Орталық архивтен біз Алаша руының Сары бөлімінің Шойтық Жиеншораұлы деген байына Сарыкөл, Самар алқабына бұрыннан қыстап келе жатқанын жазып, соны иемдене бер, ешкім қиянат етпесін деген арабша куәлігін көрдік. Ал 1836 жылы оған тағы куәлік беріледі. Бұның бәрін тізіп отырған себебіміз — осы күні кейбір авторлар Жәңгір ханның шаруаларға қанша қиянат жасағанын нақты зерттемей, сол кездегі ел ішіндегі аса шиеленісті жағдайды түсінбеушілік көрсетеді. Тіпті Жәңгірді патша чиновниктерінің жазғанына сүйеніп, дәлелсіз мадақтауда бар. ¹⁰

Хан біреулерге жерді берген үстіне бере берген. Алашаның Құдайғұл аулының байы Түскен Шойтықұлы өзінің ата қонысы «Малбасар», «Қамысты көл», «Шойтық Саралжыны» деген жерді ханның 1836 жылы № 445 санды әмірімен хаттап алып, оның үстіне «Ағай-Каракөлі», «Сақаудың Бокты көлдерін» қосып алады. Сол үшін Түскен Жәңгірге 60 атан т. б. сыйлық берген еді дейді қариялар. Байдың бәйге бермейтін «Ақмоншак» атты сәйгүлігі бар екен, хан соны бер деп отырып алған. Амал жоқ, хан қаһарынан қорқып, ол жүйрікті де береді. Сондай амалмен Байбақтылар «Қазыбай Қамысты көл», «Есей», Алашалар Күнту, Қуан, «Саралжын» көлдерін пара беріп алған дейді аталарымыз. Бұл әрекеттің шынлығын қуаттайтын фактіні маған Бостандық ауыл Кенесіндегі малшы Мендікүл деген азамат айтып берді. Оның атасы Мыса Тама руының Төлек, Аташал ауылын бастап 1824 жылы Жайықтың арғы бетінен бері өтіп, Ақкөл маңына келіп орнығады. Әлділері үй салып, қора, аула тұрғызып, шаруа түзейді. Кедейлері жалшы болып, біртіндеп олар да қоныстанады. Сөйтін, енді жайлана бастағанда жер дауы шығып, әркімдер бұлардың қонысына көз салады, иемдене бастайды. Содан Мыса би ауылдастарын жиып, әрі-бері ақылдасып, бәрі әлінше ақша жинап, ханға барады. Қосарал, Ақкөл тамалары да бірігіп, тілек айтады.

Ордаға келген бойда ханға сәлем беріп, шайға отырады. Шай үстінде бір жеңін ағытып, «келіннің көрімдігі» деп үлкен дорба ақшаны шылдырлатып төгеді. Хан күлімдеп риза болып қалады. Кейін қымыз әкеліп күйған келінге екінші жеңін ағытып, алтын, күміс ақшаларды жарқыратып салады. Кетерде шаруасын айтқан биді хан да риза қылып, қонысына ешкім қол сұқпасын деп куәлік береді. Міне, ханның парақорлығы туралы осындай әңгімелер ел ішінде әлі күнге дейін айтылып жүр. Бұның бәрі

қалық арасында наразылық туғызып, өшпенділік пайда болады. Сонда да хан сұлтандарды өзіне тірек етіп, жердің қаулысын соларға береді. Шыман (Шыңғали) Орманов деген сұлтанға құмдағы Еділбай ауылының жерін 1834 жылы тартып алып бергенде, ауылдың биі Жүніс Жантеліұлы қоныс, қыстаусыз қалған. Ақжан Шотқарин деген сұлтан Сұлтангерей Қарасуы қасындағы Опустельный Кордоннан Сары өзеннің екі жағалауын Әбішке дейінгі алаптан ойып-ойып жер ала берген.¹¹ Беспішендегі қожалар, Тама, Нысанбай (Есенбай) молда да осылайша Сары өзеннің батыс жағалауына орныққан.

Осындай әділетсіздіктердің салдарынан Байбақты, Алаша, Тама т. б. рулардың бірталай ауылдары жерсіз қалып, тентіреп босып кетеді. Кейбірі Жайықтың шығыс жағына кері өтуге мәжбүр болады. Әжібайды мекендеген 18000 жылқысы бар атақты бай Есенгелді Жанмурзин (Қожағұл алаша) сұлтандардан қысым көріп, Жайықтан өтіп кетеді.

Жер тіршіліктің басты көзі ғой. 1834 жылы Төленгіт Ғалиевтер Сары алаша азаматы Түрке Төлегеновты өлтіреді. Өлгеннің құны деп хан айыптыдан 2000 қой, 19 сиыр, 40 жылқы жинатады, әйтседе оның көпшілігін хан, Шөке сұлтан және Алтай би бөлісіп алады да, қазалы шаңыраққа жөнді ештеңе қалмайды. Бұл Таловке фоспортының қазақтарына да мәлім екені жазылады.¹² Хан тіптен Алашаның Теніш деген қызын жұрт көзінше сабауға дейін барған. Шаруалар ханның қысымы мен жәбірлінің көп екенін шағым еткен. Бұның бәрі шаруалардың наразылығын өршітіп, 1836 жылы тағы да көтеріліс бұрқ ете түсті. Исатай мен Махамбет бастаған бұл көтеріліске кедей шаруалар, әсіресе төленгіттер, беріш, тана, байбақты, жаппас т. б. рулардың адамдары көбірек қатысқан. Ноғай-қазақ азаматтары Сары өзен бойында екіге бөлініп, Ғаббас, Жәнібек Қошайұлдары, Жанназар, Бекетов т. б. Исатайды қолдап, Шомбал, Бекежан Ниязовтарға қарсы шығады. Алаша руы да екіге жарылып, байлар жағы көтерілісті қолдамай қашып жүрген. Сұлтандар мен билер, қожалар мен байларға өшігіп алған шаруалар олардың елді тонау, тартып алу арқылы жиған мал-дүниесін бөліп алады. Озбырлық істегендерін қамшының астына алады. Теренкөл, Қарасу төңірегін мекендеген Қожағұл алаша Еркінәлі Сағынәліұлы, Құрамыс Малайсарыұлы дегендер көп жігіттерді бастап, өздеріне талай зорлық жасап, қорлық көрсеткен Алаша руы басқарушысы Жанбөбек Бекқалиевке тап береді. Ол өз үйі қасындағы Таловский фоспортына қашып барып, казактардың қолтығына тығылады. Дүйсе құмынан қашқан Шотқара сұлтан үйі ішімен жаяу қашып, 200 км жүріп Таловскийге тығылады. Көтерісшілер Жанбөбектің жылқысын іздеп Таловскийден Кеңсуатқа дейін барып, Байтұрғаннан 400 жылқысын айдап

келіп, бөліп береді. Тархан атағын алған атақты Мұса бидің немересі Қылыш бидің ауылына Мақамбет өзі тобымен келеді, бірақ еш зорлық жасамапты.

Әйтседе, мұздай қаруланған патша әскері хан қолымен бірігіп, елді қанға бөктіреді. Шаруалар көтерілісі жеңіліске ұшырайды. Жақсыбай-Қарасу-Ақкөл алқабы бұның ауыр зардабын шегеді, көп адам қудаланады. Ханның езіне де губернатор кінә тағып, егер шаруалар қысым көрмесе бұндай жанкешті іске бармас еді деп жазады.

Сөйтіп, Кіші жүзді дүр сілкіндіріп, патшаға дейін мәлім болған көтеріліске Сары өзен, Қара су аңғарындағы көп адам қатынасқан. Ел көп шығынға ұшыраған. Бірақ бұдан Жәңгір хан тағы да тиісті қорытынды жасамады. Шаруалардан алынатын алым, салық азаймады. Патшаға әшекейлеп, өрнектеп киіз үй жасатып, сыйлайды. Ер-тұрман, жақсы ат чиновниктерге беріледі. Петерборға ақ патшаға бару қаржысы да ел үстінен жиналады. Нақты деректерге жүгінсек, мысалы Ноғайқазақ, Алаша рулары 1844 жылы 40 мың сомнан ақша алым, күзде хан дастарханына соғым деп бір-бір жылқы, не 70 сом, ұзындығы үш сәжіннен ақ киіз береді. Оның үстіне ханға сыйға деп әр шаңырақтан түйе жинаған. Жәңгір ол жүздеген түйені Орынбордың базарына сатқызған. Сонымен қатар, хан кеңесінің хатшыларын ұстау үшін 1000 сомнан, мал сатқан адамнан баж салығын да алған.¹³ Ханның салық жинаушылары да ел үстінен күн көрген. Билер де шаруаларға көп зорлық жасаған. Мысалы, Ноғай-қазақ бні Шомбал өз туысы Ғаббас Қошасевтың 10 түйе, 160 қой, бір жорға атын тартып алған.¹⁴ Ал Жәңгір өле-өлгенше Аппаздың артынан қалмай қудалаған. Маубай Манатаев деген адаммен екеуін ұстатып, қылмысты адам деп жала жапқан. Ноғай-қазақ Мұса Айболатов ханның зорлығы жөнінде Орынбор губернаторына шағым жасаған. Бұнын бәрі аяқсыз қала берген. Оған қарамай, енді салауатты адамдар, ішінде баяғы Қаратоғай Мәмбетұлы бар бірігіп арыз жазып, ханның алым, салығы ауыр екенін көрсетеді. Әр жерде жекелеген бас көтерулер көріне бастайды. Хан амалсыз Қаратоғайдың қонысы Жаманақ, Қаратоғай түбегі т. б. Сарыөзен жағалауындағы жерін қайтіп бергенмен басқалары күресін тоқтатпайды. Патша әкімшілігі бұл фактілерді тексерген болады. Ханға дауа болмайды. Халық қарғысын көп алған Жәңгір 1845 жылы кеністен өледі, біреулер оны әдейі ұлап өлтірді деген әңгіме әлі бар.

Сөйтіп, 1823—1845 жылдары арасында байтаққа шексіз қиянат жасап, наразылығын өршітіп, 2—3 көтерілісті тұтатқан хан дәуірі өтті. Көп адам өлді, талай жан сотталып, қаторға айдалды, солдатқа берілді. Олардың отбастары аңырап, қасірет шек-

II Осылайша «Шұбар жылан» — Жәңгір хан өлгесін ғана ел есіп жия бастады.

3. ТАРҒЫН-ҚАРАСУ-ЖАЛПАҚТАЛ АЛҚАБЫ

XIX ғасырдың орта шенінде

Жәңгір хан өлген соң патша өкіметі оның орнына хан тағайындағысы келмей Ішкі тарапты басқаратын жаңа мекеме —

«Уақытша кеңесті» («Временный Совет по управлению Внутренней Букеевской Ордой») құрды. Оның басшысы (председателі) болып Әділ Бөкейханов, орыс, казак кеңесшілері (советник) бекітілді. Енді әкімшілік жұмысында байырғы сұлтандар мен билер ығыстырылып, жаңа басшылар тағайындалды. Жер бөлу, алым-салық салу мәселелері тәртіпке келе бастады. Сұлтандар мен қожалар жөңсіз иемденіп алған жерлер заңды иелеріне қайтарыла бастады. Бұрын қуғынға түскен, босып кеткен ел атажұртына қайта орала бастады.

Ел іші тыныштала келе көптеген ауылдар тұрақтанып, қыстау салып, егіншілікке бейімделе бастады. Архив деректерінде егіншіліктен ең алғаш Кеңсуат жағындағы Әукетай ауылы, одан соң Қарасу төңірегі, Бозоба маңы, біртіндеп Тілепші сайы, Жаксыбай маңындағы Ноғай-қазақ ауылдары айналыса бастағандығы көрсетіледі. Ол уақытта соқаны («сабан» делінген) ағаштан жасап, күресіне ғана темір, не қаңылтырланған ағаш пайдаланылған. Уақытша кеңес құжаттарында Қарасу алқабында егін негізінен Қара өзен мен Сары өзен аралығында салынатындығы, көлемі аз, 4 жылда бір рет қана әр десятинадан 10-60 пұт астық жиналатындығы жазылған.¹

Бұл кезеңде Қарасу алқабы тұрғындары құрамында да көптеген өзгерістер болады. Ал біз бұл тұста жалпы «Қарасу алқабы» деп Сары өзеннің батыс жағалауының Қақташ тұсынан, Тарғын өзені бастауынан бері Қарасу үстімен² Ащыөзекке, Соркөлге дейінгі, шығысы Ақкөл, Төрткөлге дейінгі территорияны айтып отырмыз. 1850-60 жылдары бұл алқапқа талай ауылдар келіп қонып, талай ауылдар көшіп кеткен. Дегенмен халық саны өсіп, көбейе береді. Ащыөзек бойына, көлдерге Жаппас руының ауылдары орнығады. Тама руының Аташал, Төлек т. б. ауылдары Көктерек, Қосарал, Әбіш, Ақсуат аралығына жайғасады. Алаша руының Малбасар ауылы Шойтық Саралжыны, Малбасар Қамысты көлі секілді жерлерге қыстау салып, Апаңды ой, Сопай, Жайлау т. б. Қараойлар қасынан егін сала бастайды. Өзен әскери линиясы бастығының 1849 жылғы 22 наурыздағы мәлімдемесінде Еділбай ауылдарының билері Жүніс Жантеліұлы мен Оңғар Мәдекенұлының қыстаулары Сламихин

күтірінің қасындағы Қарақоға деген жерде делінген. ³ Содан олар жылжып Әукетай жеріне Байтұрғанға, Әукетай сорына, Березово (қазіргі Березин) кордоны жағына ауа берген. Елдің бәріне бірдей жайлы жайылым, шалғып шабындық жете бермеген. Сол себепті әлсін-әлсін жер дауы туындап отырған. Мәселен, сол кездің мыңдан жылқы айдаған әйгілі байы Үдірей Қаратағастың жерін Кердері руының Қуат Сақауов деген биі иеленіп алып, дау Орынборға жетіп, әрең шешілген ⁴

Жәңгір хан тақта отырған кезде бытырап, тозып кеткен елдің қай ауылы қашан бұл алқапқа қайтып келгенін әрине дәл анықтау қиын іс. Тек кейбір Уақытша кеңес іс қағаздары ғана аз — кем мәліметтер береді. Мысалы, Сары өзеннің оң жағалауындағы Кішей көлінен Беспішенге дейінгі аралықта Алаша руының Сары, Барамық, Алтыбас, Токбас ауылдары мекендеген. Солар қырда Мереке, Сазанды, Тереккөлді, Ащыөзекке дейін жаз жайлайтын болған. ⁵ Ал бір құжатта Сары өзеннің Қарасу-Таловский форпостысы тұсында Сары алаша ауылының 77 шаңырағы, Қоңырбөріктің 42 шаңырағы, Барамықтың 10 шаңырағы тұрған дейді. Солардың арасында 7 шаңырақ Кердері ауылы болған. ⁶ Реті келгенде архивте сақталған құжатқа сүйеніп сол кездің өзекті мәселесіне, әрі тұрғындарды күйзелткен жайды нақтылай кетелік. 1858 жылдары жер жетіспегесін Алаша руының Қожағұл арысынан көп шаңырақ Жайықтың Бұқар жағына амалсыз көшеді. Ал болған жерді — Таловканың құбылысындағы 75 шақырымдай жердегі «Қисық» деген көлді Уақытша кеңес Қалдымұрат Құлмановқа, Берінш руының Жайық атасының бір ауылына береді. Бұған Алаша руының басқарушы сұлтаны Сығасев наразы болады. Ол «Қисықта» Алаша руының Қожағұл, Малай, Бәйсеу аталарының ұрпағы, яки Алашаның ІІІ-ші бөлімінің ауылдары тұрады дей келе, 1856 жылы Қожағұл алаша Жайық асқанда 90 шаңырақтың қалып қойғанын жазды. Осы 90 шаңырақтың 45-і өз жері болмағандықтан тентіреп жүргендігін, малын асырай алмай, үлкен мұқтаждық көріп отырғандығын ол Уақытша кеңеске баяндайды. ⁷ Сол себептен де ағайындар арасында алауыздық туған.

Дегенмен осы кезеңде Қарасу алқабының халқы біркелкі орнығып, шаруа күйтеп, тұрмысын түзеуге мүмкіндік алады. Сауда-саттықпен айналасуға, мәдениетті дамытуға жағдай туады. Орда қонысының аржағында «Бүргенді» деген жерде жылда жәрмеңке өткізіледі. Ол кейін Орда қасында — Жаскүсқа көшіріліп, Қарасу алқабындағы шаруалардың базарына айналады. Бұл өңірде сол кезде 9 мешіт, 7 медресе, көптеген мектеп болған.

Хандық билеуді жойған патша үкіметі қазақ жерін басқа-

руды бірте-бірте Ресейдің әкімшілік жүйесіне жақындатып, орыстандыру үшін түрлі шаралар істейді. 1850 жылдары Ішкі тарап өлі ру-ру бойынша басқарылатын. Ал бір рудың ауылдары бытырап, әр жерге орналасқан болатын. Мәселен, Ноғай-қазақ руы Сары өзен жағасында, Жасқұс т. б. құмдарда болды. Тана, Жаппас, Беріш, Кердері, Кете т. с. с. ру ауылдары да шаппырай қоныстанып, оларды басқару, бақылау, алым-салық жинау қиын болды. Қызылқұрт руының Ерші атасы ұрпағы Қазарма, Пакей, Қызылқұрт шағылы, Жиделі құмын мекендеген. Одақ ерті Ұштаған, Бесшоқыда Соба, Темір, Мырза т. б. арыстары тұрған. Руды сұлтандар басқарған. 1852 жылы Ноғай-қазақ руының басқарушысы Дәулеткерей Сығайұлы болған. Оның басты жұмысы жұрттан алым-салық жинау еді. Және бұның өзі ең бір қиын шаруа болатын. Архив қағаздары ішінде Дәулеткерейдің қолымен толтырылған салық төлей алмаушылардың тізімі бар. Ол өз қарамағындағы Жақсыбай, Ханкөл, Қосағалы сияқты мекендерді аралап жүргенде, қолынан домбырасын тастамаған. Оның әйгілі «Қосағалы» күйі де осы кезде дүниеге келеді. Бұл күй А. Затаевичтің танымал жинағына енгенімен, оның атын біреулер білместікпен «Два брата» деп аударып салған. Ал шындығында Ноғай-қазақтың Қосағалы атты бір атасы, оның қонысы да бар.

Алаша руының Сары бөліміне бізге белгілі Жанбөбек сұлтан Бекқалиев басқарушы болған. Ауыл билері Құдайберген мен Төребектің жазуынша, сұлтан зекет салығы деп жыл сайын 200 сол күміс ақша, соғым жинап, өзі пайдаланған. Зекет үшін деп әр түйе мен жылқыдан 24 тиыннан, сиырдан 15 тиыннан, қойдан 3 тиыннан жинау қажет болса да, сұлтандар түрлі сылтау тауып, одан көп жинап отырған.⁸ Бұның бәрі елдің наразылығын туғыза берген. Осыны пайдаланған патша әкімшілігі Ішкі тарапты жаңа территориялық-әкімшілікке бөледі. Әуелі теңіз жағасында 2 округ ұйымдастырылады, сосын 1860 жылы Бөкейліктің қалған жерін 5 қисымға (бөлікке) бөледі. Сол бесеудің біреуі — Таловка қисымы болған.

Таловка қисымы. Бұл қисым әуелден бірыңғай қалыптасып келеді. Қисым жері Сары өзеннің батысында Тарғын өзені бастауы мен Тарғынтөбе деген жерден оңтүстікке Бапа, Ханкөл, Қосағалы т. б. мекендерден басталып, Жақсыбай өзері, Борсы көлі үстімен батыста Ащыөзекке дейін қамтып, одан Аралсорға дейін жалғасып, шығысқа қарай Қосарал, Түрке сорына, одан әрі Ақкөл, Төрткөл мен Қара өзенге, яки Жалпақтал, Сламикин күтіріне дейінгі жерді алады. Таловка форпостысы мен Қарасудың шығысы — Бозоба, Кеңсуат, Қара өзен жағалауына дейінгі жер енген. Бұл кең алқапты біз «Жалпақтал-Қарасу-Жақсыбай-Тарғын өңірі» деп жазып жүрміз. Бір сөзбен айтқанда, ор-

талығы Қарасу болғасын «Қарасу алқабы» десек те болады. Бұл алқаптың көлемін, шығыс шекарасын анықтай түсу үшін және жерге талас кімнен басталатынын көрсете кету мақсатында бір тарихи деректі келтіре кетелік. Ақкөл төңірегі мен Байтұрған тұрағындағы Әукетай алаша азаматтары 1861 жылы Уақытша Кеңеске жазған шағымында бұл өңірді өз ата қонысымыз дей келіп, Таловка қисымының басқарушысы Хангерей Хансұл

**КАРТА
ВНУТРЕННЕЙ
КИРГИЗСКОЙ ОРДЫ**

СОСТАВЛЕНА

Подпоручикомъ Швановымъ. І.

1862.



Таловка қисымының картасы

танов өз жерімізде егін егуге тиым салып, шабындығымызға мал жаяды, зорлық істейді деген. Ал сұлтан Х. Хансұлтанов болса, «Біз өзіміздің ежелгі қонысымыз Ақкөл тұсындағы Тасоба, Ашысай аралығына ғана малымызды жаямыз. Олда Ғ. Есенбаевтың (Тама руынан, Таловка қисымын басқарушының көмекшісі, қыстауы Сары өзен батысындағы «Ағаш үй» деген жерде) 2000 жылқысы болады. Біз Жандыбай Жәнібеков (Әукетай алаша), Толыбай Мусинге ол жерге егін егуге тиым салдық» депті төрелер. Бұған қосымша Төрткөздік Б. Итемгенов, А. Тотаев

деген ауыл билері Х. Хансұлтанов және басқа да сұлтандар Ақкөл мен Төрткөлдің шөбін шауып алатындығын, ал Таловка қисымының ежелгі тұрғындары шабындықсыз қалатындығын Уақытша Кеңеске тағы жазады. ¹⁰

Сонымен бұл деректерден Байтұрған, Кеңсуат, Ақкөл, Төрткөл маңы Әукетай алаша мен сұлтандар жері екенін көреміз. Жердің ең шұрайлысын сұлтандар мен Ғ. Есенбаев, Бұзау, Собақ Естаевтар секілді байлар иеленіп, зорлықпен басқаның жеріне қол сұққанын да байқаймыз. Олар онымен қоймай, шаруалардың егіншілікпен шұғылдануына да кесел келтіре берген. Сондай-ақ, бұл фактілерден Таловканың солтүстік шекарасы да анықталып, «Опустелый» кордоны маңына жаппас, төлеңгіт ауылдары орныққаны көрінеді.

Бір айта кетер жайт, бұл алқаптың тұрғындарының құрамы, әкімшілік-территориялық бөлінісі негізінен көп өзгеріссіз күні бүгінге дейін ата қонысында сақталып отыр. Қисымды орысша «часть», «участок» деп, оның билеушісін «правитель», «управляющий» деген. Алғашқы правительдердің бірі Ғұбайдолла Есенбаев (Тама, Нысанбай дарқан ұрпағы), Хангерей Хансұлтановтар болған.

Әр қисым іштей старшыналыққа бөлінеді. Таловка қисымында 8 старшыналық болған. Ноғай-қазақ жерінен № 1 старшыналық басталады, оған Қосағалы, Әжі, Хан, Қаштай көлдері, Итарка, Бағызқұдық, Сарыбасты, Қазанқұлақ, Жақсыбай, Қыркұдық т. с. с. Тілепшісайға дейінгі мекендер енген. Одан бергі Қараоба, Кішей, Ащыкөл жағалауына дейінгі қоныстар № 2 старшыналыққа қараған. Қожан, Мереке, Сазанды көлдері, Терекөл, Шойтық Саралжынына дейінгі жер № 3 старшыналық, Қарасу, Қарамия, Кекей төңірегі № 4 старшыналық, т. с. с.

Старшынаны сайлаушылар (выборщики), әр ауыл өз ауылнайын (староста) ашық жиналыспен сайлаған. Осылайша әр ауылдың, әр старшыналықтың шекарасы белгіленді. Олардың тұрғындары, көші-қон өрісі айқындалды. Әрине, бұның бәрі бірден қалыптаса қоймады. Мәселен, Алашаның Қылыш Майқа (тархан) басқарған 340 шаңырақты ауылы Қамыс-Самарға қыстап, ал жазда Аралтөбені жайлап жүрген. Қисым басшыларының есебі бойынша бұл ауылда 819 түйе, 2945 жылқы, 1786 сиыр, 13625 қой болған. ¹¹

Жерге орналастыруда, жерді пайдалануда билердің, ауқаттылардың зорлығы, әлімжеттігі болмай тұрмады. Қашан да жер бөліскен кезде олар өз мүддесін ұмытпаған. Мәселен, архивте Ноғай-қазақ руының әйгілі биі Шомбал Ниязовтың өз туысы Қазанқұлақ ауылының азаматы Шағыр Еламанұлының жерін тартып алып, Сәрабай Жәнібекұлы деген молдаға әпергендігі туралы құжаттар сақталған. ¹²

Уақытша кеңестің есебі бойынша 1861 жылы Таловка қисымында 1591 бас түйе, 15792 жылқы, 9450 бас сиыр, 66240 бас қой-ешкі болған. ¹³ Бұл жалпы сан ру-руға, мекен-мекенге бөлінбеген. Дегенмен мына төмендегі кестеле архив деректері негізінде кейбір ауылдардағы адам, мал саны туралы мәліметтерді көрсетіп отырмыз. ¹⁴

Ру мен ауылдың атауы, бірінің аты жөні	Шаңырақ саны	Барлық малдың саны			
		Түйе	Жылқы	Сиыр	Қой ешкі
1. Ноғай-қазақ	327	318	1587	1035	6739
2. Байбақтының Еділбай ауылы, биі Оңғар Мадекенұлы	312	169	3200	1775	12422
3. Байбақтының Дауымшар ауылы, биі Лұқпан Оспанұлы	320	819	4393	1916	16031
4. Алаша Сарыбөлімі... биі Рақмет Наурызбайұлы	357	373	2644	1785	12592
5. Құдайғұл алаша, биі Қылыш Майқыұлы	340	441	2945	2004	13625
6. Төленгіт ауылы, биі Ибески Шартекенұлы	225	103	1194	803	4901
7. Байбақтының Құл—Сүйін дік ауылы, биі Әлмырза Дүйсеұлы.	304	343	3764	1501	12485

Бұл кестеге Ноғай-қазақ руларының кей ауылдары, Тама, Беріш, Кердері, Төре, Қожа т. б. енбей қалған. Көптеген ауылдар енді жазда сор, сайларда жайлап, қыс өзен, көлдердің жағалауында қыстайтын болды. Көш жолы да бұрынғыдай ұзаққа созылмай, 5—10 шақырыммен шектеледі. Жұрт шөп шауып, егін салып, қыстау, қора-жай тұрғызуды әдетке айналдырады. Кейдейлер жаз айларында маусымдық жұмысқа жалданып, Ресей губернияларына бара бастайды. Олардың қатары әсіресе жұт жылдарында көбейе түседі.

4. ОҚУ ІСІНІҢ ЖӘЙІ ТУРАЛЫ

Сауат ашу, есепке үйрену адам қоғамына қажетті ежелден келе жатқан табиғи қажеттілік. Кеңес идеологиясы Ұлы қазан революциясына дейін Қазақстанда сауат ашу орындары, мектеп болмаған, халықтың тек 2 %-і ғана оқи білген. Дөп жалған мәлімет беріп келдік. Қай уақытта да ел ішінде азды-көпті оқу ісі, сауат ашу болғандығы жөнінде мәліметтер жетерлік. Әбілқайыр хан, не Сырым батыр кездерінде сауаттылық бары байқалады. Сырым Датұлы бастаған қозғалысқа он екі ата Байұ-

лынан талай молдалар қатынасқаны белгілі. Нұралы ханның балалары да арабша, түрікше, парсыша сауатты болған. Жәңгір хан, оның замандастары араб, парсы тілдерін білген. Махамбет Өтемісұлы орысша сөйлей, жаза білген. Бірақ мұндай ескіше оқу мұсылманшылық сауаттылықтың есебі алынбаған. Қай жерде, қандай мектеп, медресе барлығы қағазға түспеген.

Патша үкіметі қазақты өз тілінде, түрікше, не арабша оқытуға мүдделі болмаған. Қайта Жәңгір хан, Баймағанбет Айшу ақұлы секілді сұлтандарды, Ы. Алтынсарин сияқты ағартушыларды пайдаланып, орыс жазуын, орысша оқу жүйесін енгізуге күш салғандығы белгілі. Патша чиновниктерінің қазақ баласын шоқындыруға, орыстандыруға күш салуы, қазақ байларының өзіне балаларын орыс мектебіне оқуға бергізбей келді. Олар патша әкімшілігіне білдірместен мектеп пен медресе ашып, балаларын өзінше оқыта берген. Уақытша кеңестегі мәліметтерде 1847 жылы Ішкі тарапта 20 шақты ауыл мектептері болғаны жазылады. Қағазға түскен жазба деректерге қарағанда, Қарасу алқабында мектеп ерте пайда болған. Байбақтының Еділбай ауылының бір биі Оңғар Мәдекенұлы-өз ауылында 2 мектеп барын, оның біреуін 1830 жылы указной молда Қойбағар Қостанбаев ашып, мектеп үйін салдырғанын, онда 60 ұл мен қыз оқығанын мәлімдейді. Ал 1850 жылы екінші мектеп үйі салынып, онда 40 баланы Жақып Бұзауұлы деген мұғалім оқытатынын, сонда тек Еділбай ауылынан жылда 100 бала оқитынын жазды.¹⁵ Бірінші мектеп үйі тозғасын оны жаңартып, 1865 жылы Қойбағардың баласы Еламан сабақ береді. Алаша ауылдарында да мектеп ертеректе болған, бірақ олар патша әкімшілігінің тіміскі әрекетінен сескеніп, толық мәлімет бермеген. Тек Қонай Жұбанышұлы деген указной молда 1831 жылы өз есебінен мектеп үйін салдырып, 20 шақты баланы оқытады. Байқап отырсақ Қарасу-Таловка алқасында мектеп Жәңгір ханнан да бұрын ашылған болып шығады. Ал бүгінде Жәңгір мектебін Қазақстанның тұңғыш мектебі, ал С. Жақыпов Таловкенің тұңғыш мұғалімі деп баспасөз бетінде дәлелсіз жазушылар бар.¹⁶

Қарасу-Таловка алқабында жоғарыда аталғандардан баска мектептер де болған. Жақсыбайда Өтеғали Шомбалов, Ағашүйде Дарқан Есенбаевтар, Мерекеде Мұстафа Көбейұлы, Малбасар Қамысты көлінде Ердес Жаманақұлы мектептер ашып, жүзден астам балалар оқытқан. Жаппас, Құл-Сүйіндік ауылдарында да өз мектебі болған. Бізге белгілі деректердің өзі 1865 жылы Таловка қисымында 400 ұл мен қыз оқығандығын көрсетеді. Бұл Қамысты—Самар қимысындағы оқушылар санынан 8-9 есе кем. Бұл мектептердегі оқыту ісі, әрине, нашар болғаны сөзсіз. Өйткені мұғалімдерге ешбір методикалық көмек болмаған, әркім өз білгенінше оқытқан. Оқу құралдары мүлде болмаған, ба-

балалар үйлерінен тақтайша әкеліп, соған әр әріпті ойып жазған Оқу әдісі-жаттау. Айлар, жылдар бойы Құранның сүрелерін жаттатып, молда баланы жиі-жиі шыбықпен жазалап отырған Содан талай бала мектептен қашып, жоламай қояды екен. Молдалардың өз білімін көтеруіне де жағдай болған жоқ. Олар Қазан, Хиуа, Бұқар т. б. қалаларда оқып келгесін еш жерде білімін жетілдіре алмаған.

1859 жылы Орынбор губернаторы Кіші жүз қазақтарын аралап, медресе мен мектепті көріп, қазақтардың бала оқытуға ынтасы зор екенін біліп және олардың балаларын алыстағы Бұқар Хиуа т. б. қалаларға оқуға жіберетінін біліп таңқалады. Ол сөзінің қорытындысында қазақ балалары орысша оқып, Ресей патшасына берілгендігін көрсетуі керек дейді. Міне, осы кезден бастап, Кіші жүзде орыс мектептерін ашу шындап қолға алынды. Елден талай қаржы жиналып, оларды халық есебінен ұстау көзделеді.

Ал қазақ мектептеріне, олардың молдалары мен мұғалімдеріне жергілікті үкімет тарапынан еш көмек болмайды. Оларға еңбек ақы төленбейді, әр ата-ана өз әлімше ақша, азық-түлік беріп, соғымнан, егін орағынан сыбаға әкеліп, ризалайтын болған. Бір айта кетер жайт, қазақтар басқа көрші елдерге қарағанда қыз балаларды оқытуға үлкен мән беріп, оның мүмкіндігінше еркін, сауатты болуына ынта салған. Молдалар да қыз балаға қол жұмсамаған, балағаттап сөге алмаған. 1850 жылдары Орынборда қазақ балалары үшін мектеп ашылған, бірақ оларға барған бала саны өте аз болған. 1864 жылдан бастап патша үкіметі қазақ мектептерінде араб, парсы тілдерін оқытуға тиым салады. Кешікпей, яғни 1870 жылдан бастап барлық ұлт мектептерінде міндетті түрде орыс тілі пәнін оқыту енгізіледі. Сөйтіп орыстандыру саясаты одан әрі өрістей береді.

Осы кезеңнің бейнесін ашатын тағы бір архив құжатында мынадай дерек сақталған. Мәскеудегі этнографиялық музей 1885 жылы қазақ арасындағы балалар ойындарының түрлерін толық жазып жіберуді сұрап өтініш жасапты. Оған қисым басқарушылары ел ішінен мәлімет жинап, жауап қайтарған. Таловка қисымының басқарушысы өз жазбасында балалар негізінен шеңбер сызып, асық атып ойнайтынын, жүгірісті, күресті, ат үстінде жарысуды жастайынан машықтанатынын баяндапты. Бұл құжатта сондай-ақ балалардың басты ойын түрі ретінде «Соқыр теке», «Қыз ойнаақ», «Мәлике тотай», «Ат-ат», «Қынтүртпе», «Жүпатақ» және доп, қуыршақ, жасырынбақ секілділер аталады. Атқа байланысты ойындарға бәйге, мүше, аударыспақ, тенге қағу т. б. жатқызылады. Балалардың алтынқабақ атуға, жаяу жарысқа, күреске де қатыса алатындығы көрсетілген. Тойларда тартыс ойыны болады екен. Шәкірттер арасында алысқа жүгіру,

тегіру, атылмақ, доппен, шармен ойнау дәстүрге енген. Сонымен бірге балалардың чижик, кубарь, зырылдауық (волчки), жіппен ойнау сияқты ойын түрлерін жақсы білетіндігі жазылған. Ал «Ханжаппай», «Қақпақыл», «Шертпе» сияқты ойындарды тек балалар ғана емес, үлкендер де ермек еткен. Әрине, тіпті бүгінгі тоғызқұмалақ сынды ұлттық ойындарымыз ұмытылған кезде, ел баланың көз қырағылығын, зеректігін, ойлау жүйесін дамытатын, денесін шынықтыратын ойын түрлерінің молдығы еріксіз сүйсінеді. Оларды қайтадан жаңғыртудың қазірде тәрбиелік мәні зор.

Салық Бабажанов —Таловка-Қарасу тарихында айтулы із қалдырып, халқына пайда келтірген азаматтың бірі — Мұхамедсалық Бабажанов. Ол Жәңгір ханның белгілі биі Қарауыл-шожа Бабажановтың ортаншы ұлы. Салық (ел оны осылай атап кеткен) алдымен ауыл мектебінде, 1844 жылы жездесі Жәңгір ханның Ордадағы мектебінде, сосын Орынбордағы Неплюев кадет корпусында оқиды. Неплюев кадет корпусында қазақ балалары үшін орын болатын және ол қазақтардан жиналған қаржыға ұсталатын. Ол 1851 жылы осы корпусы бітіріп, әскери қызметте болады, сосын Уақытша Кеңес жанында түрлі қызметтер атқарады. Осы кездерде өз халқының тарихы мен этнографиясына қатысты тырнақалды ғылыми еңбектерін жазып, Шоқанмен қатар жас ғалым деген атағы шыға бастайды. 1860 жылы ол Шоқанмен Петерборда кездеседі, кейін өзі де Ресей Географиялық қоғамының мүшесі болып сайланады. Қазақ тұрмысы туралы көптеген этнографиялық жазбалары, казак-орыстардың қазаққа көрсеткен зорлық-зомбылығы жөнінде өткір публицистикалық мақалалары Петерборда шығып тұрған белді-белді журналдарда жиі-жиі жарияланып отырды. Оны қалың қазақ мақтан тұттып, қатты қадірлеген. Оған деген халық махаббаты Дәулеткерейдің атақты «Салық өлген» күйінде, ел аузындағы «Салық өлді дегенше — алып өлді десейші; Алып өлді дегенше — халық өлді десейші» деген қанатты сөзінде сақталған.

М. Бабажанов 1866 жылдың аяғында Таловка қисымының әкімі (правителі) болып тағайындалады. Бұл кезде Таловка қисымындағы жағдай өте қиын: алдымен Өзен казактарын көшіру, сонан соң Орал әскері мен Ресей жерінің шекарасын анықтап белгілеу қажет болды. Өйткені шекарадағы бұрынғы межені казактар әдетінде жойып жіберіп, жерін кеңейте берді. Сол себепті талай дау-жанжал туды.

Ел аузындағы әңгіме бойынша, Салық Таловкаға келген бойда ауыл билеріне: «Егер сендерге жер керек болса, шекара аймақтағы ата-бабаларыңыздың басындағы құлпытастарды дұрыстап қойындар, жоқ болса — тауып орнатындар», — деп ескерткен екен. Сол себепті тышқан (саршұнақ) төбенің басына

құлпытас қойып үлгерген Жүніс Жантелі ұлы ауылы Қара өзеннің Березов бекетіне дейінгі батыс жағалауына ие болып қалған, ал Нұғман терегі жағы Фомин хуторіне де жете алмай, Шандыкөлден айырылған. Еділбай, Әукетай ауылдары Қоңырсайдан аса алмай, шектеліп қалған.

Салық әкім болған кезде Қос өзеннің арасы қайта өлшеніп, бұрынғы орнығуы бойынша Жалпақтал, Көктерекке дейінгі жер әр ауылға комиссия ұйғарымымен межеленген. Соның арқасында сұлтандардың, Алаша ауылының (Барамықтан басқасы) көп жері босаған. Бұл босаған жерге әр жақтан мұқтаж ауылдар келіп қоныстанған. Бұл науқан үлкен талас-тартыспен өтіп, шие-леністі жағдайға дейін барған. Осы шамада Байбақтының Қырық, Қоян—Қашу, Құл—Сүйіндік аталары және Кердері, Беріш ауылдары осы өңірге келеді. Сары өзеннің батыс жағалауын жайлаушылар арасына шағын ауылдар орнығады. Үйректіге Құл ауылы, Таловканың құбыласына Ақсақ Сәкі, Қапай, Алаша, оңтүстігіне — Жолдыкөл, Қапез т. б. Қапай—Алашалар; Жаманкала төңірегіне Құл—Сүйіндік, Қоян—Қашу, Қырықтық ауылдары жайғасады. Бұнын бәрі Мұхамедсалық Бабажановтың басқаруымен барынша тез жүзеге асырылады. Сөйтіп бұрын, яки ХІХ ғасырдың алғашқы ширегінде Жаксыбай Қарасу—Жалпақтал алқабында 3—4 ру ауылдары ғана мекендесе, енді халқының саны көбейіп, құрамы өзгере бастады.

Салық Бабажанов Таловка, Камысты—Самар қисымдарын басқара жүріп татарлардың қоныс аударуын қолдайды, жер беріп, жағдай жасайды. Сол себепті сауданың жедел дамуына жол ашылып, халыққа күнделікті қажет дүниелер молығады. Сол сияқты ол 1868 жылы Жаңакала мен Таловқада орысша—қазақша мектеп үйін салдырып, оқу бағдарламасын да өзі жасап берген екен.

Сонымен Қарасу жағасындағы форпост Таловая (Таловский) бұрынғы отарлау үшін салынған камал-бекініс дәрежесінен калып, енді түрлі ұлт сан ру адамдары мекендейтін қонысқа айналып, «Таловка Киргизская» деп аталады.

Орал-өзен әскери линиясының таратылуы. Таловка қисымы тұрғындарының тыныш өмір сүруіне Өзен әскери линиясының қазақтары кесел жасап келгені белгілі. Олар аса көп жерге ие болып, оны мұқтаж шаруаларға бермей, сұғанақтанып зорлық істей берген. Әр жерде шыршық шығарып, айып төлетіп, не жәбірлейтіні бар-ды. Патша өкіметінің сенімді қолшоқпары ретінде Өзен әскері Ішкі тарапта атарлау саясатын жүзеге асыру міндетін орындағандай болды. Өзен әскери линиясын тарату туралы әңгіме көптен болып келетін. Қазақтың белгілі ғалым-этнографы Мұқаметсалық Бабажанов өзінің аз өмірінде халыққа үлкен пайда келтірген адам. Соның бірі — Өзен әскери линия

сының таратылуын түзетуі еді. Салық Петербордағы мерзімді батылымдар бетінде Орал казак әскерінің 2 млн. десятина жерді тиісінше иеленіп, талан-таражға салып, үкіметке еш пайда келтірмейтінін батыл жазады. ¹⁷ Одан да бұл жерді тұрғылықты халықтың мұқтаж адамдарына берсе, оларға да, мемлекетке де пайда болар еді деген. Бұл пікір үкімет адамдарының құлағына шалынады. 1865 жылы патша үкіметі Өзен казак әскери линиясына қаржы шығарып, әдейі көп жер бөліп ұстаудың бұдан әрі қажетсіздігі туралы мәселе қарайды. Бірталай пікір алысудан кейін Үкімет Астрахань, Эльтон әскери линиялары секілді Өзен казак әскери линиясын тарату жөнінде шешім қабылдап, оған қоса Орал казак әскері мен Ішкі тарап аралығындағы шекараны айқындап («разметевание границы») белгілеуді көрсетті. Бұл шешім бойынша Сары өзен жағасындағы Өзен әскери линиясының бес бекінісі (форпостылары: Таловский, Абинский—Көктерек т. б.) жойылып, казактар Қара өзеннің шығыс жағына көшіріледі де Сламихин, Қырқопа (Кармановка), Қызыл оба (Красногорка) пикеттеріне, Березов (кейін Березин) кордонына орналастырылады. Ал казактар бұл шешімге наразы болып, көшкісі келмеді. Орынбор генерал-губернаторы өзінің 1866 жылғы 26-ақпанда Орынбор шекара комиссиясына жазған хатында Билеуші Сенат 1833 жылы Орал казак әскерінің Сары өзен мен Қара өзен аралығындағы жерді иеленуге еш құқы жоқтығын айтқанын еске салып, бірақ оны ол кездегі губернатор А. В. Перовский орындамағанын жаза келіп, Өзен әскерін тез жаңа орынға жайғастыруды талап етеді. ¹⁹

Сонымен қазақ шаруаларының өз ата қонысы, тіршілік қамы үшін жүргізген Орал әскерімен күресі нәтижелі аяқталып, 50 жылдан кейін, көп қиыншылықтан соң ғана Қос өзен арасы мен Самар көлдері қайтарылады. Орал әскери линиясының басшылары ежелден патша ағзамға адал қызмет етудеміз деп бұлданып, аталған мекендерді босатпай қояды. Үкімет Әбіш (Вербовский) форпостысы Көктерек, Таловский т. б. мекендерді айнала жерімен қазақтарға пайдалануға беру үшін арнайы комиссия құрып, іске кірістіреді. Бұл босаған жерлерді жер өлшеуші келіп өлшеп, комиссияның, Таловке қисымы басшыларының ұйғаруымен Березин, Қоңырсай, (Қазіргі Тәжібай, Тышқанбай т. б.) өңіріне Еділбай, Жайылған, Табын ауылдарын орналастырады. Осыдан кейін ғана Алғазы шеген, Оңғар, Өтекеш, Шағыр мекендері, Қызыл ой, Есенғали, Жоламан құдықтары деген жер атаулары Қара өзен батыс жағалауында пайда болады. Әбіш, Көктерек мекендері маңынан Тама руының ауылдары бірталай жер алады. Бұларға қоса осы уақытта бұл алқапқа Табын, Кердері, Беріш т. б. рулардың шағын ауылдары әр жақтан (Жайықтың арғы бетінен, не құмнан) келіп, жер алып орналасады.

ТАЛОВКА ҚИСЫМЫ КАПИТАЛИЗМНІҢ ДАМУ ДӘУІРІНДЕ

І. ТАРҒЫН-ЖАЛПАҚТАЛ АЛҚАБЫ ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢҒЫ ШІРЕГІНДЕ

Ресейге 1861 жылы крепостнойлық право жойылғаннан кейін капиталистік қатынас қоғамдық өмірдің барлық саласына ден-деп еніп, сауда мен ауыл шаруашылығының дамуына әсер ете бастады. Бірақ Ресей экономикасының артта қалғандығы, рухани өмірінің мешеулігі бұл жаңа қатынастың тез жайылып, дамуына кеселін тигізе берді. Соның ішінде ұлттық аймақтарда өнеркәсіптің дамуы өте мардымсыз болды. Көшпелі халықтың одан әрі отырықшылануына, егіншілік, қол өнер, балық аулау т. б. салаларының жаңа түрғыда дамуына мүмкіндік бола бермеді. Мысалы, жаңа кезеңге сай егіншіге қажет соқа, тырма, молотилка, шөп шабатын машиналар жетіспеді. Таловка қисымында 1870-1880 жылдары егіншілікпен шұғылданушылар көбейе түсті, бірақ ауыл шаруашылығы құралдарының қарабайырлығынан (соқа, тырма т. б.) егіс көлемі, оның өнімі өте аз болған. Ал балық аулау, тұз өндіру кәсіптері орыстардың қолында болды. Таловканың байлары кіре ұйымдастырып, Басқұншақтан тұз тасу. Камыс-Самардан балық, жүн, тері т. б. та-сымалдаумен айналысады.

Патша үкіметі қазақ жерін өз меншігім деп жариялап, оның жер үсті (тұз, саз, құм, ақбалшық т. б.), жер асты (мұнай, көмір, тұз) байлықтарын өзі иеленіп, орыс, шетел капиталистеріне сатты, жалға берді. Ал кәсіптік өндірісті ұйымдастыруды орыс заңын білмейтін қазақтар қолына ала алмаған. Отарлық саясат Таловка жерінің байлығын халық игілігіне пайдалануға жол бермей, әркімнің қолында кетуіне жағдай жасады. Содан Таловка қисымының шаруалары кәсіптік өндіріспен айналыса алмай, негізінен мал шаруашылығымен шұғылдана берді. Бұл кезеңде қисым халқының құрамы да өзгеріп, саны да молая түсті. Ең алдымен Қарасу алқабына өзге ұлттардан келіп қоныстап-ғандар Қарақалпақтар болды. Олардың бір тобы 1830 жылдары Басқұншақ көлінің шығысындағы Богда тауы маңында көшіп жүріп, Жарғын өзені өңіріне барады. Оған тұрақтай алмай, ығы-са Сарытау губерниясының жеріне қоныстап еді, кейін Таловка-Қарасу маңына орналасады да, Қос өзен арасын жайлайды. Бі-

рак Жәңгір хан бұларды Ішкі тарапқа қабылдамай ұрлық істейді, тәртіпсіз деп айыптап, жоғары жаққа хат жазған. ¹ Содан Сарытау әскери губернаторы бұларға әскери қатаң бақылау қажет деп 1838 жылы Өзен әскери линиясы қарауына жолдаған. Қазақтар да қарақалпақтардың үстінен арыз етіп, тәртіп бұзады деп ақпар берген. Соған қарамастан қарақалпақтарға қалайда қоныс тауып беру керек деп 1843 жылы Ресей Сыртқы Істер Министрлігіне міндет жүктейді. ² Содан кейін болар, Ішкі тарапқа қарақалпақтардың бір қатарын таратып, 2-3 шаңырақтан бөліп-бөліп жібереді. Ал 28 шаңырақтан құралған Қарақалпақтардың бір ауылы Таловка қасындағы «Сұлтангерей Қарасуы» маңына орнығады.

Өз елінде жоқшылық, әділетсіздік көрген Қарақалпақтардың және бір тобы Александровский форпостындағы (Маңғыстау) орыс офицерлерінің алдағанына сеніп, Ресейге берілеміз деп шекарадан өтіп, Астрахань маңына келіп, қоныс таба алмай, азап көріп, 1865 жылы Ішкі тарапқа келеді. Олардың 18 шаңырағын Құдайберген Елекенов деген старшының қарауына, 2 шаңырақты Ноғай-қазақтар арасына жайғастырады. ³ Әйтседе орныққан Қарақалпақтардың шаруа жағдайы оңалып кетпеген. 1873 жылы Байрамәлі Бектауов, Айтбай Ақжелев және т. б. Уақытша кеңеске жазған арызында: «Біздерді Таловкаға бекіткеннен бері үй салуымызға орын жоқ. Өткенде аға сұлтан Ғ. Есенбаев біздің әр отбасымызға Ноғай-қазақтың Қояс ауылының биі Қараш Наурызбаев иелігінен егін салуға 7 десятинадан жер беріп еді, оны ноғайлар орыстарға берді»,—деп жазған. ⁴ Қ. Елекенов қарамағындағылар Жармұхамбет, Абдрахман Жүсіповтер, Сапарғали, Жиенәлі, Бөліш Абдыхалықовтар Сары өзен мен Ащы өзектің арасында көшіп жүрміз деп мәлімдейді. Ал 1874 жылы Таловка қисымының № 4 старшыналығындағы Қарасу маңында 50 шаңырақ қарақалпақтар тұрғындығы туралы тізім бар. Сол жылғы бір арызында қарақалпақтар Сары өзен бойында қонысымыз бар, жазғытұрым егін саламыз, содан 7 шақырым жердегі Пустовалый кордонға жайлауға барамыз деп жазған. Бұдан біз Қарақалпақтар жаңа қонысқа орнығып, өзінің еңбекқорлығы мен етінің тірлігі арқасында мал өсіріп, егін салып, шаруашылығын жүргізгенін көреміз.

Таловка қисымына татарлардың келуі. 1889 жылы Қарасу — Таловкада тұратын бір топ татарлар (Ақметжан, Зейнолла, Ғайнолла, Халидолла Абдылатыповтар, Ильяс Биданов, Ахтямов т. б.) Уақытша Кеңес төрағасына мал жайылымын сұрай жазған арыздарында: «Біз бұнда Орал казактары кетерде, яғни 1866 жылы қисым басқарушысы С. Бабажановтың ұлықсатымен келіп орналасқанбыз. Қарасуда мектеп салынумен байланысты (Ғ. Есенбаевтың әйелі татар қызы) бала оқытуға, сауда жасау-

ға келгенбіз», — дейді. ⁵ Бұлар қазақтардың жергелелерін сатып алып, 32 қожайын Ескі Таловкада, яғни бұрын Қарасудың иілетін түбегіне салынған бекініс орнына тұрып келген. Одан жарты шақырым оңтүстік-шығыстағы арадшықтарғы бұрынғы Жанбөбек сұлтанның қоражайының төңірегіне кейін келгендер үй салып, ол өзінше «Жаңа Таловка» деп аталған. Бұрынғы форпостың (бекіністен) 40 сажын қашығырақта мектеп үйін, мешіт, сауда орындарын салғанда көше өсе келе қосылып, ол «Большая торговая улица» (қазіргі Ленин көшесі) аталса керек. Әрине татарлардың (жергіліктілер «Ноғай» дейді) қоныстануының жергілікті тұрғындарға пайдасы бар еді. Бір жағынан, қыз алып, қыз беріп сүйек жаңғыртса, екіншіден, Қазан, Уфа, Самар, Орынбор, Бұзаулық (Бузулук) т. б. қалаларымен байланысуға мүмкіндік алады. Соның әсерімен қазақ жастары бара-бара оқуына, тұрмыс мәдениетін жөндеуге, өнерді дамытуға, шаруашылықты ұтымды дамытуға қосымша мүмкіндік алады. Келе-келе діні, тегі бір татарлармен қазақтар жақыдасып кетті, бұдан жергілікті орыс үкіметі қауіптеніп, өз басшыларынан қосымша шаралар қолданып, Таловкаға орыстардың көбірек келуіне, оларға тезірек жер, несие беріп, жағдай жасауын талап етеді. ⁶

Татарлар негізінен сауда кәсібімен айналысады, Қазақтардан мал, мал өнімдерін (май, жүн, тері, терсек т. б.) сатып алып, Ресейден ұсақ-түйек өнеркәсіп тауарларын (мата, киім, самаурын, шәугім, тасқұман), бақалшылық бұйымдарын (айна, иіссу, тарак, иісмай, опа, шашмай т. б.), ауыл шаруашылық құрал-саймандарын (күрек, айыр, соқа т. б.) әкеліп қымбатқа сататын. Сондай қызметінің арқасында Ш. Ямашов деген татар 3000 сом жылдық табысы бар ірі саудагерге айналады. Бірақ татарлардың бәрі бірдей жайлы жайғасып, бірден байып кете бермеген. Олар келгеннен кейінгі 20 жылдың ішінде саудагер татарлардың саны Таловкада 20-дан аспаған. Өйткені, келгендердің көпшілігі шағын шаруалы, бірден ірі айналым жасай алмаған. Сауда орталығы да қашық, барып-қалу үшін бірталай уақыт, қаржы кеткен. Оған қоса Қарасу төңірегіндегі егіндік жер де шектеулі, сатып алған малын жайып, бағу, сақтау да қиын болады. Бұл саудаға тежеу болады. Орал қазақтары кетісімен Еділбай ауылының адамдары Таловканың шығыс, терістік қырлығына заңсыз орнығып алып, жерге талас дауын шығарады. Содан қазақтар жайылым үшін қыр көрестіп, татарларға қысым жасай берген. Тіпті олар 1886 жылы татарлар жерімізге малын жаяды, егін салмақ деп Уақытша кеңеске 105 кісі қол қойған арызын жазып, оларды Таловкадан көшіруді өтінген. Бұған Таловка қи-Қашу, Еділбай ауылдары Қарабаев өзінің түсініктемесінде Қоян Қашу, Еділбай ауылдары Таловкадан 10-20 шақырым қашық жерді жайлайды, бірақ көршілеріне мазасыз дей келіп, татар-

лардың малы аз, жергілікті қазақтарға зиян келтіруі мүмкін емес, сондықтан татарлардың малына жайылым, шабындық беру керектігін жазған. ⁷ Жайылым болмағасын татарлар № 7 старшыналықтың азаматы Шалдекеновтің жеріне әр ірі қара малына бір сомнан төлеп жайып тұрған.

Орыстардың қоныстануы. Татарлардың ізін ала, 1875—1880 жылдары Ресейдің көрші губернияларынан Таловкаға орыстар да көшіп келіп, орныға бастады. Бұл уақытта қоныстың көшеселері түзеліп, қалыптасып қалған екен. 1880 жылдың аяғында «Большая улица» дегенде 45 үй бар, солардың ішінде Г. Шигаев, Григорий Глаголев, Ибрагим Есенбаев т. б. тұрған. Болашақ зерттеушілер үшін айта кетейік, осы көшеде мешіт, қисым басқармасының кеңсесі, сауда орындары болыпты. Тағы «Александрово-Гайская» деген көшеде 15 үй, «2—Александрово-Гайскаяда» 7 үй салынған. «Кривая» деген көшеде 17 үй болған, онда Василий Аверьянов, Сафарғали Бегешовтің үйлері тұрған. Үлкен көшеге Сары өзен жағынан кірер ауызда Құрманғазы Ұзақов, дегеннің жер үйі болады. 1889 жылы Василий Прохорович Аверьянов Қақташ жағынан көшіп келіп, Ө. Оразбасевтың балшықтан салынған үйін сатып алып, орналасқан. 1890 жылы Таловка қонысында үш көше, 113 үй болыпты және тұрғындарының көпшілігі қазақтар болады.

Сонымен, Таловка қисымы көп ұлтты ауданға айналады. Бұлар кейде тату, кейде іренішті өмір сүрген, бірақ бәрі де заңды талапты мойындауға мәжбүр болған. Әскери-феодалдық Ресей империясының заңы да, оны сақтаушылар да қатаң болған. Мәселен, 1862 жылы жазға салым Опустелый кордон төңірегіндегі Андағұл Жаппастың жігіттері «жерімізге түсті, шөбімізді таптады» деп қарақалпақтардың 104 сиырын, 8 жылқысын айдал алып, қамап қояды. Сол үшін Қисым басқарушысы Есаул Шыгаев шөпті таптатқаны үшін Қарақалпақтарға айып (штраф) төлеткен де, Жаппастықтарды өз жайлауында әр қайсысын 25 рет дүре соқтырып, старостаның бақылауына берген. Бұндай тұрпайы әдіспен жазалау жиі болып тұрған.

Таловка қисымындағы қазақтардың құрамы да үнемі өзгеріп отырған. Біреулері әртүрлі себептермен Жайықтың арғы бетіне көшіп кетсе, арғы беттен көшіп келушілер де болған. Айталық, Әжібай көлінің тұрғыны Бөйінш Қиясұлы (Қожағұл алаша) Бұқар жағына бастықтармен сиыса алмай көшсе, Жалпақтал төңірегіне Барамық алаша ауылы қонысы тар болып көшеді. Жерлесіміз Аймақашев Кәрімнің айтуынша, аталары Есенгүл Беріштің Құрманбай ауылы 1885 жылы Жайықтың арғы жағалауынан Шомат дегеннің бес баласымен көшіп келіп, Сарықопыға орналасады. Бұдан кейінірек Үйректі көлі маңына Кердерінің тағы бір ауылы келеді. Байбақтының Дауымшаар ауылы Сары

өзеннің Қаракөл жағына жақыдап, жер ала берген. Бұл секілді қоныс аудару тұрақтау кейін де болған. 1875-1877 жылдары Көктеректегі қалмақтан шыққан қазықтар «Бес қалмақ» жағынан көшіп, орнына Қызылқұрт руының Ерші атасының Өтепберген ауылы келеді. Араларында Сағырбай Өтепбергенұлының бес баласы бар.

Атақты күйші Құрманғазы да осы жолы бірге келіп, Көктеректің терістігіне үй салады. Ұлы өнерпаз, дархан ұстаз Таловка — Қарасу өңіріне де өнерінің біраз дәмін сеуіп, осынау құтты өлкенің қажырлы халқына рухани аманат та қалдырып үлгереді. Таловка жері — Құрманғазы Сағырбайұлының табаны тиген, сазы керісген киелі топырақ екендігімен мақтана алады.

Сонымен батыс-терістікте Жолдай, Мешіт, Қанай көлдерінен Жақсыбайға, Кішейден Қарасу Көктерекке, Ақкөлге дейін Таловка киесімінің әкімшілік территориясы қалыптасты. Бірақ халық саны көбейген сайын жайлау азайып, бұрын құмға не Тасқала, Алтыата жаққа кететін ауылдарының енді көші-қон көлемі шектеледі. Әсіресе өзен жағалауы тығыздық болады. Сұлтандар Ақжан, Тұрділі, Шотқарчиндерге қазіргі Қызылту қонысы тұсынан Сары өзеннің жағалауын ені 5 шақырым, қырға қарай ұзыны 5 шақырым шабындығы мол жер берсе, Алаша руының азаматы Жүніс, Қылыш Атамбозовтарға өзен жағасынан ені 154 сажыға ғана жер беріп, ол да талай жыл дауға түседі.

1876 жылдан бастап Ішкі тарап Орынбор губерниясынан бөлініп, Астрахань әскер губернаторына бағындырылды. Бұл әкімшілік тұрғыдан басқарудың жақсаруына, көрші Ресей әкімдерінің өктемдігін тежеп, бақылап отыруға және Таловка тұрғындарының араласып, байланысып тұруына мүмкіндігін көбейтті. Ең алдымен, өзара шаруашылық байланысы, еңбек ресурстарының алмасуы жанданды. Таловка тұрғындары мал өсірумен қанағаттанбай, біртіндеп егін шаруашылығымен айналыса берді. Көптеген шаруалар Үкіметтен несие-қарыз алып, үй салу көбейді. Сол кездегі қарыз беру тәртібі де қызық екен. Жаманқала төңірегінде тұратын Төлеңгіт руының Қалмақ бөлімінің азаматтары Мұса Дүйсин, Жайлыбай, Құсайын Таубаевтар өз туысы Мұқаш Дүйсин үй салам деп несие алғанда, ол қарызды уақытында өтей алмаса, біз төлейміз деп қол хат берген. Бұл секілді өтеу міндетін №3 старшыналықтағы Барамық Алаша Қожан, Ондасын Өтеповтер, Өтеп Сағындықов қарыз алғанда, Кердері руының Сатым ауылы азаматтары Боршан Төлепбасов, Алмат Қуатов, Сұңғат Тілеулиев өз туысы Тілеулі Тілесов қарыз алғанда өтей алмаса біз төлейміз деп мойнына алған. Бұл қарыз беру шарасы көптеген шаруалардың тезірек үй салып, шаруа жайын нығайтуға, тұрмысын жөндеуге мүмкіндік береді.

1879—1880 жылдары Кіші жүзде қатты жұт болып, көп мал

шығындалып, ел аштыққа ұшырап қиналады. Енді көптеген шаруалар егін салумен шұғылдануға мәжбүр болады. Қердеңдеген байлар жазда шөп шықпай, қыста малынан айырылады. Солардың бірі — Байбақтының Бұзау, Сабак деген атақты байы, әртархан атағы бар ұрпағы малдары жұтап, егін егуге мәжбүр болады. «Жұттын, — деп жазады Таловканың правителі Жанболатов 1880 жылы Уақытша Кеңес кеңесіне, тұрғындарға зор сабағы болды. Енді бай да, кедей де егін салып, не жерін орыс-тарға жалға беріп, өнімнің бір бөлігін алатын болды». Жұттың салдарын мынадаң көруге болады: 1882 жылы Таловка қисымында тұрушылар саны азайып, 4663 шаңырақ болған, оларда 2348 бас қана түйе, 9490 бас жылқы, 9915 бас ірі мүйізді мал, 37171 бас қой қалған. ⁸ Бұдан келіп егін егуге жарайтын құнарлы, ылғалды (көлтабан, көлең жерлерге) талас күшейеді. Жоғарыда аталған Таловканың № 7 старшыналығының тұрғындары Нөкен Собақов, Ғилман Бөрібаев, Сейіт Қозыбақов, Тәжіғұл Ахметов т. б. көршісі № 6 старшыналықтағы Жандыбай Жәнібеков, Ермек Көпбаев, Шадыяр Айтқұловтың, № 5 старшыналықтағы Тастанбек Бектібаев, Алдаберген Байтұрғанов (Әукетай алаша) т. б. Шолақ сай, Бозоба, Қоңырсай төңірегін, Әукетай соруна (Еділбай) дейін 40-50 жылдан бері мекендеп, егін салып келген жерін заңсыз иеленіп, меже белгілерін жойып, 1881 жылы Алмалының орыстарына жалға 150 десятинадай жерді сатқан. Сұрастыра келгенде Нөкен, Ғилман т. б. бұл жерлерде бұрын тұрмаған екен де, көлденең келіп қожалық жасап, билеген. ⁹

Сол секілді қарақалпақтар № 7 старшыналықтағы тұрғындардың жерін күшпен басып алған. Бұндай озбырлық, жайылым, шабындық, егіндік үшін талас тұрғындар арасында бола берген. Жаңа туып келе жатқан капитализмнің бұл қасіреті 1917 жылға дейін жалғасқан. Бірақ көбі заң жолымен дұрыс шешілген. Шаруа енді жерге бекіп, тиянақты жұмыс істеген. Әркімнің жеке егін жайы белгіленеді, көбіне қар суы тұратын ойпандау жерді, көлтабандарды, «Апанды ой», «Қара ой» деген жерлерді жырттып, егіндікке айналдырған. Жағалай ол жерге ор қазып, тышқаннан қорғанған. Қыстай сол жерге аққала соғып, қар тоқтатып, ши қадап, қар іркілген сайын оны биіктете берген. Кей жылдары солай тоқтатқан аққала үйдің биіктігіндей (2-3 м.) болыпты. Қар ерірде оны ептеп, біртіндеп ерітіп, жерге суды мол сіңдірудің амалын істеген. Содан жазда ондай жерге егін бітік шығып, әр десятинадан 80—100 пұтқа дейін өнім алыпты. Бұл әрине, барлық жұмыс қол еңбегіне сүйенген істе үлкен нәтиже.

Таловка қисымының 1883 жылғы басқарушысы Жанболатов Уақытша кеңеске жазған баяндамасында, байлар өз ауылдастарының егінге жарамды жерін иеленіп, ал кедейлер құнарлы жер-

ден айырылып қалғанын айта келіп, баяғы Бұзау, Собақ балаларын атайды. Тіпті Еділбай мен Қоян-Қашулар. «Қарақоға» деген жер үшін таласады. Айналып келгенде кедейлерге үлес тимей қалады.

Бұнымен қатар Еділбай ауылы Таловка түбіне келіп, Сары өзен жағалауындағы шабындыққа, Шолақсай, Бозоба төдірегіндігі егіндік жерге таласып, ақыры Уақытша Кеңес басшылары арнайы өкіл шығарып, Әукетай ауылы т. б. бітістіріп, жер бөлген. Сөйтіп біртіндеп Таловка маңына көбейеді. Қолда бар жерді шаруалар да тиісінше пайдалана білмеген. Солардың бірі— әйгілі Исатай батырдың інісі Әлібай Тайманов 1837 жылы көтеріліс кезінде Орда маңында бұғып қалып, қайын жұрты Ноғай-қазақ ауылына келіп мекендейді. Міне, сол Әлібай «Жұмат» деген мекен қасындағы 35, 60 десятина құнарлы жерді орыс шаруаларына әр десятинасын 3 сомнан жалға береді екен. Тіпті 1886 жылы оған тиым салса да, бұл жерде өзі егін салмай, сата беріпті. ¹⁰

Сонымен, Таловка қисымының келесі басқарушысы Қарабаев өзінің баяндамасында қисым XIX ғасыр аяғында егін шаруашылықты ауданға айналғанын жазады. Таловка сол уақытта Ішкі тарап жерінде бірден бір астық өндіретін аймақ болған көрінеді. Бұл, әрине, үлкен өзгеріс.

Таловка қисымы тұрғындарының шаруа халін, әлеуметтік жағдайын көрсететін санақ жүргізілмеген. Тек әртүрлі Үзік-үзік мәліметтерден кедейлердің көп болғанын топшылауға болады. Мысалы, кезінде Үдірей байдың баласы болған Қаратоғаев Итемгенде 1882 жылы 2 сиыр, Өзенбай Итемгеновте 1 ат, Садет Қаратоғаевта 1 ат болса, Қоянтай Дулатов пен Жұмат Мендібаевта бір сиырдан болған. Ал бұлардың бәрі № 3 старшылықтың Жаманак ауылынан, старшын Қобыланды Үдірсеvтің туыстары. ¹¹

Қисымдағы шаруашылық жүргізудің, тұрмыс мәдениетінің дамуы барлық шаруаларды ауқатты жасай бермегенін мынадан да көруге болады. Сол № 3 старшылықта Айтбай Қайқин, Бөлек Жаманак, Жанұзақ Дәулетов, Тоғым Көшенбаев 1882 жылы қайтыс болғанда артында еш мал, мүлік қалмаған. Бұндай тақыр кедейлер Жаппас, Тама, Байбақты, Барамық ауылдарында болыпты. ¹²

Қисым орталығы Таловка қонысы да үлкейе берген. 1888 жылғы мәлімет бойынша, бұл қоныста шикі тастан (саман) салынған 192 үй, балшықтан соққан 5 үй болады. Тағы бір үй қазынанікі екен, онда халық ағарту училищесі тұрады. Қоныста 985 адам болған, 29 сауда орыны, 2 қолөнерші (екеуі де қазақ) ұсталықпен айналысқан. Сауда жасаушылар, алыпсатарлар

(орыс, татар) ұсақ саудамен ғана шұғылданады. Сауда айналымының көлемі аз, ең көп айналым 5000 сом. III. Алмаевта, одан соң Байжан Оразбаевта 3000 сом. қалғандары жылына 1000 сом төңірегінде пайда келтірген. Приказчиктердің көбі татарлар болған. 13

Тұрғындар үшін сауда-саттықтың дамуына Таловкада жәрменке ашылуы әсер етеді. 1891 жылы Астрахань губернаторы Таловка-Қарасуда жыл сайын 8—15-тамыздарда жәрменке өткізуге ұлықсат береді. Мамыр айынан бастап бұған дайындық жүргізіледі. Қоныс қасынан көлемі 4 x 3 шақырым (верст) жер бөлініп, ішіне сауда, асхана орындарын салып, қостар жасайды, 25 киіз үй тігеді. 1891 жылы 8-тамызда жәрменке басталарда қазақтар тағы 43 киіз үй тігеді. Сатуға 4694 бас мүйізді мал, 7904 қой, 155 жылқы, 60 түйе әкелінеді. 14 1898 жылы бұл жәрменкеге 51 мың сомның мануфактурасы әкелініп, оның 15000 сомы сатылады, бақалшық бұйымдары 2100 сомға әкелініп, 1000 сомы, былғары 1300 сомға әкелінсе, 450 сомы сатылған, сондай-ақ Хиуа шапандары 60 сомға, көмір 50 сомға әкелініп, ағаш 80 сомға, ұн 200 сомға, қарамай 100 сомға әкелініп, бәрі де сатылып кеткен. Бұл жәрменке жақсы ұйымдастырылды, — деп жазылған архивте. — ол үшін Ордадан күні бұрын басқарушы өкілдер, Жаңақаладан фельдшер Темірғали Көшеновке дейін алдырылды. Жергілікті жәрменкеде 218 түйе 9568 сомға, 639 ірі мүйізді қара 639 сомға, өнеркәсіп заттары 55920 сомға, мал мен мал шаруашылығы өнімі 21355 сомға, сатылды. 15 Сауданың өрістеуі түйе малының көбеюіне, яғни Таловка қисымында 1890 жылдан 1898 жылға дейін едәуір өсуіне әсер етсе, жылқы азайған, сиыр, қой көбейеді.

Барлық ауылдарда тұрақты қоныс орны қалыптасады. Бұл жерде айта кететін бір жәй, ауыл дегеніміз — көшпелі шаруалардың біріккен қауымы болса, қоныс дегеніміз — тұрақтаған адамдардың отырықшы мекені, жайы бар орны. Сондықтан ауыл мен қоныс (село) тұрғындарын, «ауыл», «қоныс» түсінігі XIX ғасыр аяғында айырып айтып жазған екен.

Сонымен Таловка қонысы XIX ғасыр аяғында көп ұлтты, сауда, колөнершілік, оқу орындары бар мекенге айналады. Қоныс жанында бөлекше мекен қалыптасады. Олар — «форпост» (бекініс), Еділбай. Қырықтық, Қапай, Әукетай жағы деп аталыпты. 1895 жылы Таловка қисымындағы 6238 қожалықта 6573 түйе, 22595 жылқы, 35617 бас сиыр, 133067 бас қой болыпты да, әр бас түйе мен жылқыға 28 тиыннан салық төлегенде 58243 сом жиналады, сиырдан 193 мың сом төлепті. Халықтан алым, салықтың басқа түрлері де жиналып отырған.

2. ҚИСЫМДАҒЫ РУХАНИ ӨМІР КӨРІНІСТЕРІ

Шаруашылықтың жөнделе түсуі мен сауданың жандануы қисымда оқу-ағарту, мәдени істердің дамуын талап етті. 1861 жылы Ішкі тарапты басқаратын Уақытша Кеңес әр қисым орталығында орыс-қазақ мектебін ашу үшін елден қаржы жинай бастады. Осы саясат бұдан кейін де жалғасын тауып, Кіші жүздің басқа бөліктерінде де орыс-қазақ мектептері ашылды. Сондай-ақ Орынбордағы Неплюев кадет корпусы, қазақ балаларының мектебі, гимназия осылай қазақ арасынан жиналған қаражатпен жұмыс істеді. Патша үкіметі мектеп қажетіне ешқандай қаржы бөлмеді. Керісінше, қазақ мектептерінің үстінен бақылау жүргізіп, араб-парсы тілдерін оқыттырмай, барлық жерде орыс тілін, Ресей тарихын баса ендірді. 1870-1890 жылдары ауылдарда қосымша мектептер ашылып, ал кейбір жерлерде қаржы болмағандықтан олар жабылып та жатты. Ащыөзек бойында Сүйінішқали Майқұлы деген молла, Шойтық Саралжынында Сүлеймен Өтәліхлы мектеп ашып, өздері дәріс береді. 1872 жылы №2 старшыналықта (Ноғай-қазақта) екі мектеп ашылып, 1880 жылдары оның әрқайсысында 20-ға жуық бала оқыған.

Бұлайша жаңадан мектептердің ашылуы көпшіліктің сауаттанып, мәдени деңгейінің өсуіне әсер етті, ұлттық интеллигенцияның қалыптасуына негіз қаланды. Орыс-қазақ мектептерін бітіргендер жергілікті жерде қызмет атқарды.

1874 жылдан бастап аталған оқу орындары Ресей империясының Ағарту министрлігіне бағындырылды. Кешікпей Ішкі тарапқа оқу инспекторлары тағайындалды. Енді орыс-қазақ мектептері жер-жерде көптеп ашыла бастады. 1890 жылы Бөкейлікте оқу инспекторы қызметін атқарған А. Алекторов қазақтарды орыстандырудың екі жолы бар деп ашық жазды. Бірі — түрлі амалдармен христиандыққа қабылдату, екіншісі — мектепте орысша оқытып, орысша ортада тәрбиелеп, шәкірттерді барынша өз халқынан қашық ұстау жолы. Осы мақсатта патша әкімшілігі бір кластық бастауыш училище ашып, онда 2—4 жыл орысша оқытып, жазу мен есепке үйретті. Екі кластық училищеде 6 жыл оқытып, бастауыш білім берген. Осылайша үкімет қазақ арасында орта білім беретін оқу орындарын ашуға асықпады, оған мүдделі болмады. Сол себепті де жоғарғы білім алуға қазақтың қолы көпке дейін жетпей келді. Тек 1878 жылы ғана Орынбор гимназиясына 8 бала қабылданып, Әміржан Бекмұхаметов, Бақтыгерей Құлманов елден жинаған қаржы есебінен, ал Ибатолла Есенбаев Таловкадан өзі барып оқуға түсті.

Орыс-қазақ мектептерінің үйі, жатағы, оқу жабдығы түгелдей жергілікті тұрғындардың мойнына түсті. Оған қосымша орыс мұғалімдер еңбегіне жылына 300 сом ақы алатын. Ол мектеп-

інде сабак «Книга для чтения» деген кітап бойынша орыс тілінде жүргізілді. Бірнеше жыл таза, ұқыпты жазуға үйрететін. Бұнып жас баланың ыждахаттығын қалыптастыруға септігі зор еді. Бірақ орыс мұғалімдер қазақ тілін білмегендіктен көптеген өздерді, әсіресе кісі аттарын бұзып жаздыртатын. Мәселен, Ісәнус Чалабаев, Юсуб Чумбалов, Джандибай деген аты-жөндер осындай бұрмалаушылықтан пайда болған. Қаржы жағын қарамақтардың өздері шығарды деп жоғарыда айттық. Мысалы, артықта мынадай бір дерек сақталған. Таловкадағы орыс-қазақ мектебінің меңгерушісі Шахмұрат Қарабаев 1878 жылы тамызда Мақытша Кеңеске рапорт жазып, екі бөлмелік мектебінің бір бөлмесінде балалар оқыса, екіншісі жатақ екенін, бірақ оған 14 бала симай, қазан-ошақпен араласып жататынын, едені сәкісіз, төбесі қамыс салбыраған үйін жөндеу қажеттігін көрсетеді.¹ Мақытша Кеңес бұл рапортты Таловка басқарушысына жібереді, ал ол № 1, 2, 4, 8 старшыналықтарға елден ақша жинап, мектеп үйін жөндеуді табыстайды. Осылайша тағы да салмақ қара халыққа түседі.

Қазақтың көзі ашық азаматтары Ресейдің орталық оқу орындарында балаларын оқыту жөнінде үкіметке талай рет өтініш жасаған. Сол мақсатпен арнайы қор ұйымдастырылып, жұрттап қаржы да жиналған. Мәселен, 1890 жылы Таловка қисымынан 1000 сом ақша Қазан университетіне берілген. Орынбор гимназиясын бітірген Таловканың тұрғындары Батырқайыр, Абдолқорым Шомбаловтар Петербург университетіне осындай халық қаржысы есебінен түсіп оқиды, Олардың әрқайсысына Таловка қисымы жылына 300 сомнан төлеп отырған.² 1895 жылы Орынбор гимназиясын тәмамдаған жерлесіміз Мәжит Шомбалов Қазан университетінің медицина факультетіне түсіп, оқып шығады. Оған барлығы 8026 сом 65 тиын төленген.³ Міне, осылайша бірте-бірте жоғары білімді ұлттық мамандар дайындала бастады.

Қазақ халқы қай кезде де, оқысын мейлі оқымасын, өнерді ерекше қадірлеген ғой. Құлақтан кіріп, бойды алар әсем ән мен тәтті күйдің күдіретін Таловка қисымында әсіресе Құрманғазы Сағырбайұлы терең танытты. Ол Бөкей төйірегінде тұрып-ақ жаңалай ел аралап, өнер көрсетті. Қуғын-сүргінде жүргенде де домбырасын жанынан тастамай, Шойтық Саралжынында, Ағай Қаракөлі мен Боктыкөл маңында қойшы, жылқышылардың күйшісі болғанын кәриялардан талай естіп, өзіміздің Құрманғазы туралы еңбегімізде жазғанбыз.⁴ Ұлы күйші 1875 жылы ауылымен Көктерек коньсына көшіп келіп, үй салып орнықты. Бұл дерек тарихи құжаттармен дәлелденген және оның туыстарының ұрпағы әлі күнге дейін осы Көктеректе тұрып жатыр. Көктерек ол уақытта Қамыс-Самар қисымының № 3 старшыналығына қа-

райтын еді. Өнерқұмар қауым ел күйшіні қолдап қолға тигізбей шақырып әкетіп, ауыл-ауылды аралап жүреді екен. Бірақ бұл кез сазгердің ісі болып, «ұры» деген жаманаттан құтыла алмай жүрген жылдары. Сол себепті ол аяқасты тағы бір жалаға ұшырап, жазықсыз жапа шегеді.

Қамысты-Самар қисымының тұрғыны, Байбақтының Дауым-шар атасының ұрпағы Тәтіман Иманов (1829 жылы туған» деген қайратты жігіт Құрманғазымен сыйлас болады. ⁵ 1876 жыл шамасында Кердері көлі маңында Тәтіманның баласын еріккен тентектердің бірі атып өлтіреді. Бұл оқиғаның арты үлкен дауға айналып, жергілікті басшылар, заң қызметкерлері оны қапелімде шеше қоймайды. Сонсоң Тәтіман туыстарын жинап келіп, Апақай Елеуішев дегеннің көп малын айдап кетеді. Осы барымтаға Құрманғазы да қатысқан деп, енді жаулары оған күдік тұдырады. 1879 жылы жазға салым Уақытша Кеңестің советнигі Ө. Жанболатов Қамыс-Самарға келген кезде біреулер елде ұрлық көбейді деп арыз айтып, Құрманғазыны да сыртынан айыптап көрсетеді. Дәлеллі кімә таға алмағанымен Ө. Жанболатов Уақытша Кеңеске рапорт жазып, күйшіні басқа жаққа жер аударуды ұсынады. Содан Қамыс-Самар қисымының басшысы Құрманғазыға кеңсесіне келуді талап еткен шақыру қағазын (по вестка) жібереді. Бірақ қатты толқыған сазгер қапелімде бара қоймайды. Осы кезде дүниеге «Повестка» деген күйі келеді. Кешікпей ол жасырын Царицин, Аштархан жағына асады. Кейін 1885 жылы Аштарханның біріккен сот палатасынан «Құрманғазы Сағырбаев, Қази Құрманғазиевтердің сотталған Т: Имановтар ісімен байланысы жоқ, айыпты еместігін өзіне хабарлаңыз» деген мазмұнды хат келеді. Сот жағы хабарлаңыз деп бірнеше мәрте талап етсе де, күйші таптыртпай, сонсоң Қамыс-Самардың билері оның Таловка қисымының азаматы екендігін, № 3 старшыналықта Шойтық Саралжынында Алаша ауылында деп хабар береді. Бұл деректен біз ұлы күйші өмірінің Таловкамен тығыз байланысы болғанын көреміз. 9

Біздің қолымыздағы көптеген деректерге қарағанда Құрманғазы акын да болған. Бірақ ол көрінген жерде сайысқа түспеген. Бірде оны Бердібек Түсекеңұлымен айтыстырмақ болып әурелегендерге: «Бердібек жыртпа акын, аузына келгенін айта салуы мүмкін» деп, бас тартыпты.

Ал Бердібек өз уақытының айтыскер ақыны әрі өзі сауатты да екен. Қызыққұмарлар оны Қызылқұрттың атақты ақыны Ақбілекпен айтыстырады. Араға хат жүріп, әуелі Бердібек:

«Өнерім он бесімде шашылынды-ай,

Елуде желдей көңілім басылынды-ай.

Шыны алтын шығыршығым шынжырлымын,

Айтайын сұраған соң кәсібімді-ай», — деп бастаса.

Білеск:

«Ал дұғай менен сәлем Беке-ау Сізге,
Жолықты жазған хатың келіп бізге.
Жөн сұрап жасы үлкеннен қайтарайын,
Сабыр ет, біразырақ күдер үзбе», — деп жауап қай

ырады.

Бұл сыпайы әзілмен қағысқан әдемі айтыс өлеңнің шебер үлгілерінің бірі. Біз бұл үлгіні Жанакала тұрғыны Жүсіпқали Сейітов ақсақалдан баласы Фаридке көшіртіп алғанбыз. Оның толық еместігін кәрія да ескерткен. Бірақ 1885 жылдары хатқа түскен айтыстың осы қолда бар нұсқасының өзі құнды жәдігер.

Бердібек заманында Таловка қисымында басқа да ақын, әнші, домбырашы, қобызшы, сыбызғышылар көп болған. Бірақ олардың шығармаларының көбі бізге толық жетпеген.

Таловка қисымынан шыққан дара тұлға, таланттың бірі — Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеев. 1847 жылы дүниеге келген ақынның бар саналы ғұмыры Таловка қисымының № 2 старшыналығындағы Борсы ауыл қоғамы жерінде өткен. Сондықтан да ол өзінің жас кезінде жазған бір өлеңінде:

«Аллаяр, жаздым аға Көлборсыдан,
Жаз жайлап, қыс қыстаған қонысымнан», — дейді.

Шәңгерей ақын — қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Оның әдебиеттері орны біршама зерттелгенімен тарихшылар тарапынан өмірі мен қызметі арнайы сөз болмаған.

Әдебиетшілердің айтуынша, Шәңгерей ақындықты ерте, жас кезінен бастаған. Ол өлеңдерін құнттап жинамаған, жазылған жерде әркімнің қолында қалдыра берген. Олардың кейбірі ғана кейіннен ел арасынан жинастырылып алынған.

Оның қолда бар өлеңдерінен өміріне, әсіресе жастық шағына қатысты біршама мәліметтер ала аламыз. Бала кезінде ол ауыл мектебінде мұсылманша, сосын Орынбордағы кадет корпусында 2 жыл оқыған. Әке-шешесі ерте қайтыс болғанымен Жәңгір ханның немересі болғандықтан, әке артында қалған дәулетпен бақуатты туыстардың арқасында жетімдік көрмей, бұла өскен. Сондықтан да ол бір өлеңінде:

«Бес жаста жуда болып ата-анадан,
Аш белін жетімдікке бұған іній.
Уайымсыз балалықтың арқасында,
Білмеді еш азалы оған інің», — дейді.

Ақынның жастық шағы уайым-қайғысыз, аң аулап, күс салумен, көңілді думанмен өтеді. Ол өз бетімен білімін жетілдіреді,

айналасына әйші, күйші, ақын, жыршыларды жинап, ойын-сауық құрады.

«Бір күнде жас көңілім, судай гастың,
Тасқындап кемеріңнен шалқып астың.
Төрт бұрышын дүниенің көрмей болжап,
Қиямен көк қақпасын барып аштың», — деп сол кезді

суреттейді. Жастық шақты, мөлдір махаббатты, сүйген қызының сұлулығын жырлайды. Бірте-бірте ақын өлеңдерінің тақырыбы халық тұрмысына бағыттылып, ол елді оқу-ағарту ісіне, таза-лыққа, мәдениетке үндейді. Оның өлеңдерінде патриоттық сезім күшейіп, ұлтжандылық қасиеті күшейе түседі. Халық қамын жеп, ұлт болашағын сөз етеді. Оның:

«Ағасың ақылың артық асқармен тең,
Асылды «Арқар» ұранды тіреуісің.
Ала ту Абылайдың ала аттансаң,
Аламан артындағы біреуімін», — деп жырлауы осы сөзіміздің айғағы.

Алға озып, айта кетсек, XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басында Шәңгерей творчествосы жаңа сатыға көтерілді. Оның өлеңдерінің көркемдік кестесі түрленіп қана қоймай, түрі мен мазмұны да жетіле түсті. Махамбеттен, басқа да жерлес ақын-жыраулардан үлгі-өнеге алған оның ұзақ толғауларында жыр нөсері түйдек-түйдегімен төгіліп келіп, аяғы шымыр оймен түйінделіп отырады.

Қашанда оның төңірегінде талантты жастар көптеп топтасып, оның ақыл-кеңесін алды. Мәселен, қазақтың айтулы ақыны, үлкен дарын иесі Ғұмар Қарашұлы скеуінің қонысының арасы тиіп-ақ тұр. Ол Шәңгерейден көп үлгі алды, кейін өзі құрастырған «Көкселдір» (1911 ж.) және «Шайыр» (1912 ж.) жинақтарына ақын өлеңдерін сінгізді. Ал жалпы ақын шығармасы ол 1920 жылы қайтыс болған соң «Үш жоқтау» (1928 ж.) жинағында жарияланып, 1934 жылы жеке кітап болып шықты.

Ол өз заманында әйел жағдайын реалист жырлаған ақындардың бірі. Оның шығармасына тек әйел затының сұлулығы, ізгі қасиеттері ғана арқау болған жоқ, әлеуметтік теңсіздік мәселесі де өткір қойылды. Сондай-ақ ол табиғат лирикасын шабыттап жырлаған шебер суреткер де. «Қайран жерім», «Қосаяк» т. б. өлеңдерінде өлке табиғаты ерекше өрнектеледі. Қашан да оқу-білімді насихаттап, көпшілікті мәдениетке шақырған ақын творчествосында ғылым тақырыбы ерекше орын алады. Ол «Ғылым» деген өлеңінде:

«Оқысаң ғылым қорын білім асар.
Көңілдің кіршік басқан көзін ашар», — дейді. Ал

«Дисон» атты өлеңінде:

«Сөйлеткен жансыз затты өнер иесі,
Есітіп, таң қалады өнер иесі.
Білмейді қалай етіп түсінерін,
Айтпаса түсіндіріл білген кісі», — деп алғаш қазақ

топырағында американдық ғалымды, оның техникалық жетістігін жырға қосады.

Шәңгерей екі тілді еркін меңгерген ақын. Ол орыс тілінен көптеген туындылар аударды, зерттеушілер әсіресе оның Ю. М. Дермونتовтың әйгілі «Қашқын» шығармасының тәржімасын жоғары бағалайды.

Сонымен қорыта айтар болсақ, Шәңгерей Бөкеев барша қазақтың әдеби, мәдени өмірінде өзіндік орны бар зор тұлға, жалпақ ұлтымыздың мақтанышы.

3. ҚАРАСУ АЛҚАБЫ XX ҒАСЫР БАСЫНДА

XX ғасырдың басы дүниежүзінде саяси жағдайдың нағыз шиеленіскен кезеңі болды. Әлемді билемекші болған империялар топ-топқа бөлініп, өзгенің байлығы үшін бір-бірімен қырқысып жатты. Ресейдегі қолға алынған экономикалық реформалар жүзеге аспай, ескі помещиктік режимнің қалдықтары сақталып қалды. Ресей империясы 1904 жылы Жапониямен соғыста жеңіліс тауып, әлемге маскара болды. Елдегі саяси және экономикалық жағдай ушығып, революциялық күрес өршіді. Ел іші үлкен толқуда болды. Ресейдің артта қалған мешеу түпкірінің бірі — Бөкей Хандығында да шаруашылық жаңа бағытта дами алмай, дағдарыста болады. Адам саны, мал басы көбейгенімен жайлы қоныс, жақсы жайылым, құрылыс материалдары, өндіріс құралдары жетіспеді. Жердің көбі, құнарлысы Орал әскерінің иелігінде болды. Оның үстіне патша үкіметі Ресейдің Орталық губернияларынан шаруаларды шет аймаққа көшіруді тоқтатпай, Қіші жүздің көп жерін ала берді. Осылайша, Березин, Кебір, Аққұрайлы жағына Ресейден Глухов, Хорошкин сияқты қара шекпендер көптеп көшіп жер алып, егін егеді, күтір салады. «Ақкүтір», «Көпкүтір», «Мирон», «Илья» т. б. жер атаулары осылайша пайда болады. Таловка қонысының өзінде орыстар енді көбейе түседі. Осы уақытта И. Аверьянов, Андрей Зобнин, Николай, Петр Поповтар, А. П. Неверов, А. Латыповтар Таловкада үй салады. Және жаңа қоныстанушылар Уақытша Кеңеске жазған өз арыздарында Таловкаға орыстардың көбірек келуіне жағдай жасау керектігін, оларға жер беріп, несиесіне қаржы, тұқымдық бидай бөлу, көлік жалдау т. б. жөніндегі көмектесуді ескер-

те берелі. Таловка қонысы тұрғындарының өсу барысын мына төмендегі кестеден анық байқауға болады:

Жылы	үй саны	Тұрғындардың саны			
		орыстар	қазақтар	татарлар	Бәрі
1890	91	47	339	198	584
1902	190	683	612	361	1656
1909 ¹	288	798	608	383	1789

Орыстар Таловкаға қоныстана бастағанынан-ақ, үй салады, шаруашылықпен айналыса отырып, 1897 жылы шіркеу тұрғызады. (орны—қазіргі В. И. Чапаев алаңында). Астрахань губернаторы бұлардың қазақ жерін жалға алуына рұқсат беріп, арнайы Ереже жасап, Таловка басқарушысына жібереді. Олар негізінен егіншілікпен айналысады. Мәселен, 1911 жылы 82 орыс тұрғыны егін салған. Малдарын жаюға 631 десятина жайылым беріледі. Егінге жерді казынадан, не қазақтардан жалға алатынын жаза келіп, Уақытша кеңес төрағасы Астрахань губернаторына орыстар көбіне қазақтардан құнарлы жерді жалға алып, әрбір тың жыртындыға 6—7 сом, жыртылған жерге 3—5 сом төлейді дейді. ² Иван, Ефим Панченколар, Новиковтер, Рысин, Тама Мұхаметжанмен тамыр болып, оның қырдағы жеріне егін салып жүрген. Қитар кажының Шұбарат жайлауы маңында да орыстар жалға жер алып, егін салады екен. Ресейден қажетті ауыл шаруашылық құралдарын (соқа, орақ, егін орғыш т. б.) әкелген орыстар өнімді жұмыс істеп, тез байып шыға келетін еді. Ағашшудің қасындағы Бәйуәлі көлінің шөбін И. Панченко «үш ортаққа» келісіп қол орақпен бір айдай шабатын жерді егін орғышпен (сенокосилкамен) 2—3 күнде шауып алады екен. «Үш ортақ» дегені — шөпті шауып, жиып, жер иесі қыстауға үштен бірін тасып беру болады. Ал шөпті не егінді «тең ортақ» шапқанда жалдаушы шөп орғышын іске қосып, шөмелселен, жартысын өзі алатын болған. «Пайда ортақ» деген де жалдау түрі болған деседі. Сөйтіп, Скородумов, Масляков, Молодкин, Ланин, Аверьянов, Федоров, Латынов, Колесников т. б. көп пайда табатын болған. Бұндай іскер байланыс екі ұлт адамдары арасында тату қарымқатынастың орнығуына мұрындық болған.

Егіншіліктің өркендеуімен Таловкада бидай, тары тартатын діірмендер іске қосылып, мәселен, 1903 жылы қоныста 9 діір-

менші болады. Енді жергілікті тұрғындар үн іздеп, алысқа арба айдамай, өз бидайын кәдеге жаратады. Таловкада бау бақшалық жақсы дамыған. Үлкен алма, жүзім бақтары, тұңғы құдық суы болғанын соғыстан бұрын кәриялар үнемі айтып, орындарын көрсетіп отыратын. Сары өзен жағалауына да мал жіберілмей орыстар да, қазақтар да бақша салып, пайдасын көріп отырған.

Орыс пен қазақ секілді татарлардың да саны өсе түскен және олар аталған шаралардың бәріне белсенді қатысқан. Зарифулла Мұқтаров, Ғатауолла Тұқпатуллин, Ибраим, Осман, Сафа Ақчуриндер секілді татарлар ауқаттылар қатарына қосылады. Мысалы, З. Мұқтаровтың жылдық сауда айналымы 2000 сом, дүние, мүлкі 3000 сом деп, Ғ. Ғатауллинің айналымы 2000 сом, дүниесі 1500 сом деп бағаланады. Сол кезде татарлардан 51 адам сауда жасаса, Әубекер Мералиев, Байжан Оразбаев, Қуаныш Шүкірәлиев, Сафполла Шапаев, Ибраим, Хаби Есенбаевтар сияқты қазақ саудагерлері пайда болады.

Таловкада бұл кезде қолөнер кәсібі кеңінен дамымаған. Архивтік мәліметтерде 2 қазақ темір ұстаса, 2 таушеркеш зергер болғаны жазылып қалған. Ал ауыл арасында үкімет есебі алмаған зергерлер, етікшілер, ершілер, үйшілер, тігіншілер, қайыс илеушілер (шорник), арба жасаушылар көп болған. Олар үй аралап, ауыл қыдырып жүріп, айлап жатып, табыс табатын еді. Киіз үйдің жабдықтары алтын, күмістен істелген әсемдік заттары, жастағыш, кебеже, арбаның бөлшектері, т. с. с. базарға шығарылып сатылатын.

XX ғасырдың басындағы сауда-саттық өткен ғасырдағыдай емес, қауіп-қатері аз, түсімі берекелі шаруа болды. Бір жағынан, қазақ, татар саудагерлері Ішкі Ресей базарына қатынап тұрса, екіншіден, қазақ жерінде де сауда мол жүріп жатты. Оның үстіне әр жылы екі реттен Хан жәрмеңкесі, Таловка, Жалпақтал, Шортанды жәрмеңкелер өткізіліп тұрды. Бұл үкімет үшін де тиімді еді. Өйткені, Хан жәрмеңкесінен қазыпаға 13—15 мың сом, Таловка жәрмеңкесінен 735 сом, Жаңақала жәрмеңкесінен 300 сомдай пайда түсіп тұрған.³ Құжаттарға сүйене отырып, осы жәрмеңкелерде сатылған тауарлар туралы мәліметтер келтіруге болады. Мысалы, 1915 жылғы жазғы Хан жәрмеңкесінде 8300 сомға орыс шұғасы, 29400 сомға шет елдік мата, 24000 сомға парсы кілемдері, 344900 сомға мал мен мал өнімдері сатылған. Күздегі сауда бұдан да өнімдірек болған. Ал Таловканың өз жәрмеңкесінде 1915 жылы 15500 сомға шұға, жібек, галантерея бұйымдары 10200 сомға, 1700 сомға ағани бұйымдары, 50 мың сомға 4500 бас мал, тері, терсек, жүн сатылыпты. Бәрін қоссақ, бір науқанда Таловка жәрмеңкесіне 145 мың сомның саудасы жасалынғанын көреміз. Бұл көрсеткіш, әрине қи-

сымдағы шаруашылық жағдайы мен тұрмыс хәлінің өзгергенін көрсетеді. ⁴ Осылайша Қарасу жағалауы бірте-бірте сауда орталығына айнала бастады.

Ал 1911 жылы Таловканың орыс, татар тұрғындары Астрахань губернаторына арыз жазып, Таловка қонысына қала дәрежесін беруді сұрайды. Бірақ халқы аз, өндірісі шамалы болғандықтан бұл мәселе шешілмейді.

1916 жылы жүргізілген санақ бойынша Таловка қисымында 8 болыс, 4 қоныс (поселка). 7951 шаңырақ («двор» делінген) болған да, оларда 41215 адам тұрған. Соның ішінде Таловка қонысында 237 шаңырақ, 610 ер адам, 707 әйел, ал Қарасу қонысында 137 шаңырақ, 375 ер адам, 334 әйел, Әбіште 318 шаңырақ, 895 ер, 834 әйел болған. ⁵ Барлық болыс пен ауылдың қоғамдарында да адам саны өсе түскен. Тек № 1 болыстың Борсы ауылдық қоғамында 656 шаңырақ, 1987 ер, 1768 әйел адам; № 2 болыстағы «Кішей» қоғамында 181 шаңырақ, 880 адам; Теренкөл қоғамында 442 үй, 1261 ер, 1114 әйел; Мешеркөл ауылдық қоғамында 345 үй, 1010 ер, 899 әйел адам тұрған. Сөйтіп отырықшылық әбден қалыпқа кіріп, халқы жүзден асқан бірнеше қоныс болғанын көреміз.

XX ғасырдың басында жазылып, архивтерде сақталған құжаттардан Таловка қисымындағы қоғамдық-саяси өмірдің тыныс-тіршілігін бажайлай аламыз. IX ғасырдың аяғында-ақ жергілікті басқарушы лауазымды өкілдер сайланып қойылатын болыпты. Әуелі 10 адам бір өкілді сайлап, старшыналық жиынға жібереді екен. Мысалы, №2 Кішей көлі қасындағы он сайлау дауысы бар адам өз ортасынан 1899 жылы Қараш Жақияұлы өз жиналысында сайлаушы (выборщик) етіп шешім (приговор) жасаған да, бәрі қол қойған. ⁶ Осындай сайлаушылар старшиналық бойынша 50—60 адам, кейде одан да көп болған. Сайлаушылар өз жанында старшынаны, оның көмекшілерін сайлаған, түрлі шаруашылық мәселелерін (жер, жайылым, шабындық өлім-жітім, көмек беру т. б.) талқылаған. Мысалы, 1902 жылы № 1 старшыналықта «Күшік көлі» деген жерді кімге беруді талқылайды. Сондай-ақ сайлауға дауыс беру құқы бар адамдарды анықтап, тізімге кіргізу, алым, салық, еңбекақы, қаржы жинау мәселелері шешілген.

1910 жылы Ішкі істер министрлігінің бұйрығына сәйкес Ішкі тарапты басқаратын Уақытша Кеңес қыркүйек айының 22-жұлдызында барлық старшыналық болыстарды ауылдық қоғамға бөлу жөнінде жарлық береді. Мысалы, Таловка қисымының № 2 старшыналығындағы Кішей көлінде тұратындар — «Кішей ауылдық қоғам», «Жұмат» мекеніндегілер — «Жұмат ауылдық қоғам», Тоқбақты беріші ауылы «Тоқбак ауылдық қоғамы»,

«Күл—Сүйіндік ауыл қоғам» деп бөлініп, әр ауылда староста сайланады. ⁷ Токбас ауылдық қоғамында 381, Кішейде 423, Жұматта — 180 шаңырақ иесі сенатқа кірген. Ауыл қоғамына бір рудың, не бір атаның адамдары ғана емес, сол жерде тұрған ичиматтар енгізіле берген. Мәселен, Токпас алаша ауыл қоғамында Малбасар алашаның Иманғали Соқыровтар, Кішей ауыл қоғамында бірен-саран Беріш, Жаппас руларының адамдары барлығы байқалады.

Ауыл қоғамы қонысына қарай, әрі әр ата баласының тілек, мүддесіне орай 150—500 қожайыннан құрала берген. Жайма-Қарақоға, Сұлу-Қарақоға ауыл қоғамына Жалпақтал, Байтұрған жағындағы Әукетай Еділбай руының азаматтары кірген, Әукетай Алаша руының адамдары, Еділбай ауылы да, № 5, 6, 7 старшыналықтарға бөлініп қаратылған. Таловканың № 8 старшыналығында Әбіш ауыл қоғамы төңірегіндегі ауыл, қоныстар, оның ішінде Дауымжар Әбіш ауыл қоғамы тізіміндегі 250 адам ішінде Әліп Қалмақов, Әбдіреш Жұмағалиев, Шадияр Қондырауов, Қарабасовтар бар. Егер ерінбей, ұзақ-ізденіп отырар адам болса, архивте сақталған тізімдер көп, олардан әркім өз атасын, байырғы ата мекенін, отбасы құрамын, әлеуметтік-тұрмыс жағдайын, қаншама алым-салық төлейтіндігін біліп алуға болады. Мысалы, бізге белгілі мұғалім Хәкім Әжкеев № 2 старшыналықтық Жұмат ауыл қоғамына кірген екен. Сонымен бірге әкесі Болат, Қабдолла Сұлтаналиев (Қаблақат Әжкеев деп те жазылған), Асқар Қаблақатов, Мұқаш Әжікеев т. б. яғни бір тізімге атасы, баласы, немересі жазылған. Ауыл қоғамының жиынының талқылайтын басты мәселесінің бірі қоғамдық ақша қорын жинау, орнымен жұмсау, алым-салықтарды әр шаңыраққа бөліп, бекіту болған. Мәселен, № 3 старшыналыққа қарайтын Тереңкөл ауыл қоғамы 1914 жылы мал салығын талқыға салып, бекітеді.

№ 3 старшыналықтың болыстық жиыны 1914 жылғы мал үшін 4556 сом 32 тиын, болыстық шығын — 645 сом, қисым қажетіне (земский сбор) 94 сом 50 тиын бөледі. ⁸ Мешеркөл ауыл қоғамы әр түйе не жылқыдан 28 тиыннан, ірі мүйізді малдан 14 тиыннан, қой-ешкіден 4 тиыннан жинауы тиіс болады. Мал салығын 15-мамырға, болыстық салықты 15-қыркүйекке, қисым алымын 15-желтоқсанға дейін тапсырып болуға тиісті болған. Бұның үстіне әрбір төленген салықтың бір сомынан 16 тиын болыстық жергілікті алым тағы алынған. Саралжын ауылдық қоғамы 1914 жылы 23-қыркүйекте өз ауылдасы Нығметолла Абылаевтың өлімінен кейін 7 жасар қызы Рысканымға қамқоршы белгілеуді талқылап, оған Рахметолла, Айтмұхамбет Абылаевтарды бекітеді. Қисым басшысының нұсқауы бойынша Саралжын ауылдық қоғамы 1908 жылы індет ауруынан өлген

Имаш Өталисов балаларының қамқоршыларының есебін талқылайды. ⁹ Ауылдық қоғамдарда ен тиімді мәселе — алым-салық болыпты. Мысалы, № 7 болыста мал саңына қарай Абдрахман Ниязовке қазына салығы 12 сом 40 тиын, қауымдық 8 сом 9 тиын, ал Ақмет Мырзағалиевке қазынаға 2 сом 40 тиын, қауымға 1 сом 65 тиын салынады. Бұл тізімде 70-80 тиыннан төлейтіндері көп.

Жыл сайын көптеген шаруалар бұл салықтардың кейбірін төлей алмай борыштана береді. Архите салық төлемегендердің тізімдері де сақталған. Содан болар, кей шаруалар жерден өз үлесін пайдалана алмай, өзгелерге жалға беріп жіберген. Өйткені, жердің ең шұрайлысын байлар иемденіп алса, екіншіден, Таловка қисымының басқарушысы М. Қарабаев: «Шаруалар жерді өңдей алмайды, егін салғысы келмейді, содан малдан басқа қосымша табыс көзін іздемейді» — деп жазған.

XX ғасырдың басында да жер мәселесі Бөкейлікте өткір тұрады. Құмда жер жетпей мал саңы көбейсе берген соң кей ауылдарды Таловка қисымына біртіндеп көшіре берді. Оның үстіне жер сұраған сұлтан, қожа, билерге де Сары өзен жағалауынан жер бере берді. Мысалы, Исатай көтерілісі жеңілгесін қорғансыз шаруаларды аяусыз жазалауда аты шыққан Шымаң Ормановтың жалғыз ұлы Жаһанша өткен 60-шы жылдары өліп, немерелері жетім қалған еді. Олар өскесін жер сұрағанда Таловканың № 4 старшыналығына орналастырады. Оған қоса патша әкімшілігі қазақ жеріне Орталық Ресей губернияларынан орыс, украин шаруаларын да әкеліп, қоныстандыра береді.

Патша үкіметі қазақ жерін «қазыпаның меншігі» деп жариялап, қазақтардың өзіне мал шаруашылығын дамыту мақсатында уақытша берді деген Бөкейліктің Уақытша Кеңесі жерді бұрындары старшыналар жиынының үкімімен (приговормен) және Уақытша Кеңестің қаулысымен белгілейтін. Ғасыр басындағы Ресей қолға алынған кейбір демократияландыру шараларына сай Ішкі істер министрлігі 1910 жылы 6-тамыздағы нұсқаумен Бөкейлікте жерді алу және бөлу мәселесі сінді ауылдық қоғам жиынының билігіне берді. Сөйтіп, үкімет бітпейтін, бітіспейтін жер дауынан басын алып қашты. Бірақ ол көші-қон саясатынан бас тартпай, қазақ жеріне сырттан қарашекпендерді әкеле берді. Осыдан жер тапшылығы күшейіп, егінге жарамды жер байлардың қолына шоғырланып, жер үшін талас-тартыс жиі болып тұрды. Таловка қисымының № 1 старшыналығында «Көшеккөл» деген жерді жерлестері бөліспек болып, 1902 жылы 27-сәуірде сайлаушы өкілдердің жиынына салса, Нұрқай Қожахметов деген ноғай-қазақ руының байы бір дауыс артық алып, (49 дауыс) жерге ие болады. Байдың туыскандары бұл шешімге риза болмай, Жарықпас Ситаков, Тайыр, Бөрібай, Сарықұлаков, Есмағұл

Истаилиев т. б. Уақытша кеңеске наразылық білдірді. Кейде ішкі ағайынды кісілер де ортақ жерге таласып, бет жыртысқан жағдайлар болып тұрған. Мәселен, Таловканың № 7 старшылығында Еснияз Қозыбақов, Құлат Мұлқашев, Жұмат Қалқашев дегендер шабындық шекарасындағы меже ағашты жойып жіберіп, шөп шапқан. ¹⁰ Сол сияқты 1912 жылы Байбарақ пен Жангелді ауыл қоғамдарының адамдары шабындыққа таласып, 10 шақты адам сойылмен соғысып, бірін-бірі жарақаттаған. ¹¹

Жер ашуы—жан ашуы екені белгілі, Қитар Айдаушиев деген белгілі бай № 5 болыста тұрып, 1911 жылы Ащыөзек жағасындағы № 3 болысқа қарайтын Тереңкөл ауылдық қоғамының «Қарасу» деген көлшігін шауып алып, арты үлкен дауға айналады. Сол жерге Құлсүйіндік, Байбарақ, Тереңкөл ауыл қоғамдарының, Астрахань губернаторының өкілдері 1914 жылы 26-шілдеде жиылып, шекараны анықтайды. ¹²

Әрине, бірте-бірте жерсіз қалған шаруалар да көбейе түсті. Олардың бірқатары амалсыз күнелтіс үшін басқа ауданға, көл жағдайда көршілес орыс губернияларына, казактар қожалығына жалшылыққа кетеді. Қалғандары жоқшылықпен күнін көріп, кейбірі ұрлық секілді арам жолға да түсуге мәжбүр болады. Бұл келеңсіз құбылыстың кейінгі зардабынан қорыққан басшылар ауылдық қоғамдарға жерді қайта бөліске саяып, кедейлерге жер беруді міндеттеген. 1913—1914 жылдары бұл науқан жүзеге аса да бастайды. Мәселен, Таловканың № 7 болысында ауылдық қоғам жиылып Қараөзеннің батыс жағалауындағы Ғабдош, Есенғали шегендерін, Суходоль деген жерді Байтұрған қонысына дейін жерсіз шаруаларға бөліп береді. Біздің меншігіміз еді деп бұған Есенгел ауылдық қоғамның азаматтары наразылық білдіреді. ¹³ Ауылдық қоғам жиыны Еснияз, Уали, Нұрғали Жалмұқановтар заңсыз пайдаланып келген Бітияң, Өтекеш, Шағыр, Ғабдеш, Алғазы дегендер мен Қызыл ой, Ғилман ой, Онғар, Есғали, Жоламан құдықтары деген жерлерді байлардың наразылығына қарамай жерсіздерге 300 үлес жер ретінде бөліп береді. Сұлу-Қарақоға, Мешіт-Қарасу ауылдық қоғамдарда осы жолмен кедейлерге жер береді. Бұндай жер бөлу № 3, 5, 6, 8 болыстарда жүргені туралы құжаттар сақталып қалған. Ал басшылар жердің тапшылығын Таловка қонысы мен қисымына көрші қисымдардан, губерниялардан көшіп келушілер легінің үзілмеуінен деп көрсетеді. Мәселен, Қамыс-Самар қисымынан Байбақты руының Дауымшар атасының адамдары Сарыкөл, Самардағы қонысынан безіп, Құрайлы жағынан Таловка жеріне жылжи кіріп, XX ғасырдың басында қазіргі Бостандық тұсынан Сарыөзеннің шығыс бетіне орнығады. Көктерек жағынан Ақсуатқа, Бекет т. б. мекендерге Тама, Беріш, Тана, Адай, Алаша, т. б. рудың 2—3 үйлі адамдары біртіндеп ене береді.

Жер дауы қисымдар арасында да болып тұрғаны тарихта белгілі. Ащыөзек жағалауындағы «Көшек сайы» деген жерге Тарғын мен Таловка қисымының Ноғай-қазақ руының Қостанбалы, Қояс аталары таласып, ақыры Қояс жағы иемденіп қалды.

Осы орайда тарихтан өзімізге белгілі мына бір деректі әңгімелей кеткіміз келеді. 1906 жылы жазда қуаңшылық болып, шөп шықпай, егін өнбей шаруалар қатты қиыншылыққа ұшырайды. Таловка қисымының № 1 старшыналығындағы «Айдарлы» деген мекеннің мешітінің указной молдасы Сердіғали Нәдірбеков 20-қараша күні Астрахань әскери губернаторына жазған арызында, мешітке 200-ден астам аш адам келгендігін, олардың қатты қиналыста екендігін, ұнның әр пұты 2 сомға дейін қымбаттап кеткенін, сондықтан қаріп-қасерлерге көмек беруін сұрапты. Бұдан басқа да шағымдар түссе керек, әйтеуір Астрахань басшылары Таловка қисымының басқарушысы арқылы болыстарға, ауыл-ауылға мұғалімдерді, сауатты адамдарды жіберіп, күйзеліп отырған шаруалардың есебін алдырып, тізімін жасатады. Әр мекенді жеке-жеке аралау нәтижесінде 3523 адам азық-түлікке мұқтаж деп есептеліп, Уақытша Кеңеске көмек беру тапсырылған. Солардың ішінде «Айдарлы» мекенінде 24 адам, «Сары басты» көлде 23 адам, Жақсыбайда—12, Тіленші сайда—8, Бағыз Құдықта 39, Бәйдед, Шопай Бапа, Әжи, Қоғалы, Қаржу, Жолай, Қанай, Мешіт көлдері деген мекендерде 5—10 адамнан мұқтаж екендігі, ал Хан көлінде 40, Қаштай көлінде 16, Сарыөзен жағасында 30 адам мұқтаж деп, мұғалім Н. Акбаев бастаған комиссия тек № 1 старшыналық бойынша 2436 адамның тізімін беріпті. Ал № 2 старшыналықта тек «Кішей» көлінде 156 адамға жәрдем керек деп тізімге ендіріп, әр шаңырақтың жан басын, малының санын да жазыпты.

Сондай-ақ Уақытша кеңес жанында «азық-түлік қоры» деген болады екен. Онан бір қысталақ кезде мұқтаж адамдарға қарыз беріледі екен. Міне, осы жолмен Уақытша кеңестің қызметкері Е. Курнасов Таловка қисымын жергілікті өкілдермен бірге жүріп аралап, № 1, 2 старшыналықтарды тізіммен 10045 сом ақшаны үлестіреді. Сонымен қатар, қазақ арасындағы ағайындардың бірлесіп қаржы жинауы, үлгі жасап үйін салысу, малы жоққа мал беру секілді ескі салттар да сақталған.

4. РУХАНИ ӨМІР ТЫНЫСЫ

Бұл кезеңде қисымда оқу-ағарту ісі біршама жолға қойылды. Мектептер саны күрт өспегенімен оқыту сапасы, олардың жағрактандырылуы жақсарды. Оқушыларға қалам, қағаз, сия, дәп-

тер, есеншот, түрлі кітаптар беріле бастады. Шәкірттер ана тілімен қатар орыс тілін, тарих, география, көркем жазу, есен, дін сабағы пәндерін оқыды. Әсіресе орыс тілін үйретуге патша әкімшілігі ерекше назар аударып, қатаң бақылап отырды. Орыс тілінде оқытатын мектептер саны көбейе түсті. Әсіресе бір кластық орысша-қазақша бастауыш мектептер саны өсті. Қосарал, Мешеркөл, Тоқбаскөл, Тіленшісай, Жақсыбай т. б. мекендерде былай мектептер ашылды.

Таловка қонысының өзінде 4 мектеп болды. ¹ Бір кластық мектепте екі мұғалім болды, оның бірі кейін елге сыйлы, байырғы оқу-ағарту қызметкері Хан (Мұхаметхан) Жақыбадиев еді. Оларда ұл балалар бөлек оқытылған. Қыздарға арнайы 2 кластық орысша-қазақша мектеп (училище делінген) жұмыс істеген. Ұлдарға арналған 2 кластық мектептің меңгерушісі Сейітхан Әжігереев, оқытушысы Г. Рождественский болған. ² Бұлармен қатар «церковно-приходская школа» деген де болған. Ол Шіркеу (қазіргі Чапаев) алаңында, ал мешіттің жанында мұсылман мектебі бала оқытқан. Олардағы бала саны, мұғалімдері, қандай пәндер оқытылғаны жөнінде облыстық оқу басқармасы еш мәлімет жинамаған. Бірақ қашан да мұсылман мектебі қысымшылық көріп отырған. Мысалы, халық мектептерінің инспекторы А. Алекторов Таловкада 2 мұсылманша мектеп (біреуі Қоян—Қашу Әлмырза Шортанбаев үйінде, екіншісі Тагиров деген молданың үйінде) ұлықсатсыз ашылды, астыртын жұмыс істейді деп рапорт жазып, комиссия шығартып, ақыры жаптыртып тырған. ³

Бүкіл Бөкейлікте бастауыш мектептер көбейіп, оқушылар саны жылдан-жылға артқанымен патша әкімшілігі қисымда бірдебір орта білім беретін оқу орнын ашпады. Тіпті белгілі бір мамандық алып шығатын арнаулы мектеп те (көкөнер училищесі, орман мектебі т. с. с.) ұйымдастырылмады. Ол үшін үкімет тарапынан қаражат бөлінбелі, ал жергілікті атқару мекемелерінде мүмкіндік болмады. Ондай бастаманы көтеретін ірі байлар да көрінбеді. Мысалы, Жалпақталдағы жылқы зауытының иесі П. Я. Овчинниковтің қисым орталығында гимназия не училище аштыртуға күдіреті жетіп тұр еді. Ол өз балаларын Петерборда оқытты. Шетелден қисапсыз қаржыға жиһаз, машина алдырты, бір қазақты оған жүргізуші етіп қойды. Ал бірақ мектеп аштырып, шығынданбады.

Сол себепті өз білімін жалғастырып, мамандық алғысы келген Таловка қисымының жастары Ресей қалаларына, көбінесе Казан, Үпе (Уфа), Оралға аттанды. Тіпті кейбірі шет елден білім алып қайтты. Қазан университетінің заң факультетін жерлесіміз Батырқайыр Жүсіпұлы Ниязов (1896 жыл), сосын Мәжит Шомбалов (дәрігер), Сақыпкерей Жанболатов (заң), Мұқамет-

жан Қарабаев (дәрігер), кейінірек Сарыгау университетін Ахмет Жүсіпұлы Ниязов (дәрігер), Мұбина Ниязова (дәрігер), Петербург университетін Абдулкерім Ниязов (зан), Ыстамбұл университетін Ысмағұл Шанов, Әбдірахман Ғайсин, Қалиолла Есенбаев, Қайр (Мысыр) университетін Ғабдолгазиз Мұсағалиевтар бітіріп шықты. Бір атап өтер жайт — олардың бәрі қашан да халқына адал қызмет істеді.

Халық мәдениетін дамытуға, оқу ісін жақсартуға орта мандық алған жастар көп еңбек сіңірді. Қазандағы мұғалімдер семинариясын Пәнгерей Аксартов, Халел Есенбаев, Орынборда Әсет Дінішев, ветеринар-дәрігер Мұстафа Көкебаев, Астрахань-да дәрігер С. Алипов, Е. Көбеев т. б. оқып бітіріп, қызмет атқарды. Бұлардың қай-қайсысы да алғашында Таловка қисымында қызмет істеп, кейін айтулы қайраткер дәрежесіне көтерілді. Айталық, мұғалім Пәнгерей Аксартов, Халел Есенбаевтар кейін республикаға белгілі халық ағарту, совет қызметкерлері болды. Батырқайыр Ниязов қисым басқарса, Мәжит Шомбалов дәрігер, халком болып елге көп еңбек сіңірді. Осылайша Таловка қисымынан көптеген талапты да талантты жастар өсіп шығып, орта, жоғары білім алып, оқу-ағарту, денсаулық сақтау т. б. салаларда еңбек етті. Ұлттық интеллигенциямыз қалыптаса бастады. Таловка қисымы тұрғындарының жалпы мәдени дәрежесінің өсуіне осы қарлығаштар, интеллигенцияның алғашқы буыны орасан зор үлес қосты.

Патша әкімшілігі қазақ арасында мешіт ашу ісіне де күдікпен қарап, үнемі тіміскілеп, бағып-бақылап отырған. Мәселен, 1900 жылдың басында патша шенеуніктерінің осындай көзқарасын білетін Т. Тюрин, Қ. Мендібаев дегендер Таловка қисымының № 1 старшыналығындағы Құркұдық мекенінде үкіметтен ұлықсатсыз қазақтар мешіт үйін салды, сонда жиылып намаз оқиды, ал Ғұмар Қарашұлы сонда бала оқытады деп арыз жазады. Содан комиссия шығып, тексеру басталады, он шақты куә шақырылады. Ғ. Қарашұлы өз жауабында мен молда міндетін атқармаймын, бұл мешітте намаз оқымаймын, балаларды оқытпаймын дей келе, имам Нәдірбековтің діни істеріне араласпайтынын айтады. Шынында да бұл жерде қоғам болып бірлесіп салған мешіт үйі болған екен, ал медресенің болған-болмағаны белгісіз.

Таловка қисымының № 4 старшыналығының № 2 приход (әр болыста бірнеше мешіт болған, олар приходқа бөлінген) молдасы С. Фахреддинов менің мешітімнен 25 шақырым жерде Избасар Айтмұхаметов молда мешіт үйін салмақ болып, ел жағалап, арызға қол қойдырып жүр деп жазған. Сол бойынша 1911 жылы қаңтарда Қарамия деген жерге қисым басшысының өкілдері келіп тексерген. Сөйтсе 10 терезелі, тақтай еденді үлкен мешіт

салынған, ұзыны 9 сажын, ені 3,5 сажын, биіктігі 1 сажын 2 аршын. Өкіл осы жердің тұрғындары — Ізбасар Айтмұхаметов, Құрманш Теміров, Нұрмұхамет Алқабаев, Иманғали Дәулетияров сияқты беріш руының азаматтарын шақырып алып сұраса, олар мешіттің 1908 жылы 245 беріш шаңырағының бірігін салған ең биік баратханасы екенін, жеке приход боламыз деп мәлімдегенін айтты. ⁴ Осылайша бұл дау-дамай үштірт жылға созылады.

Ғұмар қарашұлы. Таловка қисымының аса көрнекті азаматының бірі — Қарашұлы Ғұмар. Ол № 2 старшыналықта 1874 жылы дүниеге келген. Әкесі Қараш көп балалы, орташа дәулесгі бар кісі болған.

Ғұмар екі ғасыр өліарасында діни медресені тәмамдап, №1 старшыналықта бір ауылға молда болады. Ол Жалпақталдағы медреседе оқып жүрген кезде үкіметтің талабы бойынша мешітте молда болу үшін де орыс тілін жетік білу жүктелген. орыс тілі арнайы пән ретінде оқытылған. Оның үстіне Ғұмар ауылы Ресей шекарасына тиіп тұр, ал өзі бала күнінен-ақ көрші Алматы, Шортанды, Қақташ секілді қалашықтар мен күтірлерде болғаны сөзсіз. Қалай десек те ол жастайынан орыс тілін жетік меңгерген, соның арқасында Қазан, Уфі, Самар секілді орталық Ресей қалаларында болған. Ғұмар діни медресе бітіріп, молда атын алғанымен басына сәлде байлап жарытпаған. Молдалық қызметі, біздің есебімізше, он жылға да толмайды. Өмірге, қоғамдық істерге етене араласқан, көп оқыған, өздігінен білімін әрдайым жетілдіріп отырған. Ғылымның әр саласынан хабардар боп, өзіндік философиялық дүниетанымы қалыптасқан. Бірте-бірте қасаң діни түсініктен алшақтап, өмірге материалистік көзқараспен қарай бастаған.

Ғұмардың ауылы қазақтың атақты ақыны, өз заманының зор білімді адамы Шәңгерей Бөкеевтің қонысымен көршілес болғанын жоғарыда айтқанбыз. Олар өскен өңірде 2—3 ауыз өлең шығармайтын, ән салмайтын адам некен-саяқ ұшырасатын. Сонымен бірге ол кездегі қазақ баласы басындағы тағы бір ғажайып қасиет — айтылған сөзді, мейлі ол бұрыннан қалсын, не сол бойда шығарылсын, айнытпай қағып алатын зеректік болған ғой. Ғ. Қарашұлының көзін көріп, өлендерін жатқа айтатын мұғалім Иманбай Жұмағазиев: «Біздер бір естіген өлеңді ізімше қайталап беретін едік және көпке дейін ұмытпайтынбыз. Өлең айтып жүру салтымыз болатын. Екінші бірі өлең шығара беретін, тек сапасы әртүрлі ғой», — деп айтып отыратын. Өзіміз де ондай кәрікұлақ, көнекөз зерек адамдарды талай көргенбіз. Бұл ежелгі Қазтуған, Досмамбет, Шалғез заманынан қалған дәстүр, Махамбет дамытқан, Ғ. Қарашұлына жеткен сабақтастық ғой. Сол себептен де Ғұмар кейін аты аталған төрт алыптың жыр-толғау-

ларынан арнайы жинақ құрастырып, тасқа бастырып шығарды. Бұл да болса, шәкірттік парыз, ризалық көңіл ғой.

Ғұмар Қарашұлының шығармашылық, публицистік, баспагерлік, ұстаздық, қоғамдық-саяси қызметтері сан тарау, сілеңсілем, жеке зерттейтін үлкен тақырыптар. Біз бұл жерде тек қолда бар деректермен өмірбаян, ғұмырнамасына қатысты ғана сөз алып отырмыз.

Ол 1911 жылы С. Мендешевпен бірлесе отырып, мұғалімдердің кәсіподақ ұйымын құрады. Бірнеше жыл тынымсыз іс тындырып, қаржы, тілектестер жинап, Е. Бұйраұлы т. б. бірлесе отырып, тұңғыш қазақша газет — «Қазақстанды» шығарады. Осылайша ол алғаш рет «Қазақстан» сөзін тасқа бастырып, дүниеге келтіреді.

1908—10 жылдардан бастап әдеби іске белсене араласып, Қазанда татар тілінде шығатын «Шора» журналында көптеген өлең, әңгіме, аудармаларын жариялайды. 1910 жылы «Шайыр» деген атпен Ғабдолла Мұштақ есімімен қазақ ақындарының өлеңдер жинағын дайындап, бастырып шығарады. Ғұмар өз творчествосында лақап, бүркеме атты көп қолданған адам (мәселен, Оразақай, Қазақ, т. с. с.): Ескерер бір жайт, біз архивте ноғай-қазақ руы азаматтарының 1908 жылғы тізімінен дәл осындай есімді ұшыраттық. Әлде ол Ғұмардың құрдасы, болмаса сырлас досы болды ма екен?

Сонан соң ол «Көкселдір» жинағын бастырып, өзінің төл туындылары — «Тумыш» (1911 жыл), «Бала тұлпар» (1911), «Өрнек» (1911), «Аға тұлпар» (1914), «Тұрымтай» (1918) секілді кітаптарын жарыққа шығарады. Бұл кітаптардың қай-қайсысында да ақын туған халқының басындағы аянышты отаршылдық халды суреттеп, жергілікті әкім, қожамолдалардың зорлық-зомбылығын әшкерелеген. Осы тығырықтан шығудың жолы — оқу білім, өнер-ғылым ғана деп білген.

Бөкейлікте дәрігерлік бөлік (участок) 1870 жылдары пайда болады. Одан кейін Жаңақалада екінші бөлік ұйымдастырылып, ол 41 мың шаршы шақырым жерге орналасқан 140 мыңдай тұрғынды қамтуға тиісті еді. Аралық құжаттарында жалғыз дәрігердің Новая Казанка, Көктерек, Таловка секілді әрқайсысында бір мыңдай халқы бар үш қонысты аралап шығудың өзі мүмкін еместігін айтып, қосымша дәрігер сұраған өтініші кездеседі. Дәріхана (аптека) ұстау үшін бар болғаны 202 сом бөлінетіндігін, сол себепті дәрігердің өз қалтасынан қаржы шығатындығы да жазылған.⁵

Ал 1901 жылы Бөкейлікте № 3 медициналық бөлікті ұйымдастыру ісі қолға алынды. Оны Таловкаға орналастыру көзделіп, қисым правитель Н. Қарабаев Н. Д. Токарев дегеннің үйін сол жылдың 1-қазанынан бастап айына 20 сом төлеп, амбула-

тория үшін жалдап алады. Ол үйге күзетші, әйелдерді босандыратын акушерка да қызметке алынады. Таловкаға тұңғыш дәрігер болып Мәскеуден медицина докторы, жаратылыс таңу ғылымдарының кандидаты Е. Вайнштейн деген келеді. ⁶ Ол келе Мәскеуден дәрігерлік жабдықтар алдырып, амбулатория ашып, дәріхана ұйымдастырудың қамына кіріседі. Ауруларды қабылдау үшін А. Коблов дегеннің үйі жалданып алынады. Бірақ амбулаторияны ұстау үшін 1800, жабдық сатып алу үшін 75-ақ сом бөлінеді. Сол себепті болса керек, көп кешікпей Е. Вайнштейн кетіп қалады.

Оның орнына енді 1902 жылы жазда Бұзаулықтан (Бузулуктеи) Вацлав Царда деген дәрігер келеді. Ол Таловкаға келе амбулатория, дәріханамен қатар аурухана ашуды қолға алады. Медициналық қызметкерлерді түгендейді. Фельдшерлік қызметке Жаңақаладан Аштарханда медициналық білім алған Темірғали Қөшеновті алдыртады. Сөз арасында айта кетсек, Таловкадан шыққан алғашқы дәрігер Т. Қөшенов туралы көп жылдар бойы іздеу салып, әркімдерден сұрастырып жүрдік. Туыстарын тапсақ та, олар қиыншылық заманда әке-шешелерінің өзінен ерте айырылып қалғандықтан ештеңе айта алмады. Сөйтіп жүргенде Бозоба қонысында тұратын Қабаш кәрия Темірғали Қөшеновтің қыстау орнын, Бозобадан Қайырбайға бара жатқандағы орта жолдың оң жағындағы оның бейітін көрсетіп берді. Сондай-ақ Алматыда тұратын Қапай, Жолдыкөл ауылының азаматы Иманғали Оңғаров ағамыз кездесіп, біраз дерек берді. Темірғали оның жақын жездесі екен, 1917 жылы жұқпалы індет ауруынан елді емдеп жүргенде өзіне жұқтырып, кенеттен қайтыс болған. Артында екі ұлы, жұбайы Менеш Қайыпқызы, екі үйір жылқысы, атақты қара айғыры, жеті қанат үйі, қыстауы қалған. Дүние-малын Азамат соғысы жылдарында біресе ақтар, біресе қызылдар қол сұғып, тоздырған. ⁷

В. Царда 1903 жылдың қаңтарынан 6 орындық ауруханаға 6 ақ төсек (кереует), матрац, орындық, қолжуғыш, ыдыс-аяқ т. б. жабдықтар алдырады. Дәрігер жылға 1482 сом, ал фельдшер 480 сом ақы алады. Мардымсыз еңбекақының өзін уақтылы төлемегендіктен олар Уақытша кеңеске ай сайын арыз жазып, қысымдағы дәрігерлік қызметтің аянышты халін баяндап отырған. ⁸ Ел ішінде ауру-сырқау көп боп, оның үстіне жиі-жиі эпидемия шығып, олар көбінше ауыл-ауылды аралап жүрген.

Қоғамдық өмір дамуының жеделдеуіне, ел-жұрттың тұрмыстық мәселелерінің тез де әділ шешілуіне сол кездегі басқарушы орындар ісі сай болмаған. Патша үкіметі басқарушы мекемелерге басшы тағайындағанда олардың іскерлігі мен адалдығына көңіл бөлмей, өздеріне шын берілгендігіне, бұйрықты бұлжытпай орындайтындығына ден қойды. Қисым әкімдері мен старшын-

ларға қатаң бақылау жасалмады. Қарапайым халық жазған арыздар аяқсыз қалды, қылмысты істер дәйекті тексерілмеді. 1890 жылы Таловка қисымы тұрғындарының сорына Нұрым Қарабаев қисым басқарушысы болып тағайындалады. Ол келе сала өз туыстарын жан-жақтан көшіріп әкеліп, Сара өзеннің жағалауынан жер беріп, орналастырады. 2-Теңіз округінен бірталай содыр, жер аударылған адам келіп Кекей, Қарасу, Беспішен төңірегінен жер алады. Бұл кезде ел ішінде мал ұрлау, барымта көбейеді. Қисым басқарушысы өршіген ұрлықты тиюдың орнына ұры-қараны қорған, жасырып отырады. Сонымен қатар ол паракор да болған. Қазақтардан жалға орыстар жер алғанда екі жағынан да пара алып, біршама малдүние жинаған. Нұрымның, ауыл-ауылдағы старшын, шабармандардың (вестовой) үстінен Уақытша кеңеске, Аштарқан губернаторына талай арыз-шағымдар жазылғанымен, «күштінің арты дірмен тартып», іс жабылып, арыздар аяқсыз қалып отырған.

XX ғасырдың басында да қалып бұқара мен басқарушылар, бай мен кедейлер арасы, олардың қарым-қатынасы шиеленісе түсті. Әсіресе жер мәселесі — қазақ арасындағы өзекті мәселеге айналды. Кедей шаруалар өзіне тиесілі жерге иеленуге ынтызар болса; байлар жағы басы артық жерін өзге ұлтқа жалға беріп, тегін табыс табуға тырысты. Әсіресе Қос өзен алабында жер мәселесі ушығып, шиеленісіп кетті. Өйткені бұл алап — Қарасу — Тышқанбай—Ақкөл—Әбіш қоныс-мекендері — суы мол, егінге қолайлы, әрі қызығушы көбейді. Қисымды басқарған Нұрым Қарабаев ғасыр басында да осы шұрайлы өңірге өз туыстарын көшіріп әкеліп, қоныстандыруды жалғастыра берді. Пара алады, зорлық-зомбылықты күшейтеді. Үстінен арыз-шағым көбейген соң басқа жерге аударады. Бірақ 1905 жылы ол қайтадан Таловка қисымына басқарушы болып келеді. Осы аралықта Нұрымның орнына басқарушы болған Мерәлі Қарабаевтың да, арыз иесін, куәгерлерді қорқытып-үркітіп, сатып алып, айнытып Нұрымның да үстінен жоғары жаққа көп арыз түседі. Бірақ олар отырады. Бұның бәрі сол кездері елді басқару жүйесінің іріп-шірігендігін көрсетеді.

Тек 1907 жылы ғана Уақытша Кеңес Нұрым Қарабаевтың үстінен жазылған арыз-шағымдарға құлақ асып, Таловкаға Кеңес төрағасы Вольферцом мен оның кеңесшісі Курпонов келеді. Олар көптеген қиянаттардың бетін ашып, кеңсе мен ақшаз-қаражат жағынан кемшіліктер тауып, Н. Қарабаевтың ісін сотқа тапсыруға қаулы қабылдағанымен, Аштарқан губернаторлығы сөзбұйдаға салып, уақыт соза береді. Тіптен Нұрымның өзі бел алып, ел ішіндегі Ибат Есенбаев, Ишанғали Байтұрғанов, Жален Бисенбаев т. б. азаматтар жнын жасап, жұртты үкіметке қарсы үндеді, олар бәлеқорлар деп қарсы дау айтады.

Осылайша ғасыр басында да ел билеу, халық басқару қалың көпшіліктің талап-тілегінен шыға алмады. Хан Жәңгірден бас талған, Қарауылқожа Бабажанов, Көжекғали Шығасев т. б. сияқты есауылдар жалғастырған елді қанау, зорлық жасау, әділетсіздікті қорғап-қолпаштау амалдары тоқталмады. Ал қалың көпшілік, шаруалар болса, саяси құқықсыз болды. Олар өз қара басын да қорғай алмады. Старшындар, шабармандар ойына келгенін істеді. Мәселен, 1901 жылы 3-ақпанда № 5 старшыналықтың шабармандары Қабыш Боранов пен Әбдірахман Машировтар түн ішінде, еш сұраусыз атқораның құлпын бұзып, Үмбетәлі Жәнібеков пен Тоғыз Түймебаевтардың аттарын алып кеткен. Олар қаншама шағымдаанса да, куәлар айнып, іс аяқсыз қалады. Осындай әділетсіздіктерді көзімен көрген Ғұмар Қарашұлы:

«Ел ішінде осы күн,
Алымнан басқа заңы жоқ,
Жұрт жайында қамы жоқ,
Сыңаржақ бұқа пішінді
Әкімге қалған күн кұрсын», — дейді.

Осындай қарама-қайшылық, әділетсіздіктер бұқара қауымның жергілікті басқару жүйесіне, үстем тапқа қарсы наразылығын күшейтіп, өшпенділігін қоздырды. Көп көңілінде қоғамдық құрылысқа сенімсіздік ұялап, оны өзгерту пиғылы өрши түсті.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ТАЛОВКА АУДАНЫ ЖАҢА ҚОҒАМДА

Бірінші тарау

ТАЛОВКА САЯСИ КҮРЕС ЖЫЛДАРЫНДА (1918—1927 ж. ж.)

1. ЖАҢА ӨКІМЕТ ОРНАТУ ҮШІН АРПАЛЫС

1914—1917 жылдардағы дүниежүзілік соғыс елді қатты күйзелтіп, күрделі дағдарысқа ұшыратты. Ақпан төңкерісінен кейін саяси жағдай тіпті шиеленісіп, үкімет басындағы Кадет, Эсер, меньшевик партияларының өкілдері еш мәселені шеше алмады. 1917 жылғы Қазан революциясы империалистік соғысты тоқтатып, армия өздігінен тарап, солдаттар елге оралды. Майдандағы қара жұмыстан қазақ жігіттері де келді. Түрлі саяси партиялардың үгітін естіп, ықпалында болған жігіттер елге оралған соң олардың бірін қолдап, біріне қарсы шығып, жер-жерде ұйымдастыру шараларын жүргізді. Әйтседе көпшілігі шала сауатты, не мүлде сауатсыз солдаттар мен майдандас жігіттердің өздері де бұл саяси үгіттің түп-төркінін, мәнін жете түсіне бермейтін еді. Бәрінің ойы, әйтеуір жана өкімет, «өз үкіметін» құру болды. Сол кездерде Таловкада қандай да бір ықпалды ұйымнан, оның ішінде бірде бір большевиктің болғаны туралы еш жерде жазба дерек кездеспейді.

1917 жылы Қисымда тұрып жатқан 50 мыңдай тұрғынның 99 проценті казактар болатын. Олар сол бір отты жылдарда ешбір саяси ұйымға, бірлестікке топтаспағандықтан бастары қосылмай, өздерінен әлдеқайда саны аз жауларға жем болғанын көреміз. Шындығын айтсақ, казактар өз шаңырағын, қара басын қорғай алмай, қор болған.

Сол сияқты кезінде қазақтың камын ойлап атқа қонған «Алаш» қозғалысының Қарасу алқабындағы іс-әрекеті туралы да ешбір деректер кездестіре алмадық. Оның үстіне тарих ғылымында «Алаш» партиясы, «Алашорда» үкіметі туралы қазақша зерттеу жүргізілмегендігі, әсіресе өз кезінде қазақ тіліндегі құжаттардың жинақтамағандығы белгілі.¹ «Алашорда» туралы срыс тілінде ертеректе шыққан еңбектерде—Н. Мартыненко, А. Богачев, С. Брайнин, Ш. Шафиро кітаптарында Ғұмар Қараштың есімі бірнеше рет аталады. Сондай-ақ Алаш съездеріне Таловкадан Ибрагим Мүлкашевтің қатынасқандығы, ал Б. Құлманов пен Ғ. Қараштың арнайы шақырумен барғаны көрсетіледі.²

Жоғарыда атап өткеніміздей, Таловка жеріндегі Алаш қоз-

Ғилымы туралы ешбір жазба дерек болмағандықтан, біз сол кездің куәгерлерінің ауызекі әңгімесіне ғана сүйенбескіміз.

1917 жылдың 17-желтоқсанында,—дейді Құбаш ақсақал Айдынәлиев, мұғалім (учитель) Мүрсәлі Оспановпен бірге Таловқа келіп едік, тоқтаған пәтеріміздегі бір жігіт бізді ертеңгі болатын жиналысқа шақырды. Мүрсәлі екеуіміз ертеңіне орыс мектебіне барсақ, онда Алаш (орда) жиынына 35 өкіл («ғласный») сайланып, әр болыстан келіп отыр екен. Жиынды учитель Мұхамметхан Жақыпәлиев ашты. Жиналысқа Ғұмар Қарашев, Ғабдоллазиз Мұсағалиев, Батырқайыр Ниязов, Қ. Қалиев, Сейітхан Әжігереев, Қадер Қарашев т. б. келіпті. Күн тәртібіндегі мәселелер — Уездік уақытша комитет сайлау, Алашорданың жоғарғы съезіне делегат сайлау т. б. болды. Х. Жақыпәлиев сөзін бастап бергенде 15—16 қарулы адам, ішінде Иван, Ефим, Панченколар, Қажымұрат, Ақжанов, Серікқали Жақыпов, Жұмыш төре т. б. бар, кіріп келіп: «Ресейді большевик билейді, біздер большевиктерміз, бізге Алаштың съезінің керегі жоқ, тараңдар»,—деп күш көрсете бастады. Жиын амалсыздан тарап кетті. Әйтсе де, алаштықтар қарап жатпай, түнімен жұмыс істеп, 100 шақты жігіт жинап, №7 болыс кеңесінде Алаш жиынын өткізеді. Әлгі большевик сымақтар тағы келіп, күш көрсетіп қорқытпақшы болған екен, дайын тұрған жігіттер олардың бәрін түріп қуып шығады. Сол жиында Алаштың уақытша комитеті бөлім меңгерушілері сайланып, төрағалығына Б. Ниязов тағайындалды. Алаш съезіне Ғ. Қарашев, С. Әжігереев, И. Мүлкәшевтер делегат болып сайланды. 3

Қ. Айдынәлиевтың айтуынша, Алаштың уездік комитеті бірер ай ғана жұмыс істейді. Дайындығы нашар, көмекшілер аз бұл комитет нақты бір жұмыс тындырмай, өздігінен тарап кетеді.

Бұл фактілердің дұрыс-бұрыстығын И. Мүкәшевтен сұрап едім, ол бәрін де растағанымен, бірақ қағазға түсіріп, жазуыма қарсы болды.

Әйтседе қисымда саяси күрес арпалысы тоқталмады. Жаңа үкімет орнатамыз деп даурығушылар көбейді, бірақ қандай болатынын ешқайсысы нақты білмеді.

Осы бір аласапыран кезеңде араға П. Г. Панасюк деген біреу килігіп, 1918 жылы 2-наурызда қарудың күшімен өз үкіметін орнатқан. Енді сөзді Таловқадағы 1917—1922 жылдар оқиғаларына қатысқан, кейін естелік жазған үш авторға берелік.

І. Е. Я. Панченко «Октябрь туы» газетінің тілшісіне берген сұхбатында былайша әңгімелеген: 1917 жылы қараша айының аяғында Таловқадағы жергілікті белсенділердің (активтердің) жасырын (9) жиналысы өткізіледі. Жиналысты РСДЖП (б) Астрахань өлкелік комитетінің өкілі П. Панасюк өткізеді. Бұл

«кеңесте» Совет өкіметі үшін күрестің қызыл гвардия құру, оған еріктілерді тарту мәселесі талқыланды да, тиісті қаулы алынды. Бұлар көрші қазақ қоныстарына өкілдерін жіберіп, 2—3 күнде 20 шақты еріктілерді жинап, қаруландырды. Оларға сүйенген Панасюк бір түнде Таловканың уақытша үкімет кеңсесін басып алып, билікті қолға алып, Совет үкіметін жариялайды. Бұрынғы үкіметтің А. Неверов, Ф. Лебедев, Абдрашитов сияқты мүшелері тұтқынға алынады. ⁴

2. Осы оқиғаның қақ ортасында болдым дейтін Ғалім Сәлімов өз естелігін былай өрбітеді: «1918 ж. ақпанда байдың малын бағып жүр едім, маған М. Е. Новиков деген Таловкадағы танысым келіп, 2—3 күн тұсында алыстан бір орыс келді, бәрімізді жинап кеңес өткізді. Фамилиясы — Панасюк, Ленин берген мандаты бар. Астрахань арқылы келіпті. Келген жұмысы — елде Совет өкіметін орнату көрінеді. Біз бірқатарымыз жазылып, Совдеп дегенге мүше болдық. Ал тез жүр деген соң, мен де ертеңіне Таловкаға келсем И. Неверовтің үйіндегі жиынға тап болдым. Ортада — Панасюк. Осы үшке комитеттегілер Панасюкке: «Сіздің енді келген жеріңізге қайтып кеткеніңіз жөн болар. Жана өкіметті сізсіз де құра аламыз, көп көзге түссеңіз ұсталып қалуыңыз мүмкін»,—дейді. Сондықтан Панасюк жолдасты тездетіп Шортанды Советіне жеткізу, одан қарулы күш әкелу қажет болды дейді. ⁵

Міне, көріп отырсыздар, екі автордың баяндауы екі түрлі.

Е. Папченко бұдан әрі 1918 жылы көктемде Панасюктің отряд және қару-жарақ сұрау үшін Астраханьға аттанғанын оны жолда аңдып жүрген ақгвардияшылардың қолға түсіргенін айтады.

Қайдағы «ақгвардияшылар». Ол кезде ақгвардия деген мүлде жоқ, әлі құрылмаған да еді ғой. Сірә, оны қолға түсіргендер — Таловкалықтар болса керек. Өйткені, осы оқиғалардың ішінде болған Ерғали Аязбаев бір жауабында: «Панасюкті қашып бара жатқанда Таловка тұрғындары — Иван Докарев, Фаткулла Тухватуллин, Федор Жудаевтар ұстап әкелді,— деген болатын. ⁶

3. Енді үшінші бір айтушы—У. Жұмасейітовтың жауабына құлақ түрелік: 1918 жылы ақпан айының ортасында Қасымовтың үйінде П. Панасюк құпия жиналыс өткізіп, онда Үкіметті құлатын, Совет өкіметін орнатуға дайындық жұмысы талқыланды. 2-наурыз күні Панасюк бастаған 15—16 адам қарумен келіп, уездік комитеттің үйін қамады. Уақытша үкімет адамдары — Байтұрғанов, Жұмағалиевтар қашып кетті... Совет өкіметі жарияланды,—деген. ⁷

Осы автор тағы бір мақаласында: «1918 жылғы февраль —

март айларында Таловка поселкасында Совет өкіметі орнатылды»,— деген. Бұның қайсысына сенеміз?

Панасюк Панченконың ерікті гвардиясында 22 адам болды десе, У. Жұмасейітов 15—16 адамды көрсетеді. Қалай десек те жаңа аз ғана қарулы топ өкіметті халықтың қолдауынсыз басын алғаны айқын болып отыр.

Әрине, ол уақытта елде жаңа үкімет орнату науқанды іс болатын. Эсер, меньшевик, анархистер т. б. партиялар билігі күнде өзгеріп жататын. Ал сол кездегі большевиктердің санына келсек, олар бүкіл Ресейде 300 мыңға толар толмас еді. Және олардың көбі қалаларда шоғырланғанды. Ал, Таловка сияқты түкпірде, шет уездерде большевиктерді кездестіру тіпті қиын еді. Соған қарамастан майданнан қайтқан солдаттар «Совет» деген сөздің мәнін өздері де жете білмесе де, туған жеріне келген соң бас біріктіріп, «Совдеп», «ревком» деп, «жаңа өкіметтерді» орната берді. Ал, осы «Совдеп» қай партияның саяси платформа-сын ұстанады, халық үшін не істейді, оны басшылары біле бермейтін. Содан көптеген «жаңа өкіметтер» анархистік, сепаратистік жолға түсіп, кейін таратылып, қайта сайланып жататын. Ал, И. Панченко тобын «анархистік, тіпті бандиттік ағым»— деп бағалаған көзі көргендер.⁹

Бірақ Таловкадағы жағдай басқаша еді.

Жоғарыда біз Таловкада 1918 жылдың басында Совет өкіметінің орнауы жөнінде үш автордың үш түрлі пікірін келтірдік. Қайсысы шындыққа сай келеді? Сірә, жерлесіміз Кұбаш Айдын-әлиевтің Таловкада 1917 жылы күзде «Таловская участковая земская управа» басқарушы орган болды дегені шындыққа жанасады. Өйткені, көрші Тарғын, Қалмақ қисымдарында осындай «Управа» 1918 жылдың көкек айына дейін болған еді. Одан әрі ақсақал Таловкада үш саяси топ болғанын, өзара күрескенін, бірақ ешқайсысы ұлтқа бөлінбегенін, бәрінде де орыс, қазақ, татар аралас жүргенін, оның бірін Ғұмар Қараш басқарғанын айтады. Ал, Панасюк келген соң топ құрып, Шортанды, Алмалыға жүгіріп, қару жинап, өз өктемдігін қарудың күшімен орнатқанын ашық мәлімдейді.

Ал әпербақан П. Панасюктің өмір жолы немен тынғаны жөнінде естелік жазушылар аузын ашпайды. Біз бұл тарихтың артына түсіп, көзкөргендерден сұрастырғанымызда бір кездегі Панченконың сыбайласы Жұмағали Избасаров былай деді: «Панасюкті ұстап әкелген белсенділер тұрғындарды жинап, жиын шақырды. Елге жәбір жасады, ақшамызды жинап алып, қашып бара жатқан жерінен ұстап әкелдік деп мәлімдеді». Жиынның қалай өткеніне қарамай бөшкенің үстіне шығып тұрып көріп тұрдым. Ақырында Панасюкті атуға деп қаулы алды». Сондай-

ақ ақсақал бізге оны қала сыртына шығарып, қалай атқанын көргенін де айтып берді. Бұл жиынға қазіргі Алматыда тұратын жерлесіміз Иманғали Оңғаров та қатысыпты. Оның айтуынша, үкім шығарғасын 17 кісі Панасюкті қала сыртына шығарып, Әуелі Әзи деген сосын қалғандары атқан көрінеді. Ол қараңғы түскенше сол маңда болыпты, атушылар өлікті көмбей кетіпті.

Сонымен П. Панасюк деген кім? Шынында да оның қолында Ленин берген мандат болған ба? Әлде оны Таловқаға Астрахань губкомы жіберген бе? Әрине, әр уезге В. И. Лениннің мандат бермейтіні тағы ақиқат. Біз, 1980 жылы Астраханьның облыстық партаrchiveіне арнайы хат жазып, П. Г. Панасюк туралы дерек сұрағанбыз. Бірақ коммунистер тізімінен табылмағандығы туралы жауап келді. Іздестіру барысында кейбір жанама деректерден ол туралы мәліметтерді ұшыраттық. Бөкей облысында Совет өкіметін өз қолымен орнатқан адамдар — Бөкей облатком төрағасы С. П. Милстин, губпартком хатшысы П. И. Варламовтар 1920 жылы қазан айында Орынбордағы Қазақ АССР Атқару Комитетіне 1918—20 жылдардағы Таловка қисымындағы саяси жағдай туралы жолдаған баяндамасында: «1918 жылы қаңтарда қайдан келгені белгісіз Панасюк деген алаяқ Ордаға келіп, түк бітірмей, одан әрі жауыздықтар болып жатқан Таловка қисымына кетті», — делінген. ¹⁰ Осы баяндамада сол кезде Таловкада екі саяси ағым болғаны, оның анаархистік, дәлірек айтқанда, бандиттік мол әрекет еткені көрсетілген.

Жоғарыда аты аталған авторлардың бірі Ғ. Сәлімов одан әрі оқиғаның дамуын былайша баяндайды: «Панасюктің өліміне қатты қиналып, Рудомановтың үйіне жиналып, мәслихаттасып, Новоузенск (Шортанды) Советінің төрағасы Чугенковқа хат жазып, И. Я. Панченко, И. П. Рысин, И. И. Новиковтарды аттандырдық. Бір жетіден кейін қалаға көк мылтықшылар, Шортандыдан соғыс комиссары Гаврил Нестеров бір взвод солдаттарымен келіп, 15—16 адамды тұтқындды. Ертеңіне 2 татар, 4 орыс, 4 таушеркешті Панасюк атылған алаңға алып шығып, бір дүркін оқпен атып тастады. Сол күні кешке ревком сайланды. Төрағасы Иван Панченко, орынбасары — Серікқали Жақыпов. Мүшелері — Б. Муфтахидденов, І. Камалов, И. Неверов, И. П. Рысин, Ж. Избасаров, З. Старостин, И. Дәулетияров, Т. Рудоманов, Р. Нестеров. Қарулы отряд құралып, оның командирлігіне Е. Я. Панченко тағайындалды. Ревком елде есен-санақ жүргізіп, армияға ат, ертұрман, киіз жинап, төтенше салық салумен шұғылданды. 11

Бұл айтылғандарға біздің маман тарихшы ретінде берер жауабымыз біреу-ақ — олар ел талаумен айналысқан. Оны салық жинау деп жамап-жасқаудың ешбір жөні жоқ. Оның үстіне 1918 жылдың көктемінде әлі «төтенше салық» деген жарияланған да

жоқ болатын. Сондықтан да олардың жазықсыз ел талауы 1918 жылдың наурыз айында-ақ Астрахань Өлкелік Халық Комиссарлар Советіне мәлім болады. Оның басшылығы Саратов, Новоузенск, Красный Кут, Александрово-Гай Совдептеріне телеграмма жолдап, көрші қазақ жерінде тәртіп орнатамыз деп еш белсенді әрекет жасамауын тапсырады.¹² Онымен де қоймай, Астрахань Өлкелік Халық Комиссарлар Советі қырға арнайы комиссия шығарып, оның қорытындысы бойынша Таловка қисымындағы террор, халыққа зорлық көрсету, тіпті жүргізу, қамау туралы арнайы қаулы қабылдап, атқару комитетіне шара қолдануды міндеттеген.¹³

«Жаңа өкіметтің» немен шұғылданғаны туралы басқа да деректер бар. Мәселен, архивте Бөкей облаткомының мүшесі Ю. Бурнаевтың баяндамсы сақталған. Енді соның кейбір фактілерімен танысалық. Таловка тұрғындары жазған арызға тоқтау болмаған соң Бөкей облыстық атқару комитеті өзінің мүшесін Таловкаға жіберді. Ю. Бурнаев Алмалыдан поездан түсіп, көлік жалдап отырғанда-ақ Таловканың «қызыл гвардияшылары» туралы шағымдарды есті бастайды. Сол жерде-ақ Г. Равилова деген әйел 148 сом ақшасын, 60 м. матасын тартып алғанын айтады. Ал, қазақтар «қызыл гвардияшылардың» қырға шығып, бейбіт ауылдарды тонайтынын, самауырын, кілем, киіз т. б. көзге түскен бағалы нәрселерді тартып алатынын ашына айтады. Бұл туралы Таловка басшыларында шағым етсе, өздерін қамап қоятын, қорқытып-үркітетін көршеді.

Көкек айының 12-сі күні Бурнаев Таловка Совдепінде, оның төрағасы И. Панченкоға келіп кетеді. Талап етіп, шақыртқанымен Совдеп мүшелері жиналмайды. И. Панченко 8 адамды атқаны туралы қаулыны көрсетпейді. Саудагерлер мен қашқындардың дүние-мүліктерін ғана тартып алдық дегеннен танбайды. Іс насырға шабарын байқаған И. Панченко келесі күні Ю. Бурнаевты «контрреволюционерсің» деп тұтқындап, қаруы мен құжаттарын тартып алып, кері Алмалыға әкеліп, поездға отырғызып жібереді.¹⁴ Осылайша жоғары жақтың уәкілі мазақ болып қайтады. Міне, Таловка Совдепі мен оның басшыларының қылығы осы еді.

Бұларға қарсы қандай да бір қарқынды әрекет етуге дәл сол кезде облаткомның да, өлкелік Халық Комиссарлар Советінің де мүмкіндігі болмады. 1918 жылы мамыр айының басында өткен Бөкей облыстық Советінің I съезі Таловкадағы талаушылықты айыптап, облатком төрағасы С. П. Милютин бұл мәселемен өзім шұғылданамын, арнайы Астраханьға барамын деп съезді сендірді.¹⁵ Ал, Таловка басшылары бұл съезге әдейі қатыспай, сапаратистік бағыт ұстайды. Оның үстіне олардың көршілес Жалпақталда ақ қазақтардың күш жинап, Совет қызмет-

керлерін тұтқындап, жойып жаканын ести, көре тұра камдан-
баны да қылмысқа пара-пар еді. Көрші қисымдармен байланыс
жасап, қуш біріктірудің орнына олар қазақ арасында «куэр»
деген («гвардия» дегені) маскара атаққа ие болды.

Қарусыз, бейқам елді куэрлардың тонауы жөнінде көзімен көр-
ген казірде Қошапкөлдегі Мәншіп Қалекешов, Қарасудағы Ка-
пез Қамешев т. б. адам жанның тітіркендіре айтып береді. 1918
жылы жазға салым,— дейді М. Қалекешов бір күні Ордабай
қонысына Е. Панченко отряды келіп, бүлік сала бастады. Көп
адам үйлерінен қашып, тығылды. Біздер үлгермедік. Куэрлар
Нұққали дегеннің үйін өртеп, мүлкін тонап алды. Тонаған затта-
рын артынып, шеткі 4—5 үйге барып, тінтіледі. Бір уақытта
бәрі жылдам жиналып кетіп қалды. Біз үйімізден шығып, әлгі
4—5 үйге бардық. Барлығынша да сандықтарды бұзып, теңдерді
ашып, ішінен керегін алған. Шашылған дүние. Әр үйдің сырты-
на бір-бір шөлмек (3,5 литрлік) керосин қойылған. Өртеп үлгер-
меді. («Сары өзен тынысы» газеті. 9 қыркүйек 1992 ж.) Қ. Қа-
мешев Е. Панченко куэрлары 1918 жылы «Саралжын» тұрғын-
дарының 600 жылқысын тартып әкетіп, арты үлкен дау болға-
нын, ізінен Соркөлден 2 қызды күшпен әкетіп, жәбірлегенін есі-
не алды. Жерлесіміз Абдрахман Құрманғалиев куэрлар Терең-
көлдегі тұрғындарға жастары Қызыл армияға кірді т. б. сыл-
таулармен жиі талау жүргізгенін айтады.

Бұл «жана өкімет» туралы, міне, қолда бар деректер осы-
лайша сөйлейді. Өз кітаптарында олардың атын атайтып Х. Чу-
рин («Дауылды Жылдар» кітабы), В. Чапаев в Западно-Казах-
станской степи») жоғарыда біз тоқталған үш автордың дүдә-
мал, күмәнді деректеріне сүйенген, тексермей содан көшіре сал-
ған. Біі Таловқадағы осы кезен оқиғалары туралы 1960 жылдан
бері көпті көрген кәриялардан сұрастырудай-ақ сұрап келеміз.
Бірақ, кешегі өзіміз өмір сүрген тоталитарлық жүйе көптің ау-
зын ашқызбады, көкейдегі сырды айтқызбады. Басқасын былай
қойғанда өз әкемнің бірде маған: «Саған оның керегі не? Сұра-
ма! Бәлелі нәрсе!»,— деп тып тастағаны бар еді. Ел ішіндегі
зерделі ақсақал Құбаш қария да: «Бандылық Панченкодан бас-
талды. Олар қатерлі адамдар. Өзіңді бірге жалмапды. Бұл тақы-
рыпқа жолама»,— деп ашымай қойған еді. Әрине, бүгінде ол
кісілердің көзі жоқ. Олар көрген-білгенін өзімен бірге ала кетті.
«Бәрі Ұлы Октябрьден басталды», «Бәрі большевиктердің арқа-
сы» деген өктем, байбалам саясат» екі елі ауызға—төрт елі қақ-
пақ болды.

II. Панасюктің тағдыры туралы айттық. Ал елді шулатқан
И. Панченконың алдында не күтін тұр еді? Өзгеге жақсылық
ойламаған жанның дәм-тұзы қалай таусылды?

«Куэрлар» елін тонап, талап жатқанда Орал қазақ әскері
атқа қонып, «большевик» деп, «меньшевик» деп ешкімге қара-

май, жолында тұрғанды жаншып өтті. Богатырев — Шильшин, Сламихин, Мұқар арқылы Бөкейге дейінгі барша Орал қазақтары дүрбелең туғызғанда, көршілес Жалпақтал бүлікшілері бір түнде Қарасуды басып алды. Таловка ревкомының белсенділерін тұтқындап (Ғ. Сәлімов—9-мамыр, ал У. Жұмасеппов 22-мамыр деп жазған), ішінде И. Панченко бар, ошақты басынысын атып өлтіреді. Осылайша біреуге істегені өз басына келіп, И. Панченко қаза болады.

Сонымен Таловкада нағыз Совет өкіметі орнады деп айта аламыз ба? Өз халқын тонаған «өкіметті» өкімет деуге бола ма? Анығында П. Панасюк, И. Панченко сияқты әпербақан «қызыл көздер» аңқау елге арамза молда болып, 15—16 қарулы тобымен жергілікті өкімет билігін күшпен тартып алған. Екінші рет Алмалы, Шортандының орыстарына сүйеніп қайтадан билікті қолға алып, террор жүргізіп, бейбіт халықты қанға бөктірген. Ақыр соңында Таловка жеріне, оның тұрғындарына талай қайғы-қасірет әкелген өздері де өлім құшты.

2. ҚАРАСУ АЛҚАБЫ АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

Майданнан қару-жарағымен оралған ақ казактар қатерлі қарулы күш еді. Олар әуелгіде нашар қаруланған, тәртібі бекімеген, партизандық күрес салтынан аса алмаған. жергілікті армияға жеңісін бермеді. Ақтардан, бандылардан ел ішінде халықты қорғайтын әскери күш болмағандықтан олардың зардабы зор болды.

1957 жылы жарияланған естелігінде Е. Я. Панченко 1918 жылдың көктемінде Астраханьға бардым, 11-армияның штабында С. М. Кировтың қабылдауында болып, 10 мың патрон, 35 жауынгер алып, қайттым деп жазған. Одан әрі: «Көп кешікпей-ақ Панченконьң отряды 1000 адамға жетіп, 4-армияның даңқты қолбасшысы В. И. Чапаев басқаратын 25-дивизияның құрамына енді»,— делінеді.¹ Бұл пікірдің жалғандығын дәлелдеудің еш қиындығы жоқ. Өйткені, 1918 жылы көктемде 11-армия да, 4-армияда, әйгілі 25-дивизия да әлі құрылмаған еді, ал С. М. Киров ол кезде әлі келмеген болатын. Ол 1919 жылдың басына дейін Солтүстік Кавказда жұмыс істеген еді. («Советская историческая энциклопедия». М., 1965, 7-том, 290 бет.) Және Е. Панченко Астрахань басшылығына танымал «даңқты» адам, көзге түссе, бірден жауапқа тартылары сөзсіз. Оның үстіне біз Совет Армиясы Орталық тарихи архивінен Сарытау, Самар, Орал өлкелерінде болған әскери бөлімдер мен отрядтар туралы деректерді түгел қараған едік, онда бірақ Панченко отряды жөнінде

еш мәлімет кездестірмедік. 1000 адамдық отряд туралы әскери архивте бір дерек болмауы да мүмкін емес. Мәселен 600 адамдық отряды бар Л. Виннерман қолы туралы құжаттар бар.

Е. Я. Панченконың жоғарыдай дерексіз әңгімелерін оның серіктері Г. Сәлімов, У. Жұмасейітовтар жалғастырады. Мысалы, Г. Сәлімов, бірде: «Е. Я. Панченко 17-Савинский стрелковый полк ұйымдастырып, 1918 жылы 3-сентябрьде Таловкаға шабуыл жасады, ақтардың күшін көкке ұшырды»,— деп жазады.² У. Жұмасейітов: «17-Савинкі полкі (командирі—Лысонов, орынбасары—Мищенко) және Новоузенскіден шыққан Виннермен полкі келді»,— деген.³ Ал, Ерғали Аязбаев: Таловканы соғыссыз-ақ алдық,— деп жауап берген. Алдыңғы екеуінің сөздерін тексеріп едік, қате екен.

Бұл үшеуінің жазғандарынан көріп отырғанымыздай, қарама-қайшылық көп. Қарасу алабын 1918—1919 жылдары тек жалғыз Е. Панченко «полкі» қорғап жүргендей пікір қалыптасады.⁴ Тағы бір естелігінде Г. Сәлімов: «1918 жылы 3-қыркүйекте 17-полкімен Таловкаға шабуыл жасап, онда Совет өкіметін орнатты, сосын полк құрамында барлаушы отряд ұйымдастырылып, оның командирі Е. Панченко болды»,— деген. Бұл мақалада да көптеген жаңсақ пікірлер кездеседі, тіпті ол Л. Виннерманның кім болғанын да білмейді екен.⁵

Анығында Л. Виннерман басқарған отряд осы күзде Таловканы қиян-кескі ұрыспен жаудан босатқаны рас, одан әрі ол Әбішке қарай бара жатқанда жаудың тосқауылына тап болып қаза болған, ал Е. Панченко бір қолынан айырылып, аман қалған Қызыл армия Орал майданында тағы да қыста шабуылға шығып, көп жерді жаудан босатты.

1919 жылдың қаңтарында Таловка қызылдардың қолына тағы көшті. Бұнда 1-Савинка атқыштар полкі, Алғай кавалерия полкінің 2 эскадроны, Акқурайлы интернационалдық полктің екі ротасы, Алғай кавполкінің 3 эскадроны, Жалпақкөлде интернационалдық полктің 1-батальоны тұрған.⁶ Ал Е. Панченко отряды жөнінде архивте ешбір дерек жоқтығын жоғарыда айттық. Міне, осы уақытта, яғни 1919 ж. қаңтарында алғаш рет Совет (кеңес) сайлауы өткізіліп, уездік атқару комитеті сайланған. Өйткені тарихи архивте сақталған құжатта Таловка учаскелік (қисымдық) атқару комитетінің төрағасы (председателі — Уәли Сүлейшібаев партияда жоқ, егінші), 1918 жылдың желтоқсанынан бері компартияны қолдады); атқару комитетінің мүшелері—Ғабдолла Нұржанов, Ғұмар Абдоллов (екеуі де партияда жоқ, екеуі егінші), Шағауддин Мафтахиденов (оқу бөлімінің меңгерушісі), Сақанов, Мендыбасов (әл-

суметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі, екінші) делінген. 1919 жылдың қаңтарынан бастап Таловка қоныстық (поселкалық) советінің төрағасы, 1913 жылдан РКП(б) мүшесі, екінші Семен Қиселев деп жазылған. 7

Бұған қарағанда Таловкада Совет өкіметі 1919 жылдың қаңтарында орнаған деп тұжырымдаған негізді болса керек. Қысқылық атком, оның төрағасы У. Сүйінішбаев күзге дейін аса қиын шиеленіскен жағдайда жұмыс істегені байқалады. Бұл кезде Таловкадағы жағдай өте күрделі еді. Бір жағынан ақтар шабуылдап, қатер төндірсе, екінші жағынан өзара жақ-жақ болып жауласу да күшейе түсті. Е. Панченко қайта келіп, өз сыбайластарын жинап, тыныштықты алып, елді талаумен болады. Тұрғындар тағы да Облаткомға, Астраханьға шағымдар жазып жатты. Бұл жайт тіптен Мәскеудегі Революциялық әскери кеңеске мәлім болып, тәртіп бұзушыларды тексеру туралы шешім қабылдады. 1919 жылы ақпанда Облатком мен Қазақ әскериревкомының нұсқауымен Ордадан Таловкадағы Панченконың ісін т. б. тексеруге облаткомның ішкі істер мен милиция бөлімінің меңгерушісі Ишанғали Мендіханов шығады. Облатком кеңсесінде С. Жақыпов, Ж. Избасаров, І. Камаловтар отырғандықтан бұл сапардан Е. Панченко да хабардар болса керек.

«Бір күні біз бір жуық хабар естідік»,— деп жазады Г. Сәлімов. Біздің отрядтың командирі Е. Панченконы ұстауға Ишанғали Мендіханов бастаған бір топ адам келеді екен. Біз сүйікті командирімізді бар күшімізді салып қорғадық. Сол жолы әлгі Мендіхановты өз қолымызбен өлтірдік,— деп мойындайды. 8

Міне, осылайша И. Мендіханов өзінің 6 жолдасымен жауыздар қолынан қаза табады. 9

Бұнымен қатар Е. Панченко мен оның сыбайластарының қылмыстық істері Бөкей облыстық Советінің І. III. IV-съездерінде де әңгіме болғаны белгілі. С. Милютин мен П. Варламовтың жоғарыдағы баяндамасында Ефим Панченко ағасының өліміне Таловка қисымы тұрғындарының бәрі кінәлі деп, бейбіт тұрғындардан құн қуып, бандитизммен шұғылданғаны айтылған. Олар тұтқынға алынғанымен, 4-армиядағы Нестеров сияқты жақсы таныстарына сүйене отырып, жауапкершіліктен құтылып кетті, бандитизмін жалғастыра берді. Енді олар тіптен жауапты қызметкерлерді де ұстай бастады. Ал, Таловкаға жақын жерде тұрған 4-армия отрядтары мен Новоузенск ерекше бөліміне арқа сүйеген Нестеров қисымда өз тәртібін орнатып, атком басшыларының кейбірінің тұтқынға алды. 10

Авторлардың көрсетуінше, мұндай бақытсыздық тек Таловка қисымының ғана маңдайына жазылған еді. Бөкейлік тарихына байланысты Орал облпартком архивінде сақталған құжаттар арасында Орда коммунистерінің жалпы жиналысының хаттама-

лары бар. 1919 жылы 17-шілдеде болған жиналыста коммунистер Таловкадағы қиын жағдайды талқылап, үгіт жүргізу үшін тұрғындар арасына Фаткуллинді жібереді. 17-қыркүйекте болған жиналыста Таловка қисымы аткомының төрағасы Г. Фаткуллин Нестеровтің бандысы қисымды талау мен тонауды күшейте түскенін, бұл зорлықты тыю үшін әскери бөлім керектігін айтқан. Жиналыс қисымға енді партком Акиуринді жібереді. Таловкадағы жағдай туралы 28-қыркүйекте тағы бір жиналыс болып, арнайы баяндамалар тыңдалған. Жиналыс хаттамасында былай деп жазылған: «...истрадавшую Киргизскую степь от империалистической войны и налетов белоказацких и дезертарских банд, нависла еще гроза страшная и опасная... Это банды зародилась от лиц называющие себя «идейными коммунистами и ярыми защитниками Советской власти. Это Панченко и Нестеров! На областном съезде говорили о деяниях «Царя Панченко и др» и срочно командирован т. т. Михайлов, Каримов в особый отдел 4 армии с приказом Л. Троцкого об аресте Панченко. Он был арестован и доставлен в г. Саратов. Но он снова явился величественный позой палача, объявив все Советские и партийные органы г. Орды контрреволюционным гнездом. ...Кому должна принадлежать Советская власть в степи — царю Панченко и Нестерову или истинным представителям киргиз?». II

Сол кезде жергілікті ақын Гиндаш Мұсағалиевтің:

«...Бір әкім оныныша Есенгелді,
Халқының ұрып, соғып бәрін жеңді.
Қызылдың әуенімен атқа мініп,

Күшпенен жеңгесін де алып келді», — деп жырлауы да осы айтылғандарға дәлел бола түседі. Бұл шумақтағы Есенгелді деген Е. Панченконың куәрінің бірі көрінеді. 1919—1920 жылдары №10 болыста Кеңес төрағасы болып, қарауындағыларды қамшының астына алып, күшпен бағындырған. Бұл кездегі әкімдердің тағы бір өнері — жыл, келіншектерді алдып, тартып әкету болыпты. Гиндаш ақын сондай бір болған оқиғаны айтып отыр.

Міне осы айтылғандардан Е. Панченко мен оның сыбайластарының толық бет-бейнесі анықпай ма?

Е. Панченкоға С. Жакыпов, Б. Сабитов, Дельдин, Яхин т. б. қосылған. 1920 жылдың басында Е. Панченко тағы ұсталады. Бірақ Б. Сабитов бастаған қарақалпақтар, Дельдин, Яхин деген сыбайластары тұрғындарды тонап, талап Қоңырсайда тығылып жатады. Бұл уақытта С. Жакыповтың дәйекті түрде бір жерде жұмыс істегені айтылмайды. 1920 жылдың басында Таловкада болған өкіл қисымдағы барлық билік С. Жакыповтың адамдары қолында және ол өзіне берілген өкілдікті теріс пайдаланып, зиян

тегіруде деген. Ғ. Бегалиев, Қ. Есенбаев, А. Мұсағалиев, С. Алипов сияқты бірнеше Таловка коммунистерінің өтінші бөлініс жергілікті сайлау өткізуге көмектескен облатком төрағасы Д. Темірәлиевте С. Жақыповтың жауапты қызметке өз адамдарын қоятынын, зиянды билік жүргізетінің баяндаған. Бұрынғы және қазірде Шортанды басшыларының Таловка қисымында торлық жасап, қызметкерлерді қудалай бергені айтылады. Міне, осындай қиын жағдайда Д. Темірәлиев қисымда ауылдық, болыстық кеңес сайлауын, 1920 жылы уездік Совет съезін өткізеді.

Сонымен, Таловка қисымында Совет өкіметі орнады. Бірақ, бұл уездік ауатком да тыныш жағдайда жұмыс істей алмады.

3. ТАЛОВКА УЕЗІ 1920—1927 ЖЫЛДАРДА

1919 жылы желтоқсан айында Жалпақтал, Әбіш т. б. көптеген жерлерді Қызыл Армия ақ казактардан босатады. Азамат соғысы аяқталды. Бейбіт шаруашылық, мәдени жұмысқа көшетін күн туды. Бірақ Таловка қисымы үшін мамыражай күннің арасы алыс еді. Үздіксіз 7—8 жылға созылған соғыс зардабы елдің экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайын тұрала-тып кетті. Большевиктердің 1918—1920 жылдары жүргізген Соғыс коммунизмі саясаты, яғни зорлықпен, қару күшімен билеп-төстеу елдегі саяси жағдайды ушықтырып жіберді. Жергілікті кадрлар жетіспей, көрінген сауатты адамды пайдалану іске зиянын тигізді, адамдар арасындағы қарым-қатынас қатыгездікке, аямаушылыққа айналды. Бұның үстіне қуаншылық болып, егін шықпай, 1921 жылы аштық басталды. Ел ішінде нешетүрлі індет ауруы көбейді.

Бөкей облысы 1920 жылдан губерния деп аталып, Кир (Қаз) Ревком қарауына кіреді. Бұрынғы қисымдар, округтер, енді уезд болады. Таловка уезі жаңадан он болысқа бөлініп, ауылдар мен болыстарда қайта-қайта Совет сайлауы өтеді. Алғашқы коммунистік ұялар да осы жылы пайда болады. Бөкей губнарткомы ауыл-қоныстарға өкілдерін жіберіп, үгіт-насихат жүргізіп, коммунистер қатарына жастарды шақырады. РКП(б) қатарына М. Шомбалов, (1918 жылдан), Ғ. Қарашев, Ғ. Мұсағалиев, Қ. Есенбаев, Ғ. Бегалиев (1919 жылдан) үлкен үмітпен мүше болған. 1920 жылы партия қатарына — Сағит Мусин, Сүнғат Әлипов, Ғаббас Қенжеғарин, Тасболат Сексенбаев т. б. кіреді. Бұл уақытта С. Жақыповтың не істеп жүргені әлі де белгісіз. 1919 жылы желтоқсанда Орданы ақтар шапқанда ол қашып кетеді, 1920 жылдардың басында Теке, Сарытау қалаларында болады¹. Осы қашып кеткені үшін сол кезде С. Жақыпов партия-



Қалел Есенбаев.

дан шығарылады. ² Сонда да ол Таловкаға қайта келін, саяси істерге араласа берген. 1920 жылы наурыз айында губпарткомның қызметкері Ғұмар Айдадалиев Таловка уезінің 7—8 болыстарында өзі партия жиналыстарын өткізіп, РКП(б)-ға мүшелер қабылдап, сайлау өткізген. ³ Уездік партия конференциясын шақыруға дайындық жүргізіледі.

Осы жылы көкек айында бірінші уездік партконференция болып, онда уездегі саяси жағдай талқыланады. Уездік партия комитеті сайланып, оның тұңғыш төрағасы Ғұмар Айдалиев, хатшысы Жұмағали Ізбасаров болады. ⁴ Бұдан кейін, уездік Совет жұмысы да жандандырлып, ауылдық, болыстық Советтер сайлауы өткізіледі. Бірақ кейбір деректерде Советтердің көбінде С. Жақыпов, Е. Панченко адамдары отыр делінген. Советтердің уездік съезі туралы толық архив деректер өкінішке орай сақталмаған. 1920 жылы көктемде болған бұл съезд үлкен таластартыспен өтеді, билікке таласу тоқталмайды. Съезд өткізуге

арнайы келген Д. Темірәлиев Ғұмар Қарашевтың үйіне тоқтайды. Өйткені Ғұмар ол уақытта ел ішінде өте беделді, көпшілік оны сыйлайды, съездің өтуіне ықпалы болады. Таловка уездік Советінің І-съезінің президиумына Ғ. Қарашев, Д. Темірәлиев, У. Сүйінішбаев, С. Маширов, М. Идрисов, А. Еникеев т. б. сайланады. Съезді А. Еникеев деген кәрія коммунист ашып, қисым аткомы атынан баяндаманы П. Ақсартов жасайды. Съезд делегаттары айтыса келе, екі топқа бөлінеді. Уездік аткомге көпшілік дауыспен оқығандар сайланғанымен (Төрағасы Қалел Есенбаев) олардың дәйекті жұмыс істеуіне мүмкіндік болмаған.

Ұрлық өршіп, бандылар дегенін істейді. Бұл уақытта 4-армия таратылып, 2-еңбек армиясы құрылады. Бөкей губерниясында қарулы күш қалмайды. Ал, Е. Панченко қарулы отряд ұстап, оны «партизан» деп атап, таратпаған. Сонда ол қай жаудың тылында соғысыпты? Жауы— Сапожков, Серов, Насаев, Қ. Тоғызбаев, Б. Сабитов секілді бандалар. Бірақ бұларға қарсы Е. Панченко отряды күресті деп ешкім айтпайды, еш жерде жазылмаған. Оның орнына Е. Панченко отряды Таловка қисымымен көршілес аймақтар жұртына қиянат жасайтыны Бөкей губерниялық советтер съезінде тағы әңгіме болады. Бұдан бұрын Бөкей облыстық Советінің І—ІІІ-съездерінде Е. Панченко бандысына қарсы күресу мәселесін делегаттар көтеріп, талап қойған еді. Енді губерниялық съезде де осы мәселе күн тәртібінен түспей, «...Панченко (отряды) өзін ел тонау және қылмысты сұмдық қимылдарымен Таловка және көрші қисымдар тұрғындарының зәресін алып, қауіп төндіруде»,—делінген.⁵

Бірақ архив деректері 1920 жылдары Таловкада С. Жақыпов пен Е. Панченколардың билігі жүріп, түрлі қылмыстық істерге жол бергенін көрсетеді. Ал, олармен бел шешіп күресуге губкомда қарулы күш болмаған. Таловка уезіндегі саяси жағдайды тағыда анықтау үшін Губатком мен партком Ламский, Төкелов, Қ. Нұғымановтардан комиссия құрып, тағы да тексеруге жібереді. Шығарған қорытынды мынадай: Таловка уезінің мекемелері мен тұрғындары түрлі талау салдарынан жұмыс істей алмай отыр. Е. Панченко, Дельдин, Нестеров тағы басқалар 2-еңбек армиясының Новоузенскідегі Ерекше бөлімшесімен тығыз байланыста болып, халықтың зәресін алып, берекетін кетіруде. Жауапты қызметкерлер үстінен жалған материалдар жиналып, қудалануда. Шортандыдан 20—30 адамы бар отряд Таловка жеріне баса көктей келіп, ел тонап, мал, дүние тартып алып, қарсылық көрсеткендерді Ерекше бөлімге жібереміз, атамыз деп қорқытады екен.⁶ Бұл Шортанды басшыларының 1918 жылдан бергі дағдылы кәсібіне айналған. Шортандыдағы сыбайластарының көмегімен Е. Панченко Таловкада тұрған Қызыл Армия эскадронының қару-жарағын алдап, тонап алған.⁷

Ел тағы да дүрлігіп, жан-жаққа бас сауғалап каша бастаған. 1917 жылы қисымда 50 мың тұрғын болса, 1920 жылдың аяғындағы санақ бойынша — 37 мың адам қалған екен.

Бұндай бейбастықпен Бөкей губерниялық ЧК-сы да («ЧК төтенше комиссия») күресеті. Өйткені оның жұмысы да оның тұрмаған еді. Губчека төрағасы А. Гайдың өзі ел тонап, пара алуға дейін барған.⁸ Сондықтан да әуелі Губчеканың өзін тазарту қажет болды. 1921 жылғы қаңтарда Бөкей Губчекасынан Керей Нұғыманов Таловкаға келіп, милиция қызметіндегі бастықты терген-тексеріп, шара қолдана бастайды. Таловка уездік аткомында ол Е. Панченко, Михаил және Егор Новаковтар, Орлов, Сабитов сияқты бандиттердің қылмысты істерін әшкересе жасайды. Өз бастарына қауіп төнгенін сезген С. Жакыпов, Е. Панченко, Ж. Избасаровтар сол түні Таловкадан қашып шығады.

1980 жылдары Алматыда мен Е. Нығметов деген бөкейліктің көзінше Ж. Избасаровпен сөйлесіп, сөз арасында: «Жұм-еке, 1921 жылы қаңтарда үшеуін Таловкадан неге қаштыңыз және кайда бардыңыздар?» — деп сұрадым. Ол көп ашылып айтпай: «Ол кезде жағдай қиын, бізді құртып жіберуі мүмкін еді. Біздер: Серікқали, Ефим және мен Шортанлыға барып, сосын Серікқали екеуміз Мәскеуге бардық та 1919 жылдары Ордада істеген Вадим Лукашевқа жолықтық. ВЧК-да қызмет істейтін ол бізді бастықтарымен таныстырып, Сарытау губерниясының қарауына жаңа көшкен Новоузенск уездік ЧК-ға жіберді», — деген. Сөйтіп бұлар достарына қосылып, тағы да Таловка уезіне шабуыл жасауларынан тиылмаған. Соның салдарынан 1921 жылы көктемде халқымыздың ардақты ұлы Ғұмар Қараш қаза болды. Е. Панченко 1953 жылы бір сөзінде оны өзім өлтірдім деген.¹⁰

1975 жылы Ж. Избасаров Бөкей облысында, Таловкада Совет өкіметінің орнауы туралы көрген-білгенін жазып, естелігін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне жолдаған екен. Оның баяндауынша С. Жакыпов, Е. Панченко және өзі — үшеуі ғана нағыз большевик, ал қалған адамдар, әсіресе облыстың жауапты қызметкерлері шетінен «буржуазия ұрпағы», «ұлтшыл», «алашордашыл», «контрреволюционер» болып шыға келген. Солардың ішінде жерлесіміз М. Шомбалов, Ғ. Мұсағалиев, Ғ. Қараш, Қ. Есепбаев, Ғ. Бегалиев т. б. бар. Ғұмарды «молда», «алашшыл», «Ұран» газетін шығарды», «алашқа қазы болды» — деп, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романына сілтеме жасаған. Сол Ж. Избасаров 40 жыл партия жұмысында болып, Орталық Комитетке дейін жоғарыдаған еді. Бұлар бар кезде Таловка тарихын шынайы жазу мүмкін бе еді?... Қайта олардың «көзкөргенім» деп жазған «естеліктері» күні бүгінге

дейін қарапайым оқырман түгіл мамап тарихшы, ғалымдардың өзі шатастырып отыр емес пе!...

Ал, Таловқаға қайта оралсақ елді қан қақсатқан бандитизм 1927—28 жылдарға дейін жалғасты. Осындай шым-шытырық заманда Ерғали Аязбаевтың:

«Заманның мынау жалған шолағында,

Жөн таппай надандықпен адасамын», дегеніндей, небір қайратты, пысық жігіттер ел ішіндегі ылаң, талау, жік-жікке бөліну салдарынан қауіпті жолға түскен. ¹¹ Оған Ерғали, Ахонгали сияқты арқалы, атақты өнер адамдарының өмір тағдыры куә. Талантқа табынып үйренген халқымыз бұларды «банды» деген жаман атқа қимайды, әңгімелерінде, әсіресе, Е. Аязбаевты, Е. Панченко мен Б. Сабитовке, С. Жақыповқа қосқысы келмейді. Бұлар туралы тергеу істер, куәлардың жауаптары архивте сақталып қалған. Ол бір өзінше ұзақ тарих, бөлекше әңгіме.

Жұт—жеті ағайынды дегендей енді бұған шеттен келген бандитизм қосылды. Жалпы «банды» деген 1919 жылы пайда болған. Жеңілген ақ әскері шегіне қашып, Бөкейлік үстімен оңтүстікке ағылады. Олар жолшыбай ел тонап, совет, милиция, партия қызметкерлерін атып кетіп отырған. Қызыл Армиядан қашқан дизертирлер де келіп, бандылық жолға түскен. Соның бірі — Құспан Тоғызбаев отрядымен №3 болыс жеріне келіп, «Ағай Қаракөлі» деген жерге бекініп, елге зиянын тигізе берген.

Бірде Құспанның екі адамы малын суарып жатқан Сыралы деген байға келіп: «Мұнда большевиктер бар ма?— деп сұраған. Ештеңенің байыбына бармаған бай Кенжебай дегеннің үйін көрсетеді. Олар Кенжебайдың үйіне барып, оның ержеткен 6 баласын табанда атып тастайды. Сөйтсе олар Құспанның туыстары екен, Кенжебайдың өзі әкесі Тоғызбайға құмнан қыз алып қашқанда серік болыпты. Түтеп кеткен Құспан екі бандысына: «Кім айтты оларды большевик», — деп, олар большевик емес, менің туысым ғой!— деп бақырған. Сасқан екеуі Сыралы байды көрсетеді. «Ә, сол ит, кезегінді өзің сұрап алдың ба?»— деп Құспан азуын қайрап, сұп-сұр болып кетіпті. Баяғыда осы байдың 4—5 жылқысын ұрлап, ұсталып, оны ауыл старостасы Қарабала Бәйуәлиев соттатып жіберген екен. Содан беті күйіп маскара болған Құспан елге жолай алмай, мерзімін өтегесін Ресей жерінде жалшылықта болып, одан Қызыл Армияға кіріп, енді одан да қашып-пысып жүрген кезі ғой. Сыралы байды табанда аттырған. Ал Қарабаланы қолға түсіре алмай, андумен болады. Құлыққа көшкен Қ. Тоғызбаев: «Біздер құмға кеттік»,— деп отрядымен қозғалып, сенімді адамдарын тастап кетеді. Олар түнде келіп, Қарабаланы қолға түсіреді. Келгендердің сыңайын байқаған Қарабала: «Шұғыл Есенғалиға (Құспанның ағасы.— И. Қ.) жет, биені аяма! Тез Құспанға жетсін, «Сосын Ерғалиға

бар»,— деп баласына сыбырлап үлгереді. Қарабаланы көрген Құспан ызбарланып: «Ә, сұм шал, қолға түстің бе? Баяғыда Сыралының 4—5 жылқысын ұрлағаным үшін ұстап алып, сабап, ел көзінше маскара қылып едің, енді иманыңды айта бер»,— дейді. Уақытты ұтпақ болған Қарабала: «Шырағым, ауылнай болғасын ұры-қарыдан елді қорғау міндетім, ағаң ретінде ісіңе ыза болып, көршінің малын алдың деп ұрғаным да рас»,— деп сөзді соза береді. Бір уақыттарда хабар алған Есенғали келе: «Шірік неме, елге отряд әкеліп ағайынды бүлдірдің, кеше Қен-жебайдың балаларын өлтірдің, бүгін Қарабаланы жоймақсың. Әне, Тереңкөлде Ерғали Аязбаев бастаған қызылдың отряды жатыр. Өлімші әке-шешенді, бізді ол тыныш қоя ма?! Соны неге ойламайсың?! «Ойбай жібер Қарабаланы, өзің кет елден, қаранды батыр!»— деп боктап, жер-жебіріне жетеді. Ерғалидан қорыққан ол амалсыздан Қарабаланы босатуға мәжбүр болады.

Міне, ел есінде қалған бандының бір әлербақан қылығы осындай.

1921—25 жылдары елде банды көп болған. Тауық, Насаев, Серов, Б. Сәбитов, кейін, Бекіш, Ахонғали, Иманғали Қарабалиевтер, Амангелдиндер «банды» атаңды. Жергілікті үкіметте күш жоқ, жиі-жиі әскер шығару тағы мүмкін емес. Сондықтан тұрақты армия қатарында болып, әскери дайындықтан өткен бандылардың басынғаны сонша, ойына келгенін істейді. Мәселен, Иманғали Қарабалиев дегені үш әйел алады, ол аз болғандай, бір байдың қызын «Берсең де алам, бермесең де алам»,— деп тартып әкетеді. Бірақ үш әйел жас қызды сыйдырмай, оны ақыры үйіне әкеліп тастайды. Архивте И. Қарабалиевтің, Боқай Сәбитовтың тағы басқалардың қылмысты істері жөнінде фактілер көп. Боқай Сәбитов інісі мен қарындастарын да банды қатарына қосып, ел тонап, көп жыл жұрттың берекетін алып, талай қасірет әкелген.

Әр жақтан ығысып қашып келген бандылар ел тонап, Совет милиция, партия қызметкерлерін өлтіріп кете берген. Тұрақтаған бандылар да болған. Құмнан Аманғали, Құлбай т. б. банды отрядтары келіп-кетіп жүрген. Мысалы, Құбаш Айдыналиев 1919—1921 жылдары милицияда істейді. Сол үшін бандылар бұны аңдып, маза бермейді. Олар милиция командирі Ғаллам Хасановтың үйін екі рет, Айдыналиевтің үйін бір рет тонап, өртеп кеткен.

Күші жетімсіз милицияға бұндай қаптаған бандылармен күресу қиын болады. Милицияның бір отрядының командирі Бекеш Құнафин деген өте батыл, әрі ақпалды кісі екен. Ол 1921 жылы қаңтарда Қ. Тоғызбаевқа кісі жіберіп: «Құлбай бандысы менің ауылымды тонады, әйел, бала-шағаны жәбірледі. Енді оны

ұстауға көмектеспесе, бүкіл ауылынды құртамын», — депті. Содан сасқан Қ. Тоғызбаев амалсыз Бекешке: «Төрт кісімен Төлепсайға келсін, Құлбай өз отрядымен Әмірсәлім байдың үйіне түседі», — деп хабар береді. Уәде бойынша Бекеш Құнафин, Қайролла Сатқанов, Жангерей Біләлов және Қ. Айдыналиевтар Төлепсайдағы Табылдының үйінде Құспанмен кездеседі. Содан Құспан Құбаш Жұмағелдиев, Сәлімгерей Қошқатақов, Атауолла дегендерді жіберіп, Құлбайды шақырып әкеліп, қолға түсіреді. Сөйтіп, оларды төртеу-бесеуден шақырып алып, қарусыздандырады. Сөйтсе, көбі Жиекқұмның бозбалалары екен, енді бандыға қосылмаймыз деген уәделерін алып, босатып қоя береді. Ал Құлбайды шауып өлтіреді. Міне, бір банды тобы осылайша талқандалады.

1921 жылы қаңтар айында уезге Вершанский бастаған бір извод қызыләскерлер келеді. Вершанский өзі ұшқалақ, ұрыншақтау адам болады. Әр жерге шапқылап, тіпті ел тонайды да, жазықсыз адамдарға жәбір жасайды. Содан болар оны жергілікті тұрғындар қолдамаған, ақырында өзі де өкінішті қазаға ұшыраған. Дегенмен, Ногтев пен Вершаанский бастаған отрядтар 1922 жылы қаңтарда өзара келісе отырып, Ащыөзек бойына кеткен Қ. Тоғызбаев бандасының ізіне түсіп, қоршап алады. Құспан оққа ұшады. Қолға түскен оншақты бандыны табанда атып тастайды. Құспанның әйелін ағашқа байлап қойып, шауып өлтіреді. Осылайша қызыләскерлер де қатыгездік заңсыздық көрсетеді.

Таловка уезіндегі ауыр саяси жағдай, бандылар мен ұрлыққа қарсы күресетін мардымсыздығы Республиканың басшы орындарына мәлім болды. Бөкей губерниясында бандымен күресетін әскери күш ұстай алмады. Оның үстіне уезд ішіндегі жікке, топқа бөліну қалмады. Совет, партия қызметкерлерінің өзі ұрыларды ұстап, жауапқа тартудың орнына, жасыратыны байқалды. Бұл жай Өлке басшылығына мәлім болып, 1922 жылғы желтоқсан айында Қазақ Орталық атқару комитеті өз өкілін Таловкаға әдейі жіберіп, тексеруге мәжбүр болады. Қазатком мүшесі М. Өтегенов жағдаймен таныса келе уезде бандитизм мен ұрлық қатар өрістеп тұрғанын, Боқай Сабитов бандылығы, Е. Аязбаев т. б. ұрлығымен батыл күрес жоқтығын біледі. Тіпті Т. Сексенбаев, Ғ. Елеусинов, А. Еникеев т. б. Кеңес қызметкерлері ұрыларды жасыратыны да байқалады. Шортанды уезіндегілер де Таловка ішкі істеріне араласуын қоймайды. Тексеру қорытындысы бойынша Бөкей Губаткомы бірталай шараларды белгілеп орындайды. Ең алдымен үздік милиция бастығы Тасболат Сексенбаев өз міндетін атқара алмады деп айыптап, орнынан босатады. А. Еникеев т. б. жұмысынан алынады. Уездік атком төрағасы болып 1923 ж. С. Жақыпов тағайындалып еді,

ол да сенімді ақтамады ма, 5—6 айдан соң қайта шақырып алып, басқа уезге жіберді де, уездік атком төрағасы М. Оразов милиция бастығы Ә. Мұқашев болады. Бұлар әлініше бірталай жұмыс істейді. Ең алдымен тәртіп мәселесін көтеріп, милиция заң орындары мекемелерінің жұмысын жолға қоюға тырысады.

Амалдың жоқтығынан осы кездерде ЧОН (Части особого назначения) арнайы милиция отрядтары ұйымдастырылады. Бұл іске де мұғалімдер мұрындық, үлгі болады. А. Болатов, И. Жұмағазиев, Н. Кеңжалиев, Ш. Достанбаев, Х. Әжікеев, Шүңке Абдрахмановтар т. б. мектепті жауып, қолына қару алады, аз уақыт әскери даайыптықтан өтеді. Аудан басшысынан бастап баршасы бандыдан қорғануға мәжбүр болады. Бандымен күресетін отрядтың саны өсе түседі. Енді ашық айқас басталып, бір-неше жылға созылған қатерлі де қанды күрес жүреді.

1923—24 жылдар аралығында Бөкей губерниялық атқару комитеті әскери комиссариатпен бірлесіп, Таловкада 20 адамнан коммунарлар отрядын құрып, олар әрбір 12 сағат сайын өз іс-қимылдары жөнінде Ордадағы ЧОН штабына хабарлап тұратын болған. ¹²

Бандылардың көбі ұрыс даласында өліп, жырылғанымен бірталай басшылары қолға түсіп, тергеуден өтіп, сотталады. Мысалы, Боқай Сәбитов бандысында 1924 жылы 30-ға тарта адам болған, олардың ішінде 17 жастағылар да бар. Боқайдың өзі, ағасы Салық, інісі Фатых, қарындасы Мағрой қарулы талаудың бәріне қатысқан. Бұлар Сарытау, Самар губерниялары мен Жаңақала жерінде ел тонұмен айналысқан. 1924 жылы акпанда Сәбитовтер, Тілеп Мұсалиев, Нестеров, Орлов тағы басқалар Жаңақалада бір-уді тонап, үш адамды өлтіріп, дүниесін алған. Бұлар Таловка азаматтарының мүлкін, ақшасын тартып ала берген. ¹³ Тіпті, беттеріне маска киіп алып, осы күзде жәрмеңкеден кайтқан 50 адамды тонаған. Банданың зәбіріне шыдамаған көп адам уезден көшіп кетуге мәжбүр болған. Бандылар әсіресе, қыз-келіншектерге қырғидай тиіп, бірінің әйелін бірі ұрлап, алып қашып, неше түрлі ұят жағдайға ұшыраған. 1925 жылдың аяғында Таловканың бір топ адамы Орал Губаткомына: «Сәбитовтер бандасы ауыл аралап, неше түрлі сұмдықтар істеп жүр, 16 азаматты тонап, олардың 137 бас мал, 17 жүк арба мүлік, 3000 аршын мата тартып алды. 4 кісіні өлтірді», — деп арыз жазып, шара қолдануды сұраған. ¹⁴ Боқай бандысы 1926 жылы ғана толық қолға түсіп, сотқа тартылады.

1920—1927 жылдары бандылармен күрес әртүрлі сатыда жүріп, жатады. Уездің саналы азаматтары амалсыз қолына қару алып, әр жерде өз беттерімен отряд болып топтасып, шара қолданады. Мәселен, 1920 жылы жазда Қішей келінін жағасында А. Сапожковтың 1000 адамнан құралған бандысына қатты соқ-

қы беріледі. Одан кейін Серов, Еркін, Тауық бандыларына соққы беріледі. Бұл бандылармен соғысқа ЧОН милиция, коммуна отрядтарында А. Болатов, И. Жұмағалиев, Жағынар Мырзағалиев, Ғалләм Хасанов, Ғаббас Кенжеғарин, Бекеш Құнафин, Қабдолла Мұстафин, Қайролла Сатқанов, Сағит Мусин, Құбан Айдыналиев, Калаш Ермағамбетов, Шомбал Достанбаев, Бекбау Жұрқанов, Жұмағұл Дзулетов сияқты азаматтар қатыласқан. Бір милиция отрядының командирі Ғ. Хасанов, Бекеш Құнафин екінші отряд командирі болған. ЧОН-ның бір тобын Асқар Болатов басқарады. 1921 жылы шілдеде Серов бандысы Құркөл деген жерде жатып, қорғаусыз қалған Таловканы алады. Көмекке келген ЧОН отряды Таловқаға шабуыл жасап, бандылармен қолма-қол шайқасады. Ұрыс кезінде Ш. Достанбаевтың атына оқ тиіп, жау жақта жаяу қалады. Сол кезде Насыр Жардемалиев кері оралып келіп, жауып тұрған оқ астында атын тоқтата алмай, Шомбалға: «Ұста аттың құйрығынан!», — деп айқайлайды. Ш. Достанбаев жалма-жан шауып өткен ат құйрығына жабысып, жаудан құтылады. ¹⁵Кешікпей жау шегінеді. Бандылар соғыста Таловка уездік аткомының төрағасы Қадір Ғұмарұлы Қарашев, Өтеп Нығметов, Н. Жұмалиев, К. Ермағанбетов, Жұмабай Сапарғалиев, Абдрахман Бөркеновтер ерлік көрсетеді. Уездік атком төрағасы Қадір Қарашев 1922 жылы бандылар қолынан қаза табады.

Ұрлыққа қарсы күрес тоқталмайды. Ұрылардың бір тобы Е. Аязбаев төңірегіне топтасады. Жерлесіміз Мәниәп Қалекешов кәрия Ерғалиді 1924 жылы күзде Жәнібекке айдалып бара жатқан кезінде көргенін айтады. ¹⁶ Бірақ Е. Аязбаев 1925 жылы босап шығады. Ұрлықты қоймай, Ерғалидің адамдары Шортанды уезінің Пшеничный қонысынан 1926 жылы 9 бас малды ұрлайды. Енді тергеу күшейіп, Е. Аязбаев тағы қашқын болып, ұстатпай көп жүреді. Қылмысы көбейгесін милиция артынан қалмайды. ¹⁷ Жасы 60-қа келіп қалған Ерғали қажыды ма, әлде шаруамен тиянақты айналыса алмай күйзелген бала-шағаны аяды ма, әйтеуір бір өлеңінде:

«...Долданып атқа міндім ашуменен,
Қор болды-ау алтын басым қашуменен.
Қан, сарысу тұла бойды алып болды-ау,
Крестеп кару-жарақ асуменен,— деп опық жеген-

дей болады.

Бұл өлең милиция, аудан басшылары құлағына тиеді. 1928 жылдың басында Е. Аязбаевтың өзі келіп, өкіметке беріледі. Сөйтіп, ұрлық тобы да бітеді. Осылайша, бірте-бірте ел іші тыныштала бастайды.

1918 жылдан бастап Бөкей облысында оқу-ағарту ісіне ерекше көңіл бөліне бастады. Ең алдымен коныстарда жаңадан қазақ мектептерін ашу, сабақты ана тілінде жүргізу, балалардың қашықтан келіп оқуына жағдай жасау, жаңа оқу бағдарламасын дайындау қолға алынды. Кеңес үкіметінің заңдарына сүйене отырып, мектепке деп тәуір, кең үйлер де бөле бастады. Жаңадан мектеп үйін салу қиын болғасын икемді, беделді азаматтар есті байларды үгіттеп, өз қаржыларына мектеп үйін салдырған. Тек Ғұмар Қарашұлы №1, 2 болыстарда 4 үй салдырады. Олардың біреуі қазіргі Қараоба ауыл кеңесі жеріндегі Тіленші сайында салынып сол мектепте және Ғ. Қарашұлының өзі жазған әліппе, алфавит пен оқыған апайларымыз әлі дені сау, Қараобада тұрады. Солардың бірі Күлдыбаева Қайша Тіленшісайда Ғұмар Қарашұлында оқыған. Танғалиева Бақыт апай да оқыған, екеуі де Қараобада тұрады. Бұлардың мәлімдеуінше Ғұмар байларды үгіттеп, жергілікті үкіметтен түрлі жеңілдік, алып, 8 мектеп үйін салдырған. Өзі А. Байтұрсыновпен қатарласа араб графикасы негізінде қазақ жазуын шығарған. 1918 жылы Таловкада, Кішей, Жаксыбай, Тоқбас көлі т. б. мекендерде I-бастауыш мектептер ашылды. Онда 9—11 жастағы балалар үш жыл оқуы тиіс болады. Екінші басқыш мектепте 12—16 жастағылар 4 жыл, үшінші басқышта 17—18 жастағылар үш жыл оқуы жобаланады. (Астр ОМА I к. I т 74 іс, 33 п.) Таловкада бес бастауыш, Шойтық Саралмыны, Әбіш, Борсы, Кішейде, Мешеркөл мен Тереңкөлде жаңа мектеп жұмысы басталады. Кішейде Г. Воловод, Таловкада II-ші басқышта Сейтхан Ажгереев; Хан (Мұқаметжан) Жақыбалиев, Шойтық Саралжын көлінде Қажым Басымов, Тіленші сайда Ғұмар Қарашев, Ащыөзекте Иманбай Жұмағазиев т. б. жұмыс істеді. Мектептерге мұғалімдер жетіспегесін, амалсыз сауатты адамдарды пайдаланды. 1918 жылдың қыркүйегінен Ордада қысқа мерзімде мұғалімдер курсы ашылды. Оған оқуға Таловка қисымынан Ғ. Бегалиев, А. Шүңгілов, Н. Кенжалиев т. б. барып, алты айдай 50 шақты адам оқып, бітіріп шықты. Солай мұғалімдерді дайындай берді. Бірақ бала оқыту қиын болды, оқу құралдары, стол, парта, такта, оқулықтар т. б. оқу аспаптары болмады. Оқыту методикасын да жаңадан жасау қажет болды. Бұл міндеттерді шешуді С. Меңдешев, Н. Залиев, Ғ. Қарашев, Ғ. Мұсағалиев т. б. мұғалімдер белсенді қолға алды. Әсіресе, Ғ. Қарашұлы бұл жылдары көп және жемісті еңбек етті. «Мұғалім» деген журнал шығаруды басқарып, өзі педагогика, методика туралы мақалалар жазып, жариялады. Өзі әліппе шығарды, мұғалім де болып бала оқытқан. Бәрі бірлесіп түрлі оқу құралдарын жасайтын шеберхана ұйымдастырған. Азамат соғысының ауыр зардабын басынан кешіре отырып Таловка қисымының мектеп-

гері актер мен бандылардың оғы астында, қудалауға ұшырай жүре мектептер жабылмаған.

Жұмағазиев алғашқы ана тілінде оқытатын мектепке халықтың көзқарасы жақсы болғанын, онда «жаңа әліппе» I, II және III тіл құралы атты қазақ тілі грамматикасы, «Есеп құралы» атты шағын арифметикалық есеп, жаттығу жинағы пайдаланылып еске алатынды. Бірақ бұл құралдардың өзі өте аз, 3—4 оқушыға бір кітаптан келген. Соған қарамастан уезде жаңа мектептер саны тез өсіп, 1920 жылдың өзінде бірінші басқын баулу мектебінің саны отызға жеткен. Бірақ алғашқы мектептерде қыздар өте аз оқыған. И. Жұмағазиев 1923—1924 оқу жылында «Тоқбаскөл» баулу мектебінде ешбір қыз оқушы болмағанын, келесі жылы оған өзі меңгеруші болып келіп ауылдағы Хафиз Жұмалиев, Қалаш Ермағанбетов, Абдрахман Беркин сияқты белсенділердің, үгіт-насихаттың көмегімен 1924—1925 оқу жылында қыз балалар мектептегі барлық оқушылардың 10 процентіне жеткенін еске алады. «Мешеркөл», «Жолдайкөл», баулу мектептерінде де жағдай осындай еді. 1925—1929 жылдары халық өз күшімен бірнеше мектеп салады. Таловкада таяныш мектебі деген салынып онда оқытушылыққа Ысмағұл Шанов, Тінәлі Шағыров, Әсет Дінішев сияқты ұстаздар тағайындалды. Сол кезде оқу программалары жасалып, кадр мәселесі шешіле бастады. Педтехникум бітірген мұғалімдер келе бастады, жағырапия, жаратылыстану оқулықтары қазақ тілінде шыға бастады. Таловка Таяныш мектебі 1927—1928 жылы шаруа жастар мектебіне айналды.

Халық комиссарлар Кеңесінің 1919 жылғы декабрьдегі «Халықты жаппай сауаттандыру туралы» декреті шыққан соң балаларды оқытумен бірге Таловка өңірінде халықты сауаттандыруға да көп күш жұмсалды.

Ауыл-ауылда «Сауатсыздықты жою» пункттері құрылып, мұғалімдер тағайындалған. Сонымен бірге аудандағы зиялы азаматтар оған зор үлес қосқан, ауыл мәдениетін көтеру жолында көп еңбек сіңірген. Мұғалімдер Геннадий Рождественский, Мұқаметхан Жақыбалиев, Мұханбетжан Қайранбаев, Иманбай Жұмағазиев, Паңгерей Ақсартов Ғаллам Хасанов, Шүңке Абдрахманов тағы басқа жастар болып Ишанғали Мендіхановтың «Малдыбай» пьесасын Таловка сахнасында алған қойғандары, Ғұмар Қарашевтің өлеңдерін оқып, халық әндерін айтып, Құрманғазы, Дәулеткерей, Сейтек күйлерін шертіп концерт қойған.

Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қарашұлы сынды тума таланттар дүниеге келген топырақтан кеудесі өлең-жырға толы ақын-жыраулар, домбыра, сыбызғы, гармонь, қобыздың құлағында ойнайтын әнші-күйшілер көптеп шыққан. Ел ішіндегі гиндаш Мұсағалиев, Ерғали Аязбаев, Хан Есенбаев т. б. белгілі-белгісіз

халық дарындары байырғы өнерсүйгіштік дәстүрді үзбей, бүгінгі буынға табыстады.

«Таловка туып-өскен елім еді-ай,

Кір жуып, кіндік кескен жерім еді-ай»,— деген Ер-

ғалидың ән-әуені аздаған өзгеріспен бүгін де жұрт аузында жүрмес пе?! Оның әндері күні бүгінге дейін құнттап жиналмаған, тек «Шайтанқара» әні ғана «Қазақ әндері» жинағына еніп, оның әуені «Қыз Жібек» операсында пайдаланылған. Сол сияқты әрі акын, әрі әнші Финдаштың да мұрасы жинақталмаған. Бір кездері И. Жұмағазиев оның 10 шақты бег өлен-топтамасын Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтына табыстаған екен, ол да жоғалып кетіпті. Финдаштың өз кіндігінен бала болмаған, бір нәрестені асырап алса, ол тіпті жаңа шүлдірлеп шығып келе жатқанда шетінепті. Сонда қатты қайғырып, өлеңге қосқан Финдаштың:

«Қасыңнан қайда барсам қалмаймын деп,

«Қарғамның таудай болған талабын-ай»,— деген жолдары есімізде қалыпты. Оның әзіл-оспақ өлеңдері көп болған, бір акын қызбен айтысқанын да естіп едік.

«Екі ауыз өлең құрастырмайтын қазақ жоқ» демекші, ауызша да, жазбаша да, өлен шығару, сөз қағыстырып, айтыса кету дағдылы нәрсе болған. Қайыр Жәрдемғалиев, Шомбал Достанбаев, Иманбай Жұмағазиев, Шүңке Әбдірахманов, Ақбаулы Жанболов, Нәсиболла Кенжәлиев т. б. мұғалімдердің кезінде айтқан, кейінге жеткен өлең сөздері болған.

Мәселен, Нәсиболла бірде:

«Басында қызыл шаркат алтын тудай,

Көзіме көрінесің болып құдай.

Үстінде қылқарадан асыл бешпет,

Егегін дөңгелентіп, белін бумай»,— десе, енді бірде құрдасының атынан жазған хатта:

«Алған қол, байлаған мол сертің қайда?

Сүйіскен, сөз беркіткен беркің қайда?

Көзің жеп, көңілің шалт тіл жабысқан

Басыңа туып тұрған еркің қайда?»— деп өлеңдетеді.

Немесе:

«Па, шіркін, жас уақытта ойнап, күлсек,

Біраз күн сүріп дәурен қызық көрсек,

Көзіне әркімдердің түсер едік.

Қылтиып жақсы ат мініп, тәуір жүрсек.

Қақыром, болғым келіп шандоз жігіт,

Шалқақтап екі қолды кейін сермеп,

Жиын, той қайда болса, сонда жүрсек,

Шешенсіп, көрінгенді кекеп, ілсек.

Зауықшыл көңіл ашар болдық жігіт,
Домбыра бір-екі ауыз өлең білсек.
Осындай болсақ деген көп армандар,
Өмірдің тажалы екен ойлап білсек»,—
Еш уақыт өмірінде қор болмассың,
Соңынан өнер, білім зыр жүгірсең»,— деген әннің

тәрбиелік мәні қазір де мол емес пе?!

Бұл аймақта ән өнері де айтарлықтай дамыған. Қазақ музыкасын жинаушы А. Затаевич 1922 жылы Таловкада бірнеше күн болып, тек Қайыр Жәрдемалиев пен Нәсиболла Кенжә-әлиевтен 20-дан аса ән жазып алыпты. Оның «Қазақ халқының 1000 әні» деген кітабына екеуінің атын атап, «Ғиндаш әні», «Аязбаев әні», «Өтеп», «Аққайың» сияқты үш-үштен ән енгізген. Сол сияқты осы жинақтағы «Жайық», «Танысқан жыр», «Өтеғали» т. с. с. әндер осы Қарасу алабынан жинақталған. Әсіресе, осы кітапта берілген «Таловский» деген әнді қайта жандандыру қажет-ау дейміз. Сондай-ақ А. Затаевичтің 1931 жылы жарық көрген «Қазақтың 500 әні мен күйі» кітабындағы «Хан Есенбаев әні» мен «Қыздың әні» де Таловка топырағында туған өнер туындысы.

Бірақ, өкінішке орай, ғасырлар бойы сабақтастығын үзбеген, ауыздан ауызға таралып келген халық өнерпаздарының мол мұрасы өз кезінде хатқа түспеген, тасқа басылмаған. Сол себепті оның көп бөлігі біздің қолымызға тимей отыр. Ал, бұл кезде жалпақ қазаққа аты жайылып, кітаптары бірінен соң бірі жарық көріп, мерзімді баспасөз бетінен түспеген Қазталовкалық дарынды тұлға — Ғұмар Қарашұлы еді.

4. ТАЛОВКА УЕЗІНДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУІ ЖӘНЕ КОЛЛЕКТИВТЕНДІРУ ҚАСІРЕТІ

Азамат соғысының ауыр зардабы мен бандитизмнің бүліншілігін тез жою оңай болмаса да, уез тұрғындары 1921 жылы Совет үкіметі жариялаған жаңа экономикалық саясат шараларын жүзеге асыра бастады. 1921 жылғы аштықтан кейін егін салу, мал шаруашылығы жандана бастады. 1922—1923 жылдры егіс көлемі ұлғая бастады. Ел аш, жалаңаш отырса да, мал басын сақтап, төлін көбейтіп, өсіре берді. Алғашқы кооперациялар дүниеге келе бастады. Кооперативті Таловка қисымында ең алғаш 1919 жылы «Тіленші сайда» Ғ. Қарашев, «Жақсыбай» мекені қасында Батырқайыр Ниязов ұйымдастырған еді. Енді оның «Серіктік» (ТОЗ), «Мойынтұрық», «Коммуна» деген түрлері пайда болды. Бұларға мүше болған шаруалар ауыл шаруашы-

лық құралдарын, көлік, арбаларын ортаға салып, жұмысты бір-десе отырып атқаратын болған. Бұлайша күш біріктіру өз уақытында тиімді еді. Бірақ большевиктер жер иелену, салық салу, астық өндіру т. б. мәселелерде білместік жасап, шалыс қадамдарды көп жасады. Бұл күрделі, өз алдына арнайы зерттеуді талап ететін мәселе. Не десекте шаруаларға да, байларға да өз шаруасын жүргізу оңайға түспеді.

1919 жылдың 12-маусымында Бөкей ордасы Астрахань губерниясынан бөлініп, Қазақ АССР-ына қосылып, Бөкей губерниясы болып қайта құрылды. Осы жылдың 12-қазанындағы дерекке құлақ түрсек, Бөкей губерниясының құрамында Қамыс-Самар (17 болыс), Нарын (17), Қалмақ (9), I-Приморск (16), II-Приморск (17), Тарғын (15), Еділ—Каспий қырғыз (қазақ) (13) уездерімен бірге Таловка уезі болғанын көреміз. ¹ Оның құрамында сегіз болыс болған. Мысалы, Борсы мен Жақсыбай арасы I-болыс, Тіленшіден Кішейге дейінгі жер 2-болыс, қазіргі Қошанкөл, Теренкөл селолық Кеңестерінің территориясы 3-болыс т. с. с. Уездік Кеңес атқару комитеті жергілікті жерлерде советтендіру жұмысын қолға алды. Селолық Кеңестер, алғашқы партия, комсомол ұялары құрылып, іске кірісті. Олардың басты міндеттері: кедейлерге байлардың жерлерін бөліп беру, алғашқы қосшы комитеттерін, кооперативтер ұйымдастыру, сауатсыздыққа қарсы күрес т. б. болды.

Сол кездің куәгері, еңбек ардагері Ибат Сұлтанов өз естелігінде 1921—1922 жылдары қосшы одағының төрағасы болғанын, кедейлердің байларда кеткен еңбегін алып беруге қатысқанын еске алады. Осы кезде Таловка қонысында шағын қызыл партизан артелі құрылып, оны Тимофей Рудомоновтың басқарғаны селодағы көптеген колөнершілер, мәселен, Ғабдылахат Исмаилов, Ахмет Иманғазин, Шеруен Құсынединов, Садыр Ғалиев, Салық Ахметжанов, Балмекен Базарғалиева сияқты шеберлер осы артельге мүше болып, жұмыс істеген. 1921 жылы уез орталығынан панасыз балалар үшін 150 орындық мекенжай ұйымдастырылып, оны Ғабділжан Қайранбаев басқарады. Артель оны қамқорлыққа алған. «Сауатсыздық жойылсын» қоғамдары, оқу-отау үйлері, мәдени ағарту, сауат ашу бағытындағы жұмыстарға көңіл бөлінеді. Бірақ азамат соғысы жылдарында Таловка даласына Ресейден ығысқан ақтардың, одан кейін бандылардың салған ойраны, 1921—1922 жылдардағы жантүршігерлік аштық, мал басының, тұрмыс-тіршіліктің ойсырай кеміп кетуіне әкеліп соқты. Мысалы, Таловка өңірінде мал саны 1924 жылы 1917 жылмен салыстырғанда 40—45 процентке дейін кеміп кеткен. Ел ішінде аштық етек алып, босқындар пайда болады. Уез бойынша «Аштарға көмек» ұйымдары құрылды. Батыс Қазақстан мемлекеттік архивінде Таловка уезіндегі аштықтың зар-

даптарын жою жөніндегі шаралардың жоспары губаткомының мәжілісінде арнайы қаралып, бекітілгені жөнінде мәліметтер бар.²

Губернияда және жергілікті жерлерде құралған комитеттер ай сайын аштықтың ауқымын, көрсетілген көмектің мөлшерін, қылмыстың өсу дәрежесін, балалардың өмірін қорғау жөніндегі жұмыстарының нақты цифрларын көрсетіп отырды. «Жүг жеті ағайынды» демекші осындай қиын жағдайда қарабасының бас пайдасын ойлаушылар да аз болған жоқ. Қымбатшылық өршіп, ұрлық етек алды. Сол кезде Таловка базарындағы қара астықтың пұтының құны 13—18 сом, ақ астық 30—40 сомға, қой 140—180 сомға, сиыр 650—800 сомға, жылқы 1200—1400 сомға жетті. Киім-кешек жағы өте тапшы болды. Түрлі аурулар таралып, жетім балалар көбейді. Осы жылдары Таловка уезінде 412 жетім бала қамқорлыққа алынды. Бірақ, аштық көп адамның өмірін қиып кетті. Соның ішінде балалар көп шетінеді.

Көнекөз қариялардың (Х. Қамешев, Н. Ескендіров, Ж. Талпаков т. б.) айтуынша, жол бойында, Таловка төңірегінде аштықтан өліп жатқан адамдардың денелерін көміп үлгерудің өзі оңай болмаған. Босқындар да көп болған. Бұл кезде көрші басқа уездердегі жағдай да шиеленісе түсті.

Бөкей губерниялық кеңесі І-съезінің қаулысына сәйкес, 1922 жылдың 6-мамырынан бастап бірқатар уездер таратылып, болыстарды ірілендіру жұмысы жүргізілді. Енді Таловка уезіндегі бұрынғы 8 болыс, 4 болысқа біріктірілді. Архивте болыстардың қайсысының қайсысына қосылғаны жөнінде дәл мәліметтер ұшыраспайды. Кейбір деректерге қарағанда, 1923 жылдың 6-көкегінен бастап Алға, Жөргенше болыстары Бостандық болысына қосылып, орталығы Таловка селосы болған. Кішей, Борсы болыстары Жақсыбай болысына, Қамал, Қайырлы болыстары Талап болысына (орталығы Тіленшісай) қосылған.³

Бұл кезде 8 мыннан астам шаруашылығы, 30 мыңдай халқы бар уездегі жағдай ауыр күйінде қала берді. Оған қоса 1924 жылғы қуаңшылық, мал азығы тапшылығы негізінен мал өсірумен шұғылданатын тұрғындарға қиын соқты. Жергілікті халыққа ауыл шаруашылығы салықтары мен алымдары оңай тимеді. Сан түрлі табыс салығы мен еңбек-көлік салығынан басқа патенттік, теңестіру, жалпы азаматтық, мөр, кеңсе т. с. с. алымдар жиналды. Темекі мен сіріңке, шекер мен шай, тұздан деп қосымша салықтар тағы салынды. Оларды жинау үлкен науқанға айналды. Ай сайынғы оның мөлiметтерi қорытындыланып, орын алған кемшіліктерді жою жөнінде қатаң шаралар алынып отырды. Салықтар мен алымдарды төлемегендер Совет саясатына қарсылар деп қуғындалды.⁴

Уездегі қалыптасқан қиын жағдай және бандитизмнің өріс

алуына байланысты Бөкей губаткомының Президиумы 1924 жылғы 19-желтоқсандағы қарарымен Таловка уезінде тексеру-зерттеу жүргізу қажет деп тапты және мұқтаж адамдарға көмек ретінде 3 мың сом қаржы бөлді. Губерния тарапынан уезде қуаңшылықтың зардаптарын жою, суландыру жөнінде де қосымша шаралар алынды. 5 Бірақ қуаңшылық губернияның басқа уездерін де шарпыған еді.

Бөкей Губерниясындағы жағдайдың ауыр күйінде қалуы оның Орал Губерниясымен қосылуына мәжбүр етті. 1925 жылдың 18-мамырынан бастап енді Бөкей губерниясы уез ретінде Орал губерниясының құрамына кірді. Ол енді бұрынғы уездердің орнында құрылған 28 болыстан тұрды. Ал, Таловка уезі Бостандық (Таловка селосы), Жаксыбай, Жігер (Мереке), Сламихин, Галап, (Тіленісәй) болыстарынан құралды.

Жау жағадан, аштық етектен алған осы бір кезеңдерде губерния, уез басшылығының халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуі мүмкін болмады. Енді болыстарға олардың жұмысын жетілдіруге үлкен көңіл бөлінді. Осы мақсатта Бөкей уездік атқару комитетінің 1925 жылғы 19-қазандағы шешіміне сәйкес 24 болыстың орнына құрылған 9 болыстың бірі болып, Таловка болысы қайта құрылды. Уез аткомы, болыс басшылығы жергілікті салықтар мен алымдарды жинау, тұқым қорын жасақтау, қызыл әскерлер отбасына көмектесу, жерді, суды қорғау, бандитизммен күрес, Қосшы одақтарын құру т. б. шараларды өрістетте түсті. 6 Халықты сауаттандыру, үгіт-насихат жұмыстарына да үлкен көңіл бөлінді. «Шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден бөлу туралы» Декретке сай діни оқуға тек мешітте ғана рұқсат етілді. Бірқатар жерлерде тірек мектептері ашыла бастады. Таловкада орыс, татар бастауыш мектептері болды. Кейін ауыл жастарының мектебі ашылды.

Қазақ АССР Атқару Комитетінің 1928 жылғы 15-наурызындағы қаулысымен «Қазақстанды басқарудың округтік және аудандық жүйесіне көшіру туралы Ереже» бекітілді. Жаңа Ережеге байланысты жұмыстар республика бойынша 1928 жылдың 1-шілдесінде басталып, 3-қыркүйегінде аяқталды. Енді Таловка болысы Орал округінің құрамында Таловка (Таловский) ауданы болып құрылды.

Бұл жылдары бірте-бірте селолық Кеңестер, партия ұялары, жергілікті Қосшы одақтары жаңа саяси күш ала бастады. Халықты коллективтік шаруашылыққа біріктіру, отырықшылдан-дыру қызу қолға алынды. Бұрын байлар иемденіп келген шұрайлы жерлер кедейлер мен орташалардың пайдалануына берілді.

Бұл жылғы ірі уақиға — байларды кәмпескелеу мен тап ре-

тінде жою науқаны еді. Сол кездегі бетке шығар қазақ иялыларының (А. Байтұрсынов, Нұрмақов, С. Садуақасов т. б.) қазақ байларының байлығын түрлі бейбіт шаралар арқылы жаңа құрылысқа тарту туралы ұсыныстары ескерілмеді. Ғасырлар бойы түз тіршілігі қалыптастырған қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының ерекшеліктері ескерілмеді. Байлардың ба-сынан бақ тайып, шаруаның берекесі қашты. Жаппай несіздік етек алды, мал ұрлау, малды орынсыз сою көбейді. Таловка үезіндегі сауда-саттықпен айналысатын Қоська, Арен сияқты байлар бір түнде қашып кетті.

Ғабділғазез қазірет (Тоқпас) Қитардың Темірболаты, Сағынәлі т. б. байлар кәмпескеге жатқызылып, мал-мүліктері тәркіленді. Саралжындағы Байбарақ алаша Сағынәлі байды халыққа қамқорлығы, қйырымдылығы үшін ел-жұрты қолдап, ара түскенімен ол да жер аударылды. Ауылдағы ауқатты, орта шаруалардың да бірқатары, ағайын-тумаларын ілестіріп, Ресей жеріне босып кеті. Мысалы, Бостандықтағы Даумышар Шадияр ауылы түгелге жуық қоныс аударды. Олармен бірге Кердері, Тамалардың бірқатары кетті. Жұмысқажарамды адамдар аза-йып, көптеген ауылдар, несіз қалды.

Бұл кезге дейін кедейлер көбінесе жерді бірлесіп өңдеу се-ріктестіктерін (ТОЗ) құрып, тірлік етіп келсе, енді алғашқы колхоздар — коллективті шаруашылықтар ұйымдаса бастады. Мәселен, қазіргі Қараоба селолық Кеңесінің жерінде 9 кедей бірлесіп, «Бастауыш» атты колхоз ұйымдастырды. Оның мүше-лері кейін 300-ге жетіп, ірі шаруашылыққа айналды. Бірақ ол кейін тарап «Бастауыш», «Сәуле», «Тұңғыш», «Еңбек», «Талап» атты 5 колхозға бөлініп кетті. Сарыөзен бойында Қызыл Тудан бастап қырдағы елді мекендер қосылып, «Алға» атты коммуна (алғашқы басқарма төрағасы — Шүңки Қенжлиев) құрыл-ды. «Кекейде» тағы басқа жерлерде дүниеге келген колхоздар-ға орта шаруалар да кірді.

Березин, Ялов, Орыс Таловкасындағы ТОЗдар негізінде бұл аймақта Чапаев, Каганович атындағы және «Уражай» колхоз-дары құрылды. Сұпыш Жылқыбалиев, Таңатар Сұлтанғалиев, Рахмет Қарағаев, Нағымедин Шалабаев, Қондыкер қарт, аға-йынды Сағындықовтар мен Сариевтер, Мақаш Зейнеғалиев, ағайынды Ерғалиевтер, Мұқанбетжан, апалы-сіңлілі Ерғалие-валар, Сипан Жұмағалиев, Абдырахим Ахметов, Жолым, Әуміш қарттар т. б. осы колхоздардың алғашқы мүшелері болды. Ал колхоз басқарушылары болып әр жылдарда Нұрмұқан Баймұ-қашев, Рысқали Шүйінішқалиев, Қалиәлла Шалабаев, Иван Пономарев, Михаил Часников, Абдырахман Айтқалиев, Самен Неталиев, Василий Бородин, Дүйсенғали Есенғалиев, Ұзақбай Кеңесов, Оманғали Нұрмұхалов, Нығметолла Бердығалиев, Ға-

зез Баймұқашев, Мыңжас Ғұмаров, Хатимолла Сағатов, Ешмұхан Мырзағалиев, Өмір Нығметов, Қайыр Сәтiev, Қыдыр Қанаповтар жұмыс істеді. Қазіргі Мирон селолық Кеңесінің территориясындағы ТОЗ-дар кейін олар алты колхозға бірікті. Атап айтқанда: «Қызыл ақырап» (орталығы Оңайбек), «Қосшы» (орталығы Көпкүтір), «Новый быт» (орталығы Большой Лимон), «Жаңа таң» (орталығы Мирон), «Еңбекші» (орталығы Асан). Калинин атындағы колхозы (орталығы Аккурайлы). Бұлардың көбі кейін таратылып, одан қайта құрылып, өзгере берген.

Кейбір ауылдар өз отырған ескі орындарында артель, ТОЗ, колхоз болып ұйымдасып жатса, кейбірі көшіп келіп те бас біріктіріп жатты.

Мысалы, қазіргі Березин селолық Кеңесінің территориясындағы Сайкұдық қыстағына күм ауылдарынан 30 шаңырақ көшіп келіп, қоныстанып, алдымен ТОЗ, кейіннен Сталин атындағы колхоз ұйымдастырды. Колхозға Аркашка, Мәдікұдық, Жаңақұдық қыстақтары бекітіліп, барлығы 16620 гектардай жері болды. Ерте Күратов, Әліпқали Мыйтықов, Жұмағали Нұғыманов, Шамұрат Карамолдин, Есқали Исаев, Мәлі Шұбаров, т. б. алғашқы мүше болса, колхоздарды әр жылдары А. Зайнуллин, К. Шынтеміров, К. Шпанов, Қ. Хайруллин басқарды.

Бірақ қай кездегідей болмасын бәрін науқанға, құр даурықпашылыққа айналдыратын әдетімізден бұл жолы да асыра сілтеушілер көп болды. Шаруаларды колхозға зорлап кіргізу, малдарын еріксіз ортаға салу, күштеп отырықшы ету фактілері ұшан-теңіз. Ауыл шаруашылық артелін аттап өтіп, колхоздың ең жоғарғы формасы коммунаға, гигантка күшпен біріктіру үлкен қателік, эмербақандық саясат болды. Бұл науқанды жұмыстардың бәрінің басы-қасында ГПУ, милиция органдары болды. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген нақыл сөз сол кезде тарады. Даурықпа ұран, асыра сілтеушілік көпшіліктің үкіметке деген сенімсіздігін, наразылығын туғызды. Көптеген орта шаруалар, колхоз мүшелері Ресей жеріне қашып өтіп жатты.

Сол кездегі Қазақстандағы билік басында отырған Ф. Голощекин саясаты іс жүзінде байлар мен орта шаруаларды тап ретінде құртып қана қоймай, қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын да жойды. Енді осы қолдағы азын-аулақ малдың өзі дүркін-дүркін есепке алынып, оны рұқсатсыз соя да алмайтын дәрежеге жетті. Елдегі жедел қарқынмен жүріп жатқан индустрия процесі қазақ шаруасының мойнындағы қамытты қыса түсті. Қала үшін жиналатын салық та, алым да сапа жағынан да, мөлшері жағынан да өсе берді.

...Айналайын үкімет,
Бергеніңе шүкір ет.
Жалғыз сиырыңды тартып алып,
Арт жағыңнан түкіреді— деген,

немесе:

...Мал дегеннен есек қалды,
Үй дегеннен кесек қалды.
Әйел мен еркек қаңғырып,
Орнында құр төсек қалды,— деген өлең жолдары

сол кездің ащы шындығын көз алдымызға әкеледі.

Коллективтендіруге қатысқан, кейін колхоз басқарған еңбек ардагері Жолдыбай Талпақов: «Белсенділер өз малыңды сойғаның үшін де кінә тақты, заңға тартамыз деп қорқытты. Үш қойдан ғана қалдырған кездері болды»,— деп еске алады.

Сонымен бірге халықты отырықшылдандыру сылтауымен ескі жұртынан жаңа қонысқа көшіріп әкеліп, колхозға біріктіру өріс алды. Осы кезде құм ауылдарының (Орда, Жаңақала ауылдарының) көптеген шаңырағы қазіргі Березин, Мирон, Қараоба селолық Кеңестерінің территориясына қоныстандырылды. Кейін оларды біріктіріп, «Сталин», «Талап», «Жаңа мектеп», «Оян», «Тобылғы», «Қызыл ақырап» атты колхоздар ұйымдастырылды. Жеткілікті базасы жоқ жерге ұйымдастыра салған бұл колхоздардың, олардың мүшелерінің халі мүшкіл болды. Бірақ Ф. Голошекиннің асыра сілтеу саясатының салдарынан жергілікті белсенділер мұның бәрін көрсе де көрмеген болды, коллективтік шаруашылықтарды «интернационал» шаруашылыққа айналдыру ұранына қосылып, қолдан келгеннің бәрін істеп бакты.

1930 жылдың 17-желтоқсанында ВЦИК-тің осы жылғы 23-шілдедегі қаулысына сәйкес Орал округі тарап, аудандардың шекараларына тағы өзгерістер енгізілді. Сламихин ауданының бірқатар жері Таловкаға, ал Таловка ауданының кейбір жерлері Жәнібек ауданына берілді. Кейін 1932 жылы 20-ақпанда Батыс Қазақстан облысы құрылып, оның құрамындағы 14 ауданның бірі «Қазталовка» болып аталды. Осы кезден бастап «Қазталовка» атауы жиі-жиі ауызға алынып, ал 1934 жылдан бастап біржолата орнықты.

Бұл кезде ауданда колхоздар саны өсе түсті, алғашқы мемлекеттік кәсіпорындар құрыла бастады. Батыс Қазақстан облыстық архивінде 1932 жылы Қазталовка ауданында 42 ауыл-шаруашылық артельдері мен колхоздар болғаны, оның 23-і астық тапсыруға міндетті екендігі, жалпы егіс көлемі 35884 гектарға жеткені жөнінде мәліметтер бар. Атап айтқанда, Қазталовка ауданында сол кездегі астықты колхоздар қатарында: «Еңбек», «Жібек жүн», «Жігер», «Үлгі», «Большевик», «Құра-

мыс», «Чапай», «Калинин», «Урожай», «13-октябрь», «Қосшы», «Қызыл ақырап», «Жаңа таң», «Новый быт», «Алғабас», «Еңбекші», «Қызыл әскер», «Сталин», «Ленин», «Жас», «Кедей», «Көмекші» атты шаруашылықтар аталады.

Мұның сыртында Қошанкөл (орталығы Қошанкөл), Айткүл (Айткүл селосы), Мирон (Большой Лиман — Жалпаккөл), Сла-
михин (Сламихин поселкасы), Қазталовка (Қазталовка), ма-
шина шөп дайындайтын станциялар (МСС) және «Крупская
атындағы» (Қарташов), «Қызыл таң» (Абрам), «Еңбекші қа-
зақ» (Порт Артур), №447, №448 совхоздары болды. Олар Қаз-
таловка, Бостандық, Ұмтыл, Беспішен, Еңбек, Бірлік, Қос-
арал, Березов, Орыс таловкасы, Мирон, Ақоба, Талап, Шилі та-
ғы басқа селолық Кеңестеріне біріккен. Аудан партия ұйымында
6 партия комитеттері, 5 тірек ұялары, 43 партия ұялары, 29 топ
кұрылып жұмыс істеген.

Аудан шаруашылықтары дәнді дақылдардың ішінде ақ би-
дай, арпа, қара бидаймен бірге тары, сұлы еккен. Қыша, зығыр,
күнбағыс өсірумен де шұғылданған. Кейін 1932 жылдың орта-
сында аудандағы совхоздар бірігіп «Абрам», «Қарташов», «Чи-
жа» совхоздары болып қайта құрылды.

Ауданда астық дайындау мекемесі құрылды. Оның төрағасы
болып С. Ажығұлов, астық жөніндегі жауапты қызметкері Айт-
баев, мал азығы жөніндегі жауапты орындаушы В. Попов, есеп-
ші А. Ирманов тағайындалды. Аудан орталығында, Бостандық,
Аққурайлы, Жаңатаң, Березин тағы басқа жерлерде маймен
істейтін және жел диірмендер болды. Аудан орталығында нау-
байхана жұмыс істеді. Сол жылдары аудан бойынша егіс көлемі
35 мың гектардан асып түсті. Ол кезде, яки 1932 жылы Таловка
ауданына қазіргі Жалпақты, Тасқала, Жәнібек аудандарының
да біраз жері қарайтын еді.

Көктемгі егіс салу, егін ору кездерінде аудандық атқару ко-
митеті жанынан бұл науқандарға жауапты арнайы төтенше үш-
тік (Фадирман, ОГПУ Малиев, астық дайындау мекемесінен
Айтбаев) құрылатын еді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде
1932 жылы аудан бойынша 120461 центнер өнім алынып, халық-
ты азық-түлікпен қамту, аштықтан қорғап қалуда біраз жұмыс-
тар істелді.

Сол жылдары ауданда егіс көлемі өсіп, 39856 га болса да
және ол облыстағы астықты аудан қатарына қосылса да, оның
өнімін үкімет түгелге жақын әкімшілікпен жиып алып, елді аз-
ық-түлікке мұқтаж етіп қойған.⁸ Әсіресе, «Еңбек», «Жібек
жүн», «Үлгі», «Большевик», «Сәуле» т. б. ауыл шаруашылық ар-
тельдері күзде көп дәні алғанымен жөкшылыққа ұшырады.
қысылтаянда Аққурайлы (Шильный) қонысына 40 отбасы
154 адамымен көшіп келіп қоныстанды. Олар И. Қотов, Н. Толо-

хов, А. Трифонов, Н. Усачев т. б. еді, ауылдық кеңес бұлардың малсыздарына мал, бәріне азық-түлік бергізді. ⁹

Сол кездерде аудандық аткомның төрағалары болып істеген Давыдов, Е. Тоқсанов, аударткомның бірінші хатшысы Қошанов, Марғынов, Назаров т. б. басшылар колхоздарды нығайтуға, жоспарлы тапсырмалардың орындалуына, отырықшыландыруға күш салып, мәдени-ағарту, сауатсыздыққа қарсы күрес шараларына үлкен көңіл бөліп отырған.

Мысалы, осы жылдары аудан бойынша Караоба, Ордабай, Оңайбек, Қаштайда, Бозобада, мектеп үйі салынды. Жол құрылысын, байланыс қызметін, сауданы дамытуда бірқатар жұмыстар істелді. Міндетті түрде бастауыш білім алу талап етілді. Бірақ коллективтендірудің алғашқы жылдарының өзі дәстүрлі мал шаруашылығын күйзелтті, мал саны күрт азайды. Үлкен колхоздарда тиісті орын, күш-құрал жеткіліксіз болғандықтан көп малды бір жерге шоғырландыру, өндірісті ұйымдастыру тұрғысынан қолайсыз екендігі көрінді. Малдың өлім-жітімі, иесіздік көбейді. Ұқыпсыздық салдарынан аудандағы 9 диірмен тозып, көптеген шеберхана, ұстахана т. б. тарап кетті. Зергер, тігінші, ұста, етікші, т. с. с. шеберлер жұмыссыз қалды. Жоғарыда атап өткен науқаншылдық, даурықпалық, асыра сілтеулер арты үлкен кателіктерге ұрындырды.

Мал шаруашылығында орын алған көптеген кемшіліктер, кате қадамдар өзінің шегіне жетіп, бұл мәселе аудандық партия комитетінің 1932 жылдың 17-қыркүйегінде өткен кезектен тыс пленумында қаралды. Аудандық Совет атқару комитетінің төрағасы Е. Тоқсановтың баяндамасында және қабылданған қаулыда уез бойынша коллективтендірудің науқаншылдықпен жүргізілгені, «Тобылғы», «Қызыл Ақырап», «Большевик», колхоздарында малды жат элементтерге үлестіру фактілері, «Мирзоян», «Сталин», «Голощекин» атындағы колхоздар да бірқатар мал фермаларының болашағы аз екені, құм ауылдарынан көшіп келген кейбір колхоздардың өте әлсіздігі, кейбір отырықшылыққа айналдырылған шаруашылықтардың жете ойластырылмаса-тан («Жібек күн», «Үлгі» т. б.) құрылғаны т. с. с. кемшіліктер атап көрсетілді. Бірқатар колхоздарды таратып («Оян», «Жаңа мектеп», «Тобылғы», «Елтай»), малдарын колхозшыларға бөліп берді. Аудан 1932 жылдың қорытындысы бойынша мемлекетке астық тапсыру жөніндегі жоспарын 103 процентке (57217 ц.) орындағаны болмаса, басқа жағынан мемлекет алдында борышты болып қалды. Әсіресе, мал шаруашылығындағы іс онбады, колхоз тіршілігі кейін кете берді.

Мұның ақыры келесі жылы Таловка ауданы басшыларының қылмысты іс әрекеттерін әшкерелеу, «Таловка ірік-шірігі» (Таловский гнойник») деп аталған үлкен іске әкеліп соқтырды. ¹⁰

ОГПУ мен облыстық партия және атқару комитеттері қызметкерлерінің ауданды жан-жақты тексеруінің қорытындысында, ауданда 1933 жылы 7 наурызда аудандық партия комитетінің пленумы болды. Онда бірқатар басшы қызметкерлер атқару комитеті төрағасының орынбасары Алипов, партколлегияның жауапты хатшысы Төлегенов, аудандық қаржы бөлімінің бастығы Сармағамбетов, атқару комитетінің бөлім меңгерушісі Нұрғазиев, әлеуметтік жер банкісінің меңгерушісі Апақаев, баспахана меңгерушісі Мектешевті, халық судьясы Адилов, тергеуші Т. Қиламбековтерді колхозды құлатуға жол бергені, алым алып, колхоз сиырын бірлесіп заңсыз пайдаланғаны, «Көсем», атындағы, «Тобылғы», «Кедей», «Чапай» атындағы колхоздарда малды талан-таражға салғаны үшін тұтқындауға келісім берілген.

Сәл кейін 21-наурызда бұл мәселе облыстық партия комитеті бюросы мен атқару комитеті президиумының біріккен мәжілісінде қаралып, аудандық партия комитеті мен атқару комитетінің президиумын тарату, ұйымдастыру бюросын құру жөнінде қаулы қабылданып, оны бекітуді Өлкелік партия комитетінен сұраған. Осылайша ауданда ұйымдастыру бюросы құрылып (төрағасы Таран — облыс өкілі, Володкин — ГПУ бастығы) жұмыс істеп, Таловкада бірнеше «халық жауы», «колхоз құрылысының дұшпандары», «алашордашылар мен ақ бандылар», «байлардың тұқымдары» тұтқындалады. 3 көкек күні «Прикаспийская правда» атты облыстық газетте «Таптық қырағылықты бір минут та босаңсытпайық» деген үлкен мақала жарияланды. Онда біршама «әшкерелеу» фактілері келтіріліп, (Омаров, Құрманғалиев, Апақаев шығу тегін жасырған «алашордашылар», ал Нұрғалиев, Абдырахманов, Италиев т. б. аудан басшыларының қолдауына сүйеніп, колхозда зиянкестікпен шұғылданды деп айыпталады. Архив құжаттарында 1932 жылы Ленин атындағы колхозда 1136 бас ірі қараның 215 басы, «Сламихин» ет совхозында жаз айларында 614 бас мал өліп, 65 басы жоғалғаны көрсетілген. ¹¹

Осылайша колхоздастыру науқанына байланысты көптеген адамдар үстінен іс қозғалып, әр түрлі мерзімге сотталады. Бірақ бұл сот процесінде кінәлілермен бірге көптеген адам асыра сілтеудің құрбаны болып кете барды. Олардың кейбірі ғана кейін ақталды.

Бұдан кейін аудан басшылығы түгелге жуық жаңарды.

ҚАЗТАЛОВҚА АУДАНЫ СОЦИАЛИЗМ ҚҰРУ ДӘУІРІНДЕ

1. АУДАН СОҒЫСҚА ДЕЙІНГІ БЕСЖЫЛДЫҚТАР КЕЗЕҢІНДЕ

Кең байтақ Қазақстанның басқа өңірлеріндегідей Таловкалықтар да алғашқы бесжылдықтың тапсырмаларын орындауды басты мақсат етіп қойды. Бұрынғы деңгейге жетпесе де, мал басы, егіс көлемі, аудан халқының саны өсе түсті. Ауданда коллек-



Алмас Сәрсенов, облыста алғашқы Еңбек Қызыл Ту орденін алған озат қойшы.



Дәулетова Жаңыл, аудандағы алғашқы тракторшы әйел.

тивтік және мемлекеттік шаруашылықтарды нығайту бағытындағы жұмыстар барынша өрістеді.

Сол кезде Таловка машина трактор станциясының директоры К. Қапанов, Бостандық машина пішен станциясының директоры Темірғалиев, совхоз директорлары Мұқанбетжанов, Есеновтер, колхоз басқармалары Т. Сексенбаев, Оңғаров, Сухамберлин, Ғұсманов, Мендігерсенітер өздерін шебер ұйымдастырушылар ретінде көрсетті. Көптеген озат шопандар, механизаторлар жоғары еңбек үлгісін көрсетті. Мәселен, Киров атындағы колхоздың шопаны Алмас Сәрсенов бірнеше жыл қатарынан малын шығынсыз өсіріп, бағымындағы еділбай қойынын әр 100-інен 140—145-ке дейін козы алып, аман сақтағаны үшін аудан бойынша тұңғыш Еңбек Кызыл Ту орденіне ие болды. 1936 жылы аудан бойынша озат стахановшы колхозшылар саны 120-ға, тракторшылар саны 20-ға жетіп, олардың бәрі жарыс жүлдегері атанған. ¹

Бұл кезде аудандық партия комитеті (бірінші хатшысы Боран Айтмағанбетов) мен оның жергілікті ұйымдары нығайтып, ықпалы арта түсті. Барлық шаруашылық, әлеуметтік мәселелер түгелдей дерлік аудандық партия комитетінің бюро, пленум мәжілістерінде қаралып, солардың нұсқауымен шешілетін. Басшы кадрлар да аупартком бюросында бекітіліп, босатылатын. Бірақ елдегі шексіз партиялық билік бірте-бірте партиялық террорға айналып келе жатқанын көпшілік сезбеді.

Аудандық партия комитеті әрбір науқанды шаруашылық жұмыстары кезінде ауданды Қошанкөл, Қазталовка, Бостандық, Мирон кусталарына бөліп, оларға арнайы өкілдер бекітіп, егер жергілікті жерде жоспар дер кезінде орындалмайтын болса, Совет үкіметіне қарсы көзқарасы үшін айыптауды жұмыс практикасына айналдырды. Өйткені, Орталық Комитет пленумдарының қорытындылары мен құжаттарында өз ішімізден «халық жауларын» іздеу сарыны басталған еді. СОКП Орталық Комитетінің «Троцкистік-зиновьевшілдік контрреволюциялық террористік блоктың қызметі туралы» жабық хатын талқылаған аудан партия активінің жиналысында (1936 жылғы 14-тамыз) халық жауларына, буржуазиялық-ұлтшылдық топтарға, әсіресе «садуақасовшылар» мен «мендешевшілдер», «рысқұловшылар» мен «қожановшыларға» және оның көріністеріне бітіспес күрес жүргізуге шақырған қаулы қабылданды. 3 Осы кезден бастап ауданда саяси жазалау науқаны басталды, талай адам алашордашылармен, байлармен, троцкистермен, Мендешевпен, тағы басқаларымен байланыс жасады деп айыпталды. Іле-шала ауданда басшы қызметте жүрген Қарасаев, Хитаров, Масақбаев, Шантиев, Фартуков, Ариханов, Садақбаев, Мырзағалиев, Дубәкіровтердің ісі бірден тергеу астына алынды. «Большевик» колхозының жасы жетпістен асқан ардагер колхозшысы Иманғали Дәулетияровты Сталинге тіл тигіздің, «шошканың соңынан ілескен батпаққа батады» деп айттың, үйінде Троцкийдің портретін сақтадың, Мендешев С. «ұлтшыл емес» дедің деп айыптады.

Бір ауыз сөз үшін талай адам «халық жауы» атанып шыға келеді. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Боран Айтмағанбетов те бұрын облыста басшы болған, бүгінгі «халық жауы» Құрамысовпен байланысы, ұлтшыл фашистерді әшкерелеудегі келісімпаздық жұмыс практикасы үшін қызметінен босатылып, кейін оған Батыс Қазақстандағы астыртын ұлтшылдық ұйымның мүшесі, бүлдіруші-шпиондық әрекетпен айналысушы деген айыптар тағылды. Ол түрмеде бұның бәрі қыпқызыл жала екенін айтып шырылдаранымен ең жоғарғы ату жазасына бұйырылды. Сөйтіп тағы бір ел басшысы жазықсыз жазаланды, артында зайыбы мен екі ұл, бір қызы қала барды.

1937 жылдың қазан айында Голошекин атындағы колхозда контрреволюциялық ұлтшылдық топ ұйымдастырады деген желеумен Ибраш Арыстановты, есепші М. Жексеновті, бригадир М. Алиевті, қарапайым колхозшылар Ғ. Есетов, Бижанов, Қ. Көбенов, Рысмағанбетовтер бес жылға сотталды. Олар сталиндік ауылшааруашылық артеліне қарсы үгіт жүргіздіндер, бүлдірушілікпен шұғылдандырдындар, қасақана есепті шатастырдындар деген күдікке душар болды. Молотов атындағы колхоз басқармасының төрағасы Нұрмановқа колхозшылар арасында рулық топ құрдың деген кінә тағылды. Көптеген адамдар тегі жөнінен әлеуметтік жат элементтер қатарына жатқызылды. Қысқасы — ол кезде ұжымында халық жауы болмаған, әшкереленбеген шаруашылық, мекеме болмады.

Сөйтіп, көп адам жазықсыз жазаланып, сталиндік содыр саясаттың құрбаны болды. Архив деректеріндегі 1926 жылғы халық санағы бойынша Таловка ауданында 29852 адам тұрса, оның 1937 жылы 17354 адамға дейін азаюы көп сырды аңғартқандай...

Иә, бұл аға ұрпақ еншісіне тиген аса ауыр зұлмат, бейбіт кездің зор қасіреті еді...

Осы жылдары Қазақ АССР-ы одақтас республика болып, жаңа Конституциясы қабылданған еді. Бірақ сол Конституция ерік берген азаматтардың саяси құжаттары — жариялылық, демократия тек қағаз жүзінде қалды. Артық-ауыз өз пікірін білдірушілер табанда ГПУ-ге жеткізіліп, бостан-босқа күйіп кетті. Елде тіміскілеу, тың тыңдау, жала жабу, тергеусіз айыптау етек ала бастады. Мұның бәрі социализмнің тағы бір жемісіне — 1937 — 38 жылдардағы қанды қырғынға әкеліп соқтырды.

Аталған жылдарда ауданның мәдени өмірінде, оқу ағарту, денсаулық сақтау істерінде өзгерістер болды. Мектептердің саны өсті, оқушылар көбейді. Сабақ белгілі тәртіппен, программа, кесте бойынша жүре бастады. Бастауыш білім алу міндетті болды. 1930 жылдары (Бозоба, Оңайбек, Қаштай, Ордабай, Қараоба қоныстарында) жаңа орталау мектеп үйлері салынды. Таловкада орта мектеп үйі қаланып, оның жұмысына белгілі шеберлер Жамлиха, Долдаш Салықовтар қатысты. Көп жылдар назарда ұсталған ересектердің сауатын ашу өз жемісін берді. Аудандық кітапхана, аурухана, мал дәрігерлік нүктесі іске қосылып, клуб ашылды, кино көрсетілетін болды. Әжібай, Бозоба, Бостандық, Жалпақкөл, Ордабай т. б. қоныстарда тұрғын үйлер салынды. Мұғалімдер құрамы да өзгеріп, саны өсіп, жұмыс сапасы арта бастады. Қалел Есенбаев, Пәнгерей, Нұркат Аксатовтар, Ғали Бегалиев т. б. бұрынғы айтулы ұстаздар басшы қызметке жоғарылатылып, олардың орнын Шомбал Достанбаев, И. Мүлкәшев, Ә. Дінішев, И. Жұмағазиев, С. Булкин, А. Панга-

лиев, М. Оспанов сияқты жаңа буын басты. Ордадағы қызактан тұңғыш педтехникумы Жалпақталға көшірілді. Онда Мұхамедхан Жақыбалиев, Әбдірахман Ғайсин, Қалимолда Әбдірахманов, Смағұл Шанов, Н. Кенжалиев т. б. жерлестеріміз сабақ берді. Бұлардың алдынан дәріс алып, педтехникумды бітірген Ж. Нысанов, Н. Сәрсекенов, І. Айтқұлов, Ш. Сахипов, Ғ. Айтқалиев секілді жерлестеріміз аудандағы оқу ағарту ісіне өздері белсене араласты. Кешікпей бұл топқа Х. З. Аманғалиев, С. Кенжин, М. Шүнкин, Ж. Ақболатов, Ә. Шадиярова, З. Әзмұканова, Бұзаубақов, Абылаев, Шәкірова, Ы. Берғалиев, т. б. жас ұстаздар қосылды. Аудан орталығында орта мектеп ашылып, жастардың бір тобы орта мектепті алғаш 1941 жылы бітірді. Ауданда 1930 жылдан бастап өз газеті шыға бастады. Сөйтіп, ауданның өз интеллигенциясы қалыптасты. Көптеген азаматтар мәселен Ғали Бегалиев, Қажым Басымов, Шомбал Достанбаев т. б. көршілес облыстарға, республикалық органдарға жұмысқа жіберілді.

Ауданымыздың көрнекті азаматының бірі — Қажым Амангелдіұлы Басымов, 1896 жылы №3 старшыналықтағы «Шойтық Саралжынында» дүниеге келген. Сонда ауыл мектебінде оқып, 1911 жылы Орынбордағы «Хұсания» медресесіне оқуға түседі, 1915 жылы ол жабылғасын Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесіне барып оқуын жалғастырады. Осы медреседегі қазақ жастарының әдеби өмірі, әсіресе, Қ. Басымовтың ақындығы, тіл біліміне құштарлығы, шәкірттер үшін қолжазба журнал шығарғандығы филология ғылымының докторы Т. Кәкішевтің «Садақ» атты кітабында жақсы баяндалады. Сол шәкірт кезінің өзінде ол Орынбордағы «Бант» газеті бетінде қазақ тілі мен әдебиеті мәселелерін көтереді. «Мақтым», «Ырысты» сияқты повестерін жазып, жариялайды.

Қ. Басымов 1917 жылы еліне келіп, 1920 жылға дейін өз ауылы Шойтық Саралжынында оқытушы болады. Ол кездері Таловканың саяси жағдайы ауыр еді, бай-жарлы, молда-қожа деп қырқысып жатқан жұрт, жазықсыз өлтіру де көбейді. Ол әуелі Орынборға, одан Ташкентке оқуға кетіп, 1921 жылы Алматының губерниялық педтехникумына оқытушы болады. Әрі «Тілші» газетінде қызмет істеп, қазақ тілі білімі бойынша алғашқы ғылыми-зерттеу мақалаларын жариялайды. 1924—1929 жылдары Қажекең Алматы Халық ағарту институтының ректоры болды. Балаларға арналған өлең, пьеса, әңгімелер жазады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту методикасының мәселелеріне көңіл бөліп, бірнеше мақалалар жариялайды. Қ. Басымов Қазақ әдебиеті мен тіл ғылымы саласында көп еңбек еткен ғалым. 1935 жылы оған тіл білімінің профессоры деген ғылыми атақ беріледі. Сөйтіп, ол көп жылғы педагогикалық, ғылыми жұмыс-

тары нәтижесінде біздің ауданнан, тіптен облыстан шыққан тұңғыш профессор болды.

Аты А. Байтұрсыновтармен қатар аталатын ғалым еңбектері өкінішке орай, әлі топтастырылып, жеке кітап болып басылып шыққан жоқ. Сондықтан да оның мұрасы әлі көпшілік көзінен таса, өз бағасын алып үлгерген жоқ. Ол 1939 жылы Алматыда ауырып қайтыс болды.

2. ҚАЗТАЛОВҚАЛЫҚТАР ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін Қазақ Халық Комиссарлар Кеңесінің 1941 жылғы 27-тамыздағы қаулысына сәйкес барлық жердегі сияқты аудандық және селолық Кеңестер де өз жұмыстарын соғыс жағдайына орай қайта құрды. Аудандағы 34 колхоз, 4 МТС, басқа мекеме, кәсіпорындары ұйымдарының күш-жігері еңбек өнімділігін арттырып, майданға жылы киім, азық-түлік, қорғаныс үшін қаржы жинау жөніндегі патриоттық бастамаларды қолдауға жұмылдырылды. Әсіресе, ат, арба, машина, құрал-сайманға дейін жөнелтілді.

Әскер қатарына жастар алу мен оларды оқытуға, әскери дайындықтан өткізуге үлкен көңіл бөлінді. Аудан орталығында қызметкерлерді жалпылай әскери дайындықтан өткізу тобы құрылып, командирлігіне Әмірғали Көмеков, саяси жетекшілігіне М. Кенжалиев тағайындалды. 1941—1945 жылдары Қазталовка ауданынан 3064 ер-азамат майданға аттанды.

Соғыстың алғашқы екі жылында да аудан шаруашылықтары межеленген жоспарды барлық негізгі көрсеткіштер бойынша орындап шықты. Мысалы, аудан егіншілері 1941 жылмен салыстырғанда 1942 жылы егіс көлемін 3300 гектарға өсіріп, жоспардағы 46820 центнердің орнына 54194 центнер астық тапсырды. Әсіресе, Ленин (басқарма төрағасы — С. Шоқаков), «Болат» (Рамазанов), «Қызыл әскер» (Т. Ұзалиев), Чапиев атындағы (Н. Айталиев) колхоздар жоғары көрсеткіштерге жетті.

Аудан еңбекшілері «Батыс Қазақстан колхозшылары танк колоннасына» деп 3 млн. 40 мың сом ақша, 51868 сомға тамақ, 9116 дана жылы киім, «Қызыл Армия қорына» деп колхозшылардың өз табыстарынан 23262 пұт астық, 157280 сом ақша, 34675 ссом облигация тапсырды. 1943 жылы неміс басқыншыларынан азат етілген аудан еңбекшілеріне көмек ретінде 76 сиыр, 140 бас қой, 2 бас жылқы, 55900 сом ақша жинап жіберді. «Қызыл Армия қорына» деп «Болат» колхозының мүшелері Қыдырова, Иманғалиевалар әрқайсысы 120 пұттан, Киров атындағы колхоздың қарт колхозшысы Ә. Сатқанбаев 72 пұт, комсомол мүшесі Ибрашева 120 пұттан өз табыстарынан астық тапсырды.

«Батыс Қазақстан колхозшылары» танк колоннасына Ленин атындағы колхоз басқармасының төрағасы С. Шоқаков 50 мың сом, «Интернационал» колхозы басқармасының төрағасы Қ. Қапанов, «Тобылғы» колхозы басқарма төрағасы Сәлімгереев, «Урожай» колхозының төрағасы У. Мұқанов әрқайсысы 31 мың сомнан ақшал,й үлес қосты.

Ауданда 1942 жылдың 1-қаңтарында 12868 ірі қара 38168 қой, 2669 жылқы, 1177 түйе, 305 шошқа болды. Соғыстың қиын кезінде көптеген малшы, шопандар, механизаторлар озат еңбектің үлгісін көрсетті. Малшылар М. Мусин, Қ. Құрманова, аға шопан С. Молдағалиев, механизаторлар Хафизов, Мартенов, М. Дүйсенғалиев, Тілегенов, Ш. Меңдібаев, Қ. Біләлиев т. б. озық еңбек үлгісін көрсетті.

Ер азаматтар сыпырылып майданға аттанғандықтан елдегі жұмыс ауыртпалығы еңкейген кәрі мен еңбектеген балаға, белді буынып, қатарға тұрған әйелдердің мойнына түсті. Олар мал бақты, егін өсірді, трактор, комбайн рөліне отырды, өндірісті де басқарды. Елдің жай-күйі де қиын жағдайда еді. 1943 жылдың басында қар өте аз жауып, жаздай жаңбыр болмады. Шөп шықпағандықтан, малға азыққа өткен жылғы қураған шөп дайындалды. 1943—1944 жылдың қысында осылайша мал жұтап, қырылып қалды. Көтерем малдың еті жеуге де жарамады. Егін де шығымсыз болып, алынған азын-аулақ өнімді колхоздар мемлекетке тапсырды. Қыста ашығу басталып, көп адам жалғыз сиырын сойып жеді. Халық жүдеп, тамақ іздеп боса бастады. Сол жылдары ауданда мал дәрігері болған Ғали Темірешев бұл күйзелісті былайша еске алады: «1944 жылы қыста «Коминтерн» колхозына бардым. Сиыр фермасында тұратындар ашыққан. Қай үйге барсаң да арық балалардың қыңқылдап қорек сұраған зарлы жылауынан, дәрменсіз аналардың мұңлы да ашулы үнінен құлақ тұнатын. Жаның түршігеді. Кей үй тарының кебегінен нан пісіріп, сүтке қатқан быламық ішетін. Адамдарға ісік кіре бастаған Дәрігер шыдамай, бір сиырды «ауру» деп сойғызып, бәріне үлестіртеді. Кейін оның сол ісі бірталай әңгіме болады. Аштан өлу де болды, бірақ оны бастықтар жасырып қап, «ауырып өлді» деп хаттайтын.

Архив деректері бойынша 1944 жылдың көктемгі жұмыстарына 628 әйел қатынасқан, оның 165-і тракторшы, 4-і бригадир, 44-і звено бастықтары. Ленин атындағы колхоздың звеношысы Ғайша Машанова, Киров колхозының звеношысы Қапия Избасова, «Болат» колхозының звеношысы Рахима Наурызғалиева, тракторшылар — Арыстанова (Қаганович атындағы колхоз), А. Чукалина («Новый быт» колхозы), Дүйсекова («Урожай» колхозы), Ж. Дәулетова (Киров колхозы) күндік нормаларын 160—180 процентке орындап отырды. Комбайншылар М. Рысева,

(Бостандық МТС-ы), Вологина (Мирон МТС-ы) ерлерше еңбек етті.

Ал, мал шаруашылығында 235 әйел тер төксе, оның 16-сы ферма меңгерушісі, 190-ы сауыншы, 14-і шопан, 5-і колхоз басқармасы төрағасының орынбасары болды. Бақташылар Р. Арыстанова, Н. Сағындықова, сауыншы Қ. Нұрымбаева, Ұ. Бисенова, малшы Ұ. Еділбаева тағы басқалары әрқашан социалистік жарыстың алғы сапында болды. Раушан Мералиева 1943 жылдан бастап «Еңбекші» колхозын басқарса, Тайба Көшекбаева сол жылдан Бостандық селолық Кеңесінің төрағасы. Ботай Кемешева Молотов атындағы колхозда қой фермасының меңгерушісі (Мақпал) болды. Мектепте мұғалім болып жүрген Қамария Ғабдушева аудандық партия комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс бөліміне жоғарылатылды.

Ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде көптеген шаңырақ ер-азаматтарынан, асқар әкеден, асыл баладан айырылды. Соғыс өрті жанына жара салмаған бірде бір отбасы болмады десек, қателеспейміз.

Сол кезде майданнан жазылған сарғыш хаттарды бүгінде де тебіренбей оқу мүмкін емес. Мысалы, сержант Ибраев Халиолла аудандық партия комитетіне жолдаған хатында өзі майданға кеткенде ауылда ауру анасы жалғыз қалғанын, өзге үш бауырының қаза болғандығын, сол себептен анасын қамқорлыққа алуды егіле отырып өтініш етеді.

Соғысқа аттанған қазталовкалықтар намысты қолдан берген жоқ. Көптеген жерлестеріміз жоғары жауынгерлік наградаларға ие болды. Үш мәрте Даңқ орденінің иегері Қайырғазы Имашев, гвардия полковнигі Ғазез Лұқпанов жауынгерлік қызыл жұлдыз ордені мен медальдарының иегері, гвардия капитандары Жолдығали Өтегенов, Мамбетияр Досқалиев, Сатқан Имашев, Қанапия Жангереев, екі мәрте Даңқ және басқа да бірнеше жауынгерлік ордендердің иегері Нәсекен Нұржанов, Жеңіс парадына қатынасқан Александр Қалиев, Мағдан Тажғалиев, Есқақ Тұрсынов т. б. ерліктері қашанда мақтан тұтуға тұрарлық өшпес өнеге.

Ұлы Отан соғысында Даңқ ордені жаумен бетпе-бет шайқаста жеке дара ерлік көрсеткен алдыңғы шептің жауынгерлеріне ғана берілгені белгілі. Екінші сөзбен айтқанда ондай ерлік жауынгер өміріне төнген қауіп-қатермен тікелей байланысты. Ал, Даңқ орденінің толық иегеріне, сондай-ақ бірнеше дүркін ерлік істеген ердің ері ғана ие бола алады.

Сондықтан да Ұлы Отан соғысы кезінде Даңқ орденінің барлық үш дәрежесімен наградталғандар саны тек 2532 жауынгер болды. Солардың бірі біздің жерлесіміз Қайырғазы Имашев еді...

Ол 1942 жылдың басында армияға шақырылады да көп кешікпей майдан шебінен бір-ақ шығады. Жасынан қайратты, ширақ өскен Қайырғазы 38 гвардиялық атқыштар дивизиясының 110 гвардиялық атқыштар полкінің құрамында Орталық Белорус, 2. Белорусь майдандарында толассыз кескілескен ауыр шайқастарға қатынасып, ер жүректігімен көзге түсті.

Сондай қанды шайқастардың бірінде дивизия Нерев өзеніне шығып, плацдарымды кеңейту үшін кескілескен ұрыс болады. Шешуші сәтте Қайырғазы бастаған сегіз барлаушы жау тылына өтіп кетіп, тұтқиылдан шабуылға шығып, немістердің траншеясына басып кіреді. Қайырғазы Имашев осы шайқаста жалғыз өзі 13 фашисті өлтіріп, біреуін тұтқынға алады. Оған бұл ерлігі үшін тұңғыш рет үшінші дәрежелі «Даңк» ордені беріледі.

...1944 жылдың 10 казанында сержант Имашевтың бөлімшесі жау қорғанысының алдыңғы шебін барлау жөнінде бұйрық алады. Олар бұл жолы тапсырманы орындаумен бірге Непоркыт селосына басып кіреді. Алда келе жатқан бөлімше командирі танкаға қарсы қолданатын гранатамен неміс дзотын адамдарымен жойып жібереді. Келесі күні жаяу әскерлерді бастап шабуылға көтерілгенде жаудың тағы бір дзотын жояды. Қайырғазының бұл ерліктері жоғары бағаланып, екінші дәрежелі «Даңк» орденімен наградталады.

...1945 жылдың 28 қаңтарында Фргединея селосына кірер жерде атқыштар полкі жаудың қатты қарсы шабуылына тап болады. Осы кезде Имашевтің барлаушылары жаудың негізгі күшімен шайқасқа түсіп, біздің әскерге бас көтертпей тұрған жау расчетын жояды. Сөйтіп, олардың қарсы шабуылын тоқтатып қана қоймайды, жауды біржолата жоюға жол ашады. Бұл ерлігі үшін Қайырғазы Имашев екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталады. Бірінші дәрежелі «Даңк» ордені оған төменгі Одер және Данцигтегі жаудың тобын қоршап жою кезінде Қайырғазы жауынгер жолдастарымен өзеннен өтіп, жаудың ту сыртынан тұтқиылдан тиісіп ерекше ерлік көрсеткені үшін берілді. Бұл шайқаста ол өз қолымен 13 немісті екі пулеметімен жойып жіберді, алты фашисті тұтқынға алды. Барлаушылар екі қол пулеметін қолға түсірді. (Т. Белан, А. Потапов, С. Честынов. «Жауынгерлік ерлік» 125-бет).

Осындай ерлердің бірі Әмірғали Көшеков әуелі взвод, кейін рота командирі болды. 1944 жылы 20-тамызда Румынияның Хайнешти қонысы үшін болған соғыста ол ротасын өзі бастап жаудың өз позициясынан қуып шығып, өкшелей шегіндіреді де, 2 зеңбірек, 3 пулемет, 5 атыс нүктесін тартып алады. Ә. Көшеков 1944 жылы 16-қыркүйек күнгі ұрыста атакаға ұмтылған кезде қаза болады. Ол осы ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз» жә-

не «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен наградталады. Жерлесіміз Ғазиз Лұқпанов 130-атқыштар дивизиясында саяси бөлім басқарып, полковник дәрежесіне дейін көтерілген. Ол Еділден бастап Ростов, Таганрог, Мариуполь, Николаев, Барановичи, Брест, Ядов, Варшава, Каунас үшін болған шайқастарға қатысып «Қызыл Ту», I және II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз» ордендерімен наградталған. Есіл ер Жеңіске санаулы күн қалғанда 1945 жылдың 25-ақпанында жау қолынан қаза тапты. Ұлы Отан соғысының Ізбасар Айтқұлов, Сатқан Имашев, Қалихан Хайдаров, Жәнетқалы Нысанов, Төрегелді Бәйгелдиев, Қарес Тоясов, Мағдан Тәжіғалиев, Владимир Холопов, Ғабдырахим Латыпов, Ғаллам Хасанов, Сағит Садықов, Хасан Шаимов, Сейіт Жалмұханов, Әубекер Дүйсеков, Ғинаят Арыстанов тағы басқа көптеген ардагерлері атамекенге аман оралған соң бейбіт еңбекке араласып, ел байлығын арттыруға лайықты үлестерін қосты.

Соғыс біткеніне жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де — оның салған жарасы, ел басына түсірген қайғы-қасіреті әлі ұмытылған жоқ. Қазталовқа ауданынан майданға аттанған ер-азаматтардың үштен екісі, яки 2124-і қаза тапты не хабарсыз кетті. Олардың артында ауырып ата-анасы, жесірі, жетім көңіл балалары қалды. Осылайша қанды соғыс аудан халқының баршасының шаңырағын шайқалтып кетті.

Ауданның экономикасы да тұралап, халықтың тұрмыс дәрежесі күрт төмендеді. Жерлесіміз И. Құтқожин жинаған статистикалық мәліметтерге ден қойсақ, соғыстың алдында (1940 — 1941 жылдары) 18 мыңнан астам халқы бар аудан аймағында 1945 жылы 9587 ғана адам қалды. Мұның орынын толтыру үшін кейін ширек ғасырға жуық уақыт қажет болды.

3. СОҒЫС ЗАРДАБЫН ЖОЮ

Бес жыл бойы соғыс ауыртпалығы титығына жеткен шаруашылық, азып-тозған ауыл, қаралы үй, жаралы жүректер... Алқымнан алған жоқшылық, азық-түлік, киім-кешек тапшылығы. Сол жылдарда осының бәрін тезірек қалпына келтіру, соғыс жарасын жазып, елдің еңсесін көтеру — басты міндет болатын. Аудандық партия, атқару комитеттерінің, бүкіл ұйымдастыру, саяси-көпшілік жұмыстары негізінен осы мақсатқа жұмылдырылды. Соғыстан оралған майдангерлер мен қызыл әскер отбасылары түгелдей есепке алынып, олардың 697-сіне жәрдемақы 233-іне зейнетақы төленді. Белгілі мөлшерде азық-түлік, киім-кешек бөлінді. 5

Ал ауданда соңғы үш жыл (1943—1945) қатарынан қуаншылық болып, егіннен өнім болмауы халық тұрмысын тұрала-

ға түскенді. Ауданда Қазақ ССР Халық комиссарлар Кеңесінің 1944 жылғы 16-казандағы 705 қаулысына сәйкес соғыста адамы қайтыс болған шаңырақтарға, Отан соғысының мүгедектеріне, мұқтаж отбасыларға ай сайын үй басына 800 граммнан ұн, шекер, 8 кг астық, 5 метр матадан беріліп тұрды. 1945 жылдың басынан бастап үкімет тарапынан да азық-түліктен көмек, қарыз ретінде астық, ұн-жарма, мата, киім-кешек бөлінді. Мысалы, 1945 жылдың басынан бастап ауданға көмек ретінде 21 тонна астық, қарыз ретінде 25 тонна астық, 700 кг ұн-жарма, 232 кг кәмпіт жеткізілді. Бұл көмек бір баласы бар 55, екі және одан да көп балалары бар 794 шаңыраққа үлестірілді. Ол кезде көптеген отбасылар адал қарасыз қалған еді. Аудан бойынша 534 колхозшы тіптен сауын сиырсыз, күнделікті тамақты колхоздан алып күнелтті. Жұмыс істемейтін 1183 адам, колхоз шаруасын атқаратын 906 адам күнделікті мөлшерлі азығын (пасегін) алып тұрушы еді. Аудан орталығындағы ұзақты күн жұмыс істейтін асханадан күн сайын 150 бала, 100 үлкен адам үздіксіз тамақтандырылып тұрды. Мұның сыртында 16 балалық бір балалар яслиі, 30 балалық балалар бақшасы және қорғанысшылар үшін балалар үйі жұмыс істеді. Ал колхоз орталықтарында 11 ясли болды. Азық-түлік тапшылығы қаншама қысқанымен осындай шаралар ұйымдастырылудың нәтижесінде көптеген бүлдіршілердің өмірі сақталып қалды.

Соғыс жылдарында балалар үйінің директоры болған, кейін жоғары басшы қызметтерде істеген Рахила Төлесованың аузынан жетім балаларды қалай бауырына басқаны, аман-есен сақтап қалғаны, ел боп, жұрт боп жарты құртты бөліскені туралы талай төбіреніп әңгіме естіп едік... Дәл осы жайт жергілікті ақын Сағит Садықовтың:

«Сипайтын қайсы бірі маңдайымнан,
Жанымды арашалап сан уайымнан.
Аузынан бөліп берген жарты құрттың,

Ақ дәмі бал татитың таңдайымнан», — деген шумақтарынан аңғарылады.

Соғыс жылдарында да, жеңістен кейін де барды ортаға салуға тура келді. Тұрмысы ауыр отбасыларға көмек көрсету үшін ауданда бірнеше дүркін айлықтар өткізілді. Тек, 1945 жылдың мамыр-маусым айларында өткізілген осындай айлықтың нәтижесінде 3003 кг сүт, 20 кг май, 75 кг астық, 111 кг қой еті, 88 кг жүн, 5536 сом ақша жиналып, мұқтаж адамдарға, Қызыл Әскер отбасыларына үлестірілді.

Аудандық керек-жарак бөлімінің ұжымы Совет Армиясы қатарынан босап, елге оралушыларды қарсы алуға өз есептерінен сыйлық әзірлеу, қаражат жинау жөнінде бастама көтерді. Бұл бастаманы ауданның көптеген мекеме, колхоз ұжымдары іле-

де қолдап іліп әкетті. Олардың бәрі шама-шарқынша сый салып, пәт даярлады. Алғай темір жол станциясының басында және аудан орталығында екі жерде қонақ үй ұйымдастырылды. Бірінші кезектегі көмек ретінде 129 адамға бір айлық өлшемді азыққа (паек ретінде) әрқайсысына 9 кг-нан астық берілді. Аудандық керек-жарақ одағы арқылы 12 шай, 8 кг сабын босатылды. Ал, колхоздар 150 қой, 1076 кг астық, 16 кг май, 25 пар байпақ, 12 тон, 12 пар аяқ киім жинап, майданнан келген 164 жауынгерге тұрғын үй сайлап, оларға 150 тонна отын даярлап берді. Отан соғысы мүгедектері мен әскер қатарынан жаңа келгендерге соғыста қаза тапқандар отбасыларына көмек ретінде 33 колхозда кейін мекемелер жанынан да арнайы отын даярлайтын бригадалар ұйымдастырылды. Майданнан келген офицерлер мен жауынгерлерді жұмысқа орналастыру, бейбіт еңбекке, қоғамдық өмірге араластыру камкорлыққа алынды. Олардың 8-і бірден партия, совет жұмыстарында басшылық қызметіне, 4-і колхоз басқармалығына, 2-і ауыл Кеңес төрағалығына, 10-ы ферма меңгерушілігіне, 8-і бригадирлікке т. б. шешуші салаға жұмысқа жіберілді. Мысалы, бұрын соғысқа дейін аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болған Жәндетқали Нысанов елге келген соң жұмысын қайта қолға алды. Бұрын Ленин атындағы колхоздың есепшісі Қ. Қарабеков соғыстан оралған соң ауылдық Кеңес төрағасы колхозшы Ғалимов «Қызыл әскер» колхозының далалық бригадасының бригадирі болды.

1945 жылдың қазан айында тағы да еңбеккерлер өздері бастама көтеріп, майдангерлер мен олардың отбасылары үшін 39 ц. астық, 32 кг май, 150 кг шай, 59 кг шекер, 11 мың л. сүт, 28 кг сабын, 210 дана тауық тұқымы, 12 кг темекі, 48 сырт киім, 20 байпақ, 102 тон, 82 кг жүн жинап, үлестірді. Бұл кезде майданнан қайтқан 422 адам тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Колхоздардың таза табысы есебінен малы жоқ шаңырақтарға 189 қой, 51 бас ірі қара және 7100 сом ақшалай көмек көрсетілді. Әйтседе бес жыл бойы бар тапқан-таянғанын майданға аттандырып отырған аудан шаруашылықтары мен мекемелерінің мүмкіншіліктері де шектеулі еді. Ең малы көп деген «Большевик», «Интернационал» колхоздарында 500 дей ірі қара, 2200—2500, қой, 80—100 жылқы, 50—90 түйеден ғана болса, «Қызыл ақырап» колхозында небәрі 79 ірі қара, 182 қой, 4 жылқы, ал «Үлгі» колхозында 112 ірі қара, 234 қой, 4 жылқы, 6 түйе, ғана болатын. Қолда бар жарамды көлік, арбаға дейін майданға жіберілгендіктен қай колхоз болмасын жұмыс қолына да, көлікке де мұқтаж еді. Сөйтіп соғыс аяқталған кезде аудан бойынша небәрі 9869 ірі қара, 24261 қой, 1790 жылқы, 818 түйе ғана болды. Жеке адамдарда да бірер сиыр болмаса, артық дәу-

лет болмады. 1947 жылдың 1-қаңтарында аудандағы 2188 үйдің 2112 ірі қарасы, 398 қой-ешкісі, 17 жылқысы, 1 түйесі ғана болуы осыны көрсетеді. Ал, 700-ден астам колхозшыда тиерге тұяқ жоқ еді.

Аудандағы егіс көлемі де соғыс қарсаңындағыдан едәуір кемін кетті. Мәдени-ағарту, тұрмыстық қызмет көрсету салалары артта қалды. Мысалы, архив құжаттарында сол кезде ауданның мәдени мекемелерінде 7 грмон, 19 домбыра, 45 ішекті аспаптар, 12 радиоқабылдағыш болғаны жөнінде деректер бар. Бірақ қиыншылыққа қарамастан аудан жастары жиі бас қосып, концерт, пьса, би кештерін өткізіп, көңілді демалыстар ұйымдастыра білді. Сол кездегі аудандық мәдениет үйінің директоры, қазіргі зейнеткер, республикамызға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері Сағит Садықов ең алғаш үш адам болып бас қосып, сахнада күй шертіп, концерт қойғандарын, бара-бара өнерпаздар қатары көбейіп, шағын домбыра ансамблі құрылғанын, кейін оркестр дәрежесіне жеткенін, ал драма тобы халық театры атағын иеленгенін шабыттана еске алады. Өгіз арба, түйе шаизмен жүрсе де, ел еңсесін көтеруге септескен мәдени қызметкерлердің еңбегі, шынында да, еске алуға тұрарлық.

Соғыстан кейін ауданда бар-жоғы бір клуб жұмыс істеп, концерт, кейде пьеса көрсетілетін. Кино сирек болатын. Оқу ісі де күйзелісте еді. Мектептердің материалдық базасы тұралап, кейбіреуі (Оңайбек т. б.) жабылып қалды. Мұғалімдердің көбі майданнан оралмады. 1946 жылы ауданда бірде-бір орта мектеп болмады. Әжібай, Бозоба, Қаштай, Караоба, Ордабай, Жалпақкөл (Большой лиман) қоныстарында орталау, Тіленшісай («Еңбек»), Жігер, Сәуле, Қошанкөл, Мереке, Сазанды, Тереккөл, Шойтық Саралжыны, Қызыл ту, Қаракөл, Бекет, Бостандық, Сарықона, Қийырбай, Тобылғы (Қоңырсай) Орыс Таловқасы, Березин, Қараазбан, Жаңатаң, Асанқұдық, Оңайбек, Көпкүтір, Аққурайлы қоныстарында бастауыш мектептер болды. Бастауыш мектептерде 20—30-дан ғана бала оқыды.

Жауды жеңген соң елімізде бүлінген аудандарды қалпына келтіру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын соғысқа дейінгі дәрежесіне жеткізуді көздеген «КСРО халық шаруашылығын қалпына келтіру және дамытудың 1946—1950 жылдарға арналған жоспары туралы» Заң қабылданғаны белгілі. Осыған орай ауыл шаруашылығы еңбеккерлері төртінші бесжылдықты төрт жылда орындау жөнінде патриоттық бастама көтергені мәлім. Оған аудан еңбеккерлері де қызу үн қосып, оны колхозшы жиналыстары мен аудандық мәслихатта мақұлдап, Сталинге хат жолданды. Онда аудан еңбекшілері сталиндік бесжылдық жоспарды төрт жылда орындауға серт етті...

Сөйтіп, соғыстан кейінгі бейбіт еңбек бірден қызу қарқын

алды. 7

Ол кезде соғыстан бұрынғы 33 колхоздың ізі сақталған еді. Олар: «Интернационал» (баскарма төрағасы Ораз Жұмалиев), «Урожай» (Қадыр Қапаров), «Коминтерн» (Ибрагим Айтқалиев), «Табылғы» (Қисмет Сәлімгереев), «Большевик» (Қамал Юсупов), «Энгельс» (Кәрім Аймұхашев), Карл Маркс (Раушан Мералиева), Микоян (Уахит Мырзағалиев), «Жаңа талап» (Есім Азаматов), Сталин (Құспан Хайруллин), Каганович (Ғазез Баймұқашев), Чапаев (Ғұсманғали Мырзахметов), «Новый



Социалистік Еңбек Ерлері: Мерғалиев Ш., Сауанов Ы., Аянов А.

быт» (Қисмет Сағындықов), «Еңбекші» (Ғұмар Қайрегешев), «Қызыл Ақырап» (Қабыл Жәрдемалиев), «Қосшы» (Амангали Кадыров), Калинин (Мәлік Досқалиев), Ленин (Әділет Абдоллов), Болат (Жүсіп Есмұрзин), Куйбышев (Токбай Мерғалиев), «Қызыл әскер» (Жұмағали Шадияров), «Жаңа таң» (Қосбай Хайруллин), «Кеңес» (Ахмет Алмаңбетов), Ворошилов (Габдрахим Сұңғатов), Киров (Файзолла Хаймулдин), Молотов (Ораз Сариев), «Жігер» (Қабен Үмбетов), «Көсем» (Наби Өтепов), «Қазақстан» (Самен Мұсағалиев), «Үлгі» (Жолдыбай Талнақов), «Сәуле» (Ермағанбет Мусин), «Бастауыш» (Абай Сапарғалиев), «Еңбек» (Уахит Нығметов), «Коминтерн» (Қавас Шыңтеміров), «Үлгі» С. Байтеміров.

Бұл колхоздар 14 селолық кеңестің қамтуында болды. Олар Қазталовқа селолық кеңесі (төрағасы Сартай Ғұсманов), Еңбекші (төрағасы Қайырлы Тайғұлов), Беспишен (Сәду Жалаков), Орыс Таловкесі (Сәрсен Әжібаев), Березин (Қажығали Бектұрғанов), Мирон (Қазым Калелов), Шилі (Хамидолла Сүлейменов), Бостандық (Тасболат Елеуғалиев), Қосарал (Ісбат Сұлтанов), Бірі (Сармодда Тілеуов), Ұмтыл (Айтқазы Әлімғазиев), Ақаба (Нағима Зинешева), Талап (Мәмбетов), Еңбек (Нығмет Құспанов).

Жұмыстың көбі қол күшімен атқарылатындығына қарамастан колхозшылар уақытпен санаспастан, еселеген жігермен еңбек етті. Мәселен, «Интернационал» колхозының ферма меңгерушісі Ыбырайым Сауанов ферма бойынша әр 100 саулықтан 132-ден қозы, әр қойдан 2,7 кг жүн алуды қамтамасыз етті. Еділбай тұқымды қой өсіретін ферма үшін бұл жоғары көрсеткіш еді. Осы колхоздың озат шопаны Шақай Мерғалиев бағымындағы 400 саулықтан 505 қозы алып, аман өсірді. Әр қозыны 40 кг-нан етке тапсыртып, бір қойдан 2,9 кг жүн қырықты. Олардың екеуіне де осындай ерлік еңбектері және қой шаруашылығын дамытуға қосқан ұзақ жылғы үлестері үшін 1948 жылы Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Сөйгін Ы. Сауанов пен Ш. Мерғалиев ауданда тұңғыш рет бұл құрметті атаққа ие болып, омырауларына «Алтын жұлдыз» белгісін тақты. Олар бұдан кейін де аудан шопандарының көш бастаушылары болып, зор үлгі-өнеге көрсетті.

Сондай-ақ «Коминтерн» колхозының шопаны С. Мақанов, Энгельс атындағы колхоздың қой фермасының меңгерушісі Ж. Шауленов, «Урожай» колхозының жылқышысы Дүйсенбиев, Куйбышев атындағы колхоздың сиыр ферма меңгерушісі С. Молдабеков, «Большевик» колхозының түйешісі М. Аймурзин т. б. ерен еңбектерімен көпшілік құрметіне ие болды.

Осындай ерен еңбектің нәтижесінде бесжылдықтың алғашқы екі жылында-ақ мал басын өз төлі есебінен өсіруге қол жетті.

Ауданда ірі қара мал саны 11 мыңнан, қой саны 34 мыңнан жылқы 3 мыңнан, түйе 900 бастан асып түсті. Колхозшылардың да табысы жақсарды. Ауданда колхозшыларға қосымша ақыға 2300 қозы, 240 бұзау, 35 құлын, 3814 кг ет, 9200



Ұлы Отан соғысында қаза болғандардың бір тобы.
Сариев Тұқпат, Көшенов Әмірғали, Қарабалин Әлібек, Піштаев Атолла.

кг астық, жоспардан тыс мал өсіргені үшін еңбек күнне 810 бас ірі қара, 8462 қой берілді. Елдің еңсесі көтеріліп, әлеуметтік саланы дамытуда елеулі қадам жасала бастады. Жоғарыда атап өткеніміздей, ауданда 1947 жылы жалғыз клуб болса, 1948 жылы жаңадан 8 клуб салынып, іске қосылды. Ауданда тұрақты, бір жылжымалы киноқондырғы халықты киномен қамтады, 14 оқу үйі, 2 кітапхана жұмыс істеді. Бір орта, 7 орталау, 28 баспауыш мектепте 1500-ге жуық бала оқыды. 1953 жылы колхоз бірігіп, Жалпақкөлде Богатырев орта мектебіне үй салды. Дәрігерлік қызмет жүйесі де кеңіп, аудан орталығындағы емхана, аурухана, санитарлық эпидемиологиялық стансымен бірге 2 дәрігерлік учаске, 11 фельдшерлік-дәрігерлік пункт болды. Байланыс қызметі де жанданып, 11 орында байланыс бөлімшелері жұмыс істеді. 9

Соғыстан кейінгі ауыл жылдарда ауданды басқарған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Айдын Біләлиев, аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы Рахым Кенжалиев, басшы партия, Кеңес органдарында жұмыс істеген Ғали Темірешев, Хайрош Меңдібаев, Избасар Айтқұлов, Рахила Төлесова, Қабіболла Шүңгілов, Қайыр Сәтиев, Ғабдрахим Сұңғатов, Кәрім Аймұқашев, Мәлім Досқалиев, Есім Азаматов, Жүсіп Есмұрзин, Жолдыбай Талпақов, Қабен Үмбетов, Раушан Мералиева, Ғұмар Қайрекешов, Қажығали Бектұрғанов, Сәрсен Ажбаев, Сартай Ғұсманов, Қазым Халелов, Қисым Сағындықов, тағы басқалардың еншісіне оңай міндет тиген жоқ. Бірақ олар халықтың ұйымшылдығы мен бірлігіне сүйене отырып, зор еңбекке, көншілікті ортақ іске жұмылдыра білді. Нәтижесінде берген серт орындалып, аудан еңбеккерлері соғыстан кейінгі бесжылдықты төрт жылда орындап шықты.

Алайда, материалдық-техникалық базасы төмен, жұмыс қолы тапшы шағын колхоздардың онша өміршең еместігін өмір тәжірибесі көрсете түсті. Сол себепті партия мен үкіметтің ұсақ колхоздарды ірілендіру туралы 1950 жылғы қаулысына сәйкес аудандағы 33 колхоз 12 колхозға бірікті. Расында да ұсақ колхоздардың мүмкіншіліктері тым шектеулі-ақ еді. Мәселен, бұрынғы «Қосшы», «Қызыл ақырап» 25—30 үй, 35—40 еңбекте жарамды адам, 2—3 трактор, 2—3 машина ғана бар еді. Бұл күшпен олар 25—30 мың гектар жердің тең жартысын да толық пайдалана алмады. Ал, керісінше, К. Маркс атындағы колхоздың малы соғыстан кейінгі жылдары тез өсіп, өзіне тиесілі 3 мың га жерге сыймауға айналды. Енді осы үш шағын колхоз біріккен соң оларда 5 мың га егістік, 18 мың га жайылым, 8 мың га шабындық, 270-тен астам үй, 300-дей жұмысқа жарамды адам, 6 мыңның үстінде мал, 15 трактор, 7 кең алқымды машина, 23 соқа, 23 шөп шабатын машина т. с. с. көлік, құрал-сай-

мандары болуы колхоздың әлеуметтік-экономикалық дамуына қай жағынан да кең өріс ашты. Алғашқы жылдың өзінде колхоз басқарма төрайымы Раушан Мералиева мемлекетке астық және мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі жоспарларын орындап, өздеріне қажетті мал азығын даярлап алды. Немесе «Жаңатаң», «Новый быт», «Еңбекші» колхоздарының іріленген Каганович атындағы колхозға (басқарма төрағасы Карес Қажғалиев) бірігуі де олардың алға басуына қолайлы жағдайлар жасады. Бұл колхозда да енді 50570 га жер, 300-ден астам адам болды. ¹⁰

Осылайша қалған колхоздар да өзара бірікті. Сөйтіп, ауданда «Карл Маркс», «Каганович», «Сталин», «Ленин», «ХІХ партсъезд», «Молотов», «Микоян», «Куйбышев», «Энгельс», «Қазақстанның 30 жылдығы», «Жданов», «Большевик», атындағы іріленген колхоздар құрылды. Колхоздарда мал басы өсіп, оның өнімділігі арта түсті.

Алайда, 1952 қоян жылының қысында адам айтқысыз қалың қар түсіп, қатты аяздың болуы, қыстың ұзаққа созылуы жаңа өрлей бастаған мал шаруашылығын үлкен шығынға ұшыратты. Сонын салдарынан 1952 жылдың алғашқы жарты жылдығында ғана аудан 7216 ірі мүйізді қарадан (барлық ірі қараның 39 процентінен), 52599 қой мен ешкіден (38 процент) айырылды. Шығын малдың 80 процентінен астамы саулық мал болғандықтан, сол жылы мардымды төл де алынбады. Әсіресе, «Сталин», «Микоян», «Энгельс», «Куйбышев», «Карл Маркс» атындағы колхоздарда шығын көп болды. Әйтсе де қашаннан өрісі ортаймаған құтты өлкенің төрт түлігі қайта түлеп өсті.

1952 жылы өктем Орталық солақай саясатына басып Күм Нарынды әскери сынақ полигонына айналдыруды бастады. Осыған байланысты Жаңақала ауданының екі колхозы (Крупская және ХVІІІ партия съезі атындағы колхоздар) қазіргі Мирон селолық Кеңесінің, ал Амангелді атындағы колхоз Қараоба селолық Кеңесінің территориясына көшіп келіп қоныс тепті. Сөйтіп, қарайған жұрт жазықсыз жапа шегіп, ел жұртынан, ата қонысынан айырылды. Жер ұйығы қайран Нарын иесіз қалды. Қарсылық білдірген жергілікті халықтың мұң-зары, өтінішті-лектері ескерілмеді.

4. ҚАЗТАЛОВКА АУДАНЫ «КЕМЕЛДЕНГЕН» СОЦИАЛИЗМ ДӘУІРІ КЕЗІНДЕ

Соғыс зардабын біргіндеп жоя келгенмен, елдің артта қалған саяси-экономикалық жағдайы оңала қоймады. Әсіресе, ауыл шаруашылығы мешеу күйде болды. Саяси өмірде тоталитаризм

бұғауынан босай алмады. Елді астықпен қамтамасыз ету үшін 1954 жылдан тың және тыңайған жерді игеру, колхоздарды ірілендіру, оны аяқтамай байтақ жерде совхоздар ұйымдастыру жүргізілді. Бұл шаралар ғылыми, материалдық, техникалық, ұйымдастыру—басшылық жағынан дайындалмаған, әрі әр аумақ ерекшелігі мен мүмкіндігін, бұқара пікірі мен мүддесін ескермеді, көптеген шараларды атүсті жүргізді. Ауданда машина, трактордың аздығына қарамастан тың жер көлемін игеруді көп берді. Көмекке абақтыдан шыққандарды жіберді. Н. С. Хрущев барлық жерде жүгері егу, дәнді шаршы — ұя әдісімен отырғызуды т. б. әкімшілікпен енгізді, жергілікті адамдар пікірін есептемеді.

Ауданда әрбір шаруашылықта амалсыз нақты тапсырмалар берілді. Сапасына қарамай санын қуалады. Сөйтіп, 1956 жылы жаңадан игерілген жер көлемі 27240 гектарға жетті. Ауданда сол жылы суармалы егісті қосқанда 54501- га жерден 170 мың өнім алынды. Мирон МТС-нан М. Рахимов, Бостандық МТС-нан Ә. Бисенов, Н. Зацепин, Б. Сүндетов, Қошанкөл МТС-нан Б. Бордуков т. б. комбайншылар тың игеру озаттары атанды.

Ауданда қой шаруашылығының үздіктері де көбейді. Куйбышев атындағы колхоздың озат шопаны Мұқанбетқали Есенғалиев, Сталин атындағы колхоздың шопаны Айтқали Жолайтов, Қазақстанның XXX жылдығы атындағы колхоздың шопаны Биселі Мұсағалиев, XIX партия съезі атындағы колхоздың Шейтім Сағаденов шопаны жыл сайын жоғарғы көрсеткіштерге жетіп, табыс биігінен көрінді. А. Жолайтов пен Б. Мұсағалиевтер Қазақ ССР-нің мал шаруашылығына еңбек сіңірген шебері деген құрметті атаққа ие болды. Келесі жылы ауданның 16 еңбек озаты, Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы жәрмесіне қатынасып қайтты.

Ауданда ірі қараны етті бағытта мамандандыру, қосымша шошқа, қоян, тауық өсіру қолға алынды. Керісінше, малшы қазақтың жаңа серігі — жылқы түлігін дамыту көріне көзге қағажуға ұшырап, елеусіз қала берді. Сол жылдары қай шаруашылықта болмасын бір баспаққа бір жылқыны ойланбай ауыстыра салатын еді. Бұның өзі кейінгі жылдары ауданда жылқы санының күрт кеміп кетуіне әкеліп соқты.

Елуінші жылдардың ортасынан бастап барлық жердегі сияқты ауданның территориялық-әкімшілік басқару жүйесіне де кейбір өзгерістер енгізілді. Республика Жоғарғы Кеңес Президиумының 1954 жылғы 11-тамыздағы жарлығына сәйкес Ақоба, Мирон селолық Кеңестері бірігіп — Мирон селолық Кеңесі, Орыс Таловкасы және Березев селолық Кеңестері бірігіп — Березин селолық Кеңесі, Шильный және Талап селолық Кеңестері бірігіп — Талап селолық Кеңесі, Қаракөл және Бостандық ауылдық Кеңестері бірігіп — Бостандық селолық Кеңесі,

Беспілсіз және Бірік ауылдық Кеңестері бірігіп — Бірік село-лық Кеңесі болып қайта құрылды.

Бірқатар колхоздар қосылып тағы іріленді. 1956 жылдың шілде айының басында Қаганович атындағы колхоз Қарл Маркс атындағы колхоздың құрамына қосылды.

Машина-трактор станциялары машина жөндеу станциялары болып қайта құрылды. Бұдан былай олар техникаларын колхоздарға сатып, негізінен техника жөндеумен ғана шұғылданды. Енді әрбір колхозда 50-ге тарта трактор, 15—20 комбайн, 15—20 автомашинадан болды. Мұның өзі белгілі дәрежеде колхоздардың күш қуатының артып, экономикасының нығая түсуіне көмектесті.

Мал басы өсіп, оның өнімділігі артты, егіс көлемі де көбейіп, оның шығымдылығы жақсарды. Мысалы, ауданда қой саны 1953 жылы 31 мыңның үстінде ғана болса, 1958 жылы 102 мыңнан асып түсті. Ірі қара 12700 бас болса, 1955 жылы ол 18 мыңнан асты. Ауданда 4 мың жылқы, 600 шошқа, 10 мың құс, 4 мың үй қояны болды.

1957 жылдан бастап аудандық денсаулық сақтау бөлімі жойылып, оның міндеті аудандық ауруханаға жүктелді. Осы жылдары ауданда 6 дәрігерлік пункт, 17 кітапхана, 10 клуб, 5 спорт алаңы, бірнеше монша, ясли, жатақхана, көптеген тұрғын үйлер салынып пайдалануға берілді. Тек 1956 жылы ғана мемлекеттік банктен 111 тұрғын үй салушыға 412 мың сом несие берілді. Сол жылдары әсіресе, Қазталовка, Бостандық селолық кеңестерде, «Большевик», Микоян, Жданов атындағы колхоздарда тұрғын үйлер мен мәдени тұрмыстық объектілерді салуда көлемді жұмыстар атқарылды. Халықтың тұрмыс дәрежесі жақсара түсті жастардың оқуға, мәдениетке құлшынысы күшейді. Оған сол кезде арнаулы орта, жоғары оқу орындарын бітіріп келін, еңбекке, қоғамдық өмірге белсене араласқан маман кадрлар қатарының өсе түсуі үлкен септігін тигізді. Олардың ішінде мектеп директоры болып жұмыс істеген Ізмұқан Мәсәлиев, Исатай Кенжалиев, Ықсан Құтқожин, Ниятқали Сармалаев, Аткаш Тәпшіев, Нағым Хұсайынов, Зияхмет Байғазиев, Аманғали Өтегұлов, Нұролла Ерболатов, ауыл шаруашылығы мамандары: Атолла Ғұбаев, Мұханбетқали Ілиясов, Сатқан Төлеушев, Байғазы Сарсенов, Ақажан Лұқпанов, Хайрел Еметияров т. б. еңбегімен елге сыйлы болды, көпшілігі кейін басшы қызметтер атқарды. Осы кезде ауданға басшылық жасаған Құрман Байсыңов, Байтұраұлы Мұстафиев, Мағдан Тажғалиев, Есен Оракбаев, Жолдығали Өтегенов, Бекбол Абдушев, Ақылбек Қалдышев т. б. жергілікті маман кадрларды қалыптастырып, тәрбиелеуге, оқытуға лайықты үлестерін қосты. Республика сахнасында Хадиша Бөкеева, Сағит Садықов, жарқын

өнерлерімен, гiлшi-ғалым Ғали Бегалиев тiлсiзiмпазшымен жарқырай түстi.

Ауданның мәдени-ағарту, әлеуметтік саласын дамытуға да елеулі бетбұрыстар жасала басталды. Ауданда 29 мәдени мекеме, 7 жылжымалы киноқондырғы, 2 орта, 6 жетiжылдық, 14



Сағит Садықов, әуесқой композитор, ақын, әнші.

бастауыш мектеп, 60-тан астам сауда орындары жұмыс істеді. Аудан орталығында жаңадан өкпе ауруларын емдейтін диспансер ашылды. Драма, хор, домбыра үйірмелері ұйымдасып, халыққа мәдени қызмет көрсету жетіде түсті. Ауданның ұлт аспаптар оркестрі бірнеше дүркін облыстық, республикалық байқауларға қатынасып, жүлделі орындарға ие болды. Оркестр 1957 жылы Москва қаласында өткен Студенттер мен жастардың дүниежүзілік фестивалінде лауреат атанды. Ойы ұйымдастыруда сол кезде есімі аудан облысқа танымал өнерпаз ақын Сағит Садықов көп еңбек сіңірді. Кейіннен аудандық мәдениет үйі жанынан ұйымдасқан драма үйірмесі Халық театры атағын жетіп алса, жас бишілерден құралған «Қарлығаш» ансамблі (жетекшісі Р. Шынтемирова) өз өнерімен облыс, республика көлеміне кеңінен танымал болды.

Жастайынан ақындық өнерімен танылған Нығмет Нағымов та облыстық ақындар айтысында ауданның намысын қорғап бірнеше дүркін жеңімпаз атанды. Ол өткір тілді, өлеңді табан астында шығаратын төкпе ақын еді. Сондықтан да оның көптеген әзіл-оспақтары мен айтыс үстіндегі тапқыр шумақтары әлі күнге ел аузынан түспей жүр. Мәселен, бірде оны ауданнан келген бір басшы қызметкер сынамақ болып, «Қане, ақын болсаң екеуіміз туралы бір шумаққа сыйғызып өлең шығаршы», десе керек. Сонда Нығмет көп ойланбастан:

«Мысалы сынау керек Нығметті,
Ол қашан пішен шауып, егін екті.
Бір жерге бара қалса Сіз сияқты,
Сілтейді көк мойын мен тегін етті». — десе керек.

Екінші бір ретте көрші ауданға барып жүріп, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Есімхан Меңешев екеуі бір үйге түседі. Таныса келе үй иесінің зайыбы онымен құрдас болып шығады да, әзілдеп: «Өзіңде мен сияқты ысқаяқ қара екенсің, ақындығыңды сынайын, бір минут ішінде 2—3 шумақ өлең айт, — дейді. Сонда Нығмет бірден:

Құрдасжан, саған айтар тақпағым көп.
Ыңғайланып отырмын мақтағым кең.
Аю да өз баласын қаршып сүйген,
Болса да түсі қара «аппағым» деп.
Түсім қара болғанымен ішім аппақ.
Бар адам сұлулуарды қайдан таппақ?
Опа жағып, сәнделіп әуре болма,
Пошымның үйлесімді сондай жақсы-ақ.
Сізден міне, дәм татар келді кезен
Бөлсе де арамызды бір-екі өзен
«Болмасаң да ұқсап бақ» деген бар ғой.
Болайық сен Қыз жібек мен Төлеген, — деп әзілмен

жауап беріпті.

Есімі Республикаға кеңінен танымал айтыс ақыны, әрі әнші, термеші жерлесіміз Қатимолла Бердіғалиев ауылдасы Нығмет ақынды өзіне ұстаз тұтатынын жиі еске алады. Қатимолла қазір арқалы ақын, республикаға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, Оралдағы саз училищесінде Мұхиттың класын ашып отыр.

Ол жылдары аудандық партия ұйымын басқарған Қабира Салықова мәдени саланы дамытуға ерекше көңіл бөлді. Ол кезде партия ұйымдары шаруашылық пен мәдени құрылысқа тікелей басшылық жасайтын еді. Кадрлерді іріктеу, орналастыру және жұмыстан босату жөніндегі мәселелер тек аудандық партия комитеті арқылы шешілетін. 1959—1960 жылдары аудандық партия ұйымында 600-ден астам коммунист болды. Олар 30 бас тауыш партия ұйымына бірікті. Ал аудандық комсомол ұйымын

да (бірінші хатшысы С. Ахметов) 1100—1200 комсомол мүшесі есепте тұрды. Ауданның партия, комсомол ұйымдары сол кезде өріс алған жастардың игеруге, мал шаруашылығына, соның ішінде қой шаруашылығына жіберу жөнінде ұран тастап, көп күш-жігер жұмсады. Қай салада болмасын комсомол жастар бригадаларын ұйымдастыру өріс алды.

КОКП Орталық Комитетінің март (1962 жылғы) Пленумының шешімдеріне сай ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту жөніндегі маңызды міндеттер белгіленіп, республикада 69 территориялық колхоз, совхоздар басқармалары құрылды. Енді аудандық партия комитеттері соның жанындағы өндірістік партия комитеттері болып құрылды. Территориялық-өндірістік басқармалардың жаңа құрылымына байланысты облыста бірқатар аудандар таратылып, басқа аудандарға қосылды. 1962 жылы Жаңақала ауданы таратылып, оның «Жаңақала», «Құрманғазы» атындағы совхоздары Қазталовка ауданының қарамағына көшті. Ол кезде бұл шаруашылықтарда 60—70 мыңнан көп, 3—3,5 мың жылқы, 2—3 мыңдай ірі қара, 350—400-ден түйе болды. Бұл жылдары аудан ішінде де бірқатар өзгерістер болды. 1961 жылы 25-наурызда «Большевик, Энгельс колхоздары бірігіп «Қазталовка», «Ленин», «Куйбышев», XIX партсъезд атындағы колхоздар бірігіп — «Бостандық» совхоздары құрылса, 1963 жылы Микоян, Жданов және Қазақстанның XXX жылдығы атындағы колхоздар бірігіп — «Қошанкөл» совхозы құрылды. Ал, 1964 жылдың 24-ақпанында «Қазталовка» совхозында «Тереңкөл» совхозы, 1965 жылдың наурызында «Қошанкөл» совхозының Қараоба совхозы бөлініп шықты.

КОКП Орталық Комитетінің қазан және қараша (1964 жылы) Пленумдарынан кейін партия ұйымдарының құрылымында да елеулі өзгерістер болды. Бұрынғы өнеркәсіптік және аймақтық (селолық, облыстық, өлкелік) партия ұйымдары біріктіріліп, территориялық принцип, біртұтас облыстық, өлкелік партия ұйымдары қайта құрылды. Сөйтіп, селолық, аудандық партия комитеттері бұрынғы қалпына келтірілді. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып М. Ысқақов сайланды. Бұл жыл аудан еңбеккерлері үшін табысты жыл болды. Ауданға егін жинау мен мемлекетке астық тапсыруды үлгілі өткізгені үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің ескерткіш Қызыл Туы, ал қоғамдық мал азығын дайындаудағы жоғарғы көрсеткіштерге жеткені үшін Батыс Қазақстан өлкелік партия комитеті мен атқару комитетінің ескерткіш Қызыл Туы, Орал облыстық партия комитеті мен атқару комитетінің ауыспалы Қызыл Туы берілді.

Бұдан кейінгі жылдарда да аудан еңбеккерлері жекелеген шаруашылықтар, әсіресе, Карл Маркс, Ленин атындағы колхоз

дар (төрағалары Қ. Ахмедияров, Қ. Құсайнов), «Қазталовка» (Х. Хамзин), «Бостандық» (С. Сәлімгереев), «Қошанкөл» (С. Асанғалиев) совхоздарының ұжымдары мал басын өсіру, оның өнімділігін арттыру, мемлекетке астық тапсыру жөніндегі тапсырмаларын асыра орындағаны, мал азығының берік қорын жасағаны үшін Бүкілодақтық социалистік жарыстың бірнеше дүркін жеңімпазы атанып, республикалық жарыс жүлдегері болды. Ол кезде бесжылдықтардың әр жылына арнайы мән беріліп, бесжылдықтың «алғашқы», «шешуші», «айқындаушы», «қорытындылаушы» жылдары ескеріліп, көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылданатын. Әр жылды жемісті аяқтауға барлық ішкі резервтер жұмылдырылатын. Осындай қажырлы еңбектерінің нәтижесінде ауданға екі рет Бүкілодақтық социалистік жарыс жеңімпазы атағы, 1974 және 1978 жылдары КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің, 1982 жылы Орталық кәсіподақ және комсомол комитеттерінің республикалық Қызыл Тулары берілді.

Аудан бойынша 1968 жылмен салыстырғанда 1970 жылы 36208 кг ет, 4828 кг жүн артық тапсырылып, қой саны 84 мыңға, жылқы 2500 басқа көбейді. Дәнді дақылдар егісінің көлемі 70 мың гектарға жетті. Егіншілік пен мал шаруашылығын өркендетуде жоғары көрсеткіштерге жеткен көптеген еңбек озаттары жоғарғы үкімет сыйлықтарына ие болды. «Тереңкөл» совхозының озат малшысы Ақат Аяпов Социалистік Еңбек Ері атағын иеленді. Шопандар Зарип Байболов, Захар Рахметов, Қосбол Егізбеков, Салима Ғұбашева, Тілекеш Төлеповтар мен тракторшылар Бексұлтан Жәрулин, Сақыш Жұмаевалар Ленин орденімен наградталып, ел құрметіне бөленді. Сондай-ақ озат шопандар Пангерей Сейфуллин, Батыр Жаңбыршин, Шекір Отаров, Меңдіжан Молдашев, Кимеден Аманғалиев, Қазақ КСР-не еңбегі сіңген ауыл шаруашылығы қызметкері Қамжан Көлбаев, Хамит Сағатденов, Төлеқали Майжанов, майталман механизаторлар Ибраһым Омаров, Махамбет Шежінбаев, Меңсейіт Одаев, Самиғолла Жайынов, Құспан Шапенов тағы басқалары үнемі табыс биігінен көрініп, орден, медальдармен наградталды. Көптеген өндіріс жетекшілері, мамандар шебер ұйымдастырушылар ретінде көріне білді, ел байлығын еселеп арттыруға лайықты үлестерін қосты. Ұзақ жылдар партия, Кеңес, шаруашылық жұмыстарында басшылық жасаған Мағдан Тажғалиев, Сатқан Даниялов, Хаби Жақыпов, Рысқали Қабилов, Мардан Сапаров, Ихсан Құтхожин, Ажмұханбет Ахметов, Нәсекен Табылдиев, Болат Айтмұханов, Каким Хұсайынов, Сина Төлегенов, Нұптығали Сейтжанов, Жүсіп Хамзин тағы басқалары аудан алдында тұрған саяси-шаруашылық міндеттерді орындауға өз үлестерін қосты.

Сол жылдардың статистикалық мәліметтеріне көз жіберсек, аудан мемлекетке астық тапсыру жөніндегі жоспарын 1968 жылы 6 есе, 1970 жылы 4 есе, 1978 жылы 5 есе асыра орындатты. Мәселен, егіп жақсы шыққан 1978 жылы жоспардағы 13200 тоннаның орнына 68 мың, яки 4 млн. 200 мың пұт астық тапсырылды. Бірақ осыныша мол астық өсірген жылдардың өзінде аудан шаруашылықтарының қай-қайсысында болмасын тұқымнан басқа ештеңе қалмайтын, бар өнім мемлекетке тапсырылатын. Артынша қыс ортасында шаруашылық басшылары малына жем іздеп сабылып жүруші еді. Өйткені сол кездегі тәртіп әкімдік-әміршілдік жүйе тәжірибесі осылай қалыптасқан еді. Астық тапсыру кезінде облыстан 3—4 өкіл келіп, «Мына тапсырманы қайтсең де орндайсың, әйтпесе бюро алдында жауап бересің»,— деп апталап жатып алатын. Әрі-беріден соң қамбаға дейін қарап «қаптың түбін» қақтыратын-ды. Бұл мал шаруашылығына кері әсерін тигізбей қоймады. Оның үстіне жыл сайын ет, жүн, сүт тапсыру жоспарларын орындау да қатаң талап етілді. «100 қойдан 100 қозыдан кем алмау» сияқты нұсқаулар берілді, міндеттеме алу дағдыға айналды. Жергілікті басшылар жетпеген өнімді жекешелерден жинап амалсыздан түрлі әдіс-айла ойлап тауып, қалай да жоспарды орындауға күш салатын. Кей жылдары қой төлдету кезінде облыстық партия комитетінің тапсырмасымен ауданның әрбір бөлімшесіне бір ай мерзімге өкілдер жіберілді. Әдетте оларды облыстық партия комитетінің бір бюро мүшесі басқарып келіп, ауданда штаб құрып жатып алатын. Сөйтіп, олар «жоспарды орындатып» бір-ақ қайтатын.

Жыл сайын ауданға жоғарыдан берілетін жоспар да үстемселеп өсумен болды. Мысалы, он бірінші бесжылдықта аудан бойынша егіс көлемі 100 мың гектарға жеткізіліп, жоспардағы 91 мың 500 тоннаның орнына мемлекетке 136 мың тонна астық өндіріліп, мемлекетке 27 мың 200 тонна астық өткізіліп отырылды. Сол сияқты мемлекетке ет тапсыру 54—56 мың центнерге, жүн 9200—9500 центнерге, сүт 800—900 центнерге, жұмыртқа 70 мың данаға жеткізілді. Осылайша шаруашылықтардың ішкі мүмкіндіктері сарқа пайдаланылып, табиғат байлығы аяусыз таланды. Жайылмаға толассыз су шығарудан көлдіктер шөбінің сапасы кеміп, қоғажайға айнала бастады. Топырақ сортаң тартып, жайылым тарылды. Су мәселесі қиындап кетті. Нәтижесінде шаруашылықтардың басым көпшілігі зиянмен жұмыс істеді, үкіметтен алған несие өтелмей біріне-бірі жамалып көбейе түсті. Қаржы болмаған соң тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық объектілерін салу артта қалды. Оған үкімет тарапынан да қаржы аз бөлінді, басталған құрылыстарды аяқтау ұзаққа созылды. Мысалы, аудан орталығындағы, Бостандық, Тереккөлдегі орта мектеп үйі алды он жыл, соңы бірнеше жыл бойы салынды. «Орта

Азия — Орталық» және «Орынбор — Батыс шекара» магистральды газ құбырлары аудан шаруашылықтарының үстімен немесе жақын жерден өтіп жатса да, оның қайырын аудан жұртшылығы көре алмады. Өйткені, рұқсат алудың өзі бір қиямет-қайым болса, екіншіден қаржы мәселесі де қинады. Бірқатар елді мекендерге, малшылар ауылына электр желілері жетпей жатты.

Осы секілді түйінді мәселелер үлкенді-кішілі жиындарда үнемі айтылып жүрсе де шешімін таппады. Сол кездегі бірқатар шаруашылық басшылары көршілес Саратов, Волгоград облысының қала, аудандарымен тікелей байланысқа шығып, айырбас жолымен құрылыс материалдарын алып, шаруашылық мұқтаждарын азды-көпті шешіп жүрді. Мәселен, «Қошанкөл» совхозында шаруашылық әдіспен мәдениет үйі, балалар бақшасы, кеңсе, асхана, көптеген тұрғын үй салынды. Орта мектеп үйінің құрылысы да тез бітті. Бірақ сол құрылыстарға қажетті кірпішті, басқа материалдарды айырбасқа алғаны үшін совхоз директоры Сәлімгерей Асанғалиевқа «жұмыс бабына пайдаланады» деген кінә тағылып, қызметінен босатылды. Әйтсе де, қатардағы жұмысшы мен колхозшыдан бастап жаңалыққа жаны құмар басшыға дейін еркіндікке, дербестікке ұмтылды, соны аңсады...

Шаруашылықты қанша дамытты, көптеген әлеуметтік мәселелер шешілді дегенмен, бұл тек 1930—1950 ж. ж. салыстырғандағы өзгерістер. Мәселен, аудан халқының саны 1980 ж. 17 мыңдай болды, яғни 1917 жылғының 1/3 ғана. Қазталовка қонысының саны өсіп 4000 адамға жетті. Бірақ тұрғын үй, мәдени-ағарту мекемелер құрылысы болмады. Тек, 1980 жылдан бастап, облысты М. Б. Ықсанов (1926—1991 ж. ж. бұрынғы Таловка уезінде дүниеге келген) басқарғанда құрылыс жұмысы жолға қойылғаны белгілі. Тек 1981—85 ж. ж. облыста 21 мың пәтер, 37 мектеп, 5 аурухана салыныпты. Бұл болмаған іс. Соның ішінде Қазталовкада алғаш екі қабат тұрғын үйлер, орта мектеп, байланыс бөлімінің үйі, қонақ үй т. б. құрылыстар М. Ықсанов көмегімен жүзеге асырылды.

5. АУДАН ЖАҢА БЕТБҰРЫС КЕЗЕҢІНДЕ

1985 жылғы КОКП Орталық Комитетінің сәуір (1985 ж.) Пленумы және партияның XXVII Съезі қоғамдағы қалыптасып отырған жағдайға сын тұрғысынан талдау жасай отырып, Кеңестер Одағының әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету стратегиясын белгіледі. КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы М. С. Горбачевтің сөйлеген сөздері мен баяндамаларында қоғамды жаңарту, қайта құру міндеттері үсті-үстіне қойы-

лып, бұл бағыттағы ұйымдастыру, саяси көпшілік жұмысары кеңінен өрістетілді. Сол кезде жаттанды ұранға айналған адам факторын дамыту, партиялық, мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайту, кадрларды аттестациялау, демократияны нығайту, партиялықты арттыру негізгі жұмыс өзегіне айналды. Бұл жұмыс Қазақстан партия ұйымының басына Г. Қолбин келгеннен кейін науқанды сипат алып, басшылардан бастап, қатардағы коммунистерге дейін мінездемелерін жаңарту, жаппай аттестациядан өткізу, басшыларды конкурстық негізде сайлау тағы басқа жолдармен електен өткізу басталды...

Ауданда да қайта құру алдымен байыппен басталып, бірте-бірте қарқын алды. Ол кезде аудан партия ұйымында 1508-ден астам коммунист болды. Олар 41 бастауыш партия ұйымының есебінде тұрды. Екі колхоз бен жеті совхозда 42 цехтық партия ұйымын біріктіретін партия комитеттері жұмыс істеді. Аудан еңбекшілері, коммунистер қайта құру, тәртіпті нығайту, демократия, партиялылық жөніндегі идеяны түсіністікпен қарсы алды. Кадрларды аттестациялау, баламалы сайлау, партия жиналыстарын ашық өткізу, коммунистердің, басшылардың есептерін тындап, мінездемелерін жаңарту қолға алынды. КОКП Орталық Комитетінің «Маскүнемдік пен алкоголизмді тыю туралы» қаулысын жүзеге асыру жөнінде көлемді ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Салауаттылық жолындағы күрес кең өріс алып, ішімдіксіз тойлар өткізу дағдыға ене бастады.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру, өнім сапасын жақсарту, жалгерлік қатынастарды дамыту, еңбек тәртібін нығайту істері жолға қойылды. Әлеуметтік саланы дамытуға, әсіресе тұрғын үй салуға баса назар аударылды. Аудан бойынша және әрбір шаруашылық, кәсіпорындарда «Азық түлік», «Тұрғын үй—91» бағдарламалары іске асырыла бастады. Еңбек ұжымдарында «Кіші азық-түлік» бағдарламасын жасауға, өздерін аса қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етуге көңіл бөлінді. Бұл орайда «Қошанкөл» совхозының малшысы Мендібай Ажиков пен КСРО-ның 60 жылдығы атындағы совхоздың шопаны Шәкір Қалиевтің үйлерінің қасында жеміс-жидек, бау-бақша өнімдерін өсіріп, отбасыларын қамтамасыз ету жөніндегі бастамалары кең қолдау тапты. Осы бастама иесінің бірі — Шәкір бұл жылдары үнемі табыс биігінен көрініп, ауданда қозы алудың ең жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізді. Ол бірнеше жыл қатарынан бағымындағы әр 100 саулықтан 145-тен 152-ге дейін қозы өсіріп, әр қойдан 4 кг үстінде жүн алды. Оның осындай өнегелі іс-тәжірибесі республика Жоғарғы Кеңесінің тұрақты комиссиясында арнайы қаралып мақұлданды және оған 1988 жылы Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Бұл жылдары ауданда еңбекті ұйымдастырудың жалгерлік

мердігерлік әдісі кең өріс алып, көптеген бригадалар мен звено-
лар жаңаша жұмыс істей бастады. Әсіресе, Тәберек Аймұханов,
Темірболат Абдығалиев, Мұғаз Қапезов (КСРО-ның 60 жылды-
ғы атындағы совхоз, («Тереңкөл» совхозы) Айтболат Бердіға-
лиев, Мақсат Какимов, Аяпов Өтен, Нығмет Сауменов, Маруан
Хайрушев (Ленин атындағы колхоз) басқаратын жалгерлік-
мердігерлік бригадалар жоғарғы еңбек өнімділігіне қол жеткіз-
ді. Жалгерлік-мердігерлік әдісті меңгеруде «Тереңкөл» совхозы
(директоры М. Адаханов, бас экономист А. Хитаров) тәжірибе-
лі тірек шаруашылыққа айналды.

Осының бәрі тұтас алғанда ауыл шаруашылығы өндірісінің
тиімділігін, рентабельділігін арттырып, колхоз, совхоздардың
табысын молайта түсті, әлеуметтік саланы дамытуға бетбұрыс
жасалды. Сөйтіп, қайта құрудың алғашқы жылдарында аудан
бойынша мал басын өсіру, мемлекетке өннім тапсыру жоспары
асыра орындалып, 1987 жылы қой 202319 басқа, ірі қара 18195,
жылқы 4080 басқа жетті. 100 мың га жерге егін егілді.

Бұрын аудан бойынша жыл сайын 2—2,5 мың шаршы кө-
лемінде ғана тұрғын үй салынса, «Тұрғын үй—91» бағдарлама-
сына сәйкес алғашқы жылдары 7—8 мың шаршы, кейін 1988 —
1990 жылдарда 10—12 мың шаршы метрге дейін тұрғын үй са-
лынды. Мемлекеттен қарыз алып жеке үй салушылар көбейді.
Аудан орталығында жаңадан тағы бір орта мектеп, мәдениет
үйлері, аэропорт, пионерлер үйі, өкпе ауруларын емдейтін ауру-
хана және сауықтыру орны, бірнеше дүкен, базар салынды.
КСРО-ның 60 жылдығы атындағы совхозда орта мектеп үйі, ас-
хана, учаскелік емхана, Карл Маркс, Ленин атындағы колхоз-
дарда да көптеген әлеуметтік объектілер салынып, пайдалануға
берілді. Аудан орталығы тораптық су құбырына, Ленин атында-
ғы колхоз бен «Қошанкөл», КСРО-ның 60 жылдығы атындағы
совхоздардың орталығы газ құбырына қосылып, көгілдір отын-
ды пайдаланатын болды. Сөйтіп, ауданда тұрғын үй проблема-
сын шешуде, әлеуметтік саланы дамытуда елеулі қадамдар жа-
салды.

Қайта құрудың бастапқы кезеңінде ауданды басқарған
Рахметолла Хаметұлы Сүйербаев кадрларға талап қоюда, пар-
тиялық, мемлекеттік тәртіпті нығайтуда іскерлік көрсете білді.
Сонымен бірге «адам факторы», «демократия» деп жүріп, фор-
мальдылыққа, асыра сілтеу, әкімшілдікке бой алдырған кездер
аз болған жоқ. Өндіріс жетекшілері мен мамандары конкурстық
негізде сайлап қоямыз деген желеумен кей ретте ұйымдасқан
адамдар тобы өздеріне онтайлы кандидаттарға жол ашып бер-
ді. Мәселен, КСРО-ның 60 жылдығы атындағы немесе «Қошан-
көл» совхоздарында осындай жиналыстарда бірнеше маман жұ-
мыстан босап та қалды. Өкініштісі жаңадан сайланған кездей-

сөк адамдардың көбі оша тұрақтап жұмыс істей алмады. Сол сияқты қажет болсын, болмасын басшылар мен өндіріс жетекшілерінің тоқсан сайын есептерін тыңдау, жаппай мінездеме жаңарту да науқаншылықпен жүргізілді. Ай сайын облыс басшылығы қанша адамның жазаланғандығын, қандай партиялық шара қолданғандығын сұрап есепін алып отырды. Маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күрес жұмыстарында да асыра сілтеушілікке, орынды орынсыз жазалаушылыққа жол берілді.

Бүкілодақтық XIX партия конференциясында және одан кейін де қайта құруды тереңдету жөнінде көп айтылғанымен сөз бен істің арасындағы алшақтық бірте-бірте айқын сезіле бастады. Дегенмен қайта құрумен келген дербестік, демократия мен партиялық Кеңес Одағының ыдырауымен байланысты өктем Орталықтың тегеуірінінен босау, өзіндік даму жолына түсуіміз нарық қыспағына қарамастан әлеуметтік-экономикалық және рухани өмірге жаңаша көзқарасты қалыптастырды. Әсіресе, Қазақстанның тәуелсіздік алып, Президенттік басқару жүйесінің енгізілуі. Жаңа Конституция мен көптеген Заңдардың қабылдануы орындаушылық тәртіпті нығайтып, адамдардың болашаққа деген сенімін арттырды.

Бұл күнде Қазталовка ауданы — облыстағы ірі мал шаруашылықты аудандардың бірі. 1993 жылдың 1-қаңтарында ауданда 195582 қой, 20767 ірі қара, 6058 жылқы, 395 түйе болды. Бір миллион гектардан астам жер көлемінің 87589 мың гектарын егістік, 16573 гектарын шабындық, 350—400 мың гектар жайылым алып жатыр.

Аудан территориясын Сары өзен және Қара өзендері басып өтеді. Оларды аудан тіршілігінің күретамыры десе де болғандай Су мол болған жылдары аудан бойынша 23—25 гектарға дейін көлдік жерлер шабылып, мал азығын дайындап алады. «Балығы тайдай тулаған, үстінде қаз, үйрегі шулаған», «Қайран», «Жұмыр», «Ақкөлмек», «Табынсай», «Кепкенсай», «Ащыөзек» сияқты көлдер мен өзендердің байлығын ысырапсыз игеру енді-енді қолға алынып жатыр.

Еліміздің нарықтық экономикаға көшуі мен тәуелсіздігін нығайту бағытында бірталай жұмыстар істелуде. Қазір ауданда кәсіпорындар мен шаруашылықтарды, тұрғын үйлерді жекешелендіру қызу жүргізілуде. Қазірдің өзінде 10 шаруа қожалығы мен 30-ға тарта шағын кәсіпорын өз алдына отау тікті. Әсіресе, Қ. Лұқпанов, А. Бердіғалиев, Ж. Насыровтардың шаруа қожалықтарының алғашқы қадамдары қуантады. Олар өздерімен жағдайы тұстас көршілес бригадалармен салыстырғанда өнімді 2—3 есе артық өндіруде.

Ауданда жөндеу кәсіпорны, екі автобаза, жылжымалы құрылыс колоннасы, шаруашылық есеп учаскесі, жол бөлімі, ком-

муналдық кәсіпорын шаруашылығы, тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты, байланыс торабы, баспахана тағы басқа ондаған кәсіпорындар мен мекемелер нарыққа байланысты жаңаша жұмыс істеуде.

Соңғы жылдары мәдени-ағарту мекемелерінің жүйелері кеңейіп, олардың материалдық базасы нығая түсті. Ауданда бір мәдениет үйі, 9 селолық клуб, 2 кинотеатр, бір орталықтандырылған, 27 селолық кітапхана еңбекшілерге қызмет көрсетсе, 10 орта, 3 орталау, 10 шағын комплектілі бастауыш мектептерде 7500-ден астам бала оқып тәрбиеленуде. Қазталовка селосында балалардың спорт және музыка мектептері бар. Аудан бойынша 13 бала бақшасы жұмыс істейді. Халыққа мәдени қызмет көрсету саласында 75 мәдени қызметкер, ал мектептер мен мектептен тыс балалар мекемелерінде 500-ге жуық ұстаз жас жеткіншектерге білім мен тәрбие беруде.

Жұртшылыққа 5 учаскелік аурухана мен дәрігерлік емхана, өкпе ауруын емдейтін диспансер және оның жанындағы санитарий филиалы, санэпидстанциясы, 16 фельдшерлік-акушерлік пункттер, бір аптека жұмыс істейді. Оларда 43 жоғарғы білімді дәрігер мен 164 арнаулы орта білімді медицина қызметкері еңбек етеді.

Нарықтық экономика қиындықтарына, бағаның еркіне жіберілуіне, қымбатшылыққа қарамастан аудан әлеуметтік саланы дамытуға және еңбекшілердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуде елеулі бетбұрыстар жасалуда. Ауданда тұрғындардың жеке меншігінде мал ұстауына, отбасыларын жеміс, көкөніс, картоппен қамтамасыз етуіне, ол үшін арнайы жер бөлінуге, Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен зейнеткерлердің, көп балалы шаңырақтардың әлеуметтік жағының қорғалуына ерекше көңіл бөлінген. Қазір жеке меншікте 19032 ірі қара, 48274 қой, 2526 жылқы, 42 түйе, 587 жеңіл және жүк машиналары, 310 мотоцикл бар.

Барлық шаруашылықтармен телефон байланысы жолға қойылды. Соңғы жылдары ауданда телефон нүктелерінің саны екі есе өсіп, қазір 2000-ға жетті. Көпшілік қалалармен автоматты телефон байланысы орнатылған. Көптеген елді мекендер радиоланддырылып, ауданның барлық тұрғындары теледидар көруіне қол жетті. «Жарық» телестансасы іске қосылды. Шалғайдағы малшылар ауылын мемлекеттік электр желісіне қосуда біраз жұмыстар істелді. Қазір малшылардың едәуір бөлігі үйлерін электр қуатымен жылытады.

Басқа да өмірлік маңызды мәселелер бірте-бірте шешімін табуда. Табыс түбі қашанда бірлікте, ұйымшылдықта екені белгілі. Ауданның негізгі халқы — қазақтармен бірге оннан астам ұлт өкілдері қоян-қолтық еңбек етіп, тату-тәтті өмір сүруде.

Орыстар Холоповтар мен Скороумовтар, украиндар Кучинддер мен Костенколар, татарлар Латыповтар, Каримуллиндер мен Гарифуллиндер булеттерінің үлгі-өнегесі мақтаныш етуге тұрарлық.



Қатимолла Берғалиев, айтыскер ақын, әнші.

Еліміздің егемендік алып, еңсесі көтерілген қазіргі шақта жастарды өзінің ана тілін, төл салт-дәстүрін терең білуге, елін, халқын, туған өлкесін сүйге тәрбиелеуге жете көңіл бөлінуде. Бұл орайда ауданның мәдени-ағарту орындары көлемді жұмыстар жүргізуде. Өйткені, ауданның шежірелі тарихы, ел үшін еселі еңбек еткен аға ұрпақ өкілдерінің есімдері мен игі дәстүрлері кім-кімгеболмасын өшпес мұра, үлгі-өнеге. Олардың арасында құрметті демалысқа шықса да жастар тәрбиесіне өз үлестерін қосып жүргендері аз емес. Мәселен, ауданда ұзақ жыл басшы қызмет атқарған Сатқан Даниялов қазір ардагерлер кеңе-

сін басқарады. Ихсан Құтхожин тарихи ескерткіштер қоғамының жауапты хатшысы, әйгілі өнерпаз, республикаға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері Сағит Садықов кітапқұмарлар қоғамының төрағасы, әнші, домбырашы Шәйсат Ғұбашев оқушылардың термешілер мектебіне жетекшілік етеді. Ауылдың ең үлкен ақсақалы — бір ғасырдың куәсі Қапез Камешев те өмірде көрген-түйгенін жастарға айтудан жалықпайды.

Сондай-ақ осы топырақтан қанат қаққан қазір есімдері республикаға кеңінен танымал жерлестеріміз қаншама?! Аудан еңбекшілері әсіресе алғашқы профессорлардың бірі Қ. Басымовты, мектеп оқулықтарының авторы Ғ. Бегалиевті, ғылым докторлары С. Камалов, Л. Үмбеталиева, С. Құдайбергеноваларды, ғылым кандидаттары М. Темірешев, С. Темірболатов, И. Кенжалиев, Т. Әубәкеров, С. Мешімбаев, О. Хайыров, С. Қабиев, Л. Финогтов, Т. Оранаев, Қ. Ерғалиевтерді, есімі Одаққа танылған халық артисі Хадиша Бөкееваны, киноактер С. Қажымұратовты, айтыскер ақын Хатимолла Бердіғалиевті әуесқой композитор Әділбек Сүлейменовті және тағы басқаларды орынды мақтан тұтады. Қазіргі облыс әкімі Хабиболла Қабенұлы Жақыпов, оның бірінші орынбасары Абат Қадемұлы Есенғалиев те осы ауданның түлектері.

Хабиболла Қабенұлы Жақыпов 1949 жылы Қазталовка селосында туған. Әкесі Қабен ауданнан шыққан алғашқы есепшілердің бірі, өмір бойы дайындық мекемесінде жұмыс істеді, бірнеше ұл-қыз өсірген үлкен отбасының иесі болды.

Хабиболла Қабенұлы Целиноград инженерлік құрылыс институтын бітіргеннен кейін ауданның жылжымалы құрылыс колоннасында инженер-құрылысшы болып істеп Орал колхоз құрылыс тресінің бас инженерлігіне, одан кейін партия, Кеңес органдарында басшы жұмыстарға көтерілді.

1991—1992 жылдары халық депутаттары Орал қалалық Кеңесінің төрағасы, 1992—1993 жылдары Орал қаласының әкімі, 1993 жылдың қаңтарынан облыс әкімі болып тағайындалды.

Ол қандай жұмыста жүрсе де туған өңірін түлетуге өзіндік сүбелі үлес қосып келеді.

Абат Қадемұлы Есенғалиев те Саратаудың малдәрігерлік-зоотехникалық институтын бітіргеннен кейін, совхозда бас малдәрігері, аудандық малдәрігерлік-лабораториясының директоры, совхоз директоры, аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы, облыстық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы жұмыстарына жоғарылады. 1992 жылдан облыс әкімінің бірінші орынбасары, ауданның экономикасы мен мәдениетін арттыруға өзіндік үлесі мол азамат.

Ұзақ жылғы қажырлы еңбектерімен халық құрметіне бөлініп, өз ісінің шеберлері атанып жүрген көптеген азаматтарымыз

дың есімдерін осы арада мақтаныспен атап өтуге болады. Мәселен, дәрігерлер А. Ділімжанов, А. Үмбетқалиев, Н. Имашева, Т. Сармалаев, ұлагатты ұстаздар Кеңес Одағы ағарту қызметінің үздігі М. Жамекешев, Г. Айтқалиева, М. Хатина, Ш. Керешева, Н. Иманқұлова, А. Скородумова, Х. Мырзағалиев, Қ. Жұмағазиева, Р. Есқалиева, Б. Арғынбаева, Б. Көшекова, М. Хабиева, мәдениет қызметкерлері: Г. Нығметов, З. Базарғалиева, С. Набиев, Е. Қаримов, сауда қызметкерлері: Ә. Машанова, З. Ғұмаров, Ж. Сүлейменова, Г. Вахитова, Б. Нұғыманова; байланысшылар: Ч. Адошева, Г. Жұмағұлов, Г. Мажитова, Н. Хабибуллина, т. б. Сондай-ақ ауданның мәдени-рухани өміріне белсене қатынасып жүрген жергілікті ақын, өнерпаздар: Қ. Жақыпов, С. Сүлейменов, Қ. Ақбатыров, С. Абдырахов, Қ. Балғынов, әншілер: Н. Базарғалиев, Ж. Айтмағанбетов, С. Бекқожина, Ж. Хайрошев; Л. Дүйсенова бастаған «Қарлығаш» ансамблінің бишілерін т. б. өнер иелерін қосуға болады.

Сондай-ақ М. Бермағанбетов, А. Саматов, Н. Мырзағалиев, Д. Жарылғасов, Б. Қалманов сияқты өнерлерін жұрт мойындаған бесаспап шеберлер қанша ма?! Олардың бірқатары қазір өз алдына кәсіпкерлік жолға түсіп, бойларындағы бар қабілеттерін еркін дамытуға мүмкіндік алды.

Талай дүбірлі жарыстарда жеңіс тұғырынан көтерілген спортшыларымыз қаншама?! Сонау студент кезінде-ақ Семей облысының чемпионы атанып қазақтардан тұңғыш спорт шеберлігіне кандидат, шахматшы Хабиболла Майжанов, бірнеше дүркін облыстық, республикалық, жарыс жүлдегерлері болған палуандарымыз Жүсіп Хамзин, Әміржан Қабышев, велосипедші, спорт шебері Валерий Бектұрғанов, бокстан спорт шебері Марат Елеусинов тағы басқалар ауданымыздың мақтанышы.

Ал өндіріс саласында көп жылдан еселі еңбегімен үлгі-өнеге көрсетіп жүрген озаттар туралы сөз етсек, облыстық кеңесінің депутаты. Қараоба ауыл шаруашылығы кәсіпорны жалгерлік бригадасының бригадирі Т. Айтмұханов, СОКП XXIV съезі атындағы ауылшаруашылық кәсіпорнының шопандары Қ. Муфтуллин мен Т. Қабдолов, механизатор С. Ғалимов, Ленин атындағы колхоздың малшысы С. Шұбаров, Карл Маркс атындағы колхоздың шопаны М. Қуанышев, «Тереңкөл» совхозының шопаны М. Қасимов, ауылшаруашылық мамандары: зоотехник Б. Саманов, агроном С. Сариев пен экономистер А. Хитаров, С. Темірғалиев, бухгалтер Т. Мұқанов және тағы басқалардың есімдері құрметпен атауға лайық.

Бір қуаныштысы астана мен ауылда олардың жолын, қуып жүрген ізбасарлары аз емес. Аудан бойынша тек жоғары дәрежелі білімі бар халық шаруашылығы мамандарының өзі қазір

2000-нан асады. Оған республиканың, шет елдердің жоғарғы оқу орындарында оқып жатқан бірнеше жүздеген жастарды қосуға болады. Соның ішінде 100-ден астам ұл-қыз шаруашылықтардың жолдамасымен оқуда.

Мұның бәрі қашаннан құт дарыған Қазталовқа өңірінің болашағынан зор үміт күттіреді. Ауданның әкімшілігі мамандар мен жұртшылықтың ұсыныс-пікірлеріне сүйене отырып, ауданның таяудағы және ұзақ жылғы әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын белгіледі. Әрине, оның бәріне уақыт сыншы.

Әйтседе жыл өткен сайын аға ұрпақтың ерлік, еңбек дәстүрлері заңды жалғасын тауып, ауданның өсіп өркендей түсетініне сенім мол. Оған Қазталовкалықтардың екпінді еңбегі мен берік бірлігі кепіл.

Сөз соңында нарыққа барар жолдағы өтпелі кезеңнің қымқиғаш қиыншылықтарына, бағаның, өлшеусіз қымбаттап, ақшаның құн санап құнсыздануына қарамастан ауданда елеулі табыстарға қол жетіп, көптеген өрелі істер қолға алынғанын айрықша атау қажет. 1993 жылы аудан диқандары бұрын сонды болмаған бітік егін өсіріп егіс алқабының әр гектарынан 15 центнерден өнім алып, 1 млн. 162 мың центнер астық дайындады. Мемлекетке 150 мың центнерден астам астық тапсырып, ол жөніндегі мемлекеттік тапсырманы бір жарым есе асыра орындап 224175 центнер астықты сақтық қорға, 97100 центнер астықты тұқымға, 237300 центнерін жемге құйып алды. Халыққа 50 мың центнерден астам астық қалдырды. Өйткені, болашақта аудан астықты шеттен тасуды азайтып, өзін-өзі қамтамасыз етуді басты мақсат ретінде қойып отыр. Осы орайда аудан орталығында уақытша астық қабылдау пункті пайдалануға берілді, таяу уақытта астық тартатын диірмен іске қосылмақшы. Біздің аудан жағдайында маңыздылығы астықтан кем түспейтін міндет — мал азығын дайындауда көздеген меже алынып 1 млн центнерге жуық табиғи шөп дайындалды.

Малшылар қауымы да табыс биігінен көріне білді. Аудан бойынша мал қыстату, қой төлдету ұйымшылдықпен өтіп, әр 100 аналықтан аудан бойынша 92 қозы, 70 бұзау, 72 құлыннан алып аман өсіру арқылы ірі қара саны 21300 басқа, қой 219900 басқа, жылқы 6600 басқа жетті. Мемлекетке 17425 центнер ет, 2065 центнер таза талшықты жүн, 1260 центнер сүт тапсырылды.

Тұрғындардың жеке меншігіндегі мал саны екі есеге жуық өсті. Қазір астық пен мал шаруашылығы өнімдерінің едәуір бөлігі ауданның әлеуметтік дамуына байланысты қажеттеріне жартылууда.

Мұның өзі аудан өмірінің ұзақ жылдар бойы шешілмей келе

жатқан көкейтесті мәселелерін шешуге қолайлы мүмкіндіктер ашуда.

Аудан әкімшілігі мемлекет тарапынан және жергілікті тұрғындардың қолдауы мен көмегіне сүйене отырып аудан орталығына 40 шақырымдық газ құбырын тартуды аяқтады.

Енді ол ауыл ішіне жүргізілуде. Бостандық ауылының ішіне де газ желілері тартылуда. Тайауда газ құбыры Әжібай, Нұрсай селоларына жеткізілімекші.

Сөйтіп, көп кешікпей аудан және барлық шаруашылық орталықтар, кейбір тұрғындар көгілдір отынмен пайдаланылатын болады.

Аудан орталығында «Жарық» телестанциясы пайдалануға беріліп, Алматы хабарын тікелей көруге қол жетті.

Тағы бір қуанышты жағдай көрші Саратов облысының Александров—Гай станциясынан Қазталовка селосына дейін теміржол жеткізу жұмыстарының қауырт қолға алынуы болып отыр. Мирон суландыру каналының бастауына қуатты э л е к т р Қазірдің өзінде 45 шақырым теміржол жүретін жерлер түгелдей тегістеліп, қадалары қағылып құрылыс жұмыстары басталып кетті. Оған биылғы жылдың өзінде 300 миллион сом қаржы жұмсалмақшы.

Облыстың тек Батыс аудандары үшін ғана емес, болашақта еліміз үшін маңызы орасан зор бұл өмір жолы құрылысының басталуы тарихи оқиға десе де болғандай.

Ауданды облыс орталығымен байланыстыратын «Қазталовка—Богатырева—Тасқала» жолын асфальтттау, «Қазталовка—Жәнібек», «Қазталовка—Қошанкөл —Қараоба» бағытындағы жолдарды көтеру, асфальттау, қиыршық тас төсеуге көлемді жұмыстар атқарылды.

Көптен шешімін таппай келе жатқан өзекжарды мәселе — насостары орнатылды. Ендігі жердеоның тұрақты жұмыс істеуі арқылы Мирон мал бордақылау совхозы мен Қарл Маркс атындағы колхозы және көрші Жалпақтал ауданы, Талдықұдық совхозының жеріне дейін су жеткізілетін болады. Аудан орталығындағы салынып жатқан типтік жобадағы аурухана үйінің іргесі көтеріліп келеді.

Аудан орталығындағы жаңадан редакция және баспахана үйлері, балалар бақшасы салынып пайдалануға берілді. Жаңадан май зауытын салу қолға алынуда. Аудан әкімшілігі халықтың бірінші кезектегі тұрмыстық қажетін өтейтін осындай орындар жүйесін кеңейтуді, жеке кәсіпкерлікті дамытуды қолдап қамқорлыққа алуда.

Аудан орталығын және басқа ауылдар мен елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, мәйіттерді тазарту, қоршауды бүкіл жұрт болып қолға алып, бірнеше дүркін сенбіліктер өткізілді.

Ұлы Отан соғысының, еңбектің ардагерлері мен мүгедектері, көп балалы жанұялар қамқорлыққа алынып, оларға тегін отпан, жем, мал азығын беру тағы басқа шаралар іске асырылуда.

Осының бәрі нарық қыспағы қанша қысса да Қазталовкалықтардың еңсесін көтерің, келешекке зор үмітпен қарап жаңа істерге жігерлендіре түсуде.

СӨЗ СОҢЫ

Біз сонымен түрлі тарихи кезеңдердегі Қазталовка ауданының қоғамдық өмір белестерін көршілес аймақтармен, түрлі территориялық өзгерістермен бірге алып, қысқаша баяндап отырмыз. Бұл тарихи кезеңдер халқымыздың басынан неше түрлі зобалаң, ауыртпалық өткесін көрсетеді. Аталарымыз орыс империясының басқыншылығымен алыса отырып, көптеген шығыны мен қазасына қарамастан ежелгі қонысына, ата жұртына—Еділ—Жайық аралығына жолын тауып оралды. Соның нәтижесінде Тарғын—Жақсыбай — Қарасу өңірінде Бөкей хандығы құралып, табан тіреді.

Қарасу алқабының тұрғындары Ресеймен, Оррал казак әскерімен шекаралас болып, отаршылдық езгі мен зорлықтың неше түрін басынан кешті. Бірақ Шеркеш, Науша, Қаратоғай т. б. бастаған тұрғындар, сосын Исатай көтерілісі ақ патшадан шеншекпен алып, өз халқын аяусыз қанап келген үкіметтің жергілікті жердегі сенімді жалдаптарына (хан, билер, сұлтандадрға) қарсы күресіп, орыс офицерлерінің Қалмақтарға жасағандай жүгенсіздігіне жол бермеді. Ақырында Элтон соры, Тарғын төбе жағынан Аштархан казак әскері, Сары Өзен жағалауынан Орал әскері көшіп кетуге мәжбүр болды.

Бірақ зымысқы отарлау саясаты тоқталмады. Патша үкіметі саудасаттыққа, басқа елдермен қатынас жасауға кедергі жасады, балық аулауға, сордан тұз алуға, егін салуға тыйым жасады. Сол себепті шаруашылық мешеу қалпына қалып келді. Тек XIX ғасырдың екінші жартысында ғана қазақтар егінді жасырын салуды қойып ашық шұғылдана бастаған.

Отаршылдық езгі халық тұрмысының жақсаруына, мәдениеттің, оқу-ағарту, қол өнер кәсібінің дамуына да кеселін тигізді. Өкімет ел ішінде полицейлік-жандармдық тәртіп орнатып, бостандыққа, жаңалыққа ұмтылушыларды ауыздықтап, діннің таралуына кең жол ашты. Сонда да Қарасу тұрғындары Бөкейлікте бірінші болып мектеп ашып ұл-қыздарының болашағын ертеден ойлағанына куә боламыз. Сарыөзен тұрғындары жоғарғы білім алуда, басқа ұлт өкілдерімен араласып, мәдени байланыс жасауда алғашқылардың бірі болғаны аян. Жоғарыда біз

аз-кем тоқталған С. Бабажанов, Құрманғазы, Шәңгерей, Ғұмар т. б. тарихи тұлғалар жалпы қазақ мәдениетінің өсуіне, оқу-ағарту, өнер салаларының дамуына үлкен үлес қосты.

Бірте-бірте егін көлемі ұлғайып, Таловқа қисымы астықты ауданға айналды. Бұл үлкен тарихи өзгеріс еді. Бірақ саяси, әлеуметтік теңсіздік сақталып, артта қалған елді басқару жүйесі, кертартпа идеология шаруашылықты мешеуліктен құтқара алмады. Сондықтан қисым тұрғындары патша үкіметінің құлап, оның орнына Уақытша үкіметтің басуына өкінбеді. Өздері қалаған жаңа үкімет орнатайын деп еді, оған Панченко, Нестеров, С. Жакыпов секілділер әнербақан авантюристер жол бермей, қаруды күшімен өз билігін орнатты. Бұлар бейбіт елге князат жасап, зорлық көрсетті. Ал Азамат соғысы қисым халқына орны толмас қаза, қансымда жөңделмейтін шаруашылық күйреуін, босқыңдық әкелді. 1918 жылдың басында Таловқа қисымында 50 мыңдай адам тұрса, 1921 жылдың аяғында ол 37 мыңға дейін кеміді. 1921—1927 жылдар да ел үшін өте ауыр болды. Ұстаз бандылар жайлады. Ел аштыққа ұшырап, өлім-жітім көбейді, ауру-сырқау жайлады. Күйзелген шаруашылықтың қалпына келуі үлкен күшке түсті. Міне, осылайша Кеңес өкіметін орнату үшін жүрген он жылдық күрес Қазталовқа ауданына үлкен қанды сойқан әкелді.

«Жұт жеті ағайынды, Шуанмен Сегіз» дегендей ел еңсесін енді көтерем бе деген де коллективтендіру деген «Шуан» пайда болды. Тұрғындар санырыстырылып, әрлі-берлі көшірілді. Халық тағы да әуреге түсті, көнбегендері қашып Ресейге кетті. Оның үстіне мынау бай болған, мынау молда еді деп мөлшерден тыс салық салды, артына «тап жауы» деп қудалау шықты. Шаруашылықтың берекеті кетті, егін көлемі азайды, мал басы күрт кеміді. 1931—32 жылдары тұрғындар жергілікті басшылардың болымсыздығы мен Орталықтың озбыр саясатының нәтижесінде тағы аштыққа ұрынды. Тағы ел күйзелді, көбі босып Ресейге кетті, босқа құрбан болды.

Дегенмен қажымас қара шаруа бұл нәубетті де жеңіп, жарасын жаза бастаған еді. Бірақ бақыты ашылмаған, соры арылмаған халық енді Сталиннің қолдан жасаған 1936—1938 жылдардағы қанды зобалаңына, одан 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына тап болды. Тағы да қап кешкен арпалыс басталды, күйзелген шаруашылықтарда, ана мен жесір әйелдер маңдай терін сыпырып, таңның атысы, күннің батысы еңбек етті. Осы зұлматтар ширек ғасырда Қазталовқа ауданы халқы 9 мың адамға дейін кеміп кетті.

Соңғы соғыс ауыртпалығы ұзақ жылдар ел еңсесін көтертпеді. Тек 1965 жылдары ғана халық тойынып, үстін бүтіндеп, төсек орнып түгендеп, тұрмысын түзей бастады. Онда да Орталық

өмірінен аса алмай, өз еңбегінің жемісін қазынаға беріп, зейнетін толық көре алмады. Тұрмыс қажетін өтеу, әлеуметтік теңдік жетіспеді. Оның үстіне үкіметтің айтқанын істеп, бергенін ішіп, бой күйездікке бой алдырған кей тұрғындар қосымша шаруашылықпен шұғылданып, табыс табудан қалды. Бақша салып, бақ өсіру жойылып кетті. Диірмендер бұзылды. Тері илеу, жүн тазалау, сабын қайнату, май өндірісі, дәрі жасау, ұсталық, етікшілік, тігіншілік, зергерлік, аңшылық т. б. ұмытылды. Өзір асқа тік қасық болып, тоқыраудың шырмауына түсе бердік.

Бұл өткен тарих, бастан кешкен қасірет енді болашаққа сабақ болса игі. Енді молшылыққа кенеліп, деніміз сау, тамағымыз тоқ, болсын десек, ата дәстүрін еске түсіріп, ұмытылған кәсіптермен үлкен де, кіші де шұғылданатын болар.

Қазір ауданда бірталай ізгі бастамалар қолға алынып, диірмен, элеватор, темір жол салу басталды, газдандыру ісі жеделдетілді. Бірақ өтпелі кезеңнің қиындықтары қаржы тапшылығы, құрылыс материалдарының жетіспеуі қол байлау болып тұр. Әрине, бірте-бірте экономика да сауығып, тірлік те қалпына келер. Ең басты қуанышымыз — Егемендігіміз, Тәуелсіздігіміз баянды болғай! Тіліміз тіріліп, дініміз қалпына келіп, салт-дәстүріміз сақталып жатса — ең үлкен байлық сол емес пе?! Бірлік артса — береке болар деген, шеттен ағайындарымыз ата жұртқа оралуда. Санымыз көбейіп, сапамыз өссе, ел аман, жұрт тыныш болса, жаңадан бет алған жағалауға да жетерміз. Сол ұлы көштің бел ортасында Қазталовка ауданы тұрғындары да жүрмек. Тек сол алға басқан адымдарымызда өткен тарихымызды ұмытпай, жүріп өткен жолымызды да зерделеп отырсақ құбақұп. Сол мақсатпен де, өткеннен ғибрат алу үшін осы шағын еңбек жазылып еді. Ендігі сыншы өзіңіз, құрметті Оқырман қауым.

ҚАЗТАЛОВҚА ВАЛЬСІ

Сөзін, әнін жазған
Сағит Садықов.

Елдігі де, ерлігі де әйгілі,
Көз тартады Қазталовқа байлығы.
Ойда егін қырда малы қаптаған,
Жері жомарт, суы арман айдыны.

Қ а ы р м а с ы:

Қос өзендей өрілген,
Төскейіңнен айналдым.
Еділдей шалқып керілген,
Жазира мекен жайдарлым.

Гүл жайнатқан көк белесін еңбекпен,
Күнде өзінде бір жас маман ер жеткен.
Аспанынан бақытыңның желі есіп,
Жайлауыңда күй шертемін сен боп мен.

Қ а ы р м а с ы:

Қос өзендей өрілген,
Төскейіңнен айналдым.
Еділдей шалқып керілген.
Жазира мекен жайдарлым.

Шежірелі тарихи сыр сақтаған,
Аудан атың атақ даңқың бақ маған.
Жапан түзде жалын атқан жастықтай,
Осынау елде өскеніме мақтанам.

Қ а ы р м а с ы:

Қос өзендей өрілген,
Төскейіңнен айналдым.
Еділдей шалқып керілген,
Жазира мекен жайдарлым.

ҚАЗТАЛОВҚА

Нысанбай Ескендіров.

Сары өзен өңірінен орын тепкен,
Сылдырап қарасуы жарып өткен.
Алыстан көзге ыстық көрінесің,
Таловка тұрған жерің қандай көркем.

Қазақтың Таловкасы—туған жерім,
Қарасаң, көлі-шабын, қыры егін.
Тер төккен топырағың бізге қымбат,
Өсірген талай ұршақ—құт мекенім.

Қазталовка, көркейе түс, гүлдене бер,
Жарқырап жауқазындай түрлене бер.
Қадірлеп, қастерлейді ұл-қыздарың,
Арнаған өлең жырды тізбектетер.

ҚАРАКӨЛІМ

Сөзі Боранғали Ырзабаевтікі,
Әні Әділбек Сүлейменовтікі.

Құшағыңды айқара ашқаныңда,
Шалқып балқып кетемін қасқағымда.
Жердің қара меңіндеі Қаракөлім,
Қалықтаймын ән болып аспаныңда.

Қарайсың ана—көлім,
Жарасып дала өңің.
Қызығым, қызғалдағым,
Өзімнің Қаракөлім.

Жасауындай қырманның тауың шоқтай,
Асауындай қырларың бауыры оттай.
Сағынышым жиганды шарласам да,
Менің үшін өзіндей ауыл жоқтай.

Жағаңа талай келдім,
Көркіме арай бердің.
Көрікті келбетіңе,
Келеді қарай бергім.

Әділбек Сүлейменов — қазталовкалық
композитор,
Сөзі Орынбасар Сүттебаевтікі.

Ұшырдың баптап ұядан,
Қетпейсің ойдан, қиядан.
Арманға биік қол созсам,
Тұрасың демеп жиі алдан.

Қ а й ы р м а с ы:

Көңілім бүгін алаңды,
Күттің бе, әке, балаңды.
Шаттықпен жарқын тойыңа,
Сыйлаймын сазды бұл әнді.

Адалдық әркез көксеген,
Үйрендім, әке, тек сенен.
Ардақтап өтем мәңгілік,
Ғұмырда жалғыз жетсе дем.

Қ а й ы р м а с ы:

Жүректі тербеп күй сынды,
Биікке ұшсам сүйсіндің.
Мойыңа көптен асылмай,
Сағындым, әке, исінді.

Қ а й ы р м а с ы:

Ерғалидың әндері

ШАЙТАНҚАРА

Мінгенім-ай астымдағы-ау, шайтанқара,
Оралдан жылқы айдадым-ау, өңшең ала.
Осыдан осы жылқы-ау бойға сіңсе,
Тағысын тағы айдармыз, қосшы бала-ау!

Оралдың тауы биік, жері дала,
Ат міндім күрең төбел, көзі қара.
Сыртынан ер жігітті жамандаған,
Дұшпанды кез келтіргей айдалада!

ЖАСТЫҒЫМ

Сөйлейін сөйле десең Алашамын,
Сөйлер сөз келсе орны тамашамын.
Тіл сөйлеу, жақ қимылдар кезі болса,
Жат жерде өзім жүріп жанасамын.

Заманның мынау жалған шолағында,
Жөн таппай жастықпенен аласамын.
Өзің біл ендігі ал жақсылар,
Мендағы жақын жуық қарашаңмын.

Арасы екі өзеннің өскен жерім,
Кір жуып,, кіндігімді кескен жерім.
Ат мініп, алма мойын тізгін түйіп,
Шылбырын ардақтымның шешкен жерім.

ӨКІНІШ

Атаның айналайын аруағынан,
Жазмыштың кім құтылар қармағынан.
Бақ тайса ердің ісі «тәңірі-ай» деген.
Түспей ме жұрт билеген хан тағынан.

Белгілі Бөкейлікке менің атым,
Азырақ сөз сөйлейін асыл затым.
Кешегі өз елімде жүрген күнде,
Ағаның білуші едім хал-ауқатын.

Сөзіне Серікқалидың сеніп едім,
Қолына тізгінімді беріп едім.
Тоқтыдай әлдекімге байлап бердің.
Ішімде кеткеніме кегім менің.

ҚАЙСАРЛЫҚ

Алаша, Байыбран елім еді-ай,
Таловка туып, өскен жерім еді-ай.
Шыққанда жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар,
Қадірің әрдайымда білінді-ай.
Ту ұстап, ата сойы тұлпар мінген,
Баласы қазағымның өзімдей-ақ.
Баласы ізін көріп желігеді-ай,
Шамасы әр орында білінеді-ай.
Әуелде жүрегінде болмаған соң,

Хас жаман үйреткенмен не біледі-ай.
Қайырсыз жаман достан дұшпан артық,
Өлген соң арыстаннан тышқан артық.
Қолына бір жаманның алтын түссе,
Көрмейді ау оның қадірін мыстан артық.

Жылқысын көп айдадым Тасқаланың,
Қамы үшін қызыл қарын жас баланың.
Орыстың отарынан ойын алып,
Тимедім дүниесіне басқалардың.

Оралдың тауы биік, жері дала,
Ат міндім күрең төбел көзі қара.
Сыртынан ер жігітті жамандаған,
Дұшпанды кез келтіргей айдалада.

Е. Аязбаев өлеңдері Теке қаласының
тұрғыны Қайырмағзом Сұлтанғалиев пен
Жаңақалалық Сейтім Тәкеевтен жазып
алынды.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН АРХИВ
ҚҰЖАТ-ТІЗІМ ЖӘНЕ КЕЙБІР АТАУЛАРҒА
ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР**

Бірінші бөлім.

**Бірінші тарау. ТАЛОВКА ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ —
ӘКІМШІЛІК БӨЛІСІСІНІҢ ҚҰРАЛУЫ.**

1. Самар даласы тарапынан бірер сөз.

1. Коческаев Б. Б. Социально-экономическое и политическое развитие Ногайского общества. А. 1978.

2. Қазақ ССР тарихы. А. 1942 ж. 120—124 беттер (б. б.).

3. «Жұлдыз» жорн. 1992 ж. №4, 74—81 б.б.

4. «Красный архив» жорн. 1925 ж. №5.

5. Алаша деген XIV ғ. бас. хан. Оның балаларын Ақсақ Темір өлтіріп қалған туыстары жұртымен қашып кеткен. Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. А. 1985 ж. 119 б.

6. Форпост—фар немісше алдыңғы, алғы. Пост— французша орын, топ. Ішпен байланыса отырып, қарсыластарын бақылап тұратын орын, топ, шеп. форт— немісше шағын бекініс.

7. «Орал өңірі»— Орал облыстық газеті, 8 мамыр, 1992 ж.

8. Шахматов В. Ф. Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова. А. 1946.

9. «Орал өңірі» 20 қыркүйек, 1976 ж.

10. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві қысқаша, ҚР ОМА, 4 қор, I тізбе, 5678 іс, 24 парақ; 55 іс. 16 пар.

11. Қ. Р. ОМА, 78 қор, I тізбе, 8 іс, 5 пар.

12. Сонда, 140 іс, 75 парақтың арғы беті (Паб).

13. Сонда, 63 іс, I пар.

2. Қарасу алқабы Жәңгір хан заманында

1. Иванов И. С. Джангер, хан Внутренней Киргизской Орды. Спб. 1856 год.

2. «Егеменді Қазақстан» газ. 5 қыркүйек, 1991 жыл.

3. Қазақстан Республикасы ОМА 4 қор, 1 тізбе, 5550 іс, 38—39 п.п.

4. Сонда. 78 қор; 1 тізбе, 31 іс, 2 п.

5. Сары және Қара өзендер Сырт қыратынан, яғни терістіктен қатар басталып, оңтүстік құбылаға қарай ағып, Қамысты Самар көлдеріне құяды. Екі өзен аралығы 40—50 км, дей ашық, жазық даланы тұрғындар «екі өзен», не «Қос өзен» аралығы дейді.

6. Қ. Р. ОМА. 4 қор. I тізбе, 1685 іс, 758 п.

7. Сонда 700 п.

8. Сонда, 765 парақтың арғы беті (паб.).

9. Еренов А. Очерки по истории феодальных земельных отношений в Казахстане А. 1961, 98 бет.

10. «Егеменді Қазақстан» 20 маусым, 1991 жыл.

11. Еренов А. Очерки по истории земел. отнош... 93—94 б.б.

12. ҚР. ОМА, 4 қор, I тізбе, 1974 іс, 382 паб.

13. Сонда 78 қор, I тізбе, 2231 іс, 16 п.

14. Сонда. 19—12 п.п.

3. Тарғын — Қарасу — Жалпақтал алқабы XX ғасырдың орта шенінде

1. Қаз. ресеп. ОМА. 78 қор, 2 тізбе, 8 іс, 65 п.
2. Тарғын өзені Сары өзеннің батыс жағында Қақтай (Малю-узенск) селосы тұсында басталып Еділге құяды. «Тарғын төбе», «Үш Тарғын» деген жерлер қасында, сол өңірде әйгілі Ер Тарғын батыр мекендеген көрінеді.
3. ҚР. ОМА. 4 қор, 1 тізбе, 78 іс, 10 наб.
4. ҚР. ОМА. 4 қор, 1 тізбе, 5605 іс, 1 п.
5. Сонда, 6036 іс, 15 п.
6. Сонда, 16 п.
7. Сонда 78 қор, 2 тізбе, 4678 іс, 511.
8. Сонда, 4 қор, 1 тізбе, 5609 іс, 1, 93 п.п.
9. Сонда, 78 қор, 2 тізбе, 7120 іс, 47 п.
10. Сонда
11. Сонда, 78 қор, 2 тізбе, 784 іс, 63 П.
12. Сонда, 4 қор, 1 тізбе, 242 іс, 4 п.
13. Сонда 78 қор, 2 тізбе, 79 іс, 11 п.
14. Сонда, 97 іс, 4—6 п.п.
15. Сонда. 78 қор, 3 тізбе, 423 іс, 4—6 п.п.
16. «Сарыөзен тынысы» газ. 8-тамыз, 1992 ж.
17. «Деятельность жорн. Санкт—Петербург. 1868 г. «Спор Уральских казаков киргизами Внутренней Орды».
18. ҚР. ОМА, 78 қор, 2 тізбе, 135 іс, 5 наб.
19. Сонда 118—119 п.п.
20. Сонда. 4187 іс, 81—82 п.п.

Екінші тарау.

1. Тарғын Жалпақтал алқабы XIX ғас. соңғы ширегінде

1. ҚР. ОМА. 4 қор, 1 тізбе, 5518-с. I. II—п.п.
2. Сонда, 78 қор, 4 тізбе, 46 іс, 1. п.
3. Сонда 78 қор, 2 тізбе, 1380 іс, 5—6 п.п.
4. Сонда, 1632. 10 п.
5. Сонда 1887 іс, 25 наб.
6. Сонда, 3563 іс, 30 п.
7. Сонда, 78 қор, 2 тізбе, 1887 іс, 16 п.
8. Сонда 2 тізбе, 5044 іс, 121 п.
9. Сонда, 4 тізбе. 2304 іс, 1, 2 п.п.
10. Сонда, 2 тізбе. 2304 іс, 1, 2 п.п.
11. Сонда, 5044 іс, 204 п.
12. Сонда 77, 78 п.п.
13. ҚР. ОМА. 78 қор, 2 тізбе, 373 іс, 78 п.
15. Сонда, 5236 іс, 2—6 п.п.

2. Қисымдағы рухани өмір көріністері

1. ҚР. ОМА, 78 қор, 3 тізбе, 627 іс, 3 п.
2. Сонда, 426 іс, 1—6 п.
3. Сонда, 44 іс, 137 п.
4. Кенжалиев И. Қос ішек А—1990 ж.
5. ҚР. ОМА 7 қор, 2 тізбе, 9380 іс, 51 п.
6. Сонда, 6448 іс, 88 п.
7. Бөкеев Ш. Өлеңдер А. 1934

3. Қарасу алқабы XX ғасыр басында

1. Қ. Р. ОМА, 78 қор, 2 тізбе, 3975 іс, 33 п.
2. Сонда, 34 п.
3. Сонда, 5492 іс, 5 п.
4. Сонда, 9, 10 п.п.
5. Астрахань ОМА, 1351 қор, 2 тізбе, 4 іс, 29 п.
6. Қ. Р. ОМА, 78 қор, 2 тізбе, 3158 іс, 79 п.
7. Сонда, 4102 іс, 28, 99, 119 п.п.
8. Сонда, 4186 іс, 38 п.
9. Сонда, 4187 306 п.
10. Сонда, 3197 іс, 79 п.
11. Сонда, 4185 іс, 6 п.
12. Сонда, 4471 іс, 23—42 п.п.
13. Сонда, 5399 іс, 64 п.
14. Сонда, 4471 іс, 23—44 п.п.

4. Рухани өмір тынысы

1. Памятная книжка Астраханской губернии на 1913 г. Астрахань, 1913 г.
2. Астрахань ОМА, 78 қор, 2 тізбе, 545 іс, 2—3 п.п.
4. Сонда, 4138 іс, 45 п.
5. Сонда, 5749 іс, 85 п.
6. Сонда, 5830 іс, 42, 54, 87 п.п.
7. Сонда, 26 п.
8. Сонда, 26 п.

Екінші бөлім.

Бірінші тарау. Таловка саяси күрес жылдарында

1918—1927 ж. ж.)

1. Мартыненко. Алаш Орда. Сборн. док. Қзыл—Орда, 1929 г.
- Богачев А. Қ. Алаш Орда. Кр. истор. очерк, Қызыл Орда, 1925 г.
2. Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш Орды. А. М., 1935 г.
3. Сонда.
4. «Октябрь туы»— Орал обл. газеті, 13 қыркүйек, 1957 ж. №183.
5. «Коммунизм жолы», «Қазталовка» ауд. газ. 1966 ж. №129.
6. Батыс Қазақстан обл. МА, 312 қор, I тізбе, 93 іс, 147 п.
7. «Коммунизм жолы» газ. 26 наурыз, 1967 ж.
8. Сонда, 7 маусым, 1967 ж. №68.
9. Қ. Р. ОМА, 40 қор, I тізбе, 2 іс, 4 п. а. б.
10. Сонда,
11. «Коммунизм жолы» газ. 23 қазан, 1966 ж. №129.
12. Сонда.
13. Астрахань ОМА, 1 қор, I тізбе, 18 іс, 2961 п.
14. Қ. Р. ОМА, 40 қор, I тізбе, 2 іс, 4 п. а. б.
15. Астрахань ОМА, 1 қор, I тізбе, 44 іс, 123 пар.

2. Қарасу алқабы азамат соғысы жылдарында

1. «Октябрь туы» 203. 13 қыркүйек, 1957 ж.
2. «Коммунизм жолы» 203. 23 қазан, 1966 ж.
3. Сонда, 26 наурыз, 1967 ж.
4. «Мәдениет және тұрмыс» журналы. 1968 ж. №2, 6—7 б. б.

5. Сонда «Ақиқат» журн 1992 ж. №5, 92 бет.
6. Совет Армиясы Орталық Мемлекеттік архиві (САОМА), 184 қор, 3 тізбе, 388 іс, 91 п.
7. Қ. Р. ОМА, 1453 қор, 1 тізбе, 73 іс, 5 п.
8. «Мәдениет және тұрмыс» 1968 ж. №22, 7 бет.
9. «Коммунист» Фурманов ауд. газеті, 13 желтоқсан, 1986 ж.
10. ҚР. ОМА, 40 қор, 1 тізбе, 2 іс, 5 п.
11. Батыс Қазақстан ОМА, 17 қор, 1 тізбе, 1 іс, 63 п.

3. Таловка уезі 1920—1927 жылдарда

1. Орал облысы партия архиві, 17 қор, 1 тізбе, 17 іс, 1—3 п.п.
2. ККП архиві, 140 қор, 1 тізбе, 11 іс, 10 паб.
3. Орал обл. партия архиві, 17 қор, 1 тізбе, 16 іс, 57 п.
4. Сонда, 66 іс, 1 п.
5. Батыс Қазақстан ОМА (БК, ОМА), 312 қор, 1 тізбе, 2 іс, 125 п.
6. Сонда, 17 қор, 1 тізбе, 16 іс, 167 п.
7. Сонда, 3122 қор, 1 тізбе, 2 іс, 125 п.
8. Орал ОПА, 17 қор, 1 тізбе, 21 іс, 1, 2 п.п.
9. Сонда, 18 іс, 37—38 п.п.
10. «Жұлдыз» журн 1992 ж. №5, 194—195 п.п.
11. Орал ОПА, 17 қор, 1 тізбе, 250 іс, 3—4 п.п.
12. Б. Қ. ОМА, 312 қор, 1 тізбе, 15 іс, 65 п.
13. Сонда, 92 іс, 74 п.
14. Сонда,
15. «Коммунист жолы» газ. 9 тамыр, 1967 ж.
16. «Сарыөзен тынысы», «Қазталовка» ауд. газ. 9. IX. 92 ж.
17. «Сарыөзен тынысы» газ. 4 тамыз, 1992 ж.

4. Таловка уезінде ауыл шаруашылығының қалпына келтірілуі және коллективтендіру қасіреті

1. Справочник по административно-территориальному делению Казахстана. А. 1959, 61. 137. 229 б.б.
2. БК. ОМА, 312 қор, 1 тізбе, 973 іс, 97 п.
3. Справочник по администр терр. делению. 61 бет.
4. Б. Қ. ОМА, 312 қор, 1 тізбе, 73 іс, 97 п.
5. Сонда, парақтары нөмірленбеген.
6. Сонда, 325 қор, 1 тізбе, бұдан
7. Сонда, 1268 қор, 1 тізбе, 9 іс бұдан
8. БК. ОМА, 900 іс, 6 п.
9. Сонда, 12 іс, 12 паб.
10. Сонда, 37 қор, 2 тізбе, 101 іс, 88 п.
11. Сонда, 88—90 п.п.

Екінші тарау. Қазталовка ауданы социализм кұру дәуірінде

1. Батыс Қазақстан мемлекеттік архиві, 1269 қор, 1 тізбе, 9 іс, 46—53 парақ.
2. Сонда,
3. Сонда,
4. Сонда,
5. Сонда, 297 қор, 40—42 парақ.

6. Сонда, 58—59 парак.
 7. Сонда, 60—62 парак.
 8. Сонда, 298—іс, 22 парак.
 9. Сонда, 298 іс, 48 парак.
 10. Сонда, 489 іс, 41 парак.
-

МАЗ МҰНЫ

Алғы сөз	3
Бірінші бөлім.	
АУДАН АУМАҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ	
Бірінші тарау. Таловка территориялық- әкімшілік бөлінісінің құралуы	6
1. Самар даласы тарихынан бірер сөз.	—
Ішкі тарап, не Бөкей хандығының құ- рылуы	—
2. Қарасу өңірі Жәңгір хан заманында	15
3. Тарғын—Қарасу—Жалпақтал алқабы XIX ғасырдың орта шенінде	23
4. Оқу ісінің жәйі туралы	28
Екінші тарау. Таловка қисымы қамта- лизмнің даму дәуірінде	34
1. Тарғын—Жалпақтал алқабы XIX ға- сырдың соңғы ширегінде	—
2. Қисымдағы рухани өмір көріністері	42
3. Қарасу алқабы XX ғасыр басында	47
4. Рухани өмір тынысы	52
Екінші бөлім. ТАЛОВКА АУДАНЫ ЖАҢА ҚОҒАМДА	54
Бірінші тарау. Таловка саяси күрес жылдарында (1918—1927 ж.ж.)	—
1. Жаңа өкімет орнату үшін арпалыс	—
2. Қарасу алқабы азамат соғысы жылда- рында	—
3. Таловка уезі 1920—1927 жылдарда	73
4. Таловка уезінде ауыл шаруашылығы- ның қалпына келтірілуі және коллек- тивтендіру қасіреті	85
Екінші тарау. Қазталовка ауданы со- циализм дәуірінде	95
1. Аудан соғысқа дейінгі бесжылдықтар кезеңінде	—
2. Қазталовкалықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында	101
3. Соғыс зардабын жою	104
4. Қазталовка ауданы «Кемелденген со- циализм дәуірі» кезінде	112
5. Аудан жаңа бетбұрыс кезеңінде	120
Сөз соңы	130
Қазталовка туралы өлең-жырлар.	133

Редакторы Т. Айнабеков
Техникалық редакторы Б. Турабаев

Теруге 7. 03. 94 ж. қол қойылды. Басуға 1. 08. 94 ж. қол қойды. Пішімі 60x84 1/16. Баспа табағы 9,0. Шартты баспа табағы 8,4. Шартты бояу көлемі 8,4. Есептік басылу табағы 8,4. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №489.

Алматы облысы «Полиграфия» өндірістік бірлестігінің редакциялық баспа бөлімі. 480057, Алматы қаласы, Жароков көшесі, №154 «а».

Алматы облысы «Полиграфия» өндірістік бірлестігінің Шелек аудандық типографиясы. 473410. Шелек ауылы, Ленин көшесі №97 үй.

